Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**ӘОЖ: 378, 016:94(574) «1914/91»: 929** Қолжазба құқығында

**ТАРАКЧЫ ВАХДЕТ**

# ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ: ЗЕРТТЕЛУ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

6D011400-Тарих

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
тарих ғылымдарының докторы,
профессорТұрсұн Х.М.
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор К.М.Беркимбаев

Шет елдік кеңесші:
доктор, профессор Дервиш Кылынычкая (Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Түркістан 2022

## МАЗМҰНЫ

**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 3
**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** 5
**АНЫҚТАМАЛАР** 6

**КІРІСПЕ** 8

**1 ТАҚЫРЫПТЫҢ ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАСЫ**
1.1 Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасы 17
1.2 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Мұстафа Шоқай қызметінің тарихнамасы 34

**2 МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ**
2.1 Мұстафа Шоқай – Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы 46
2.2 М.Шоқай шығармалары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі және тағлымдық өнегесі 69

**3 МҰСТАФА ШОҚАЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**
3.1 Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі тарихы мен шығармашылық мұрасын оқытудың бағдарламалық кезеңдері 91
3.2. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын оқыту формалары мен әдіс-тәсілдері 113

**ҚОРЫТЫНДЫ** 127
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 130
**ҚОСЫМШАЛАР** 140

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| АҚШ | Америка Құрама Штаттары |
| АКТ | Ақпараттық-коммуникациялық технология |
| БОАК | Бүкілодақтық Атқару Комитеті |
| БК(б)П ОК | Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті |
| ЖОО | Жоғары оқу орны |
| ЖБТ | жеке білім траекториясы |
| РМӘА | Ресей мемлекеттік әскери архивы |
| ҚазКСР | Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы |
| ҚРОМА | Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивы |
| Кадеттер | конституциялық демократтар партиясы |
| Комуч | Комитет учредительного собрания (Құрылтай жиналысы комитеті) |
| ҚМУ | Қызылорда мемлекеттік университеті |
| ҚР | Қазақстан Республикасы |
| ҚРҰА | Қазақстан Республикасының Ұлттық архивы |
| КСРО | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| муссовдеп | Совет депутатов мусульманских трудящихся (Мұсылман еңбекшілері депутаттарының кеңесі) |
| Наркомпрос - АХК | Народный комиссариат просвещения (Ағарту Халық комиссарияты) |
| Наркомнац | Народный комисариат по делам национальностей (Ұлт істері жөніндегі Халық комиссарияты) |
| НКВД | Народный комисариат внутренных дел (Ішкі Істер Халық комиссарияты) |
| РК(б)П- БК(б)П ОК Орта Азиялық Бюросы | Ресей коммунистік (большевиктік) партиясы Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктік) партиясы Орталық Комитетінің Орта Азиялық бюросы |
| ОӘК | Оқу-әдістемелік кешен |
| ОГПУ | Объединенное государственное политическое управление при Совете |

| | |
|---|---|
| | Народных Комисаров СССР КСРО Халық Комиссарияты жанындағы Біріккен Бас саяси басқарма |
| ОБСӨЖ | Оқытушының басшылығымен орындайтын студенттің өзіндік жұмысы |
| ПТ | Педагогикалық технология |
| РВС | Революционно-военный совет (Әскери-революциялық комитет) |
| ТАКСР | Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы |
| ТҰБ | Түркістан ұлттық бірлігі |
| ТүркОАК, Түркатком | Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитеті |
| ТКП ОК | Түркістан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті |
| ХКК, Халком кеңес | Халық Комиссарлары Кеңесі |
| СӨЖ | Студенттің өзіндік жұмысы |
| ЦБР | Цифрлық білім беру ресурстары |
| ЭО | Электронды оқулық |
| қ. | қор |
| т. | тізім |
| Т. | Том |
| б. | бет |
| бб. | беттер |
| п. | парақ |
| пп. | парақтар |
| с. | страница |
| сс. | страницы |
| с.п. | сыртқы парақ |
| л. | лист |
| лл. | листы |
| т.б. | тағы басқа |
| Ф. | фонд |
| В.Т. | Вахдет Таракчы |

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Астана. 2011

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, 2011

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988

«Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруды ережесін бекіту туралы» ҚР-сы Білім және ғылым министрі... : ҚР-ның Білім және ғылым министрі, 2010 жылғы 30 шілде, №404 бұйрығы // Егемен Қазақстан.- 2011.- №36-37.- 4 ақпан.- 10 б.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; www.akorda.kz

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; www.akorda.kz

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында және 2019 жылғы 27 ақпандағы «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы; www.akorda.kz

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. www.akorda.kz

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген ҚР МЖМБС 1.4.002-2012. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана.10 маусым, 2011

Қазақстан Республикасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 23 тамыз, 2012

ГОСТ 7.0.5. -2008.- Библиографическая ссылка.

ГОСТ 7.0.11. – 2011. Диссертация и автореферат диссертации. Структура и оформления.

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Аспект** - латын тілінде «aspectus» - түр (вид) деген ұғымды береді, белгілі бір құбылысқа, түсінікке көзқарасты танытады.

**Әдістемелік жүйе** – бір-бірімен өзара байланысқан компоненттерден тұратын дидактикалық құрылым болып табылады.

**Дидактикалық жүйе** – оқыту мақсатына жету жолында қолданылатын бірыңғай, іштей тұтас құрылым мен элементтер жиынтығы.

**Жеке тұлға -** табиғатты, қоғамды және өзін қайта өзгерте алатын өмір жолын таңдау мүмкіндіктеріне ие, әлеуметтік рөлдерді иеленуші адам.

**Интеграция** – латын тілінде «integratio» сөзінің мағынасы қайта құру, толықтыру, ал «integrer» сөзі «бүтін» деген мағынаны білдіреді.

**Кредиттік жүйе -** даралану, білім беру траекториясының білім кредиттерінің санынан тұратын дипломға қосымша академиялық анықтама.

**Кәсіби құзыреттілік** – кәсіби қызметтің нәтижелілігін көрсететін білім мен іскерліктің, кәсіптік қасиеттердің жиынтығы және кәсіпке теориялық, практикалық дайындығының үйлесімділік көрінісі.

**Қағида** – кез келген теорияның, ілімнің, ғылымның, дүниетанымның, теориялық бағдарламаның бастапқы негізі; жүйелі нысандарды тану және қайта құру бойынша қызметттің негізгі ережесі.

**Құзырет** – белгілі бір мекеме немесе қызметкер уәкілдігінің міндеті.

**Құндылық -** ұмтылыстар мен мақсаттардың өлшемі, ал абсолюттік мағынасында - болмыстың мәні.

**Мұғажыр, мұғажырлық –** эмигрант, эмиграция ұғымдарының Мұстафа Шоқай қолданған баламасы.

**Мұстафатану** – отандық тарих ғылымында Мұстафа Шоқайдың биографиясы, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын танып, білу және насихаттау жұмыстарын қамтитын ғылыми бағыттың шартты атауы.

**Пантюркизм** – түркі халықтарының азаттық күресі жолындағы саяси, мәдени бірлігі идеясын айқындауға қатысты қолданылатын ұғым.

**Парадигма –** грек тілінде «paradigma» – жіктелу, үлгі деген мағына білдіреді - берілген теориялық білімдер саласындағы бір тарихи кезеңдегі ғылымдардың зерттеу тәжірибесі бойынша негізгі ғылыми жетістіктер жүйесі.

**Пәндік құзыреттілік –** тұлғаның психологиялық, педагогикалық, пәндік білімділігі, оқытудың әдістемесі мен дидактикасын, жалпы пән бойынша теориялық білімді меңгергендігі және оны практикада, өндірісте қолдану қабілеттілігі, кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыта білу қабілетері және физиканы оқытудың қазіргі технологияларын меңгергендігі.

**Руханилық -** жеке тұлғаның мақсатқа талпынысының ішкі дүниетанымы мен сананың құндылықтық сипаты; әлемді, одан бұрын өзін-өзі тануға ұмтылысы.

**Тұжырымдама –** латын тілінде «conceptio» – белгілі бір затты немесе құбылысты баяндау жүйесі, оның құрылымында басшылыққа алынған идеяны айқындау және оны түсінуге ықпал ететін дәлелдеме.

**Түрікшілдік** – түркі халықтарының бірлігін айқындайтын саяси-мәдени ағым.

**Түркілік бірлік** – түркі халықтарының тәуелсіздік жолындағы күрестегі саяси, мәдени және идеялық ынтымақтастығын танытатын идея.

**Ұлтаралық қарым-қатынастар** –өзара байланыс және өзара қатынас барысында түрлі ұлт адамдарының тәжірибесімен, құндылықтарымен, ойларымен, сезімдерімен алмасуы.

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы:** Тақырыпта қамтылатын ғылыми-іздестіру және әдістемелік жұмыстардың жалпы сипаты тарихи тұлғатану бағытымен сипатталады. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тарихы оның көшбасшыларының біріне айналған Мұстафа Шоқайдың өмірі мен саяси қызметі және шығармашылығын деректік талдау арқылы тұлғаланады. Сонымен бірге қайраткердің саяси, шығармашылық өнегесін оқу үдерісінде қолданудың әдістемесі жасалады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігін** қазіргі заманғы отандық тарих ғылымының мазмұнында қалыптасқан жаңа тұжырымдар мен білім беру жүйесінде жаңа әдістемелік үрдістер енгізу міндеттері айқындайды. Тәуелсіздік жылдарындағы тарих мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенген теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға сай жаңалау арқылы таптық-партиялық көзқарастардан арылту Қазақстанның қазіргі заман тарихын жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді, соған сай ЖОО жүйесінде тарихты оқыту арқылы тарихи сана қалптастырудың жаңа педагогикалық мүмкіндіктеріне жол ашты.

Кеңестік қоғамның идеологиясы орнықтырған тарихнамалық қағидаларды тарихи ақиқатты бұрмалау немесе ұлттық мүддеге қайшы келетін түсіндірмелер беруі түрінде орын алған кереғарлықтармен қалыптасқан тарихи сана тәуелсіз мемлекет идеологиясының талаптарына жауап бере алмайтындығы ақиқат. Сондай ақиқаттың бірі тұлғатану бағытындағы Мұстафа Шоқайдың тұлғалық тарихына да қатысты. Тәуелсіздік жылдары әлемдік деңгейде танылған қайраткердің шынайы бейнесін тұлғаландыруда жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бүгінгі күні оған қатысты тұжырымдарды қайта қарау керектігін алға тартуда. Осы қажеттілікке сай Мұстафа Шоқай жайлы зерттеулер мен ғылыми айналымға ұсынылған деректер кешенін негізге ала отырып, оны тәуелсіз Қазақстанның ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларына сай қайта саралау арқылы жас ұрпақтың тәрбиесі мен тәліміне қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірін құрайды деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында» [1] деген сөзі ХХ ғасырдың алғашқы жартысында бүкіл саналы ғұмырын түркі халықтарының тәуелсіз дамуына қол жеткізу жолындағы күреске арнаған М.Шоқайдың саяси және шығармашылық ұстанымына сай келеді. Демек, Шоқай шығармашылығы мен саяси өнегесінің бүгінгі күні мемлекеттік бағдарламаға айналған рухани жаңғыруда атқаратын рөлі мен алар орнының елеулі екендігіне көз жеткіземіз. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаевтың «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды

бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [2] деп айтқанындай қазақ тарихында жаңа көзқарас қалыптастыру арқылы тарихи сана сапасы айқындалатындығы да белгілі.

XX ғ. соңында бес түркі мемлекетінің КСРО құрамынан шығып, тәуелсіздігін жариялауы М.Шоқай және басқа да көптеген түркі ойшылдары мен саяси қайраткерлерінің теориялық, ғылыми тұрғыда негіздеген идеясының болжалдық мәннен нақты тәжірибеге айналғандығының көрінісі болды. Түркі тілді мемлекеттердің алдағы стратегиялық міндеттерін Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сол кездегі мемлекет басшысы «Бүгінгі тәуелсіз түркі мемлекеттері - Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан мен Қырғызстан және дүниенің әр түкпіріне тарыдай шашылған жалпы саны 200 миллионнан асатын 30-дан астам түркітілдес ұлттар мен ұлыстардың ұлы бабасы ер түрік аталарымыз болатын – дей келіп, ...Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түрік халықтары XXI ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйтіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады» [3] деп айқындап берген еді.

Мұстафа Шоқай сияқты түркішіл қайраткерлер аңсаған тәуелсіздік идеясының көкейкестілігін Елбасы Н.Ә. Назарбаев Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайының мәжілісінде «Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен–өзі келіп, басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккендігімен» [4, Б.18] байланыстырды. Тәуелсіздік жолындағы ұлттық идеяның қалыптасуына негіз қалаушылардың бірі, мұғажырлық жағдайда оны іске асырудың нақты әрекеттерінің тактикасы мен стратегиясын жасаушылардың бірегейі де Мұстафа Шоқай екендігін атап айтуымыз керек. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында осы ұлттық идеяның іске асқандығы деп білеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс» [5] деген сөзі тәуелсіздік жолында қызмет еткен М.Шоқайдың қызметі мен шығармашылығын жаңа тәсілдермен зерттеулерге жол ашады.

Тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы тарихын ғылыми ой тезінен өткізіп, тәуелсіздік қалыптастырған идеологиялық сұраныс талаптарына сай бағалау отандық тарихнама мазмұнындағы «ақтаңдақтар» мен олқылықтардың орнын толтыруы тиіс. Оның үстіне, «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасында» айқындалған «Қоғамға идеологиялық топтауларынан, бірізділіктен, үстірттік пен үстемелеуден ада шынайы тарих қажет» [6] деген тұжырымды басшылыққа алуымыз да зерттеуіміздің мемлекеттік бағдарламалармен байланысын танытады.

Демек, Шоқайдың саяси қызметінің тарихы мен ғылыми-шығармашылық мұрасын мәдени-рухани құндылық ретінде қабылдауымызға негіз болады. Осы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру, оны жас ұрпақтың тарихи жадына сіңіру жолдарын қарастыру мәселесі тақырыбымыздың мемлекеттік бағдарламамен астасқан өзектілігін көрсетеді. Рухани жаңғыру талаптарына сай жоғары оқу орындарында (ЖОО) берілетін білім мазмұнын жаңарту, сонымен бірге сапалы білімге қол жеткізудің дидактикалық және әдістемелік жүйесін іздестіру де бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Рухани жаңғырудың алға тартқан міндеттерін іске асыруда М.Шоқайдың мәдени және саяси құндылыққа айналған мұрасы мен өнегесінің педагогикалық әлеуетін пайдалану, оны оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру және қолдануды қолжетімді ету зерттеу тақырыбымыздың өзектілігінің білім бағытындағы қырларын айқындайды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Тақырыбымыздың зерттелу деңгейін екі бағытқа топтастырып қарастырамыз. Бірінші, Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінің тарихына қатысты зерттеулер. Екінші, Мұстафа Шоқайдың ғылыми мұрасы мен саяси өнегесінің педагогикалық әлеуетін пайдалану, оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге қатысты зерттеулер.

Мұстафатану ғылыми бағыты дегенде, осы бағыттың қыры мен сырын ашып, оның ғылыми өмірбаянын барынша толық қалпына келтіруде Көшім Есмағамбетовтың зерттеулерін атап өтуге болады [7], [8], [9]. Осы жинақтаушылық сипаттағы зерттеулерде Шоқайдың өмірбаяны деректік тұрғыда толық тұлғаланды және оның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы барынша толық нұсқада ғылыми қалпына келтірілді деп айта аламыз.

Тарих ғылымындағы мұстафатану бағыты, оның болашақ сұлбасы тарих ғылымының маркстік таптық қағидалардан арылып, жалпыадамзаттық құндылықтарға сай Қазақстан тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарында қалыптаса бастады. К.Нұрпейісов [10], [11] Т.Омарбеков [12], М.Қойгелдиев [13], [14], [15] және т.б. ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектерінде тоталитарлық билік қалыптастырған М.Шоқай тұлғасын айыптауға негізделген тұжырымның ғылыми негізсіздігі әшкереленіп, қайраткердің шынайы тарихи бейнесі қалыптаса бастады.

М.Шоқайдың өмірі мен қызметінің тарихы жеке желілер мен тақырыптар бойынша қарастырылу қолға алынды. Солардың қатарында М.Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы саяси қызметі мен шығармашылығын арнайы тақырып ретінде қарастырған Д.Қыдырәлінің зертеуін айтуымызға болады. Түрік тілін еркін меңгерген ғалым Шоқай еңбектерінің түпнұсқасына ғылыми талдаулар жасаған [16]. Ал, С.Шілдебайдың зерттеуінде [17] Шоқайдың түркішілдік қозғалыстағы рөліне баса көңіл бөлініп, М.Қойгелдінің Шоқай қызметіне өзек болған түркілік бірлік тұжырымы одан әрі өрбітілді. Б.Садықованың зерттеулерінде [18], [19] М.Шоқайдың

тұлғасына тоталитарлық биліктің таққан саяси айыбының бірі - оның фашистік биліктің қамқорлығында Түркістан легионын құру мен оның қызметіне қатысты «аңыз» деректік негізде әшкереленеді. Аталған еңбекте Б.Садықова Шоқайдың Түркістандағы коммунистердің ұлт саясатын сынауы, Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық жағдайға баға беруі мәселелеріне талдау жасайды. Ең бастысы Шоқайдың фашистік және коммунистік идеялардың бәсекелестігі туралы тұжырымының мәнін ашып, Түркістан легионын құруға және оның қызметіне қатысы жоқ екендігін архивтік құжаттарға талдау жасау арқылы тұжырымдаған.

Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы өмірі мен қызметі Түркиямен тығыз байланыста өрбігендіктен де, оның үстіне кеңестік билік кезеңінде мұстафатану «жабық» тақырыпқа айналған кезде түрік ғалымдары бұл мәселеге жіті назар аударған болатын. Жалпы, мұстафатану ғылыми бағытының шетелдік тарихнамасына А.З. Тоғанның [20], [21] негіз қалағандығын атап айтуға болады. Шоқайдың замандасы әрі идеяласы ретінде ғана емес, сонымен бірге тағдырласы әрі мұғажырлық жағдайдағы күрестегі жолдасы ретінде ғалым оның қайраткерлігіне барынша ғылыми баға беруге тырысқан. Түркиялық тарихшылар арасынан мұстафатану бағытымен арнайы айналысқан А. Қараның еңбегіне [22] және т.б. зерттеулерге тоқталуға болады. Оның зерттеуінде М.Шоқайдың мұғажырлық қызметі кезеңі барынша толық ашылған. Түркиялық тарихшылар Шоқай қызметіне негізінен түркілік бірлік («Тұтас Түркістан») идеясын ғылыми тұрғыда одан әрі дамытып, оны халықаралық жағдайға байланысты сол кезеңдегі саяси ахуалдағы мәселелерге қатысты көтерген шығармашыл және күрескер тұлға ретінде бағаланады.

Мұстафа Шоқай өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығының тарихы осы кезге дейін диссертациялық тұрғыда біршама зерттелді. Атап айтқанда, тарих саласы бойынша Ж.Қ. Ахметованың [23], сонымен бірге Қ.А. Тілеубергеновтың [24], саяси ғылымдар бойынша П.М. Сүлейменовтың [25] және т.б. зерттеулерді атап айтуға болады. Бұл зерттеулерде қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен көзқарастарының қалыптасуы және дамуының тарихы деректік тұрғыда жекелеген тақырыптар шеңберінде талданған.

Тақырыпты педагогикалық қырынан қарастырған диссертациялардың арасынан К.Т. Әбілғазиеваның [26] зертеуін атап айтуға болады. Бұл зерттеуде қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі патриоттық тәрбие беру нысаны ретінде арнайы қарастырылған. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялық жұмысында Т.Р. Әбдіқадірова да ішінара қарастырады. Оның зерттеуінде Шоқайға байланысты «Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, М.Шоқай, т.б. алаш зиялыларының еңбегінде ел орнату идеялары мен қайраткерлік еңбектері» [27, Б.188-213] деген арнайы тақырыпта тәрбиелік тұрғыда бірқатар тұжырымдар жасалған.

Тақырыптың зерттелу деңгейіне жасалған талдау қазіргі кезде М.Шоқайға қатысты жүргізілген зерттеулерде іргелі нәтижелерге қол жеткенімен, ол нәтижелердің Жоғары оқу орны (ЖОО) кәсіби пәндер мазмұнынан көрініс таппағандығының арасында, М.Шоқай тұлғасының тарихи сана қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін білім беру үдерісіне енгізуге деген сұраныс болғанымен оны тарих мамандығының кәсіби пәндерінде оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелеген тиісті оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) болмауы түрінде қайшылықтардың шешімін табу үшін тақырыпты зерттеп, нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу қажеттігі бар екендігіне көз жеткіздік.

Анықталған қарама-қайшылықтар мен қажеттіліктердің шешімін іздестіру мақсаты мәселені айқындауға және зерттеу жұмысының тақырыбын «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу және оқыту мәселелері» деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеу мақсаты**: Рухани жаңғыру барысында Мұстафа Шоқайдың саяси және азаматтық өнегесін жоғары оқу орындарында тарих мамандығының кәсіби пәндері мазмұнына енгізу арқылы тарихи сана қалыптастырудың әдістемесін ұсыну.

**Зерттеу нысаны**: Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихы мен Мұстафа Шоқайдың тұлғалық қасиетін талдау арқылы ЖОО оқу үдерісінде болашақ тарих мұғалімдерінің біліктілігін қалыптастыру үдерісі.

**Зерттеу пәні**: кәсіби пәндердің мазмұнында түркілік бірлік идеясы мен Мұстафа Шоқайдың саяси және азаматтық өнегесі арқылы тарихи сана қалыптастыру, кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі дамыту.

**Зерттеу міндеттері.** Зерттеу тақырыбының мақсатын іске асыруға байланысты мынадай міндеттер белгіленді:

- Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасын жүйелеу;
- Мұстафа Шоқай шығармашылығын Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі ретінде қарастырып, оны білім бағдарламасы мазмұнына ұсыну;
- қайраткердің мұғажырлық жағдайдағы қызметінің тарихын рухани жаңғыру қағидаларына сай жүйелеп, жіктеу және оның саяси күресі мен азаматтық ұстанымдарының өнегесін тарихи сана қалыптастыруда қолданудың әдістемесін жасау;
- Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің тарихы мен шығармашылық мұрасын «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнына енгізіп, оқытудың бағдарламалық кезеңдерін негіздеу;
- «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты таңдау пәнінің оқу бағдарламасын дайындау арқылы қайраткер өнегесінің педагогикалық әлеуетін оқыту үдерісінде қолдану. М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерін дамыту, ұсыныстар дайындау.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.** Зерттеу әдістерінің өзегінде қазіргі заманғы тарихи таным теориясы негізге алынды. Соған сай

тарих теориясының кешенділік, жүйелік, шынайылылық, тарихилық, тарихи-салыстырмалық қағидалары  қолданылды. М.Шоқайдың күрделі қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығындағы күрескерлік еңбегін талдап, оның тәуелсіздік жолындағы атқарған рөлі мен алатын орны туралы тұжырымдар жасауға биографиялық тәсіл мүмкіндік берді.

Тарих әдіснамасына қатысты И.Д. Ковальченко сияқты шетелдік ғалымдармен бірге Отан тарихын ұлттық мүдде тұрғысында қарастырудың әдіснамалық негізін қалаған М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев, К.Есмағамбетов және т.б. ғалымдардың тұжырымдары басшылыққа алынды. Ал М.Шоқай өнегесін тарих пәндерінің мазмұнында оқытуға қатысты Т.Тұрлығұл, Б.Берлібаев және т.б. әдіскер-ғалымдардың тұжырымдары негізге алынды.

Сонымен қатар, әдіснамалық тұрғыда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мен Жолдаулары, «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» [28], «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы» [6], «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы» [29] және т.б. құжаттар да тақырыптың идеясын негіздеуге және оның мәнін ашуға қызмет етті.

**Зерттеудің деректік негіздері.** Диссертациялық жұмыстың басты деректік негізін Мұстафа Шоқайдың шығармалары мен ол туралы осы кезге дейін жарияланған ғылыми зерттеулер құрайды. Сонымен бірге Қазақстан мен Ресей Федерациясы архивтерінің деректері пайдаланылды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Шетелдік архивтік Қазақстан» жүйесі бойынша Қазақ Ұлттық архивы, ҚРОМА қорларында жинақталған архив құжаттары да пайдаланылды.

Сол сияқты, зерттеу тақырыбының білім бағыты бойынша белгіленген міндеттерін іске асыру бойынша отандық философ, педагог, психолог ғалымдардың іргелі зерттеу еңбектері, ал мемлекеттік заңнамалық-реттеуші құжаттар - Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясы, 011400 - тарих мамандығының  ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мамандықтың типтік және жұмыс оқу жоспарлары мен Қазақстан Республикасы жоғары педагогтік білім беру тұжырымдамасының жобасы және Қазақстан Республикасы 2016-2019 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы сияқты құжаттар жұмыстың деректік негізін құрады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер мен жасалған тұжырымдардың ғылыми жаңалығы келесі нәтижелермен  айқындалды:

- Отандық тұлғатануда мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасы жүйеленді;
- Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы күрескерлік және шығармашылық қызметінің тарихы ғылыми қалпына келтіріліп, рухани жаңғыру қағидаларына сай талданып, бағалануы және қайраткердің түркілік

бірлік жолындағы саяси күресі мен азаматтық ұстанымдарының өнегесін жіктеп, жүйелеу арқылы тұлғаланды;

- Мұстафа Шоқай шығармашылық мұрасы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі ретінде талдау барынсында оның қоғамдық-саяси қызметі мен күрескерлік өнегесінің ұлттық тарихи сана және елжандылық рух қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін білім беру бағдарламаларында қолданудың қажеттілігі айқындалып, тиімділігі дәлелденді;

-Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің тарихы мен шығармашылығын «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнында оқытудың бағдарламалық кезеңдері айқындалып, пән бойынша жүргізілген педагогикалық зерттеу нәтижелерінің эксперимент арқылы сыннан өтуі жұмыстың жаңалығын айқындайды;

- «Мұстафа Шоқай және Тұтас Түркістан идеясының тарихы» атты таңдау курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып, қайраткер өнегесінің педагогикалық әлеуетін оқыту үдерісінде қолдануға қатысты әдістемелік ұсыныстардың дайындалуы зерттеудің білім бағытындағы жаңалық деңгейін танытады.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы**

1) Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Қорқыт Ата атындағы ҚызМУ тарих мамандығы студенттеріне арналып, «Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық қызметінің тарихы» атты арнайы семинарлар ұйымдастырылды;

2) «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» пәндерінің мазмұндарына Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінің тарихын оқытуға қатысты әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Зерттеу нәтижелерін сервис пән ретінде оқытылатын «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнында қосалқы оқу-әдістемелік мақсатта қолдануға болады.

**Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:**

1. Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасы отандық тұлғатанудың теориялық-әдіснамалық негіздерін байтатын болады;

2. Мұстафа Шоқайды тұлғаландырудың биографиялық тәсілі оның мұғажырлықтағы күрескерлік және шығармашылық қызметінің тарихы ғылыми қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге қайраткердің түркілік бірлік жолындағы саяси күресі мен азаматтық ұстанымдарының өнегесін тарихи таным үдерісіне енгізуге жол ашады.

3. Мұстафа Шоқай шығармашылық мұрасын Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі ретінде қолдану қайраткердің тұлғалық өнегесін жастардың бойында ұлттық тарихи сана және елжандылық рух қалыптастырудың тиімділігін арттырады.

4. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің тарихы мен шығармашылығын «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнында оқыту болашақ тарих мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға

ықпал етіп, шығармашылық және интеллектуалдық дағдыларды жетілдіруіне жағдай жасайды.

5. Болашақ тарих мұғалімдеріне ұсынылатын «Мұстафа Шоқай және Тұтас Түркістан идеясының тарихы» атты таңдау курсын оқытудың әдістемелік жүйесінің тиімділігін және ғылыми болжамның негізділігін педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындылары дәлелдейді.

**Зерттеудің қолданыстық маңызы.** Зерттеу жұмысы бойынша қол жеткен нәтижелер мен жасалған тұжырымдардың қолданбалық маңызы – «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнында болашақ педагогтардың тарихи сана қалыптастыруға даярлаумен айқындалады. Нәтижелерді 5В011400 - тарих мамандығымен қатар басқа да мамандықтардың мемлекеттік білім беру стандартына сай «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің оқу-әдістемелік кешеніне енгізуге, болашақ мұғалімдердің біліктілігі мен құзыреттерін арттыруда қолдануға болады.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері.** Алға қойылған міндеттерге сәйкес зерттеу үш негізгі кезеңді құрайды:

**Бірінші кезеңде (2014-2015 жж.) –** зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізін анықтау, Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тарихнамасына талдау жасау, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді саралап, жинақтау және деректік талдау арқылы жұмыстың ғылыми аппаратын айқындау іске асты.

**Екінші кезеңде (2015-2016 жж.)** міндеттерге сай тарихи, педагогикалық және оқу-әдістемелік құралдар талданып, зерттеліп отырған мәселелер нақтыланды, «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнындағы М.Шоқай және оның заманына қатысты білім мазмұны сараланды. Ұсынылып отырған «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені жасалды. М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Азия және Африка елдері институтының Кавказ және Орта Азия елдерінің тарихы кафедрасында тағлымдамадан өттік.

**Үшінші кезеңде (2016-2021 жж.) –** зерттеу жұмысы барысында қол жеткен нәтижелер қорытылды, жүйеленді және республикалық, шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды. Истамбул университетінің (Түркия Республикасы) тарих факультетінде тағлымдамадан өттік. Ізденушінің тікелей араласуымен Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінің тарихын оқу үдерісіне енгізуге қатысты талдамалар Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасында, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасында сыннан өтіп, диссертацияның рәсімделуі аяқталды. Халықаралық рейтингілі журналда мақала жарияланды.

**Зерттеу базасы.** Білім бағытындағы тәжірибелік-эксперимент жұмыстар Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жүргізілді.

**Диссертацияның сынақтан өтуі мен талқылануы.** Диссертацияның негізгі қағидалары, ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік нәтижелері мен тұжырымдары 2015-2020 жылдар аралығында халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды, атап айтқанда:

М.Шоқайдың 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Қорқыт ата атындағы Қызылорда МУ. 2015 ж.; MATERIALS of the II International scientific-practical conference «THE EUROPE AND THE TURKIC WORD: SCINCE, ENGINERING AND TECNOLOGY», 2017, Izmir, Turkey; Алаш ұлттық-демократиялық парламентік республикасының 100 жылдығына арналған «Алаш автономиясы – ұлттық тәуелсіздіктің негізі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Түркістан 2017 ж.; «Түркістан Мұхтарияты мен Алаш Орда автономияларының 100 жылдығына арналған «Өзбекәлі Жәнібек оқулары» атты VIII республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Түркістан, 2017 ж.; Сырдария облысы қазақтары съезінің 100 жылдығына арналған «Ұлттық тұтастықты ту еткен съезд» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Түркістан, 2018 ж.; «Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Қызылорда, 2018 ж.; «Мұстафа Шоқай – түркі халықтарының азаттығы мен бірлігі жолындағы қозғалыстың көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Қызылорда, 2020 ж.

Зерттеу жұмысының қол жеткен нәтижелері мен жасалған қорытындылары Scopus базасына енген шетелдік журналда – 1 («Подданные Австро-Венгрии в Западной Сибири и Туркестане в начале XX века (1900–1917 гг.)» //Международный исторический журнал «Русин». 2021. № 64), Қазақстан, Ресей Федерациясы, Украина, Өзбекстан, Түркия және Индия мемлекеттерінде шығатын ғылыми басылымдарда - 13, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда - 6 мақалада баяндалды. Жалпы алғанда диссертация тақырыбы бойынша 20 мақала жарық көрді.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

# 1 ТАҚЫРЫПТЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасы

Отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық қоғалыс тарихының теориялық-әдіснамалық мәселесі әлемдік деңгейде тарихшылардың жіті назарын аударған тақырыптардың бірі. Өзінің саяси, әлеуметтік және мәдени-рухани мазмұнына қарай өте күрделі сипат алатын бұл әлемдік құбылысты қандай қоғамдық билік жағдайында болса да тарихшылар айналып өте алмайды. Содан да ұлт-азаттық қозғалысы тарихының қалай қалыптасуы көбіне саяси конъюнктураға бейімделіп, тарихи объективтілік қағидасынан алыстап кетіп жатады. Бұл жағдай, әсіресе, тоталитарлық тәртіп үстемдік еткен қоғамда тарихшылардың идеологиялық тапсырысқа сай ұлт-азаттық құбылысын бұрмалауға итермелейді. Орталық Азия мен Қазақстандағы ұлт-азаттық күрес тарихының тарихнамасына жасалған талдаулар бізге осы мәселеге қатысты бірқатар салыстырулар жүргізуге сол арқылы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде қазақстандық тарих ғылымының ең басты мәселелерінің бірі – әдіснамаға қатысты болып тұр. Өйткені, мәселе қандай әдіснаманың барынша негізді және жұмыс жасауға қабілетті екендігінде емес, тарихи зерттеу жүргізуде теориялық негіз ретінде қандай әдіснаманы басшылыққа алған тиімді екендігін айқындауға байланысты. Тарихшы алдында «қайта құру» жылдары маркстік-лениндік идеология мен диалектикалық және тарихи материализмге қарсылық ретінде орныққан «әдіснаманың өзі керек не?» деген көңіл күй кез-келген идеология, соның ішінде кез-келген әдіснаманы теріске шығару немесе оны мойындамау түрінде көрініс тапқан еді. Бұндай әдіснамалық дағдарыс қоғамдық ғылымдарда жаңалық емес. Айталық, екі дүниежүзілік соғыс аралығында Еуропада орын алған рухани дағдарысты О.Шпенглер «Закат Европы» деп сипаттаған болса, дәл осы кезеңдегі тарих ғылымының дағдарысын Э.Трёль «Историзм и его проблемы» мақаласында «Егер біз қазір тарих ғылымындағы дағдарыс жайлы үнемі еститін болсақ, ол ғалым–мамандардың тарихи зерттеулер жүргізуіне қатысты деген сөз емес, ол адамдардың тарихи ойлауындағы дағдарыс» дейді. Оның пайымдауынша дағдарыс «Философияның жалпы негіздері мен тарихи ойлаудың элементтерінде, тарихи құндылықтарды түсіну арқылы тарихи оқиғалардың байланысын айқындауға қатысты» [30, С.10-12] екендігінде болып шығады.

Сонымен, қазіргі кездегі тарихнаманың сипатын айқындау үшін К.Ясперстің мына тұжырымдамасына назар аударайық: «Адамзат тарихы ерекше болмыстың сипатымен танылады. Ғылымда ол танымның ерекше түріне сай келеді. Біз тарихтың жалпы заңдарын танығанымызбен тарихтың өзі біздің танымымыздан тыс қалады. Өйткені, тарих өзінің бейнесінде ешқашан қайталанбайды» [31, С.370]. Демек мұстафатану ғылымы бағытын қанша қарастырғанымызбен ол зерттеушілердің танымында ғана орын

алатындығы айқын. Оның тұлғасы, заманы, уақыты – бәрі де тарихтың еншісіне кеткен. Қайталануы мүмкін емес. Ал, тарихшы ғалымдардың деректік негізде сол тарихи оқиғалар мен құбылыстарды ғылым қалпына келтіру үдерісі субьективизммен сипатталады. Демек, мұстафатану ғылымы бағытындағы зерттеулерге талдау жасалғанда ғылыми қалпына келтірушінің (мейлі ол ғалым, әдебиетші немесе журналист болсын) мәселені қаншалықты меңгергендігі, оның кәсіби дайындығы, интелектуалды деңгейі сияқты көптеген факторлармен айқындалатындығы да ескерілуі керек.

Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасына қатысты айтарымыз, тақырыптың тарихнамасын хронологиялық және географиялық ұстанымдарға сай жинақтағанымыздай, әр кезеңнің зерттеушілерінің ұстанған теориялық-әдіснамалық негізі болғандығын атап айтамыз. Айталық, кеңестік тоталитарлық қоғамның идеологиясы мен ғылымында үстемдік еткен маркстік-лениндік әдіснаманың таптық-партиялық ұстанымдарын басшылыққа алған зерттеулерде М.Шоқай тұлғасы қалай бағаланғаны белгілі. Ол жөнінде алдағы бөлімдерде тарқатып айтылатын болады. Ал, тәуелсіз тарихнамада отандық әдіснаманың орнықпай тұрған кезеңінде М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметіне әртүрлі көзқараста баға беріліп келді. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында берік орныққан жалпыадамзаттың құндылықтарға негізделген тарихи танымдық ұстанымдары тарихи тұлғатану саласында байыпты қағидаларды алдыңғы қатарға шығара бастады. Осы бағыттағы тарихи зерттеулер кеңестік қоғамды біржақты сынау, ұлттық ерекшеліктерді асыра дәріптеу сияқты ұшқарылықтардан арылып келеді. Соңғы кездегі тарихи зерттеулердің осындай байыпты сипат алуы ұлттық тарих әдіснамасының алдыңғы қатарлы әлемдік тарихи ойдың сыннан өткен әдіс-тәсілдерін игеру, нақты зерттеулерде қолдану арқылы орнығуының нәтижесі. Бұл мәселенің екінші қыры жаңа тарихи таным тәсілдерінің тарих мазмұнын толықтыру, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жаңа көзқараспен бағамдау сияқты күрделі міндеттерді шешуге бағытталуында болып тұр.

Түркістанда XIX ғасырдың екінші жартысында аяқталған Ресей отаршылығы жергілікті халыққа деген озбырлығымен ерекше еді. Отарлық билік алғашқы кезекте метрополияның мүддесіне қызмет етті. Биліктің осы біржақты саясаты жергілікті халықтардың отаршылыққа қарсы бас көтеруінің басты дәлеліне айналды. Нәтижесінде XX ғ. бас кезінде жергілікті халықтардың түрлі саяси, ағартушылық ұйымдары құрыла бастап, өлкенің қоғамдық-саяси дамуы барысында қызмет ауқымын кеңейтіп, отаршылыққа қарсы күрес дәлелдерін бағдар еткен қуатты ұлт-азаттық қозғалысқа ұласа бастады.

Осы кезде құрылған шағын үйірмелердің дамуында сол кезде кең өріс алған мұсылман елдеріндегі «жастүріктер», «жаспарсылар», «жасбұқарлықтар» сияқты саяси қозғалыстардың ықпал әсері аз болған жоқ. Ұлт-азаттық қозғалыстағы осы шығыстық фактор өлкедегі қозғалыстың мынадай басты үш бағытын айқындады: жәдитшілік, мұсылмандық және

түркішілдік. Бұл бағыттардың ұстанған саяси тұғырнамасына қарай сипаттық, мазмұндық ерекшеліктері болғандығын аңғарамыз. Мысалы, Махмутқожа Бехбуди, Мүнәуар Қары Абдрашитханов бастаған жәдитшілердің діни білім беруді реформалауға бағытталған ағартушылық әрекеті қоғамды демократиялық жолмен жаңарту идеясына ұласып, саяси сипат алды. Мұсылмандық қозғалыс болса, қоғамдық өмірді жаңалауда діни құндылықтарға басымдық берді. Осы бағыттың ішінде мемлекеттік құрылысты ұйымдастыруда Құран мен шариғат заңдарын ғана басшылыққа алатын «Шуро-и Улема» сияқты дәстүрлі құндылықтарды ұстанатын күштерге сүйеніп, дін бойынша бірлікті отаршылықпен күреске жұмылдырған демократияға бейім ұйымдар тарих сахнасына шықты. Керісінше, түрікшілдік қозғалыс отаршылыққа қарсы этникалық бірлікті басшылыққа алған еді.

Түркістандағы 1917 ж. қазан төңкерісіне дейін қалыптасқан осы үш ағым ұлт-азаттық қозғалыс қатарына әлеуметтік тегі мен мәдени-рухани деңгейі әртүрлі, сонымен бірге саяси күрес тәжірбиесі жоқ балаң саяси топтарды біріктірген болатын. Бүкіл Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының негізін құрайтын осы күштер арасынан қоғамдық-саяси даму барысында саяси ұстанымдары мен әрекеттері бойынша қарама-қарсы бағыттарға топтасқан «Шуро-и Улема» (Ғұламалар қоғамы) мен «Иттифок-и-муслимун» (Мұсылмандар одағы) сияқты саяси ағымдар саясат сахнасына шықты. Мұсылмандық және түркілік бірлік идеясын ұран етіп көтерген кейбір қозғалыс өкілдері кеңестік биліктің озбырлығына қарсы қарулы күрес жолына түсті. Коммунистер «басмашылар» атандырған бұл күрескерлер өз қызметінде ұлттардың өзін-өзі билеп, ұлттық тәуелсіздікке бағытталған батыл әрекеттеріне қарамастан идеялық тұтастыққа қол жеткізе алмады. Өйткені, олардың күрес тәжірбиелері кемшін және саяси-идеялық бағдарламалық мақсат-міндеттерін бір арнаға тоғыстыратын қолайлы саяси қалыптаспаған болатын.

Бір ауыз сөзбен Түркістан қозғалысы деп атауға болатын құбылысты жергілікті халықтардың XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы демократиялық құндылықтар мен саяси ұстанымдарды басшылыққа алып әрекет жасаған ұлт-азаттық қозғалысы мағынасында қолданамыз.

Алғаш қарулы, кейін саяси сипат алған қозғалысты кезеңдеу де маңызды.

Соның алғашқы кезеңі XIX ғ. 60-жылдарының соңынан XX ғ. бас кезін қамтып, 1889 ж. Андижан көтерілісімен аяқталады. Бұл тәуелсіздік жолындағы қарулы күрес кезеңі деп айшықталады.

Ал екінші кезеңді 1917 ж. дейінгі аралықты қамтыған жәдитшілік мәдени-ағартушылық бағыттағы ағымдардың ел билігінің құрылымын конституциялық жолмен өзгерту жолындағы саяси күрес тетіктерінің қалыптасқан кезеңі. Бұл кезеңді 1916 ж. өлке аймақтарын, әсіресе қазақтар мекендеген Сырдария облысында өте күрделі сипат пен қасіретті мазмұнға ие болған ұлт-азаттық көтеріліспен қортындылайсыз.

Үшінші кезең 1917 ж. ақпан төңкерісінен 1918 ж. Қоқанда орнаған Түркістан Мұхтариятының күшпен таратылып, оның орнына кеңестік Түркістан Автономиясы құрылған аралықты қамтиды. Осы уақытта «Шурои Исламия», «Шурои Улема», «Иттифоқи муслимун» саяси ұйымдары белсенді қызмет жасады және Түркістан Мұхтарияты ұлттық мемлекеттігі құрылды.

1917 ж. ақпан төңкерісіне дейін Түркістан қозғалысының алдыңғы шебіндегі Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Сералы Лапин, Әбдірахман Оразаев, Серікбай Ақаев, Қоңырқожа Қожықов сияқты европалық білім алған ұлтттық саяси элита өкілдері Ресейдегі демократиялық саяси қозғалыстар тәжірибесінің ықпалында дайындықтан өткендіктен 1917-1918 жж. Түркістандағы саяси оқиғалардың алдыңғы қатарында болып, ұлт мүддесі үшін күресті.

Ал төртінші кезең 1918-1924 жж. ұлт саясатына байланысты кеңестік биліктің жоғары эшелонына тартылған Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров т.б. қайраткерлер биліктің саяси-әлеуметтік реформаларына ұлттық мазмұн беру үшін күреспен ерекшеленеді. Осы күрес барысында 1919 жылдың қаңтарында Мұсбюроның ІІІ төтенше конференциясы РКФСР құрамындағы құрылатын болашақ Түрік Кеңес республикасының саяси ұйымының атын «Түрік халықтары Коммунистік партиясы» деп атау туралы шешім қабылданды. Бұл үлкен жетістік болғанымен, оның өмірі ұзақ болмады.

Бесінші кезең ұлт мәселесін оөбырлықпен шешуге ұмтылған кеңестік биліктің әрекетіне қарсылық ретінде басмашылық қозғалыстың барынша өршіп, Түркістан өлкесінде тар ұлттық сипаттағы бірнеше кішігірім ұлттық мемлекеттер жариялануымен қорытындыланады.

Қазақстанның тәуелсіздігі жағдайында жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтар басшылыққа алды. Елдегі барлық реформалық өзгерістер мәдени-рухани өмірге жаңа сипат бере бастады. Түбірлі өзгерістердің тарих ғылымының тәрбиелік функциясына жасаған ықпалын Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі», «қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш» [32] деп тұжырымдап бергендігі тарих ғылымының алдындағы тарихи сананы жаңғыртудың әдіснамалық ұстанымдарын да танытады.

Орта Азия мен Қазақстан тарихының мазмұнын жаңалап, қалыптасқан тарихи таным мен тарихи сананы қайта бағалаудағы күрделі зерттеу нысанының бірі - Түркістан тарихы. Қазақстандық тарихшылар тарапынан бұл тақырып біршама зерттелгенімен геосаяси ерекшеліктерді ескеріп, алдағы уақытта терең қарастыруды қажет етеді деп білеміз. Зерттеу жұмысымызда осы күрделі құбылыстың ішкі байланыстары, заңдылықтары және ерекшеліктерін айқындайтын әдіснамалық тәсілдер қолданылатын болады.

Осы аталған ерекшеліктер Мұстафа Шоқай тікелей араласқан және оның теориялық негізін қалаған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының мынадай күрделі міндеттерін алға тартады:

Біріншіден, патшалық Ресейдің отарлауы нәтижесінде құрылған Түркістан өлкесі мен кеңестік билік орнықтырған кеңестік автономиялық республика тарихы Қазақстанның қазіргі заман тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Түркістанның құрамында болған қазақ елі мен жерінің біртұтас ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырудағы маңызы үлкен. Жарты ғасыр бойы қазақтың негізгі дерінен территориялық оқшаулық жағдайында өлкеде патшалық, кеңестік биліктер ұлттық ой-сананы бұғаулап, ұлттық санаға деформация жасады. Оның көрінісі әсіресе, мемлекеттік билік құрылымдарының қалыптасуы мен ұлттық басқару жүйесінің орнығуындағы кереғарлықтардан байқалды. Осы мәселелерге байланысты ұлыдержавалық орыс шовинизміне қарсы күш ретінде Мұстафа Шоқай сынаған кеңестік биліктің ұлттық-территориялық межелеу арқылы дербес, «қуыршақ» ұлт республикаларын құру саясаты қазіргі тәуелсіздік талаптарына сай орныққан тұжырымдарға сын көзбен қарап, әдіснамалық тұрғыда жаңаша бағаланатын болады.

Екіншіден, XX ғ. басында пайда болған әлемдік ұлт-азаттық қозғалыстың аймақтық көрініс болғанымен, кейін өздері дербес саяси құбылыстарға айналған Түркістан және Алаш қозғалыстары әлемдік қоғамдық ойдың қызығушылығын оятып отыр. Қазақстан мен Орта Азия республикалары тәуелсіздігіне тарихи алғышар болған бұл қозғалыстарды біртұтас және дара құбылыстар деп қарастыру қажет болады. Мәселеге тың тәсілмен назар аударылатын болса тарихи танымда игілікке айналатын жаңа нәтижелер алуға болады. Ол қозғалыстардың идеялық сабақтастығы және бағдарламалық саяси-әлеуметтік мақсаттарының сәйкес болуы оны басқарған элиталық топтың көзқарастарының ортақтығынан еді. Осы саяси, мәдени ортақ ұстанымдар қазіргі түркі тілдес мемлекеттердің ықпалдастығын одан әрі өрбітетін фактордың бірі болмақ.

Кеңестік идеологияның өзегіне айналған маркстік әдіснама тарихи таным мен тарихи сананы өзінің табиғатынан таптық сипатта болып келеді, сондықтан да ол таптық тұрғыдағы дәйектілікті қажет етеді деп бағалағандығын да [33, Б.98] ескеруіміз керек. Түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына қатысты кеңестік әдіснама қалыптастырған таптық негіздегі тарих мазмұнын қайта қарап, осы құбылыстарға тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруға бағытталған зерттеу жұмыстардың қатары толығып келеді. Диссертациялық жұмысымызда осы бағыттағы зерттеулер одан әрі өрбітілетін болғандықтан да Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының әдіснамасына барынша кеңірек тоқталуға тура келеді. Өйткені Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы күрескерлік қызметі осы қозғалыстың жаңа сападағы және жаңа мазмұндағы заңды жалғасы болатындығы есте болуы керек.

Дегенмен, кейбір тарихи зерттеулерде таптық көзқарастың әдістемелік тәсілдерінің ықпалынан шыға алмаушылықты көруге болады. Яғни, мәні кеңестік қоғамда ұлықталған саяси, әлеуметтік құндылықтар тәуелсіз санада мүлдем кері мазмұнда түсіндіру, оны сыңаржақ сынға алған немесе әспеттеген, тіпті идеалға айналдырған танымның кері ықпалы байқалады. Бұл бағыт жаңаланған тарих мазмұнына біржақты сипат береді, содан да мәселелеге қазіргі заманғы теориялық-әдіснамалық негізбен қарау керек болады.

Біздің зерттеуімізге арқау болған Түркістан қозғалысы тарихының сипаты мен мазмұны күрделі. Себебі, ол өзінің алға қойған бағдарламалық мақсаттары және атқарған қызметінің аясы, құраған әлеуметтік-саяси негізі мен қалыптастырған ұйымдық құрылымын салыстырар болсақ, өз алдына енді қайталанбайтын ерекшеліктері бар ауқымды да айрықша тарихи құбылыс еді. Мәселенің шындығы - бұл ұлт-азаттық қозғалыстың Ресей империясы құрамында отарлық езгіге түскен Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тәуелсіздік жолындағы күресінің ең биік шыңы екендігі. Осы мәселеге қатысты екінші бір ақиқат, бұл ұлт-азаттық қозғалыстың аймақтық сипатпен шектелмей, XX ғ. басында отарлық езгіге, империялық өктемдікке қарсы әлемдік қозғалыспен үндескен идеялас құбылысқа айналғандығы [34, Б.56].

Түркістан қозғалысына біржақты баға берген кеңестік тарихнамада осы ақиқаттар бұрмаланып келді. Таптық қағидадағы әдіснама ұлт-азаттық қозғалыстың тәуелсіздік идеясына қосалқы деңгейде мән беріп, есесіне оның әлеуметтік, таптық сипатын алдыңғы орынға шығарды. Осыған байланысты туындаған салдарлар ұлт-азаттық қозғалыстағы жастүріктер, жаспарсылар, жасбұхарлықтардың ықпал-әсері, жәдитшілік, мұсылмандық, түркілік бірлік сияқты ұлттық мазмұндағы идеялық ағымдар мен саяси қозғалыстардың атқарған рөлі ескерілмеді. Оның есесіне ресейлік демократиялық күштердің әсері әсіре дәріптеліп, олар бір-біріне қарама-қарсы бағыттарға топтастырылды. Бұндай кереғарлықтың мәнін «отар елдің тарихын отаршылар жазады» деген қағидамен түсіндіруге болады.

Осы себептер қазақ жерінде өріс алған Алаш қозғалысын маңыздылығы аймақтық шеңбермен шектелмейтін Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыспен сабақтастықта қарастыруды қажет етеді. Белгілі алаштанушы, академик Кеңес Нұрпейіс осыған байланысты «Алаш қозғалысының мәні туралы біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы туралы үш мәселенің жиынтығы Алаш қозғалысы деген ұғымды білдіреді» [10, Б.5] деген тұжырым ұсынған. Қазақстандағы дара құбылысқа айналған Алаш қозғалысын Түркістан қозғалысымен салыстыра қарастырудың маңызы үлкен. Түркістан қозғалысының мазмұны саяси ала-құла және әлеуметтік әртекті болып келеді. Түркістан қозғалысын өлкедегі азаттық, тәуелсіздік жолындағы күреске мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізінде топтасқан саяси күштердің

ұйымдасқан белсенді әрекеті деп бағаласақ керек. Мақсаты ортақ, сипаты бір Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы (Туркистон Мухторияти) үкіметі ұлт-азаттық қозғалыста бірін-бірі толықтыратын ұлттық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан туыстас құбылыстар [35, Б.5] болғандықтан да оларды өзара ықпалдастықта қарастырудың танымдық тиімділігі жоғары.

Түркістан жәдитшілерінің бағдарламалық құжаттарында өлкеде орын алған феодализм сарқыншақтары мен аяусыз сипат алған отаршылдық езгіге қарсы күрестің саяси, құқықтық дәлелдері айқындалып, билік институттарын конституциялық жолмен реформалау идеясы қалыптасқандығы даусыз. Дегенмен, кеңестік тарих ғылымының шектен тыс саясиландырылуынан Түркістандағы автономиялық қозғалыс тарихы барынша бұрмаланып келді [36, С.28]. Осы себептер түркістандықтардың отаршыларға қарсы күрестегі жалпытүркілік, мұсылмандық і бірлігінің шынайы тарихын жазуға мүмкіндік бермеді.

Әдіснамалық тұрғыда Түркістан қозғалысы мен Алаш қозғалысын салыстыруда олардың мынадай ерекшеліктері аңғарылады:

- біріншіден: өлке халқының көпұлттық құрамынан туындаған саяси, рухани әралуандық сияқты ішкі фактор;

- екіншіден: Ресейдің өлкедегі қоғамды жаңалауының қарқынды жүргізілуі сияқты сыртқы фактор.

Бірінші фактор ықпалымен қозғалыстың идеологиясын қалыптастыруда жадитшілер басты рөл атқарып, тәуелсіздік идеясына жергілікті халықтың мұсылмандық, түркілік, түркістандық атаулармен бірігуіне негізделді. Екінші фактор отарлық биліктің қоғамға, экономикаға жасаған өзгерістері өлке тұрғындарының тұрмысы мен санасына кері ықпал жасаған шовинистік сипаты арқылы ұлттық наразылықты өршітті. Өлкедегі ұлттық элитаның үлкен жетістігі болып өмірге келген Түркістан Мұхтарияты қуып таратылғаннан соң ұлт-азаттық қозғалыстың сипаттық өзгеріске ұшырағандығы аңғарылады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы Қазақстан тарихының мазмұнындағы түйінді құбылыстардың бірі болғандықтан барынша дәйектілікті талап етеді. Осы құбылыстың шынайы ақиқаты тарихи танымда бірлік пен қарама-қарсылықтың күресі заңдылығының танымдық мүмкіндігін пайдалануды қажет етеді. Әлеуметтік-тарихи ақиқаттың қозғалысы мен дамуының қайнар көзі - бірлік пен қарама-қарсылықтың күресі заңы тарихи құбылыстарды тұтастықта баяндаудың басты шарты болуы керек деп білеміз. Осы заңдылыққа сүйенсек, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының сипаты, оның дамуы қоғамның табиғатынан тыс күштерде емес, керісінше осы саяси әлеуметтік құбылыстың өз ішінде екендігі аңғарылады. Философияның осы аталған заңы біртұтас ұлт-азаттық қозғалысты бір-біріне қарама-қарсы саяси көзқарастар мен бағыттарды біріктірген күрделі және бөлшектенген жүйенің бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Орта Азия мен Қазақстанда белсенді қызмет жасап, М. Шоқайдың басшылығымен мұғажырлық жағдайда одан әрі

өрбіген Түркістан қозғалысының саяси тәжірибелері мен қалыптастырған мәдени-рухани құндылықтар жүйесі түркі халықтарының ортақ игілігі ретінде талданып келеді және оның тәжірибесі түркі тілді мемлекеттердің қазіргі кезеңдегі саяси-мәдени ықпалдастығында қолданыс табуы керек деген ойдамыз.

Тарихты түзу мәселесін айқындап алудың әдіснамалық маңызы үлкен. Олай дейтініміз, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы Отан тарихының тұтастай желілерінің мазмұны мен сипатын айқындауға негіз болған М. Шоқайдың тарихты түзушілік рөлі ерекше болып саналады. Осыған байланысты Отан тарихының қазіргі заманғы әдіснамасын қалыптастыруда маңызды ғылыми тұжырымдар жасаған ҚР ҰҒА академигі Х.М. Әбжановтың «Тіл, жер, мемлекет тарихтың субстраты бола тұра, өздігінен тарихты түзбейді. Бұларды тарих шығыршығын айналдыруға жегетін, тарихты түзетін үш қозғаушы күш бар. Біріншісі – халық, екіншісі – тұлға, үшіншісі – билік. Үшеуінің мақсатты әрекетінсіз шидің басы да сынбайды» [37, Б.22], – деген тұжырымын толығымен қуаттауға болады. Әрине, бұл үштіктің бірлігі туралы тұжырым ресми тарихтың мазмұнын қалыптастыру тұрғысында өте маңызды екендігі рас. Ол бірліксіз тарих мазмұны сыңаржақ сипат алып, субъективизмге ұрындырады. Бұл үш категорияның бірлігі Қазақстанның тәуелсіз тарихы үшін қажетті шарт екендігі де даусыз.

Әйтсе де, тарихи таным теориясына сүйенер болсақ, аталған категориялардың бірлігі емес, олардың бір-бірін сыртқа тепкен қарама-қайшылығы да орын алатындығына көз жеткіземіз. Бұл тұжырымды біз Мұстафа Шоқайдың тұлғасына және оның тарихты түзуші ретіндегі рөліне қатысты айтып отырмыз.

Осы ойдың желісін тарқатып көрейік. Біріншіден, халық категориясының мәні мен сипаты қоғамдық құбылыстың мазмұны және түрімен айқындалады десек, 1917 ж. әлеуметтік сілкіністерге, одан да кең хронологиялық ауқымда қарастырар болсақ, кеңестік билік түпкілікті орнағанға дейінгі кезең біртұтас халық категориясының саяси, мәдени-рухани және діни құндылықтар бойынша екіге жіктелгендігі тарихи ақиқат. Демек, тәуелсіздікке ұмтылған ортақ рухты халық және тоталитарлық биліктің ықпалымен коммунистік құндылықтарға ұйыған халықтың тарихты түзушіліктегі мақсаты мен қызметі түбірімен ерекшеленеді. Тарихты түзуші тұлғалық факторлың тетігіне айналған М.Шоқай алғашқы кезеңде халықтың жоғын жоқтаушы тәуелсіздік идеяларын қалыптастырушы ретінде түркі халықтарының саяси көсеміне әрі алғашқы ұлттық мемлекеттік құрылымды қалыптастырушы қайраткер деңгейіне көтерілген болатын. Тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасында бұл желі жан-жақты және терең қарастырылды. Ал екінші кезеңдегі М.Шоқайдың тұлғалық әрекетінің халық категориясымен әрекеттесуінің мәні мен мазмұнын сәл кейін талдайтын боламыз.

Екіншіден, тарихты түзуші категория ретіндегі билік факторы да жоғарыдағыдай мақсаты мен қызметіне қарай арнайы талдауды қажет етеді. Халық категориясына қатысты қолданған тәсілді билікке қатысты да тарихи талдау әдісі ретінде қолдануға болады. Айталық, Ресей империясының билік құрылымы отарлық сипаты және шовинистік мазмұнымен ерекшеленеді де тарихты түзуші фактор ретінде өз мүддесіне қызмет етеді. Ол мүдде империя бодандығындағы халықтардың тәуелсіздікке ұмтылған мүддесімен мүлдем қабыспайды. Тиісінше, тұлғалық фактор ретінде ұлттық элитаны (*оны кең мағынада империя құрамындағы бодан ұлттарға қатысты этноэлита деген терминмен атауға да болады – В.Т.*) қолдап-қуаттаған жоқ. 1920 жылдары түпкілікті орныққан кеңестік биліктің тоталитарлық жүйесі кеңестік тұрпаттағы халықты (*бұл категорияны батыс советологтары «гомосоветикус» деп атады – В.Т.*) және онымен байланыстырушы әрі басқарушы партиялық-мемлекеттік номенклатураны қалыптастырды. Кеңестік билік жүйесіндегі ұлттық мүддеге қызмет етуші, дәстүрлі құрылымды жақтаушы ұлт арасынан шыққан коммунистерді «ұлтшыл-коммунистер» деп сыныптайды. Осы ұлтшыл-коммунистер шоғырын Түркістан өлкесінде Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров, Ыдырыс Мұстамбаев және т.б. тұлғалар бастады.

Кеңестік биліктің халық категориясына қатысты ұстанымы – халық биліктің қайнар көзі деп айқындалғанымен, оның билік институттарына ықпалы тек рәміздік сипатпен ғана шектелді. Шын мәнінде барлық билік Ресей империясындағы бюрократияның қызметін Кеңес Одағы билік құрылымдарында биліктің бар тетігін қолына шоғырландырған партиялық-мемлекеттік номенклатура алмастырды.

Осы кеңестік биліктің тұлға категориясына қатысты жіктелуінде біздің зерттеуіміздің өзегін құрайтын контрэлитаға ұғымына топтастырылатын кеңестік билікке оппозицияда болған тұлғалар шоғыры құрайды. Бұлар негізінен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев бастаған, ұлттық тәуелсіздік идеясына адал болып қалған алаштық қайраткерлер еді. Ұлттық элитаның осы шоғыры 1929 жылдан бастап саяси қуғын-сүргінге ұшырады да, 1937–38 жж. «Үлкен террордың» кезінде түгел жойылып кетті. Осы контрэлита шоғырындағы жарық жұлдыз Мұстафа Шоқайды өз идеяластарынан ерекшелендіріп тұрған ең басты ерекшелігі – оның кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргінінен мұғажырлыққа кетіп құтылуы еді. Осы мұғажырлық өмір Шоқайдың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметін өрістетуде кең мүмкіндіктерге жол ашты.

Кеңестік тоталитарлық биліктің түбіне жеткен себептердің бірі жойдасыз даңғазалық пен боссөзділік, биліктің ауанына жығылуға жол беру сияқты әрекеттер екендігі белгілі. Бұл әрекеттер, әсіресе, халықтың тарихты түзудегі құлшынысын бәсеңдету түрінде көрініс беріп, кеңес қоғамы қалыптастырған тарихтың біржақтылығына және субъективтілігіне негіз болғандығын атап айтуға болады. Әрине, бұл жерде тарихты жазуда

қолданылған әдіснама мен таптық-партиялық ұстанымдар жөнінде емес, әңгіме халықтың тарихты түзушілік қызметінің деформацияланғандығы туралы болып отыр.

Ендігі мәселе тұлғаның тарихи үдерістегі атқарар қызметі мен тарихи болмыстан алатын орнына қатысты әдіснамалық талдау жасауға қатысты. Тарихи тұлғатанудың ғылыми қоғамда үстемдік еткен әдіснамаға тікелей тәуелді болатындығы айқын. Мәселені М.Шоқайға байланысты таратар болсақ, оған кеңестік тарихнаманың маркстік таптық-формациялық әдіснамасына сүйеніп берілген баға мен бүгінгі тәуелсіз қоғам тарихнамасындағы баға бір-біріне мүлдем кереғар келіп жатады.

Осы жерде тұлғатанудың лениндік ұстанымдарына тоқталайық. Коммунистердің көсемі былай дейді: «Пролетариатқа саяси қайраткерлердің тірісі және өлісі туралы да шындық керек, өйткені саяси қайраткер атына шын мәнінде лайық болғандардың тәні бақилық болса да олар саясат үшін өлмейді» [38, Б.8-9] (*дәйексөз Х.Тұрсұнның аудармасы бойынша беріліп отыр – В.Т.*). Бұл жердегі таптық ұстанымды алып тастасақ, онда мәселенің дұрыс қойылғандығын және жасалған тұжырым тұлғатанудың шынайы мәніне жақын екендігін аңғарамыз. Осыған байланысты мәселеге заманауи тәжірибелерді ескерген қазіргізаманғы әдіснаманың тұлғатануға қатысты ұстанымдарын салыстырмалы тәсілмен талдап көрейік.

Халық – тұлға - билік үштігінде бірлікпен бірге қарама-қарсылықтардың да орын алатындығы бар. Қарама-қарсылықтар ұрындырған қиыншылықтан қоғамды алып шығатын адам тарих сахнасына шығады. Осындай күрделі құбылыстың оң шешіміне қол жеткізетін ой мен іс-әрекет иесін, жасампаз адамды, өз халқы мен өз мемлекетінің күш-қуатын арттыратын азаматтарды Тұлға деп айқындау қазіргі тарихи ойдың ғылыми деңгейін, интеллектуалдық тарихтың даму бағытынан хабар береді. Осыған байланысты Х.Әбжанов «Тұлға өзіне тәуелді емес объектінен әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.б.) қолданбалық, теориялық-шығармашылықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект. Тұлға дәйектеген ізашарлық нәтижені замандастары, кейінгі ұрпақтар да кәдеге жаратады» [37, Б 24] дейді.

Тарихи тұлға ретіндегі М.Шоқайдың түркі халықтарының азаттығы жолындағы қайраткерлік қызметі осы тұжырымға толығымен сай келетіндігіне көптеген дәйектер келтіруімізге болады. Алдағы тарауда осы әдіснамалық ұстанымдар басшылыққа алынатын болады.

М.Шоқайдың шоқтығын өз қатарластарынан билік етіп тұрған ерекшелік оның сөзі мен ісі, соңына қалдырған мұралары мен аманаттары тәуелсіздік идеяларынан титімдей де ауытқымауында еді. Әйтсе де Шоқайдың тұлға деңгейіне көтерген танымдық және қолданбалық мәні жоғары теориялық-практикалық шешімдері дайын күйінде дүниеге келе салған жоқ.

Х.Әбжанов тұлға тудыратын идеяны утопиялық, ықтималды және шынайы идея деп үшке жіктейді. Түркі әлемінің ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік–экономикалық дайындығы мен мүмкіндігінің шектеулі болуы, оның үстіне «утопиялық идеяның ықтималды идеяға, ықтималды идеяны шынайы идеяға және көздеген нәтижеге айналуы үшін интеллектуалдық ізденіске толы уақыт керек, ал ықтималды идеяны туындатушы, оны бір сатыдан келесі сатыға жеткізуші конструктор тұлғалар сабақтастығы үзілмеуі қажет» [37, Б.25-26]. Осы идеялар сабақтастығы тізбегінде М.Шоқайға түркі халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігінің ықтималды идеясын шынайы идеяға айналдыру рөлі тиесілі болғандығын атап айта аламыз. Кеңестік билік қан-жоса етіп қуып таратқан Түркістан Мұхтариаты сияқты ұлттық мемлекеттіліктің басшысы болған Шоқай шынайы идеяның көздеген нәтижеге айналуының тым жақын қалғанын жақсы сезінген еді. Бірақ тарих тегершігі ұлтшылдар көздеген бағыттан теріс айналып, мүлдем басқа арнаға ауып кетті.

Шоқай және оның идеяластарының ендігі қызметі осы шынайы идеяны өткен тәжірибелерді қорытып, болашақ даму бағдарламаларын нақтылау, күрес дәлелдерін негіздеу түрінде ғылыми-теориялық жұмыстар жүргізу болып айқындалды. Бұндай жұмыстар М.Шоқайдың қызметінде кеңестік биліктің Орта Азия мен Қазақстанда жүргізіп отырған ұлт саясатын әшкерелеу түріндегі саяси күресті үзбей жүргізуді қатар алып жүрді.

Осыған байланысты «Адам баласына қызмет етуімен ғана билік тарихты түзуші күшке айналады» [37, Б.27] деген тұжырым жасалады. Осы әдіснамалық тұжырымды басшылыққа алып, ХХ ғ. басында бірін-бірі алмастырған империялық және кеңестік биліктің тарих түзушілік қызметіне баға беруге болады.

«Биліктің мәні – адамдарды адам қалпынан шығармау» десек, қандай қоғамда да биліктің мінсіз болмағандығына көзіміз жете түседі. Осындай кемшіліктің ең қатерлісі мемлекеттік мүддені басшылыққа алып, билік ресурстарын асыра пайдалануға келіп саяды. Осыдан келіп, билік тармақтарының тепе-теңдігі мен бірін-бірі қуаттау, тежеу, заңның саясаттан жоғары тұруы сияқты билікті ауыздықтап ұстау мәселесі туындайды. Оның мәнісі қоғамның ең басты игілігі – адам өмірі мен оның қауіпсіздігіне қайшы келмеу деген ұғымды танытады.

Кеңес Одағындағы тоталитарлық билік адам өмірі мен оның қауіпсіздігі құндылығын түрлі саяси идеологиялық бүркемелеулермен аяққа таптады. Мұстафа Шоқайдың күрделі өмірбаяны мен шығармашылық қызметінің тарихы кеңестік биліктің халық мүддесімен санаспай, өрескел де озбыр мемлекеттік саясат жүргізуін әшкерелеудің жарқын мысалы бола алады. Тоталитарлық биліктің миллиондаған құрбандарының арасында Шоқай сияқты мұғажырлықта жүріп, өмірінің соңына дейін күресін жалғастырғандар аз. Олардың көпшілігі коммунистік идеяға деген сеніммен өз ажалдарын қарсы алды. Олардың санасын тұмшалаған кеңестік

идеологияның қуаты тұтастай халықты қияли идеяға иландыра алуында болатын.

Тарих әдістемесі жайлы М.Шоқай «Бір ғылыми өтірікке қарсы» (Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай) (Яш Түркістан. 1931. №25) мақаласында ғылыми құнды пікірлер айтады. Тарих жазудың «бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне осы, осындай тәсілмен жазылады.

Екінші жолы: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыда талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады» [39, Б.202-203]. Тарих әдіснамасында М.Шоқайдың таптық көзқарасты әшкерелейтін «Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы. Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақ таптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Өйткені, олар тарих өткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешекке сабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі» [39, Б.203] деген тұжырымының да мәні зор.

Шоқай ұлттық тәуелсіздік ұғымына ғылыми анықтама берген алғашқы қазақ зиялысының бірі. Бұл ұғымды әрбір күрескер өз парасат билігінен анықтауға тырысқан. Шоқайдың «Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да. Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таражынан атамекеніміз бен хақымызды құтқару қозғалысы болып табылады» [39, Б.131-132] деген анықтамасы саяси дәлдігімен, ұғымға түсініктілігімен көкейге қонады.

Шоқайдың тарих әдіснамасына қатысты атқарған қызметінің бірі – ұлт-азаттық қозғалыс тарихында кеңестік идеологияның қаруына айналған пантуркизмді жалған түсініктерден арашалау еді. Ол большевиктердің керітөңкерісшілермен алысып жүргенде Тұран мемлекетін құруды көксеген тұраншылар кейпіндегі жаңа жау тауып алғандығын жазады. «Тұраншыларды пантуркизммен айыптау өте оңай шаруа», «орыстар тұраншылықтан әрдайым қорқады. Олар түп-тұқияны Тұран тайпаларынан шығатын Түркістан түріктері мен Еділ бойы түріктерінің этникалық табиғи жақындасуын Ресей билігіне жасалған сатқындық ретінде қабылдайтын еді» «Мәскеу өкіметінің Түркістанды экономикалық және саяси жағынан әлсірете түсу үшін Тұран халықтарын жеке ұсақ тайпаларға жіктеуде» [40, Б.235-238]

екендігін «Красная Татария» басылымының (10.10.1929) дерегіне сүйене отырып жазған екен.

Пантуркизм туралы Орта Азиядан дәйек табу қиын. Бұл саяси ұғым ретінде патшалық Ресей мен Осман империясының арасындағы қарама-қайшылықтар негізінде пайда болған еді. Әсіресе, 1918-1921 жж. азамат соғысы тұсында «түрік қаупі» саяси идеологиялық насихаттар барысында бүкіл әлемге қатер төндіріп тұрғандай болатын. Оның есесіне «панисламизм» идеясы орыс мұсылман бірлігіне қызмет ететіндей қауіпсіз көрінді. И.Гаспралының өзі панисламизм идеясы Ресей қанатының астында мұсылмандарға «Мәдени автономияға» қол жеткізуді қамтамасыз етеді деп тұжырым жасаған болатын [41, С.118].

Жалпы, Орта Азияда пантуркизм идеясына қарағанда «түркістанизм» яғни «біртұтас Түркістан» идеясы басым болатын. Заки Уалиди Тоған, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Баймырза Хайт және т.б. шығармалары мен еңбектеріндегі түркішілдік – осы «біртұтас Түркістан» идеясы ғана болатын. Бұл идеяны 1919-1920 жж. Т.Рысқұлов кеңестік үлгіге салып, социалистік реформаларға ұластырғысы да келді. Бірақ ол саяси әрекет кеңестік идеологтар тарапынан өршеленген қарсылыққа тап болғаны белгілі. Ал Мұстафа Шоқай мұғажырлық қызметінде «біртұтас Түркістан» идеясын әлемдік деңгейге көтере алды. Оның «Туркестан под властью Советов» еңбегінде (Париж, 1928) осы идея жан-жақты тұжырымдалды. Ол бұл идеяны теориялық жағынан тұжырымдауымен қатар «Яш Түркістан», «Иені Түркістан» журналдарымен бірге басқа басылымдар арқылы кеңінен насихаттады. Негізінде «Түрікшілдік, исламдық, тұраншылдық, түрік бірлігі, Түркістан тұтастығы идеялары - бір-біріне қайшы келмейтін, бір-бірін толықтыратын мақсат мүдделер. Олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар болғанымен, идеялық жағынан бірі екіншісін жоққа шығаратындай антагонистік идеялар емес. Түрікшілдік идеяның пайда болуы Осман империясы әлсіреп, сондай-ақ Қырым, Кавказ, Еділ, Түркістан халықтарының жат-жұрттық ел астына түсуіне байланысты пайда болған» [42, Б.104] деген П.М. Сүлейменовтың тұжырымын қуаттауға болады. Ал Шоқайдың «біртұтас Түркістан» идеясы қалыптасқан жаңа жағдайларға байланысты бой көтерген саяси тәжірибенің көрінісі болды.

Осы жерде назар аударатын бір дерек, Шоқай панрусистердің жапқан жаласына «біз ешқандай тапсырма бермейміз. Алайда біздің барлығымыз да бір ғана бұлақтан бастау аламыз. Бұл бұлақ көзі де – біздің өлтірмейтін ұлттық бірлік идеямыз. Біз – Тұрандықпыз. Біздің ортақ отанымыз – Түркістан. Біз сол жерден өсіп-өндік, өйткені жатжұрттыққа бойұрғымыз келген жоқ. Ол жердегілер болса «панрусистердің» біртұтас Ресей орнату үшін жасалып жатқан әрекеттерді көріп, күреске шықты. Біздің дертіміздің ортақ бастауының қайда жатқанын біліп қойсын. Міне, осы ортақ бастаудан біз ұлт-азаттық күресі үшін тапсырма аламыз» [42, Б.237] деп жазды. Шоқайдың бұл тұжырымын Мұнауар Қари Абдрашитхан да «Естеліктерімнен» жазбасында «Біздің пантуркизм Орта Азия шеңберінен

шықпайтын, содан да оны бүгінгі күннің салмақты тапсырмасы деп түсінгенбіз. Пантуркизм идеясын бүкіл түрік халықтарымен іске асыруға («Ұлы Түрік» идеясына) сенбейтінбіз. Тек түрік әскери жасақтары келіп жұмыс істей бастағанда біздерде оған ынта пайда болды» [43, Б.211] деп қуаттайды.

Шоқайдың Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына идеялық негіз қалаған жәдитшілік туралы пікірі де аса құнды. Ол «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» (Яш Түркістан. 1930. №2) мақаласында: «Кезінде жәдитшілдік патшалық Ресейді қатты алаңдатқан еді. Оның жалғасы және қазіргі көрінісі болған Түркістан ұлтшылдығы бүгін кеңестік Ресейді шошытып отыр» [39, Б.49] дейді. Келесі бір мақаласында жәдитшілікке мынадай барынша шынайы анықтама береді: «Жәдитшілік-адамдардың жеке басын алалмайтын, таптарға бөлмейтін жалпыға бірдей саяси еркіндік пен бостандықты мұрат тұтқан, ұлттық салауатты, алға басар қозғалыс болатын» [39, Б.229]. Кеңестік биліктің идеологиясы барынша теріске шығарған осы құбылыстың Шоқай тұжырымындағы мәні бүгінгі күні ғана мойындалып отыр

М. Шоқай кеңестік биліктің ұлт саясатына мемодологиялық тұрғыда талдап, оны үнемі сынап отырған. Сынағанда да кеңестік баспасөздің ресми жарияланымдарына сүйене отырып, нақты дәлел-дәйекке жүгіне отырып сынаған. Соның бір мысалы ретінде 1936 ж. 1 ақпандағы БК(б)П баспасөз органы «Правда» газетінде жарияланған мақаланы талдай келіп, неміс халқы – Ұлы социалистік құрылысқа қатысушылар – үлкені болсын, кішісі болсын – толыққанды кеңес патриоттары... Теңдестер арасында орыс халқы, орыс жұмысшылары пролетарлық революцияның алдыңғы шебінде (РСФСР / Правда, № 31(6637) 1 февраль 1936 г.) деген тұжырымдарды «Советтік патриотизмнен – Орыс ұлтшылдығына» деген мақаласында Түркістан өлкесінің соңғы генерал-губернаторы Куропаткиннің «Біз, орыстар және сіздер, түркістандықтарды туыстық байланыстар біріктіреді. Біз – сіздердің аға бауырларыңбыз. Сіздердің дәстүрлеріңіз бойынша ағасы інісін жазалай алады. Бұны кәдімгі ақиқат деп қабылдау керек» деген сөзімен салыстырады. Соның барысында «пролетариат диктатурасы» әлем алдында өзінің шынайы бейнесін танытты деп қорытынды жасайды [44, Б. 21–23].

Ұлт-азаттық қозғалысқа түрткі болған ұлы орыс шовинизміне де М.Шоқай ғылыми баға беріп, «Шовинизм туралы» (1930 №2 Яш Туркістан) мақаласында былай дейді: «Большевиктердің атамекеніміздегі ұлттық қозғалысқа қарсы қолданып отырған ең залалды құралдарының бірі - бізді ұлттық шовинизммен айыптауы болып табылады.

Өзінің ұлттық құқығын аз да болса қорғағысы келетін кез келген түркістандықты большевик узурпаторлары «шовинист», «төңкеріс пен пролетариаттың сатқыны» қатарына жатқыза салады». Осындай саяси мәнге ие болған шовинизмге Мұстафа Шоқай мынадай анықтама беріп «...Шовинизм деп басқа ұлттардың мүдделері есебінен тар ұлтшылдыққа бой ұруды, басқа ұлттардың өмірлік мүдделерін тек өз ұлтының мүддесі үшін

құрбан етуді айтады. Шовинизмнің бой көрсетуі үшін шовинизммен айыпталып отырған ұлт өзі өмір сүрген елде үстем орынды иемденуі, мемлекеттік билікті қолында ұстауы шарт» дей келіп, «Түркістандықтарды шовинизм дертіне шалдықтыратын алғышарттар мүлде жоқ екендігін» бірден кесіп айтады. Өйткені «Түркістанда билеуші ұлт - орыстар. Сондықтан әкімшілік те солардың қолында. Бұрындары бұл әкімдер жәй ғана орыс, ұлы орыс деп аталатын еді. Қазір олар орыс пролетариаты, орыс төңкерісшіл жұмысшы-шаруалары деп аталады» [39, Б.49-50] деген қисынды дәлел келтіреді.

М.Шоқайдың кеңестік билікке шақырылуы да тарихшылардың қызығушылығын туғызған мәселенің бірі. Кеңес өкіметі орнаған соң күрделі саяси ахуал қалыптасқандығын осы оқиғалардың қалың ортасында жүрген М.Шоқай Түркістан халқы ең алдымен белгілі бір саяси бағдарламаға топтасуға зәру болғандықтан осы мақсатты іске асырғанша орыс әскері, жұмысшылары мен шаруаларын Кеңес өкіметі жағына өткізбеуге бағытталған ыңғайлы шаралар қолдануға тура келгендігін жазады. Бұндай жағдайда аталған әлеуметтік категорияға тек Уақытша Үкіметтің атынан ғана ықпал ету тиімді болатындығын жете түсінген М.Шоқай Ташкенттегі төңкерістен соң бірнеше апта бойы аталған биліктің Түркістан Комитетінің мүшесі құқын пайдаланып әрекет жасаған. Легитимді үкіметтің атынан жасалған бұндай әрекеттің саяси қаупін сезген большевиктер қарап қалмайды.

Осыған байланысты «Олар маған телеграмма жіберіп, Ташкентке шақырды. Ташкентте жаңа құрылып жатқан Кеңес үкіметіне кіруім, тіпті төрағалық міндетін мойныма алуым жөнінде ұсыныс жасады», «Большевиктердің түпкі мақсатын жақсы білетінім себепті олардың ұсынысын қабыл алмадым» [39, Б.213] деп бас тарту себебіне тоқталады.

М.Қойгелдиев М.Шоқайдың бүкіл саналы өмірін арнаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихының әдіснамалық мәселелеріне назар аударып, осы ұлт-азаттық қозғалыстың қамтыған географиялық кеңістігіне байланысты «негізгі мақсаты - ұлттық бостандық үшін күрес болған қазақ ұлт-азаттық қозғалысы біз қарап отырған мезгілде өзімен тағдырлас көрші түркі халықтарымен күш біріктіруге тырысты, өз мүмкіндігінше оларға қолдау көрсетуге дайын екендігін танытты» [15, Б.193] деген тұжырым жасайды. Әрине, бұндай әрекет 1917 ж. төңкеріске дейін-ақ Ресей Мемлекеттік думасы жанындағы мұсылман фракциясының қызметінде, татар, қазақ басылымдарының беттерінде көрініс берген еді. Демек қазақ ұлт-азаттық қозғалысы аймақтық құбылыс болып, тар шеңбермен шектеліп қалмаған. Ол алдыңғы кезекте бүкілресейлік деңгейге көтеріліп, мұсылмандық, түркілік бірлік түрінде көрініс тапты. Дегенмен М.Қойгелдиевтің тұжырымында «тарихи кезеңдердегі қазақ ұлт азаттық қозғалысының кеңістік ауқымы империя көлеміндегі түркі халықтарымен болған өзара ынтымақтастықпен шектелмейді.

Қазан төңкерісінен кейін большевиктер ұлт азаттық күресті зорлықпен басып, тоталитарлық жүйе біржола орнағаннан соң, ұлт-азаттық күрестің қазақ жерінде өрісінің тарылуына байланысты, енді ол жаңа саяси жағдайда шетелдік мұғажырлық күшімен де жүргізіле бастады» [15, Б.197]. Осыған байланысты А.З. Уалидидің «Ресей ішіндегі күрес мұсылмандар құқын қамтамасыз ете алмайды, сондықтан да күрес енді халықаралық сипат алмақ. Менің мақсатым - бұл елдердің талап-тілегін әлемдік қауымдастыққа жеткізу» [45, С.157] деген сөзін мысалға ала отырып, М.Қойгелдиев бұлай айтуға М.Шоқайдың да толық құқы бар еді [15, Б.198] деген тұжырым жасайды.

Мұстафа Шоқай тұлғасына берілген бағалар өте күрделі болып келеді. Өйткені, оның қайраткерлігі мен күрескерлігінің өзі өте күрделі және өмір сүрген ортасы, оның саяси ахуалы да тым күрделі, қарама-қайшылықты болатын. Сондай бағалардың бірі Т.Сәтпайға тиесілі. Ол «Европалық заңгерлік жоғарғы білім алған Мұстафаның заң үстемдігі жағында болғанына күмән келтіруге болмайды. Сондықтан ол ең бірінші кезекте либералдық көзқарастарда болды, оның туған халқы мен түркі халықтарына деген шексіз сүйіспеншілігіне де, яғни патриотизміне де күмән тудыруға болмайды. Демек, ол ең бірінші кезекте либерал-патриот болды. Мұстафаға үзілді-кесілді «не олай не бұлай» («или или») принципі жүрмейді, оны «ол да бұл да» («и-и») принципімен алмастырған жөн. Ол ұлтшыл да интернационалист те болды немесе біріне бірін қарсы қойған жоқ» [46, Б.31].

Орыс коммунизмінің табиғатын жете түсінген ойшылдардың бірі философ Н.Бердяев болатын (*«Истоки и смысл русского коммунизма» мақаласы*). Коммунизмді ол діни мистикалық, философиялық тұрғыда талдаған еді. Ал М.Шоқайдың талдауында тарихилық және саясилық үстем болды. Бірақ екеуін де біріктіретін орыс тоталитаризмінің табиғи-тарихи тамырлары [46, Б.33].

Шетелдік ғалымдардың арасында Кеңес Одағының тарихына жаңа көзқараспен баға берген зерттеушілердің бірі Терри Мартин еді. Ұлттық мәселеге байланысты түсініктің негізінде жатқан үш факторды қазақ тарихы мен осы кезеңдегі қайраткерлер көзқарасымен бағалағанда империялық саясаттың ұлттық республикаларға бөлу, жергіліктендіру (коренизация), қазақ ұлтынан басшылық қызметке алу, тіл, жоғары білім беру саясаттары Терридің «жағымды әрекеттер» деп баға беруі қазақ тарихнамасында жаңаша пайымдауларға өзек болады.

Кеңестік тарихнамада 1920-30 жж. большевиктер жүргізген ұлттық саясаты прогрессивті құбылыс немесе Т.Мартин тілімен айтқанда «жағымды әрекеттер саясаты» деп қарастыру қабылданған. Қазақстанда бұл кезеңде мәдени және экономикалық жетістіктер болғандығы даусыз. Патшалық Ресейден кейін қазақ ұлты Кеңес билігінің ұлттық саясаттағы ұстанымына сәйкес шынайы теңдігін алу керек еді.

Бүгінде қазақ тарихнамасында «Кеңестік Қазақстанның» 1920 жыл мен 1930 жылдардың алғашқы жартысы кезеңі патшалық Ресей империясының

орнына «Кеңестік қызыл империяның» алмастыруымен белгілі. «Кеңестік Қазақстан» ұғымын айтқанда кеңес үкіметінің жүргізген ұлттық саясатта отарлаудың жалғасуы, орыстандыру, репрессия, аштық сынды саясаттар түсінілді. Ал Терри Мартин «Империя положительного действия» тұжырымын ұсына отырып, ұлт саясатын талдауы аталған түсінікпен ішінара қайшылыққа тап болады.

Қазан революциясынан кейін азамат соғысында большевиктер жеңіске жетіп, саяси тұрғыда күшке ие болып, Қазақстан мен Орта Азияда этноұлттық белгілерге негізделген мемелекеттілік формуласын ойлап шығарды. «Формасы жағынан ұлттық, мазмұны жағынан социалистік» мұндай формула бірлескен халықтар үйі негізінде бір мемлекетке топтасуды көздеді. Социалисттік мемлекеттер бірлігі шеңберінде Қазақстан ұлттық автономиялық республикадан одақтас республика мемлекеттілік формасын кезеңдермен қалыптастырды.

Бұл теңдікке ие болу үшін ұлттар арасындағы діни, мәдени, тіл қасиеттері бойынша кемсітушіліктерді алып тастап, қазақ ұлтының өкілдері билік жүргізуде егемен ел ретінде әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани мәселелерді дербес шешу құқығына ие болуы қажет болатын. Ақпан революциясынан кейін Алаш автономиясы мен Түркістан Мұхтариятының құрылуы және Азамат соғысы, ұлтшылдық идеологиясының комуністтік идеямен қатар қойылуы большевиктерге үлкен қауіп төндірді. Жеке тәуелсіз автономия мен республиканың құрылуы елдің мемлекеттілік және әлеуметтік құрылымының нұсқасын жасап көруге мүмкіндік берді. «Центральные власти даже одобрила изгнание из Казахстана и Киргизии нелегальных крестья-поселенцев славянского происхождения: это считалось одной из мер деколонизационной политики» [47, С.27]. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін факт. Оны тарих мазмұнындағы деректер де айғақтайды.

Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің іске асырылған кез-келген модернизациялау әрекеттердің «жоғарыдан төменге» қарай бағытталғандығын Г.Сафаровтың «Қазан төңкерісі Түркістанға телеграф арқылы келді» деген тұжырымы қуаттайды. Осылайша, тоталитарлық биліктің жерге қатысты саясаты халықты терең әлеуметтік, саяси күйзелістерге ұрындырғандығының себебі болды.

М.Шоқай - қоғамдық саяси қызметі мен шығармашылығы бойынша алуан қырлы тұлға болғанымен, оның осы алуан қырын бір арнаға тоғыстырған идея - түркі халықтарының бірлігі идеясы еді. Осыған байланысты М.Қойгелдиев «Мұстафа Шоқай - өз заманында Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске бұрып Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн беріп, жаңа интелектуалдық көкжиекке көтерген ұлы қайраткер - дей келіп, оны өмір жолы Ұлы Отаны – Түркістан үшін от кешкен Ұлы Азаматтық жолы болатын» [15, Б.235] деген баға береді. Бұл тарихи бағаны қуаттай отырып айтарымыз, Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік идеясы бұл күнде өмір құндылығына айналса, маңызы мен мәні одан да ауқымды түркі

халықтарының бірлігі идеясы бүгінгі әлемді баурап алған ғаламдастыру үдерісінде күн тәртібіне қайта қойылып отыр. Ұлттық бірегейліктер жойылып, мемлекеттік шекаралар нарықтық, мәдени, гуманитарлық кеңістіктерге жұтылып бара жатқанда түркітілді мемлекеттерінің саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастығына қол жеткізу - Мұстафа Шоқайдың түркілік идеясына өткір ситпат беріп, оған деген қоғамтанушы ғалымдармен бірге саясаткерлердің де қызығушылығына негіз бола бастайды.

Қорыта айтқанда, мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамалық негізі дегеніміз дербес өз алдына жинақталған ғылыми ойдың жүйесі емес. Олай болуы мүмкін де емес. Мәселенің түйіні – осы ғылыми бағытта тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық саяси, мәдени-рухани сұранысына сай қалай, қандай мақсатта зерттеу керек? деген сауалдардың жауабынан туындайды. Демек, біздің зерттеуіміздегі әдіснамалық мәселе осы сауалдардың шешімін іздестіруден туындайды. «Мұстафатанудағы кейбір қайшылықты пікірлердің орын алуы тарихи шындыққа жету процесінің күрделілігіне байланысты. Сол себепті кез-келген, аса ыждахаттылықпен жазылған тарихи еңбектің өзіне де ақиқаттың салыстырмалы шама екендігі жөніндегі принцип тұрғысынан қарау керек» [48, Б.23] деген К.Есмағамбетовтің тұжырымы біздің осы пікірімізге өзек болды.

Қазақстандық тарих ғылымында мұстафатану ғылыми бағытының қалыптасқандығы айқын. Бірақ, осы мәселеге қатысты жүргізген зерттеу жұмыстарының барысында біздің көзіміз жеткен ақиқат – ол мұстафатанудың ғылыми бағыт ретінде теориялық және әдіснамалық тұрғыда әлі де болса негіздеуге мұқтаж екендігі. Олай дейтініміз, тарихи тұлғатану бағытында көптеген зерттеу жұмыстарының болғандығына қарамастан, олардың барлығына тән ортақ олқылық – осы теориялық және әдіснамалық негіздің кемшіндігі екендігіне көз жеткіздік. Демек, осы зерттеуіміздің нәтижелері Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік жолындағы күрескерлікпен өрілген қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына арналған болашақ зерттеулерге бағыт береді деп ойлаймыз.

### 1.2 Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Мұстафа Шоқай қызметінің тарихнамасы

Түркі халықтарының тәуелсіздігі мен бірлігі жолында пәрменді қоғамдық-саяси қызметі және жарқын шығармашылық еңбегімен танылған М.Шоқай жөнінде қоғамтанушы ғалымдар, соның ішінде тарихшылар қауымы соңғы жылдары түбірлі мәселелер қозғап, көптеген зерттеу еңбектерін жазды. Осы еңбектер қоғамдық ғылымдар салаларының тоғысында дүниеге келген мұстафатану ғылыми бағыты жөнінде келелі ой қозғап, тұжырымдар жасауға негіз болады. Алғашқы кезекте мұстафатану ғылыми бағыты тарихнамалық талдау жасауды қажет етеді.

М.Шоқай туралы ғылыми зерттеулерді бірнеше бағыттарға бөліп қарастырған орынды. Бірінші бағыт: кеңестік кезеңде қалыптасқан тарихи

зерттеулер. Екінші бағытты тәуелсіздік жылдары жүргізілген зерттеулер құрайды. Үшінші бағытты шетелдік тарихнама деп айқындаймыз. Әрине, шетелдік тарихнаманы кеңістік факторына сай түркиялық, европалық деп бөліп қарастыруға да болады.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне кеңестік кезеңде қалыптасқан тарихнама бойынша арнайы ғылыми еңбектер жазыла қоймағаны мәлім. «Қазақ» газетінде М.Шоқайдың Түркістан Мұхтарияты кезеңіне қатысты хабары басылған екен. С.Сейфуллин осы туралы «Түркістан қазақтары әлі де бөлек автономиялы болудың сандырағында еді. Бірақ «Қазақ» газетінің большевиктер Орынборды алған соң шыққан 1918 жылы 27 (14) ақпандағы 261-нөмірінде мынадай бір хабар басылған: «...Қоқандта Совет үкіметінің әкімшілігі жүрді. Түркістан Мұхтарият ағзаларынан қазақ Мұстафа Шоқайұлы мен Әбдірахман Оразайұлы тұтқынға алынды. Басқа мүшелері бой тасалап қашып кетсе керек» [49, Б.123], – деп жазады. Бұл деректі Қазақстанда Шоқайға қатысты алғашқы жарияланымдардың бірі ретінде келтіріп отырмыз.

Кеңестік билік орныққаннан соң партиялық әдебиеттерде Шоқайдың қызметін біржақты айыптаған саяси бағалар беріле бастады. Әрине, бұндай тұжырымдарға И.Сталиннің 1925 жылдың мамырында Қазақ Өлкелік партия комитетіне жолдаған әйгілі хаты негіз болған еді. Осы хатта «ұлттар көсемі» «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» [50, Б.91] деп жазған болатын. Міне, осы хаттың ықпалымен жарық көрген саяси-партиялық әдебиеттерде қалыптасқан Шоқай туралы тұжырымдар көркем әдебиетке ауысып, Серік Шәкібаевтың аты шулы «Үлкен Түркістанның күйреуі» [51] атты еңбегін дүниеге әкелді. Кеңестік кезеңнің бірнеше буынының М.Шоқай туралы тарихи танымы осы еңбек арқылы қалыптасты деп айта аламыз. Әрине, ол таным Мұстафаны елге ұлтшыл, фашистермен сыбайласқан, отанына опасыздық жасаған жексұрын тұлға етіп танытып еді.

Мұстафа Шоқай туралы алғаш рет кеңестік идеология қалыптастырған тиым салуды бұзып, шынайы баға беруге алғашқы қадам жасағандардың бірі Б.Қойшыбаев болды. Оның қаламынан тәуелсіздік қарсаңында туған мақала қоғамдық пікірді елең еткізді [52].

Мұстафатану бағыты, оның болашақ сұлбасы тарих ғылымының маркстік таптық қағидалардан арылып, жалпыадамзаттық құндылықтарға сай Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қалыптаса бастады. Осы кезеңде Шоқай туралы Ә.Әлімжанов [53], А.Шарафиддинов [54], И.Шәмшатұлы [55] және т.б. еңбектері жарық көрді.

Мәселені Мұстафа Шоқайдың аяусыз сынына алынған кеңестік биліктің ауылшаруашылығында жүргізген реформаларының сәтсіздіктері мен салдарларын деректік негізде талдаған Т.Омарбековтың [56] зерттеулері

қайраткердің тоталитарлық билікті негізсіз сынамағандығына көз жеткізді. Д.Махаттың [57] ұлттық мүдде жолында саяси қуғын-сүргінге түскен қайраткерлердің қатал тағдырына арналған зерттеуі 20-30 жылдардағы қоғамдық-саяси ахуалдың себептерін ашып, оған объективті баға береді. Зерттеу еңбегінде ресми биліктің ұлттық элитаны жікке бөліп, олардың ұлттық мүдде жолындағы бірлігін әлсіреткен саяси күрестің идеялық негізін айқындалған және «рысқұловшылдық», «қожановшылдық», «мендешовшілдік», «сейфуллиншілдік» сияқты саяси айдарлардың партиялық билік ойлап тапқан жікшілдігі деп баға береді. Әрине, бұл мәселелерді кеңестік билік Мұстафа Шоқайды қатыстырмай көтермегендігі белгілі. Сондай партиялық әдебиеттерді талдай келіп, Д.Махат «Ақ жол» газеті неге жабылды» атты мақаласында Мұстафа Шоқайға арнайы тоқталады [58, Б.110-117].

«1997 жыл - Мұстафа Шоқай жылы» деп жариялаған Қызылорда облысы Әкімінің шешімі аясында белгеніленген шаралар мұстафатану бағытындағы ғылыми-танымдық зерттеулерге кең жол ашты. Осыған байланысты Әбу Тәкеновтың [59], [60], А.Сатаевтың [61], Б.Сарбалаұлының [62], Б.Садықованың [63], [64], [65], [66], Б.Атабаев, Ө.Жаппархандардың [67] және т.б. қаламгерлерлердің ғылыми-танымдық мақалалары М.Шоқайды насихаттауға қызмет етті. Дегенде, осы жарияланымдар арасында М.Қозыбаевтың [68] мақаласы мәселеге әдіснамалық бағыт беруімен ерекшеленді. М.Қозыбаевтың мақаласына ерекше тоқталып отырғанымыз, мұстафатану ғылыми бағыты жаңа басталған тұста, 1993 ж. «Мұстафа мен Мағжан - Тұран елінің даналары» [69] атты естеліктер мен мақалалар жинағы жарыққа шықты. Екі қайраткер туралы ақпаратқа сусап отырған оқырман қауым бұл еңбекті жылы қабылдады. Осы еңбектегі «Мұстафа туралы кейбір деректер» атты мақалада «Мұстафаның ой-арманы «Алаш» көсемдерінен де гөрі көлемдірек болып, қазіргі атау бойынша барлық Орта Азия мен Орталық Азияны түгел қамтыды», «жалғыз  Қазақстанның ғана емес, сонымен бірге бүкіл байтақ Түркістан өлкесін отарлық тордан азат ету жолында қызмет істеді... Мұстафаның ерекшелігі де осында» [69, Б.7-8] деген пікірлер айтылады. Бұл пікірлердің кәсіпқой тарихшы тарапынан айтылмағандығын ескеруіміз керек. Өйткені, Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзінің қызметін Отан тарихының құбылысына айналған бүтіндей Алаш қозғалысынан жоғары қою туралы үстірт пікірге жол беруге болмайтын еді.

Осыған байланысты қоғамдық-саяси қозғалыс басшысының тарихи үдерісте атқарған рөлі мен оның тарихынан алатын өз орны болатындығын есте ұстауымыз керек. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардың «XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалысты, оның жиынтық көрінісі Алаш қозғалысын саяси тұғырнамалық және ұйымдық тұрғыдан дайындаудағы рөлі ерекше және оны бұл қозғалысқа атсалысқан басқа қайраткерлердің орнымен шатастырмау керек», «Сол сияқты Түркістан халықтарының, қазақ жұртының XX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайұлының да тек өзіне тиесілі орны бар» [15, Б.216] деген ой түйеді

М.Қойгелдиев. Осы ойды одан әрі өрбіте отырып, Мұстафа Шоқайдың алаштық қайраткерлерден басты ерекшелігі де осы Түркістан қозғалысының қалың ортасында, түркілік бірлік идеясының ту ұстаушысы болғандығында деген ойды қосқымыз келеді.

Мұстафа Шоқайдың тарихи тақырыптарда жазған мақалаларының қатары мол болғанымен оның тарихи зерттеулермен арнайы айналыспағандығы белгілі. Әйтсе де, саясаттағы, халықтардың рухани дамуындағы, ұлттық сана қалыптастырудағы тарихтың маңызды рөлін жете сезінгендіктен де әлде қандай оқиғаның себеп-салдарлы байланыстарын анықтау мақсатында тарихи тақырыптарда жиі қалам тартып отырған [70, С.60]. Осыған байланысты К.Есмағамбетов Шоқайдың «Әрбір халық үшін оның тарихы – моральдық күш алатын және өзге халықтар арасындағы тиесілі орынды иемденуге құқ беретін қайнар» деп айтқандығын жазады. Шоқай зерттеушіден қоғамдағы таптар мен топтардың әрекеті мен күресін ашуды талап ететін маркстік ғылыми таным теориясымен жақсы таныс болғандықтан да «Большевик тарихшылар «таптық негізді» оның иісі шықпайтын жерден де іздейді» [70, С.63] деп жазады. Осы тұжырымды көптеген мақалаларында, соның ішінде «Кеңестік билік және қырғыздар», «Қырғыз кеңестік республикасы», «Қырғыздар кеңестік билік қол астында» және т.б. мақалаларында одан әрі өрбітіп, қазақ қоғамындағы таптық жіктелістің дәйексіздігін негіздейді.

Шоқай Түркістан тарихына қатысты орыс авторларының (Крафт, Аристов, Гродеков және т.б.) сыни талдаусыз жазған еңбектерінің «ешқандай маңызы жоқ, бос сөзге» айналғандығын атап айтады. Түркістан тарихы туралы қомақты еңбек жазған П.Г.Галузоның [71], В.И.Масальскийдің, В.Бартольдтың еңбектерін бөліп айта отырып, олардың еңбектерінің кемшілігі «мәдени» және «жабайы» халықтар туралы тұжырымдарды басшылыққа алуында екендігіне назар аударады. Галузоның «Восстание в Туркестане» еңбегін «аса сақтықпен пайдалану керек» десе, Масальскийдің «Туркестанский край», В.Бартольдтың «Культурная жизнь Туркестана» кітаптарынан «жергілікті халықтың орыс үкіметімен қатынасының ізін табу да мүмкін емес» дейді. Ал В.Радлов туралы «ол бізге зерттеп отырған өсімдігіне қараған ботаник немесе коллекцияға жинаған көбелекке қараған зоолог сияқты қарайды» деп жазады. Шоқай Алаш қозғалысының кеңестік тарихнамасында орын алған ғылыми негізсіз тұжырымдарды алғаш әшкерелеушілердің бірі болды. С.Брайнин мен Ш.Шафироның «Очерки истории Алаш-Орды» кітабы жарыққа шыққаннан соң партияның сынына ұшырағаны белгілі. Осы жайында кітапта ешқандай қысқартусыз берілген Алаш партиясының бағдарламасы, Алаш Орда көсемдерінің үндеулері алашордашыларды орыс империализмінің агенттері қазақ кедейлерінің жауы деп кіналаған большевиктік насихатты жоққа шығарған.

Шоқайдың тарихшылығы туралы К.Есмағамбетов ол жекелей алғанда тарихшы, саясаттанушы емес, негізінде бір басында тарих, саясаттану, халықаралық қатынастар тарихы, әдебиет, география, елтану, этнология,

құқық салаларының терең білімдері тоғысқан ғалым-энциклодопедист деп бағалады [70, С.65.]. Демек, Мұстафа Шоқайдың тарих әдіснамасына қатысты пікірлерінің таптық-партиялық ұстанымдарға ашық қарсы шыққан, тәуелсіз ой-пікірлер мен қағидаларды басшылыққа алғандығын танимыз.

Мұстафатану ғылыми бағыты әдіснамасының пайда болуы мен қалыптасуын мұғажырлық кезеңмен шектеп қоюға болмайды. Оның маңызды тарихи алғышарты Шоқайдың саяси қызметіне негіз қалаған түркістандық кезеңімен тығыз байланысты өрбіген болатын. Ресейдегі мұсылмандық қозғалыс түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына идеялық негіз қалағандығы жөнінде М.Қойгелдиев «1905 жылғы ресейлік төңкерістен соң өрлеу алған жалпыресейлік мұсылмандық қозғалыс біріншіден, мемлекеттік дума деңгейінде түркі және басқа мұсылман халықтарының өзекті саяси және әлеуметтік мәселелерін қойып, оларға отаршыл биліктің назарын аударуға мәжбір етсе, екіншіден, татар, қазақ және басқа мұсылман елдерінің жас, балғын ұлт-азаттық қозғалысының аяғынан тұрып, ержетіп есеюіне қолдау жасап, дем беріп отырды» [14, Б.50] деген тұжырым жасайды.

Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметіне жаңа әдіснамалық тәсілдермен ғылыми талдау жасаған М.Қойгелді оның күрескерлік қызметі «тұтас Түркістан идеясына» байланғандығы жөнінде қорытынды тұжырым жасаған. Әсіресе, ұлт-азаттық күрестің дем берушісі ретінде Шоқайдың осы мәселеге ерекше назар аударып, түркілік бірлік және тәуелсіздік жолындағы күрес тәжірибелерін қорытқан пікірлеріне өте әділ баға берген. Зерттеуші ұлт-азаттық күрестің тарихи кезеңінің тәжірибесіндегі орын алған кемшіліктер қатарында «біріншіден, Түркі елі зиялыларының орыс революцияшыл демократтарына сеніп, оған арқа сүйеу арқылы бостандық алудан үміттенуі; екіншіден, ендігі бір топтағылардың «саяси табысқа дұға арқылы жететініне» сенгендігі; үшіншіден, бұларға қосымша қозғалыс басшыларында саяси кемелдіктің жетіспегендігі, жалпы қозғалыстың басын біріктірер ортақ бағдарламаның болмауы, өзара түсініксе алмаушылықтың етек алуы еді» [15, Б.209]. Дегенде, Кеңес Нұрпейіс, Мәмбет Қойгелдиевтердің іргелі зерттеулеріндегі басты әдіснамалық ерекшелік олар М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын негізінен Алаш қозғалысына тікелей қатысты қарастырудан туындайды. Шындығында, Мұстафа Шоқайдың Түркістанда және Ресейдің орталығында жасаған қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысымен тығыз байланыста өрбігендігі белгілі. Оның Алаш көсемі Ә.Бөкейханмен тығыз саяси бірлікте болуы олардың отаршылыққа қарсы идеялық күресте ой-пікірлері мен идеяларының үндесіп жатуына негіз қалаған еді.

Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін жекелеген географиялық аймақтарға бөліп қарастыру да зерттеуге айқындық береді. Айталық, Х.Тұрсұнның зерттеулерінде М.Шоқай қызметінің түркістандық кезеңінің тарихы, соның ішінде Түркістан Мұхтариятын құру жолындағы қызметтеріне арнайы ғылыми талдау жасалады. Әсіресе, оның Түркістан ұлт-азаттық

қозғалысының бастауында тұрған саяси қайраткер ретіндегі қызметі деректік негізде тұлғаланған. Түркістанда Ақпан төңкерісіне дейін жасырын жағдайда жұмыс істеген қазақ зиялыларының «Кеңес» үйірмесінде М.Шоқайдың идеялық ықпалы аңғарылады деген тұжырым жасаған [34, Б.323] Х.Тұрсұн Түркістан Мұхтариятын құрудағы Шоқайдың қызметіне кеңінен тоқталады. Сол сияқты зерттеуші Түркістандағы саяси ахуалға талдау жасай келе «Өлкеде өз саяси қарсыластарын түрлі жолдармен ығыстырған большевиктер жеке дара билікке қол жеткізді. Ұлттық элитаның саяси күресінде басымдыққа ие болған түркілік, мұсылмандық, түркістандық бірлік идеялары бөздей сетінеп, этносаяси мүддеге қарай ойыса берді. Кеңестік билікпен келісімге келе алмаған ұлттық күштердің басым бөлігі басмашылық қозғалысқа бет бұрса, Түркістан ұлттық элитасының Мұстафа Шоқай бастаған үркердей тобы саяси мұғажырлық жағдайда коммунистік билікке қарсы бітіспес күрес бастады» [34, Б.344] деген тұжырым жасай отырып, алаштық идеялардың ауқымын кеңейтіп, оны мұсылмандық, түркілік бірлік идеяларына ұластырғандығын, сол арқылы ұлт-азаттық қозғалысты халықаралық деңгейге шығарғандығын атап көрсетеді.

Б.Садықова [18], [19] М.Шоқайдың тұлғасына тоталитарлық биліктің таққан саяси айыбының бірі - оның фашистік биліктің қамқорлығында Түркістан легионын құру мен оның қызметіне қатысты «аңыз» деректік негізде әшкерелеген еді. Осы жерде атап өтерлік бір жағдай, Д.Қыдырәлі М.Шоқайдың басшылығымен жарық көрген «Яш Түркістан» журналына талдау жасай келіп, осы істе оған қолғабыс тигізген екі тұлғаның қызметіне арнайы тоқталады. Олар - Тахир Шағатай мен Абдулуахаб Оқтай еді. Екеуі де Ташкент қаласында дүниеге келіп, Мунауар Қары Абдрашитхановтың «усули и жәдид» мектептерінде алған білімдерін Азербайжанда жалғастырған, екеуі де Азербайжандағы ұлттық қозғалысқа қатысқан. Екеуі де Түркістан, Бұхара, Хиуадан Германияға оқуға жіберілген жастар қатарында ілініп, бірі дәрігерлік, екіншісі экономикалық білім алады. Абдулуахаб Октай медицина ғылымының докторы, ал Тахир Шағатай эканомикадан докторлық дисертация қорғайды.

Мұстафатану ғылыми бағыты дегенде, осы бағыттың қыры мен сырын ашып, оның ғылыми өмірбаянын барынша толық қалпына келтіруде барынша өнімді еңбек еткен Көшім Есмағамбетовтың зерттеулерін жоғарыда атап өттік. Ғалымның мұстафатанудағы тәуелсіздіктің алғашқы жылдары басталған зерттеулерін теориялық тұжырымдары мен деректік құндылығы бойынша Қазақстанның тарих ғылымы үшін үлкен жетістік деп бағалауға болады. Осы зерттеулерде Шоқайдың өмірбаяны деректік тұрғыда толық тұлғаланды және оның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы барынша толық нұсқада ғылыми қалпына келтірілді деп айта аламыз.

М.Шоқайдың мұғажырлық жағдайында жүргізген идеологиялық күресін арнайы қарастырған Т.К.Мекебаев, Ж.Ж.Құмғанбаевтардың зерттеуінде [72] мәселеге айқындық беруге тырысады. Жалпы, мұстафатану бағытында соңғы жылдары жарияланғна зерттеу еңбектердің қатары мол.

Дегенмен де олардың барлығына жекелей тоқталуды мақсат тұтпағандықтан оларға ішінара ғана талдаулармен шектелгенді жөн көрдік.

Ендігі кезекте мұстафатану бағытының шетелдік тарихнамасына тоқталар болсақ, онда бұл желіні ресейлік тарихнамадан бастауға болады. Посткеңестік кеңістікте Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына шынайы баға беріп, деректік негізде ғылыми тұжырымдар жасаған ресейлік ғалымдардың арасында С.М.Искаковтың [73], [74], [75], [76] зерттеулері назар аудартады. Оның зерттеулерінде қайраткердің ұлт-азаттық күрестегі қызметіне өзге әріптестеріне қарағанда саяси догмалардан арылған, шынайы ғылыми баға берілген.

М.Шоқайдың ұлт-азаттық күрестегі қызметі Түркістан өлкесінде басталып, қалыптасқандығын ескерсек, өзбекстандық ғалымдардың да оның өмір жолына қатысты жүргізген зерттеулерінің маңызы үлкен. Осы орайда Түркістан Мұхтариятының тарихын ғылыми негіздеген ғалым С.С.Агзамходжаевтың зерттеулерінде [36] Шоқайдың өлкедегі қайраткерлік қызметі Түркістан зиялыларымен тығыз бірлікте қарастырылады. Түркістан өлкесінде кең өріс алған ұлт-азаттық қозғалыста жергілікті халықтар – қазақтар, өзбектер, тәжіктер, қырғыздар және түркімендердің зиялылары арасындағы түркілік, мұсылмандық бірлік сияқты ортақ идеялармен бірге этносаяси процестердің барысында орын алған саяси ағымдар жайлы және Шоқайдың осы ағымдардың бірлігін сақтау жолындағы еңбегіне лайықты баға берілген. Әсіресе, Шоқайдың «Шура-и Исламия» ұйымының басшылығында болып, Түркістан Мұхтарияты ұлттық мемлекеттілігін жариялаудағы қызметі жергілікті ұлттық элита өкілдерімен тұлғааралық қарым-қатынастар жағдайында ашылған.

Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы өмірі мен қызметі Түркиямен тығыз байланыста өрбігендіктен, оның үстіне кеңестік билік кезеңінде мұстафатану «жабық» тақырыпқа айналған кездің өзінде түриялық ғалымдар бұл мәселеге жіті назар аударған болатын. Мұстафатанудың шетелдік тарихнамасының арасында онымен қызметтес болған Тахир Шағатайдың еңбектерін бөліп айтуға болады [77]. Сол сияқты Шоқайдың идеялас серігі, грузин социалисі А.Чхенкелидің жазбалары да [78], шәкірті Карис бейдің [79], қызметтес жолдасы А.Оқтайдың [80], А.Шульгиннің [81] еңбектерінің деректік құндылықтары жоғары. Аталған авторлардың М.Шоқаймен қызметтес болуы, Түркістанның тәуелсіздігі жолында идеялас, пікірлес болуы олардың тұжырымдарының барынша шынайы сипат алуына ықпал жасады деп білеміз. Мұстафатану ғылыми бағытының тарихнамасында бұл авторлар еңбектерінің ғылыми құндылығы - олардың тарихи тұлғамен тікелей араласып, оның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық әрекеттеріне куә болуынан туындайды.

Мұстафа Шоқай мен Зәки Уәлиди Тоғанның қарым-қатынасы өте күрделі сипат алған. Бір кездері, Түркістан өлкесінде қоян-қолтық қызмет істеп, түркі халықтарының тәуелсіздігі жолында идеялас болған екі тұлға мұғажырлық жағдайда қызмет бабымен екі түрлі жолға түскен еді. М.Шоқай

өмірлік кредосына айналған саяси күрес жолын жалғастырып, баспасөз саласында еңбек етсе, Тоған бірыңғай тарих ғылымына беріліп, саяси күрестен алыстай берді. Бірін-бірі сырттай қадағалап отырған екі қайраткердің өзара жазысқан хаттары да мол. Ол жеке жинақ болып жарық көрді. Бұл кездегі мәселе, Шоқайдың Тоғанның тарихи тұжырымдарын өткір сынға алуына байланысты болып отыр. Шоқай Тоғанның «Бүгінгі Түркістан» атты кітабын сынап жазған шағын ғана «Қазақ рулары хақында» атты мақаласы бар. Мақала Зәки Уәлиди Тоғанның Қоқан автономиясының тарихына қатысты өз рөлін тым әсіре бағалауын сынаудан басталады. «Расында да Зәки Валиди шығармасында көбінесе басынан кешкендері мен өз қызметі көбірек айтылатыны қызық. Мұстафа Шоқай осыдан кейін ұлттық қозғалыстағы Ә.Бөкейхановтың орнын дұрыс бағаламағаныны үшін Зәки Валидиге ренішін жасырмады» [82].

Шоқай Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы мен оның биік шыңы болып саналатын Түркістан Мұхтариятының ізгі мұраттарын кеңестік идеологияның шабуылынан ғана емес, оның тарихына көлеңке түсіргісі келген мұғажырлықтағы идеялас серіктеріне де (мысалы З.В.Тоған), саяси қарсылықтарына да (А.Ф.Керенский, Милюков т.б) обьективті түрде ғылыми салқынқандылықпен тойтарыс беріп, қорғап отырған. Осы мәселеге қатысты Г.Жүгенбаеваның зерттеулерінде Шоқайдың естелік жазбаларынан ырықсыз мұғажарлықта жүрген тұлғаның жан күйзелісін емес, мүдде және айқын мақсат пен міндет жолындағы күрес кезеңдерін, іс-тәжірибелерінің заңдылықтарын байқаймыз [83, Б.220] деген тұжырым жасалады.

Абдулуахаб Оқтай (Исханұлы) II дүние жүзілік соғыс басталар алдында, дәлірек айтқанда 1939 ж. жаз айларында Стамбулға келіп орналасады. Шоқай туралы «Түркістан», «Әзірбайжан», «Түрік елі», «Дерги», «Солтүстік Кавказ» сияқты түрлі журналдарда «Түркістан ұлттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай», «Мұстафа Шоқайдың жастық шағынан және саяси өмірінен үзінділер», «Мұстафа Шоқайдың архиві және кітаптары», «Түркістан ұлттық автономия үкіметі» және тағы басқа да көптеген ғылыми еңбектерін жарияланған доктор Абдулуахаб Оқтай 1968 жылы Стамбул қаласында қайтыс болды [84, Б.191]. Демек, мұстафатану бағытының алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде және оның шетелдік тарихнамасына негіз қалаған тұлға ретінде біз А.Оқтайды атай аламыз. Оның «Мұстафа Шоқай – ұлы ағартушы, ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көне де бай мәдениеті мен тарихының шетелдегі насихатшысына айналды... Орта Азияның ғұлама ғалым-кемеңгерлерінің еңбектерін уағыздаушы болды. Ол тыным таппай Батыс әлемін Түркістанмен таныстырып, табыстырумен болды» [85] деген тұжырымы арқылы Шоқайдың жаңа қырын ашады.

Сол сияқты, Тахир Шағатай 1929-1939 жж. «Яш Түркістан» журналының жауапты редакторы болып қызмет атқарған еді. Ол сонымен бірге басылымның белсенді авторы болғандықтан да осы уақытта «Түркістан тарихына қатысты бірнеше кітап жазып, «Яш Түркістан» журналына

«Шағатай», «Есен Тұрсын», «Тахир Шахир», «Ташбалта», «Темірұлы» сияқты бүркеншек аттармен көптеген мақалалар жазды» [84, Б.192]. Демек, мұстафатанудың шетелдік тарихнамасының қалыптасуында Тахир Шағатайдың да үлесі бар деп білеміз.

«Яш Түркістан» журналы мұғажырлықтағы түркістандық жастардың басын қосқан идеялық орталықтың қызметін атқарды, оларды идеологиялық күреске баулыды. Осы журналдың өзінде ғана «Ибрагим Арифхан (Иарқын), Ахмет Найым Өктем, Салих Еркинкол, Тевеккул Абдуллахзаде Бабур сияқты түркістандықтар түрлі мақалалар жазып, атсалысып тұрғандығын» [84, Б.192] ескерер болсақ басылымның жарыққа шығуы жеке тұлғалардың ғана еңбегі емес, олардың арқасында тұтастай ұлт-азаттық идеясына берілген ұжымның тұрғандығы аңғарылады.

XX ғ 50-жылдарынан бастап мемлекеттік емес «Түрік осактары» деген атпен түрік ұлтшылдары тарапынан құрылған ұйым қазақ тарихын да қамтитын Түркиядан тыс барлық түрік халықтарының тарихы мен мәдениетіне жұртшылықтың назарын аударуға тырысты. Осы жылдарда Түркістандағы азаттық қозғалысына көңіл аударған шығармалар көптеп жарық көре бастады. Солардың арасында Оқтайдың [86] (*Түркістан ұлттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай». Түркия. 1950*) еңбегін атап айтуға болады.

Түркияда жарық көрген қазақ тарихына байланысты еңбектердің арасында М.Шоқайға қатысты мәселе көтерген З.В.Тоғанның [87], Хасен Оралтайдың [88], [89], [90] еңбектерін атауға болады. Сол сияқты Баймырза Хаиттың Түркияда жарық көрген «Түркістанда өлтірілген түрік ақындары» [91] еңбектерімен бірге Өзбекстанда орыс тілінде жарық көрген еңбектерінде де М.Шоқайдың ұлт-азаттық күресі жолындағы көтерген идеялары көрініс тапқан.

Кеңес Одағындағы идеологиялық талаптарға сай М.Шоқайдың шығармашылығына тиым салынғаны белгілі. Ал, Түркияда қайраткердің шығармаларына ешқандай да шектеу қойылмады. Зерттеушілердің Шоқай еңбектерін дереккөз ретінде еркін пайдалануға мүмкіндігі болатын. Дегенмен, түркі халықтарының бірлігі деген идея Түркияда өткен ғасырдың 70-жылдары ғана көтеріле байланысты осы тарихымызға тарихшылардың назары осы кезден ауа бастаған еді. Сондай тарихшылардың бірі Эрер Текин «Энвер Пашаның Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілісі» [92] деп аталатын зерттеуінде Шоқайдың Энвер Пашаның өзіне арнап және оның серіктеріне, Түркістандағы азаттық күрес жөнінде жазған жеті мақаласына сілтеме жасаған [93].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Түркиямен гуманитарлық салада ынтымақтастық орнады. Соның нәтижесінде XX ғ. соңында Түркияда Қазақстан туралы зерттеулер саны арта түсті. «Бұған біржағынан Түркияға білім алуға келген қазақ жастарының зерттеулері жағымды әсер етсе, екінші жағынан түрік ғалымдарының да Қазақстанға емін-еркін келіп, зерттеулермен айналысуы үшін мүмкіндіктер туғаны әсер

етті деуге болады. Осы жылдарда Д.Қыдырәлі Измир қаласында Мұстафа Шоқай туралы магистрлік диссертация қорғаса, осы тақырыпта А.Қара Ыстанбулда докторлық диссертациясын (2002) қорғады [94, Б.206-207]. Бұл екі зерттеушінің тақырыбы бірдей болғанмен де алғашқы зерттеу М.Шоқайдың жас кезінен бастап, шетелдегі саяси іс-қимылдары мен түрік азаматтарының М.Шоқай туралы жарияланымдарын қамтыса, екінші зерттеуде М.Шоқайдың өмірбаяны, жанұясы мен 1916 ж көтерілістен кейінгі саяси қызметтері шетел мұрағаттарының деректерімен зерделенген.

Мұстафатану ғылымы бағытының тарихнамасында өнімді еңбек етіп келе жатқан Д.Қыдырәлі М.Шоқайдың мұғажырлықдағы саяси қызметі мен шығармашылығы жайлы түпнұсқа деректерге сүйеніп, ғылыми тұжырымдар жасаған [84]. Бұл зерттеудің деректанулық құндылығы жоғары екендігін атап айтуымызға болады.

Мұғажырлық жағдайындағы М.Шоқайдың шығармашылық еңбегі ұшан теңіз. Ол көп еңбектенді, мерзімді басылым беттерінде үздіксіз мақалалар жариялап жатты. Олардың тақырыптары да, көтерген мәселелері де әр алуан болып келеді. Осыншама ауқымды шығармашылық қызметінде ол деректерді қайдан алды деген сауалға Д.Қыдырәлі деректік талдаулар арқылы жауап береді.

Мұстафа Шоқай өз шығармашылығының дәйек-деректерінде большевик жазушылар жазған кітаптармен бірге кеңестік биліктің Түркістан мн Қазақстандағы ресми баспасөз органдары ««Казахстанская правда», «Еңбекші қазақ», «Қазақ әдебиеті», «Ақ жол», «Қызыл Өзбекстан», «Жаңа Ферғана», «Азат Бұхара», «Бұхара пролетариаты», «Шарқ хақиқаты», «Шуралар Түрікменстаны», «Туркменская искра», «Туркменстан», «Қызыл Юлдуз», «Аваз-ы Тажик», «Рехбер-и Даниш», «Куртулуш» «Правда Востока», «За партию», «Советская степь» сияқты қазақша, өзбекше, түрікменше, тәжікше, ұйғырша және орысша басылымдарын» [84, Б.206]. пайдаланған болатын.

Осыншама мол дереккөздерді пайдаланған Шоқай Кеңестік биліктің баспасөз құралдарында жарияланған идеологиялық, насихаттық сипаты басым материалдарының арасынан көтерген идеясын ашатын, жасаған тұжырымдарын негіздейтін дәлел мен дәйекті сараптап, саралап қолданады. Бұл жерде Шоқай қарсыласын әшкерелеу үшін оның өз қаруын өзіне қолданғандығы аңғарылады. Әрине, кеңестік цензураның өткелегінен өткен дәйектердің бәрі Түркістандағы ұлт саясатының ақиқат болмысын таныта бермеуі мүмкін. Мәселе ол деректерді талдаудағы Шоқай ұстанған мақсат пен қолданған тәсілге байланысты болса керек.

Түркиялық тарихшылар арасынан мұстафатанумен арнайы айналысқан А.Қараның еңбегіне [22] арнайы тоқталуға болады. Оның зерттеуінде М.Шоқайдың мұғажырлық қызметі кезеңі барынша толық ашылған. Түркиялық тарихшылар Шоқай қызметіне негізінен түркілік бірлік идеясын ғылыми тұрғыда одан әрі дамытып, оны халықаралық жағдайға байланысты

сол кезеңдегі саяси ахуалдағы мәселелерге қатысты көтерген шығармашыл және күрескер тұлға ретінде бағалайды.

Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы рөлі мен қызметіне қатысты зерттеулерде М.Шоқайдың мақалалары деректік тұрғыда талдана бастады. Айталық, Б.Баймахановтың диссертациялық зерттеуінде де М.Шоқайдың еңбектері дереккөз ретінде кеңінен қолданыс тапқан [95]. С.Смағұлова ұлттық баспасөз тарихына арналған зерттеулерінің бірінде [96] М.Шоқайдың «Марқұм Энвер паша һақында есте қалғандардан үзінділер» деген мақаласын талдай келе оның есімі Түркістан өлкесінде аңыз ретінде айтылатындығын жазады.

М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен қоғамдағы мұрасына құқықтанушылар да қызығушылық таныта бастады. Осы бағыттағы зерттеулер арасында Б.Р.Серғазиновтың еңбектерін атауға болады. Зерттеуші неміс ғалымы Патрик фон цур Мюленнің іргелі зерттеуінің тұжырымдарына сүйеніп, «Түркістан легионы, Түркістан ұлттық комитеті және Түркістан ұлттық кеңесін құру идеясы үшінші рейх пен түркі-ислам ұлтшылдық идеологиясының синкреттелген үйлесімі, өзіндік жиынтығы» [97, С.18] болды деген үстірт тұжырым жасайды. Б.Серғазиновтен басқа да зерттеушілердің жасаған Түркістан легионының қызметіне М.Шоқайдың қатыстылығы жөнінде тұжырымдарға алдағы тарауда талдау жасап, баға беретін боламыз.

Б.Серғазиновтің М.Шоқайдың мемлекеттік - құқықтық идеяларын бағалаған тұжырымдарына тоқталайық. Танымал заңгер ретінде М.Шоқай ұлттық мемлекеттілік моделінің дамуы мен қалыптасуы үдерісіне талдау жасау арқылы нақты тарихи кезеңде сол ұлттың нақты саяси-әлеуметтік ахуалы мен жалпы обьективті шарттар есепке алынуы керек екендігін айтады. М.Шоқай барлық саяси институттардың ең ірісі ретінде мемлекет азаматтық қоғамның өкілі ретінде міндетті түрде егемендігі болуы тиіс деген құқықтық тұжырым жасайды [98, С.14]. М.Шоқайдың мемлекет және мемлекеттік-құқықтық реттеу тұжырымындағы басты еңбегі - «азаматтық қоғам» ұғымын батыс европалық құқықтық ойға сүйене отырып, дамытуға болады. Оның пікірінше азаматтық қоғам тұжырымы жекелей алғанда әрбір тұлғаның еркіндігімен тығыз байланысты. «Азаматтық қоғам» мен «мемлекет» ұғымдары бір-бірін толықтырады, олар тұлға құқын қамтамасыз етуі тиіс. Дегенмен, М.Шоқай алғашқы кезекте адам құқы, екінші кезекте азаматтық, яғни саяси құқық қамтамасыз етуі тиіс [98, С.17] деген тұжырымға тоқталады.

Автор аталған мақалаларында Шоқайды Кенесары Қасымовпен салыстырады. Кенесары Ресей өкіметінің 1822-1824 жж жойған Орта жүз және Кіші жүздердегі хандық билікті қалпына келтіріп, өзі хан сайлағанымен мақсатына жете алмады дей келіп, оның бастап берген ұлт-азаттық қозғалысы тәуелсіздік үшін күрестің символына айналғандығын атап көрсетеді. «Осы тәрізді Шоқай да Түркістандағы Кеңес билігіне қарсы жүргізілген саяси күрестің ең көрнекті тұлғасы болып табылады» [99, Б.372]

деген автордың пікірін қолдай отырып, мынадай толықтырулар жасасақ болады. Атап айтқанда, Кенесары бастаған күрес - ұлт-азаттық қозғалыстың қарулы күрес кезеңі, ал Шоқай ұлт-азаттық қозғалыстың саяси күрес кезеңінің өкілі екендігінде. Олардың күресіндегі ортақ мақсат ұлттық тәуелсіздік болғаны ақиқат. Ал осы мақсатқа қол жеткізудің әдіс-тәсілдеріне келгенде осы екі тарихи тұлғаның қызметіндегі айырмашылықтарды ажыратып, жіктеуге болады. Осыған байланысты біздің жасайтын қорытындымыз – Мұстафа Шоқай өз қатарластарымен ұлт-заттық күресті саяси және идеологиялық тұрғыда жаңа сапаға көтерген өз заманының биік тұлғасы. Оның осы қозғалыстағы басты жетістігі – түркі халықтарының тәуелсіздігі жолындағы саяси күрестің дәлелдерін ғылыми теориялық тұрғыда негіздеп бергендігі.

Қорыта айтқанда, М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы жайлы жүргізілген зерттеулердің тұтастай кешені қалыптасты. Оның тұлғасына қатысты ғылыми деректер талданып, ұстанған саяси құндылықтары мен азаматтық ұстанымын, шығармашылық кредосын айқындаған тұжырымдар жасалды. Осы тұжырымдар оның тұлғасын ұлт-азаттық идеяларын аймақтық, ұлттық деңгейден шығып, халықаралық дәрежеге көтерген түркі халықтары арасынан шыққан ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы аса ірі саяси қайраткер ретінде бағалауға негіз болады. Біз тарихнамалық шолуымызда мұстафатану ғылыми бағыты тарихнамасының негізгі бөлігіне ғана шолу жасаумен шектелдік. Шоқай тұлғасын толық тану үшін алдағы уақытта осы тақырыптағы зерттеулер одан әрі жалғасын табуы тиіс. Ал деректанулық тұрғыда да зерттеушілердің алдында игерілуі тиіс жан-жақты міндеттердің күтіп тұрғандығы айқындала түсті.

# 2 МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

## 2.1 Мұстафа Шоқай – Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы

Мұстафа Шоқай әлем таныған тұлға деңгейіне көтерген оның Түркістан халықтарының тәуелсіздігі жолындағы қайраткерлік қызметі және осы күрестегі басты қаруы – шығармашылық еңбегі екендігі даусыз. Ол ең алдымен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері ретінде танылды. Осы желіні біз екі бөлікке бөліп қарастырамыз. Біріншіден, Шоқайдың ұлт-азаттық күрестегі қайраткерлігі ең алдымен Түркістан өлкесінде қалыптасты, ол студент кезінен араласқан саяси күресте «Шура и Исламия» саяси қозғалысы мен Түркістан Мұхтариятының басшысы деңгейіне көтерілсе, екінші жағынан, мұғажырлық жағдайында бірнеше ұлттық басылымдарға редакторлық жасаудан шетелдегі кеңестік тоталитарлық билікке қарсы күрес жүргізген ТҰБ ұйымының басшысы деңгейіне дейін көтерілді. Осы екі бағыт бойынша қарастыру арқылы Шоқайдың Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы көшбасшылық қызметін айқындайтын боламыз.

Ресейдің Қазақ жерін отарлауы XVIII ғасырдың 30-жылдары басталып, XIX ғасырдың 80 жылдары толығымен аяқталды. Осы кезеңде Ресей әскери жорықтар арқылы Қазақ, Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтары сияқты ұлттық мемлекеттердің жерін жаулап алып, ол мемлекеттердің дәстүрлі билік институттарын жойды және оны отарлық билік институттарымен алмастырды. Нәтижесінде аталған мемлекеттер тәуелсіздігінен айрылып, жедел қарқынмен дамып келе жатқан Ресей капитализмінің тауар өткізетін және арзан шикізат өндіретін отар аймағы болып шыға келді.

XX ғасырдың алғашқы ширегі әлемді дүр сілкіндірген, әлемнің даму болашағын айқындап берген оқиғалар мен құбылыстардың көп болуымен ерекшеленеді. Осы ерекшеліктердің түпкі өзегін әлемдік капитализмнің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қайшылықтарынан туындаған революциялар құрады. Отар елдердің метрополиялардың саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысы әлемнің көптеген елдерін қамтыды. Сондай әлемдік қозғалыстың құрамды бөлігі Ресей бодандығындағы Орта Азия аймағын да қамтыды. Осы аймақтағы басқа саяси ағымдарды атамағанның өзінде Ресейде түркі-мұсылман халықтарының тәуелсіздік үшін күресі ұйымдасқандық сипат алып, жаңа сапаға көтерілді.

Патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күрес түрінде пайда болып, кейіннен кеңестік биліктің ұлт саясатына қарсылыққа ұласқан Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы құбылысының тарихына ғылыми талдау жасаудың да танымдық мәні үлкен. Өйткені, бұрынғы отар аймақтардың ұлттық мемлекеттіктерін қалпына келтіруінің тарихи алғышарттарын айқындау әдіснамалық мақсаттарға қызмет жасайды. Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс саяси ала-құлалығымен және әлеуметтік әртектілігімен ерекшеленді. Түркістан қозғалысы - өлкедегі азаттық, тәуелсіздік жолындағы күреске

мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізінде топтасқан саяси күштердің ұйымдасқан белсенді әрекеті. 1917 ж. кеңестік билікке балама ретінде Орта Азия мен қазақ жерінде құрылған алғашқы ұлттық мемлекеттік құрылымдар мақсаты ортақ, сипаты бір Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы (Туркистон Мухторияти) ұлт-азаттық қозғалыстың ең басты жетістігіне айналды.

1991 ж. Кеңес Одағы түріндегі алып империяның ыдырауы тарихи дамудың заңдылығы десек те, Түркістан аймағында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан сияқты тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы тәуелсіздік жолындағы перманенттік сипат алған осы ұлт-азаттық күрестің нәтижесі болатын.

Түркістан қозғалысы деп аталатын осы саяси құбылыс саясат сахнасына ұлттық идеяның генераторына айналған көптеген күрескер ұлт қайраткерлерін шығарды. Сондай саяси қайраткерлердің жарқын шоқжұлдызының арасында қоғамдық-саяси күресімен және шығармашылық қызметімен әлемдік деңгейде танылған тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай болатын.

М.Шоқай күрескерлігінің тарихын осылайша жүйелеумен бірге оның кезеңдеу арқылы оның қоғамдық-саяси көзқарасы мен ұстанған азаматтық позициясының эволюциясын ғылыми қалпына келтіре аламыз. Сонымен бірге оның аймақтық деңгейде қалыптасқан Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының идеяларын әлемдік ұлт-азаттық қозғалысқа ұштастыра алғандығы да айқындалады.

Шоқайдың Ресей отаршылығына қарсы күресін шартты түрде мемлекеттің құрылыстың сипатына қарай екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезең патшалық Ресейдің Орта Азия мен Қазақстанда жүргізген отарлық саясатына қарсы күресі. Екінші кезең кеңес өкіметінің осы аймақта жүргізген ұлт саясатына қарсы күрес кезеңі.

М.Шоқайдың күрескерлік қызметінің алғашқы кезеңі 1910-1917 жылдар аралығын қамтиды. Ол 1910 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түскеннен бастап қаладағы түркілік-мұсылмандық және демократиялық-либералдық саяси ағымдардың ықпалына тартылды. Оның белсенді саяси күреске араласуы 1914 ж. көктемінде алғаш рет көрініс тапты. Ішкі істер министрлігінің қамқорлығымен мұсылман саяси ұйымдарының бірлігіне іріткі салу мақсатында орыс қаражүздікшілер (*черносотенцы*) партиясымен мақсаттас «Сират-ул - Мустақим» партиясын құруға наразылық ретінде Петроградта оқып жүрген 31 қазақ, өзбек, татар, башқұрт жастарымен бірге үндеуге қол қойып, ереуілге шықты [100, Л.61 об.]. Сонымен бірге студент жастардың митинг, ереуілдеріне қатысқан М.Шоқай 1914 ж. маусым айында қалада өткен Бірінші Бүкілресей мұсылмандарының съезін ұйымдастыруға атсалысады. Осы уақытта Мемлекеттік думаның экс-депутаттары С.Жантөрин, Ә.Бөкейханов, Б.Қаратаев сияқты қайраткерлермен араласады.

Ресейде II Мемлекеттік думасы таратылғаннан соң үшінші, төртінші думаларға Орта Азия тұрғылықты халқынан депутат сайланбады. Ендігі жерде бұл аймақтардың зиялылары империя парламентіндегі күресті Мемлекеттік Дума жанынан құрылған Мұсылмандар фракциясының құрамында жалғастырды. М.Шоқай Әлихан Бөкейхановтың ұсынуымен осы фракцияның хатшысы болып сайланды [35, Б.62]. Аталған фракцияның қызметі мұсылман халықтарының мүддесін парламентте ұлт саясатына қатысты қабылданатын құқықтық құжаттарға ықпал жасауға бағыттаған еді. Бұл саясикүрес тәсілі ұлт аймақтарына империялық пиғылды өзгертуге ықпал жасай алмағанымен Ресейдегі демократиялық қозғалыс өкілдерінің арасында қоғамдық пікір туғыза алды. Осы Мұсылмандар фракциясы қызметінің екінші бір тарихи маңызы – ол кейіннен түркі халықтарының отарлық биліктен автономиялық өкілеттілік талап етуінің қызметін үйлестіретін ресми емес орталыққа айналды. Татар саясткері Гаяз Искаки бұл жөнінде «барлық ұлттық істерді басқаратын жасырын орталық болатын» [80, С.44] деген баға берді.

Осы Мұсылман фракциясы аяусыз басып-жаншумен аяқталған 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс мәселелесімен тікелей айналысты. М.Шоқай осы фракция мүшелері К.-М.Тевкелев, Ш.Мухамедяровтармен және Дума депутаты А.Ф.Керенскиймен бірге Түркістанға келіп, орыс әскерлерінің жергілікті халыққа жасаған озбырлығымен танысады [101, Б.37].

1917 ж. 25 ақпанда патшалық биліктің құлауын М.Шоқай ризалық сезіммен қабылдап, «Қазақ» газеті арқылы Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтармен бірге «теңдік, бостандық күні туғандығымен» халықты құттықтап, Уақытша Үкіметті қолдауға, Құрылтай жиналысына дайындалып, жер мәселесін көтеруге кірісу керектігін айтып хат жолдаған [102].

Петроградтағы ақпан төңкерісінен соң империя аумағында кең өріс алған саяси өрлеу Шоқайды саяси күрестің алдыңғы шебіне шығарды. Осы жылы наурызда Петроградтағы митингілерге қатысып, айдың соңында Орынбордағы Бүкілқазақ съезіне қатысады. Одан әрі түркістандық қайраткерлер Мүнауар Қары, Абдусами Қари, Серқұл, Жүсіптермен Түркістанға жол тартты [103, Б.18] да, Ташкент қаласында «Шуро-и Исламия» бастамасымен 16-21 сәуірге шақырылған Бірінші Бүкілтүркістан мұсылмандарының съезіне қатысып, Мұсылмандар кеңесінің төрағалығына сайланады.

М.Шоқайдың Түркістандағы қызу саяси қызметі осы сәттен басталады. Ол өлкедегі мұсылман халықтарының саяси қозғалысы ретінде дүниеге келген «Шуро-и Исламия» қозғалысының басшысы ретінде барлық жергілікті саяси ұйымдарда ортақ идея төңірегіне топтастыру міндетін мойнына алды. Оның естеліктерінде, осы мұсылмандық қозғалыстың реформалық идеялары «Түркия, Ауғанстан, Иран, Мысыр және өзге араб елдері секілді тәуелсіз немесе жартылай егемен мемлекеттерде жүргізілген, сондай-ақ жүргізіліп жатқан тәжірибелер де ұлттық қозғалысымыздың

қандай жолмен, қайсы бағытта жүру керектігін айқын көрсетті» [103, Б.30] деп жазады.

Өлкедегі басқарудың негізгі тетігі Уақытша Үкіметтің Түркістан Комитетінің қолына шоғырланды. 1917 жылдың 4 сәуірінде орталық үкіметтің қаулысымен құрылған оның құрамына енген 9 мүшенің төртеуі – I Мемлекеттік Дума депутаты Ә.Бөкейханов, II шақырылым депутаты М.Тынышпаев, III шақырылым депутаты С.Н.Максуди және генерал-майор А.А.Давлетшиндер мұсылман халықтарының өкілдері болатын жергілікті халықтардың өкілдерінен мүшелер тарту арқылы Уақытша Үкімет билік құрылымының легитимдігін қамтамасыз етіп, жергілікті халықтың қолдауына ие болуды көздеді. Кейіннен белгілі болғандай, жергілікті жерде сайланбай жоғарыдан тағайындалған бұл билік құрылымы жергілікті халыққа қатысты бұрынғы патшалық биліктің саясатын жалғастыра берді [36, С.85.]. Нәтижесінде кадет Щепкин басқарған Түрккомитет жергілікті тұрғындардан қолдау таба алмай 1917 жылдың 1 шілдесінде өкілеттігін доғарды. Ал Мұстафа Шоқай В.П. Наливкин төрағалық еткен Түркістан комитетінің екінші жасақталған құрамына енді. Дегенмен, 24 қыркүйекте Қазан қаласынан генерал Коровниченко бастаған Уақытша Үкіметтің жазалаушы қосыны келуімен Ташкентте әскери диктатура орнады. Бұл Түрккомитеттің саясат сахнасынан кетуін танытатын еді.

1917 жылдың 25 қазанындағы «төңкеріс» Ресей мемлекетімен бірге Түркістанда да тарихтың жаңа парағын ашты. 18 қазанда Ташкентте төңкеріс орын алып, билік Ташкент Кеңесінің қолына өтті.

Осы биліктің тұсында өлкенің мұсылман тұрғындарының ұлттық-мемлекеттік құрылым жөніндегі көзқарасын улемалықтардың көшбасшысы Сералы Лапин білдіріп, «мұсылмандар билікті толығымен талап ете алады, бірақ билікке келімсек элементтердің өкілдерін де тартуға қарсы емес» [103, С.576] деп мәлімдеді.

М.Шоқай кейіннен өз естелігінде күшпен орнатылған большевиктік биліктің Кеңес өкіметінің Түркістандағы революциялық азаттық ұрандары бос сөз екендігіне көз жеткізді деп жазды [101, С.17-18]. Большевиктердің бұндай халыққа қарсы саясаты жауапсыз қалған жоқ. Большевиктердің халық мүддесімен санаспауы, олардың ұлыдержавалық шовинизмі мұсылман тұрғындар арасында кеңеске қарсы күштердің топтасуына дәлел болды.

Міне, осындай саяси түрткі 1917 жылдың 26 қарашасында Қоқан қаласында Мұстафа Шоқайдың төрағалығымен Бүкілтүркістан мұсылмандарының 250-дей делегаты қатысқан съезін өткізуге себепкер болды [104]. Ташкентте өткен большевиктердің съезіне қарағанда бұл съезд өлке халықтарының өкілдерін біршама толық қамти алуымен ерекшеленді. Бұл съезд түркістандық ұлттық бірлікті толық таныта алды.

28 қарашады жаңа мемлекеттік құрылымның «Түркистон Мухторияти» (Түркістан Автономиясы) деген атауы белгіленді. Осы ұлттық-мемлекеттік құрылымның Халық Кеңесіне мүшелікке 54 орын белгіленді де оның 18-і өлкедегі түрлі «европалық» ұйымдардың үлесіне берілді [105]. Үкіметтің

премьер-министрі болып Мұхаметжан Тынышпаев сайланды, кейін оны М.Шоқай алмастырды. Түркістан Мұхторияты үкіметінің премьер-министрі лауазымы – М.Шоқайдың қызмет сатысында атқарған ең үлкен қызметі болды.

Столыпин реформасынан соң қазақ жеріне Ресейдің қаратопырақты губернияларынан – мыңдаған жерсіз шаруалар қоныс аударған болатын. Бұл саясат үкімет тарапынан қаржыландырылып, жаңа жерлерді игерушілерге жан-жақты көмек көрсетілді. Тіпті, шет аймақтағы отарлық биліктің тірегі болуы үшін оларға қару-жараққа дейін таратылған. Қолына қару алған қоныстанушылар өз шаруашылығының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен шектелмей жергілікті халыққа зорлық-зомдылық көрсетуі күнделікті тәжірибеге айналды. Қоныстанушылар тарапынан жергілікті тұрғындарға зорлық жасаудың апологейі 1916 ж. Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншу кезінде және 1918-1919 жж. азамат соғысы кезіне сай келеді. Осы кезеңдерде отарлық саясатқа қарсы шығып, өз жерін қорғағандығы үшін айыпты болған мыңдаған қазақтар мен қырғыздар босқыншылыққа ұшырап көрші қытай мемлекетіне көшіп кетуге мәжбүр болды.

1917 ж. наурыз айында Орынборда өткен І Бүкілқырғыз (қазақ) сьезінің күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі осы жер мәселесі еді. Осы мәселе кейін Алаш ұлттық-буржуазиялық партиясының саяси бағдарламасына енді.

Шоқай 1918 ж. ақпанында Түркістан Мұхтарияты қуып таратылғанан бастап 1921 ж. 25 ақпанға дейін Түркістанда, қазақ облыстарында, кейінгі кезде Азербайжан, Грузия жерлерінде белсенді саяси және шығармашылық қызметпен айналысты. Бұл кезеңде ол Түркістаннан тыс жерлерде болса да бұрынғы патшалық Ресейден, сол кездегі Кеңес Одағының кеңістігінде жүргендіктен бұл кезеңді мұғажырлық жағдай қатарына қоспаймыз.

Жалпы айтқанда, қазақ зиялыларының арасынан мұғажырлық жағдайда қызмет еткендердің алғашқысы да, соңғысы да М.Шоқай емес еді. Шындығында, елде 1917 жылы құрылған ұлттық мемлекеттілік құрылымдар қуып таратыла бастаған кезде шетелге шығып кетуге алғаш жол салған Түркістан қозғалысы серкелерінің бірі Сералы (Шер-Али) Лапин болатын (1868-1918). Ол 1918ж Бұхара әмірлігі арқылы Түркияға өтіп, одан Германияға барған. Түркістан Мұхтарияты парламентінің атынан неміс үкіметі басшылығымен келіссөздер жүргізе бастаған болатын. Әйтсе де, қазақ саяси мұғажырлығында Шоқайдың орны ерекше.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Шоқайдың Түркістан ұлт-азаттық қоозғалысындағы көшбасшылық миссиясын оның мұғажырлықлық қызметі кезеңінің тәжірибелерін талдау және бағалау арқылы айқындайтын боламыз. Бұл кезеңде ол бірнеше ұлттық басылымдар ұйымдастырып, редакторлық қызмет жасаудан ТҰБ ұйымының басшысы болды.

Шоқайдың мұғажыр қызметі әйелі Мария Яковлевнамен бірге ресми түрде 1921 ж. 25 ақпанында Батумиден Түркияға Италияның кемесімен жолға шығуымен басталды. Оның өмірінің соңына дейін созылған мұғажырлық эпопеясының бастауы мен одан әрі өрбуінің тарихына жасалған

деректік талдау бұл қадамның өте күрделі жағдайларға байланысты іске асқанына көз жеткізеді. Сондықтан М.Шоқайдың мұғажырлықлық өміріне қатысты талдауды бірнеше бағытқа топтастырып қарастырамыз: 1. М.Шоқайдың мұғажырлыққа кетуге қабылдаған шешімдерінің негізі қандай? 2. Оның мұғажырлықтан елге қайтып оралу мәселесі қалай қарастырылды? 3. Тұрақты тұруға және қызмет істеуге Франция мемлекетін таңдау себептері қандай? деген сауалдардың жауабы мәселеге айқындық береді деп ойлаймыз.

Бірінші мәселе бойынша айтарымыз: кеңестік тарихнамада М.Шоқайдың мұғажырлыққа кетуге жасаған қадамы оны «барар жер, басар тауы қалмағаннан кейінгі шешім дегенге саяды» [35, Б.214-215]. Автор бұл тұжырымды оның шығармашылық мұрасын жеткілікті пайымдамаудан не болмаса, қайсыбір мақсатпен бұрмалаудан туған тұжырым деп бағалайды.

Негізінде, Шоқай шетелге жеке басының амандығын ойлап, бас сауғалап бармаған. Орыс демократиясы Кеңес Одағында толығымен жеңілген соң және Түркістанның ұлттық қозғалысы үшін күресте Батыс елдерінің тарапынан қолдау алуды көздеп барған болатын.

Осы жерде айта кетер мәселе, Д.Қыдырәлі «сол уақытта М.Шоқай бұрынғы Ресей империясының шеңберінен шығып, мұғажырлыққа кету туралы үзілді-кесілді пікірде болмаған. Мұндай шешімге ол большевиктердің Тблисиді басып алуынан, яғни 1921 жылдың ақпанынан кейін келгенге ұқсайды» [106] деген пікір айтады. Дегенде, Шоқайдың Уфа Мемлекеттік Кеңесіне барған кезінде оның әйелімен бірге АҚШ-қа өтуге визалары дайын болған, осындағы жиынның шешімімен АҚШ-қа баруға тиісті делегацияның құрамына енгізілуі де [106] оның мұғажырлықға кетуі стихиялық емес, жоспарлы түрде ойластырылғандығын танытады. Әйтсе де, Шоқайдың Колчак тұтқынына түсіп, одан босаған соң досы В.Чайкинмен Орынборда генерал А.И.Дутовқа қарсы ұйымдастырылған әрекеттердің салдарынан ол АҚШ-қа кете алмайды да, Кавказ жеріне өтіп кетеді. Закавказьеде жүріп АҚШ-қа емес, Европа елдерінің біріне кетуге шешім қабылдайды.

Демек, Шоқай Түркістан мен қазақ жерінде тәуелсіздік жолында саяси күрес жүргізудің мүмкін еместігіне көз жеткізген соң ғана мұғажырлыққа кетуге түпкілікті бел байлаған екен.

Екінші мәселеге қатысты мынадай деректерді қарастырамыз: М.Шоқайдың елге қайтуы жөнінде Кеңестік билікпен арадағы келісімдер екі адам арқылы жүргізілген. Біреуі ескі досы В.А.Чайкин болса, екіншісі өзінің шәкірті С.Қожанов болатын. В.Чайкин Түркістандағы большевиктердің эмисарлық органы – БК(б)П ОК мен БОАК-тың Түрккомиссиясының басшысы Ш.Элиава тапсырмасымен 1921 ж. тамызында арнайы хат жазып, Шоқайдың елге оралуы туралы келіссөздерді бастайды. Осы жерде атап өтер бір мәселе, В.Чайкиннің Шоқайға деген адал достығы кеңестік биліктің жоғары эшелонындағы РКФСР Сыртқы істер халкомы Г.В.Чичеринмен, БОАК хатшысы А.С.Енукидземен, Сыртқы істер халкомының орынбасары Л.М.Караханмен жүргізілген келіссөздерінде көрініп тұрады. Онда Чайкин Шоқайдың қауіпсіздігі, шетелге қайтадан өтіп кету мүмкіндігі мәселелері

қарастырылады. Қорытындысында аталған мәселелерге қанағаттанарлық жауап ала алмаған соң Шоқайға жазғанындай «бұл шақыртулар... Сізді тор ішінде ұстау» [39, Б.218] деген қорытындыға келеді.

Шоқайды елге ресми түрде шақырған С.Қожанов 1921-1923 жылдары ТАКСР Ішкі істер, Ағарту халық комиссары болып қызмет істеген болатын. Шоқай Кавказда жүргенде одан «Қоқан үкіметі» мүшелеріне Кеңес өкіметінің кешірім жасағаны, сондықтан елге оралуға болатындығы туралы Шоқайға Ташкенттен жеделхат салады. Бұл ұсыныс, әлбетте Түрккомиссия мүшелерінің келісімі бойынша қабылданған шешім болуы керек. Дегенмен, С.Қожановтың осы мәселеге байланысты келіссөздерді одан әрі жалғастырғандығы жөнінде ешқандай дерек қолға түскен жоқ. Шоқайдың ұлт қайраткерлерінің қызметіне кесірім тиеді деген оймен өз шығармаларында бұл жөнінде көп таратып айтпайды. Ал С.Қожановтың кеңестік биліктің уәделеріне сенбеуінен де мәселені жылы жауып қоя салуы мүмкін. Дегенде, Шоқайға кемалистік Түркиядағы Кеңес өкіметінің ресми өкілі болуы да ұсынылғандығын [74, С.4] ескерер болсақ, кеңестік билік М.Шоқайды елге қайтарудың барлық амалдарын қарастырғандығын аңғарамыз. Бұл жердегі мәселе Шоқайды елге шақырып, биік мансап беруде емес, оны ұлттық күрестен бейтараптандыруға байланысты екендігі аңғарылады.

Осындай келіссөздерге қарамастан Шоқайдың елге оралмай, мұғажырлық өмірді артық санауы барынша дұрыс шешім болды деп ойлаймыз. Мұғажырлық жағдайында ол өз өмірін саяси қуғын-сүргіннен сақтап қалды және бостандықта жүріп, саяси күресі мен шығармашылығын жалғастыруға мүмкіндік алды.

Үшінші мәселе, Шоқайдың Франция мемлекетін таңдауына байланысты. Шоқай Кавказ жерінен кеткеннен соң бірден Түркияның Стамбул қаласына барады. Сонда болған аз уақыт аралығында ол Түркістан мен Кавказ елдерінен келген ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері Осман Қожа, Мұстафа Векили, Юсуф Акчуралармен араласады. Осыған байланысты мына дерек назар аудартады: орыс мұғажырларының бірі Б.Россов 1921 ж. сәуірде Парижде жарық көретін «Последние новости» газетінде Константинопольден Түркістан Құрылтай жиналысын шақырту жөніндегі комитеттің төрағасы және Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшесі М.Шоқай Парижге келгелі жатыр деп хабарлайды [39, Б.221]. Осы дерекке қарағанда Шоқайдың Парижге баруы әбден ойластырылған мәселе деп білеміз.

Париж М.Шоқайға саяси қызметін жалғастыруға барлық жағынан да қолайлы болып шығады. Ресейлік мұғажырлықтың, оны «ақ мұғажырлық» деп те атайды, орталығына айналған Париж қаласына сол кезде Ресейдегі саяси қозғалыстардың жетекшілері көптеп жиналған болатын. Олар осы қалада кеңестік билікке қарсы саяси күресті жалғастыруға саяси мүмкіндік алған еді.

Парижде А.Ф.Керенский, П.Н.Милюков бастаған орыс мұғажырларымен бірге Садри Максуди бастаған түріктілді саяси қайраткерлер топтасқан

болатын. Осындай кеңеске қарсы көңіл-күйдегі қуатты интелектуалды ортаны Шоқайдың ұлт-азаттық идеяларын насихаттау мақсатында пайдалануды көздегені ақиқат. Париждегі ресейлік мұғажырлардың қоғамдық ұйымдары мен қозғалыстары көптеген баспасөз құралдарын ашып, оны Кеңес өкіметіне қарсы саяси күрестің мінбесіне айналдырылғандықтан да Шоқай үшін бұл мүмкіндікті пайдалану барынша тиімді болатын.

Шоқай 1923-1941 жылдары 3 рет қоныс аударып, Париж қаласының төңірегінде тұрақтады [39, Б.225]. Қызметтік іссапарларымен Англия, Германия, Польша елдерінде біршама уақыт болғанымен оның негізгі мекені Париж болып қалды. Париждегі ресейлік мұғажырлар көпұлтты болғандықтан да оны этникалық тұрғыда жіктеп, «Түркілік орта» деген ұғымды қолдануымызға болады. Саяси күреске әр кезеңде келген, бірақ тағдырлас, ниеттес есімдер шоғырында Гаяз Исхаки, Мұстафа Векили, Осман Тоқымбетов, Закир Қадыри, Бари Баттал, Омар Терегулов, Агдем Нигмати, Абдрахман Шофяев (Шафи Алмас), Әлімжан Идриси, Сабыр Расул, Февзи Тоғай, Ахмет Султан Тагиров және тағы басқаларды атайды К.Есмағанбетов [48, Б.522].

Түркия, Германия, Франция және басқа да елдерден келіп орналасқан осы түркі эмигранттары Батыс демократиясынан әскери көмек болмаса да моральдық қолдау күтеді. Осы жерде М. Шоқайға батыс саясатшыларынан бұрын ғалымдардың алғаш назар аударғанын атап айтуға болады. А.З.Валиди, Ә.Топчибашы, Г.Исхаки сияқты Шоқайды да батыс ғалымдары түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің білгірі ретінде қабылдаған екен. Шоқай өмірінің толық өмірбаянын түзген К.Есмаханбетовтің айтуына қарағанда олардың үйлерінде Француз ғалымдары П.Пельо, Э.Ллоше, Г.Ферранд, ағылшын профессорлары Эдвард Браун, Денисон Росс, Германиядан профессор Герхард Фон Мендемен, Аппермари Фон Габендер болған.

Шоқай Парижде осы ғалымдармен байланысады. Солардың арасында Францияның Сыртқы істер министрлігінде қызмет істейтін ескі танысы, Орта Азияны көп зерттеген тарихшы, археолог, этнограф Жозаф Кастаньемен тығыз араласқан. Осы қайраткер Франция сыртқы істер министрлігіне Шоқай туралы мінездеме дайындап, ұсынады. Өз кезегінде түрлі қызметтерге жол ашатын бұл құжатта Шоқайдың «қалтқысыз дәлдігі, Европаға Түркістанның ұлттық ұйымының тапсырмасымен» [48, Б.226] келгендігі көрсетілген.

Бұл деректер Шоқайдың мұғажырлықта танымал болуы ғылыми ортаның қолдауы арқылы іске асқандығын айғақтайды. Шоқай шығармашылығында әртүрлі тақырыптарды қамтыған ғылыми еңбектердің мол болуы оның саяси көсемсөзбен бірге өз болмысына тән ғылыми шығармашылықтан да қол үзбегендігін танытады.

Ол өзіне тән аналитикалық ойлау жүйесімен Батыс елдерінің арасында қалыптасқан бірнеше жағдайға көз жеткізген. Атап айтқанда Еуропада Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған ешқандай жоспардың болмауы; екіншіден социалистік революцияның капиталистік қоғамға елеулі ықпал

жасамағандығы; соңғысы Ресейдегі бодан халықтардың «тұрмыс тіршілігі мен азаттық күресі туралы толық түсінігінің болмауы» [48, Б.227]. Міне, осы тұжырым Шоқайдың кейінгі кездегі шығармашылық әрекетінің бағыт-бағдарын айқындауға тікелей ықпал етті.

Осы мәселеге қатысты ой қорытар болсақ, Шоқайдың ондағы өмірі мен қызметі мына бағыттар бойынша өрбіді:

- Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған саяси күрестік тұжырымдамасын, ортақ жоспарын жасау;
- Ресейдегі социалистік революцияның жалпы адамзаттық құндылықтармен, демократия қағидаларымен сәйкеспейтін бүкіл болмысын әшкерелеу:
- Ресей (патшалық, кейінгі кездегі кеңестік) бодандығындағы түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі туралы Европа халқын хабардар ету және олардың отарлық, тоталитарлық езгіге қарсы тәуелсіздік жолындағы күресі туралы ақиқатқа көз жеткізу.

Шоқайдың осы бағыттарға топтастырылған шығармалары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының дереккөзі ретінде алдағы тарауларда арнайы қарастырылатын болады.

М.Шоқайдың мұғажырлықтағы кезі жөнінде әртүрлі пікірлер айтылады. Соның негізгі бөлігі оны бас сауғалаған және саяси күрестен бас тартып кетті деген дәлелді алға салады. Осы дәлелге байланысты К.Есмағанбетов «Бұндай тартыс жәй ғана білімсіздіктің көрінісі, М.Шоқайдың кетуі Түркістан ұлттық кеңесінің, сонымен бірге өзі мүшесі болып табылатын Алаш Орда үкіметінен көрілген мәселе. М.Шоқайдың шетелдік миссиясына мынандай міндеттер жүктелді. а) «Түркістан Лигасы Бірлігінің» шетелдік бюросын негіздеу және оның жұмысын жолға қою; б) халықтарының көпұлттық Кеңес өкіметін Түркістандағы әрекеті мен идеологиясын отаршылдық мәнінен хабардар ету; в) батыс елдерінің басшыларына Түркістан халықтарының ұлт-азаттық қозғалыс мақсаты мен міндеттерін жеткізу» [107, Б.70] деген дәйекті тұжырым жасайды. Бұл тұжырымды толығымен қолдауға болады. Осыған байланысты мына деректерге назар аудару керек.

Шоқайдың мұғажырлыққа кетуінің алдында оған жүктер міндеттердің алғы шарттары қалыптасқан еді. 1919 ж 21 ақпанында Түркістан Құрылтайы жиналысын Шақыру Комитеті Версаль бітім конференциясына арнап Париж қаласына. «Түркістан қазіргі кезде Ресейде өмір сүріп тұрған өкіметтерден өзіне саяси-экономикалық және ұлттық-мәдени мүддесіне өкілеттілігін мойындамайды [108, С.71] деген мазмұндағы тізімдерді радиограммамен жіберген еді. Сондықтан да Түркістан Құрылтай жиналысын шақыру комитеті батыс мемлекеттерін конгресте мәлімдеме жасауды Түркістанда бірлескен демократиялық билік орнағанша жауапкершілікті өзіне алатындығын мәлімдеген.

Халықтардың өзін-өзі билеу құқы әлдеқандай шарттармен, кедергілермен қиындатылмауы керек. Шоқайдың танымында ұлттық

тәуелсіздік – әлдекімнің құқына қол салу емес. Еркін өмір сүру – халықтардың табиғи құқы [107, С.73]. Бұндай табиғи құқық хақысы тартып алынбау керек. Осы табиғи құқық идеясы американдық «Тәуелсіздік Декларациясында» (1776), француздардың «Адам және азаматтардың құқы Декларациясында» (1789), Т.В.Вильсонның «Он төрт пункт» құжатында (1918), және т.б. маңызды халықаралық пактілерде көрініс тапқан. Шоқай «Түркістан кеңестік ұлт саясаты теориясы мен практикасы», «Ұлттық мәселе төңірегінде», «Ұлттық күрес майданында», «Кеңес Одағындағы ұлт мәселесі» және т.б. теориялық сипаттағы мақалаларында осы халықаралық құжаттардың қағидаларын басшылыққа алған болатын.

Адам құқы мәселесі бойынша көтерген М.Шоқай тұжырымдары А.Керенский, П.Милюков тарапынан сынға алынып жатты. Аталған қайраткерлер кеңестік Ресейде империялық Ресейдегі сияқты өзге ұлттарды уысында ұстаған әрекеттерін қолдаған «өзара тәуелділік теориясын» ойлап тауып насихаттай бастаған еді. Шоқай оларға империялық шамшылдығы үшін түркістандықтардың өз тәуелсіздігінен бас

тартпайтындығын ашып айтты баспасөз беттерінде. Соның ішінде Керенский қайтарған жауабында «Ресей қазіргі кезде Кеңес Одағы деп аталғанымен мәселенің мәні өзгерген жоқ» [107, Б.74] деген тұжырымы арқылы кеңестік биліктің тоталитарлық сипатын ашып көрсетеді. Бұл жай ғана мәлімдеме емес, нақты деректерге жүгініп, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға жасалған ғылыми талдаулардың жемісі болатын.

Ресейдегі мұсылман халықтарының саяси-қозғалысы 1905-1907 жылдардағы Бірінші орыс революциясынан соң басталды. Саяси қозғалыстың бұл алғашқы кезеңі «мұсылмандық қозғалыс» деп аталды. Оның мәні мәдени-автономиялық бағытта дамып, мұсылман халықтарын Ресей мемлекетінің азаматтары ретінде әлемдік мәдениетке рухани және мәдени дамуға, тартуға бағытталды [108, Б.41].

Түркі-мұсылман саяси қозғалыстарының екінші кезеңі 1917 ж. Ақпан революциясынан басталып, 1917–1920 жылдарды қамтыды да «түркілік» деп аталып, кейіннен этносаяси тұрғыда барынша нақтыланып, «азербайжандық, татарлық, қазақтық т.б.» деп аталып, осы халықтардың өкілдеріне қатысты атала бастады. Бұл кезеңде саяси өмірдің сахнасына бұрынғы мұсылмандық қозғалыстың танымал өкілдерімен бірге азербайжан Мамед Эмин Расулзаде және Мұстафа Шоқай сияқты жас саясаткерлер шықты. Олар өз халқының ұлттық мүддесін қорғап және ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін өз отандарынан алыста, саяси мұғажырлық жағдайында жалғастырды.

М.Э.Расулзаденің түрік-татар халықтарының тегі бір, сонымен бірге олардың әрқайсы өз ерекшеліктері бар, жекелеген диалектіде сөйлейді. Зорлыққа көнген олардың барлығы да өздерінің тіршіліктерінен бас тартпайды [21, С.166] деген сөздері көп жайды аңғартса керек.

Осылайша, дәстүрлі «біртұтас түркі ұлты» тұжырымының шеңберін бұза отырып, Расулзаде әрбір түркі халқының ұлттық бірегейлігін қуаттап,

«Ресей әрбір ұлттың өзіне тиесілі пәтері болатын ғимарат болуы тиіс» деген тұжырым ұсынады. Сонымен бірге ол түрлі дәлелдерді алға салып, Ресейдің мемлекеттік құрылысы сөзсіз федерация болуы тиіс» [109, s.7] деп Азербайжан, Түркістан, Қырғызияны ұлттық-территориялық автономия етіп құруды ұсынды. Бұл ұсыныс түркі халықтарының мәдени автономиясын қамтамасыз етуге қарағанда ұлттық тәуелсіздікке жақындай түскен саяси тұжырым болды.

М.Шоқайдың мұғажырлық қызметінің Кавказдан басталуы себебі отандық тарихнамада толық ашыла қойған жоқ. Бұл қадам сол кезде қалыптасқан саяси ахуалмен тығыз байланысты еді. Түркістан Мұхтариаты қуып таратылғаннан кейінгі кезеңде Закавказ жерінде тәуелсіздік жолындағы саяси қозғалыс кең өріс алды. Айталық, 1918 ж. грузиндердің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған делегациясы (*барлығы 133 адам – В.Т.*) Закавказия Демократиялық федеративті Республикасын жариялап, Закавказияның Ресейден тәуелсіздігін мәлімдеді. Жәдитшілердің Түркістан аумағында іске асыруды армандаған интеграциясы осылайша Кавказда іске асқан еді.

Мамыр айының соңында қалыптасқан күрделі саяси жағдайларға байланысты Закавказ федерациясы таратылып, Закавказ мынадай үш республикаға ыдырады: 1918 ж. 26 мамырында Грузия Республикасы, 28 мамырда Азербайжан Демократиялық Республикасы және Армения Республикасы жарияланды.

Бұл тәуелсіз республикалардың тәуелсіз мемлекеттік құрылымдар жасақтауындағы бейбіт әрекетін «біртұтас бөлінбейтін Ресей» құруды мақсат еткен Деникиннің ерікті армиясының қысымы үзіп тастады. 1919 ж. мамырында Деникин әскері Дағыстанды басып алды. Горский Республикасының үкіметі мен депутаттары Азербайжан мен Грузияға кетті [110, С.50]. Міне, осы кезеңде қазақ даласынан Каспий теңізі арқылы М.Шоқай тәуелсіздігін сақтап тұрған Бакуге келді. Одан әрі Тифлиске барып, 1919 ж. көктемнен 1921 ж. ақпанына дейін әйелі М.Горина екеуі сонда тұрды. Түркістан автономиясының бұрынғы премьері және Алаш Орда үкіметінің мүшесі болған қайраткер Сібір мен Түркістандағы оқиғалардан толық хабардар болғандықтан, тәжірибелі көсемсөзші ретінде «Вольный горец», «Борьба» газеттерімен тығыз бірлікте жұмыс жасады, кейін «На рубеже» журналының редакторы болды.

Мұстафа Шоқай тұлғасы арқылы осылайша Азербайжан және Түркістан ұлттық элитасы ынтымақтастығына негіз қаланды және ол мұғажырлық жағдайында азаттық жолындағы күресте бірлескен әрекеттерге ұласты. Айталық, 1918 ж. ақпанында Бакуге Түркістан Мұхтариаты талқандалған соң бірнеше түрік эмиссарларын ертіп түркістандық делегация келген болатын. Міне, осы кезден бастап олар «Иттихат ва тараккий» (Бірлік пен прогресс) деген атпен құпия қоғамға бірікті. Ішкі және сыртқы ауыр жағдайларға қарамастан Азербайжан үкіметі 1919 ж. 22 маусымда қол

қойылған келісім шарт бойынша Түркістанға үстеме пайызсыз 500 мың манатты 2 жыл мерзімге кредитке берген.

Шоқай кеңестік идеологиямен ашық күресті 1919-1921 жж. Грузияда болған кезінде бастады. Осы билікті «патша билігінің тіптен нашар басылымы», «тарихтың некесіз туған тастандысы» деп атап, «Шефек» «Вольные горцы», «На рубеже», «Грузия» басылымдарда большевиктік биліктің озбырлығын, оның екіжүзділігі мен демагогиясын сынауға батыл кірісті [109, С.399-400].

Кавказдағы саяси жағдай шиеленісе берді. 23 ай өмір сүрген Азербайжан Демократиялық Республикасы 1920 ж. 28 сәуірінде Кеңестік Ресей тарапынан жаулап алынды. Оған дейін Солтүстік Кавказ, 1920 ж. қарашасында Армения, 16 ақпан 1921 ж. Грузия жаулап алынды. Осылайша, Горский Республикасы, Азербайжан мен Түркістаннан Грузияға өздерінің жеке мемлекеттерін қалпына келтіру үшін мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлері Ресейдегі соңғы күресі орталығын тастап шығуға мәжбүр болды. Мұстафа Шоқай Грузиядан бірден Түркияға сапар шекті.

Ал оның болашақта ынтымақтаса қызмет ететін идеялас досы М.Э.Расулзаденің тағдыр жолы басқаша өрбіді. 1921 ж. ақпанында Расулзадені Төтенше комиссия тұтқынға алды. Бірақ, бір кездері И.Сталинді бірнеше рет полициядан құтқарып қалғандығы ескеріліп, ол тұтқыннан босатылады және оны Сталин Мәскеуге алдыртады. Осылайша М.Э.Расулзаде 1922 ж. дейін Ұлт істері халық комиссариатында қызмет істеп жүріп, құпия жағдайда Кеңестік Ресейді тастап шығып, Финляндияға өтеді. Одан Берлин, Париж арқылы Түркияға барып, азербайжан мұғажырларын топтастыру және ұйымдастыруға кіріседі [110, С.51].

Осы жерде айта кететін бір мәселе, Түркия халықтары арасынан азербайжанның зиялылары мұғажырлық жағдайда біршама кең ұйымдық құрылым қалыптастыра алды. Соған сай олардың саяси қозғалыстарында этникалық тұрғыда топтасу айқын аңғарылады. Осындай әрекеттің орын алғандығын қазақ мұғажырларына қатысты айта алмаймыз. Өйткені қазақ зиялыларынан Европаға шыққан мұғажырлар жоқтың қасы еді. Мәселені Түркістанға қатысты айтқанда да осы жағдайға тап боламыз. Түркістанды мекендеген өзбек, қырғыз, түрікмен халықтары арасынан шыққан саяси мұғажырлардың қатары аз болды. Сондықтан да Мұстафа Шоқай бастаған түркістандық санаулы мұғажырлар Түркістан мәселесін өзге түркі халықтарының мұғажырларымен ынтымақтастықта ғана көтергенде елеулі қолдауға ие болатындығын жақсы білді.

Мәселеге айқындық үшін осы жерде 1941 ж. Мұстафа Шоқайдың неміс тұтқынынан босатқан түркістандық жастарды өз төңірегіне топтап, олардың қатарынан ұйымдық құрылым құру әрекеттері болғанын айтуымыз керек. Әйтсе де бұл жағдайдың саяси мұғажырлыққа қатысы жоқ, оның мәні мен мазмұны мүлдем бөлек болғандықтан, бұл желіні арнайы қарастырмаймыз.

Ұйымдық топтануға қол жеткізе алған азербайжандық мұғажырлар М.Э.Расулзаденің бастамасымен «Мусават» партиясының шетелдік

бюросын құрып, ең алдымен «өзіміздің тіршілік етіп жатқанымызды мәлімдеудің бірден-бір жолы» [110, С.53] ретінде мұғажырларлық баспасөзді қолға алды. Осылайша азербайжандық саяси мұғажырлардың ғана емес, түркі-мұсылман мұғажырларының алғашқы баспасөз органы «Ени Кавкасия» жарық көрді. Бұл жағдай мұғажырлықтағы өзге түркі халықтарының өкілдеріне де ұлттық мүддені қорғап, идеологиялық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік берді.

Осы журналда жарияланған еңбектер қатарында М.Э.Расулзаденің И.В.Сталинге ашық хатына арнайы тоқтауға болады. Осы хатта Расулзаде бір кездері өзін ажалдан құтқарып алғандығы үшін Сталинге рахмет айта отырып, оның саясатын қатты сынға алады. Атап айтқанда, Кавказ бен Түркістандағы ұлттық қозғалыстарды қарудың күшімен жоюды жергілікті пролетариаттың мүддесін қорғау желеуімен атайтындығы, ал ондағы пролетариат патшаның орыстандыру саясатының нәтижесінде құрылған азшылық мүддесі үшін жергілікті халықтың өзін-өзі билеуі мен тәуелсіздікке ұмтылған құқын аяққа таптап жатқандығын айта келіп, «Азербайжан мен Түркістанда жарияланған пролетариат диктатурасы шын мәнінде Мәскеудің диктатурасы, одан басқа ештеңе де емес» [111, С.25] деп жазады.

Бұндай батыл айыптаудың жаңғырығы, әрине, Мәскеуге жетіп жатты.

Осы «Ени Кавкасия» журналының үлгісімен түркістандық саяси мұғажырлар М.Шоқайдың басшылығымен 1927 ж. «Иени Түркістан» журналын жарыққа шығарды. Ол журнал ТҰБ-ның баспасөз органына айналды.

Өзге ұлт мұғажырларының өкілдерімен бірге түркістандықтар да еуропалық мемлекеттер мен Түркияға КСРО-дағы түркі халықтарының азаттық алуына көмектеседі деп үміт артты. Алимардан Топчыбашев 1924 ж. дейін Азербайжанның тәуелсіздігін қалпына келтіру үшін 1922–1923 жж. Канн, Генуя, Лозанна қалаларындағы халықаралық конференция мәжілістеріне қатысып, күрес жүргізген. 1924 ж. еуропалық мемлекеттер Кеңес Одағымен достық қатынас орнатып, большевиктік билікті тануына байланысты Батыс Еуропа саясаткерлерінің Түркістанмен қатар Кавказ мұғажырларына деген саяси қызығушылығы жойылды.

Міне, осы жағдайда Кавказ мұғажырларының сүйенер тірегі Польша мемлекеті болды. нәтижесінде біртұтас саяси тұғырнамадағы Кавказ конфедерациясы құрылып, саяси саяси ұйымға айналды. Ол ұйымның үйлестірушісі Польша Сыртқы Істер министрлігі мен Бас Штабы еді.

1926 ж. билікке маршал Ю.Пилсудскийдің келуіне байланысты болған ішкі саяси өзгерістер бойынша поляк үкіметі Кавказ конфедерациясымен байланысты негізгі ставканы Расулзадеге және «Мусават» партиясына жасады.

Көп ғасырлық тарихы бар Осман империясының ыдырап, жаңа Түркия Республикасының құрылуы, мемлекеттіліктің қалыптасуының алғашқы жылдарында Мұстафа Кемалдың «түріктің түріктен басқа досы жоқ» деген

ұраны түркі халықтары арасындағы бірлікті күшейтті. Осындай саяси бағдардағы Мұстафа Кемал Ататүрікті М.Шоқайдың қолдауының басты себебі осы еді. Осыған байланысты айта кетеріміз, Мұстафа Шоқай Түрік ұлт-азаттық қозғалысының басшыларын «Большевиктердің жақтастары» деп айыптаған Кеңес Одағы одақтастарына тиісті жауап қайтару үшін ағылшын қолбасшылығымен арнайы кездескен. Кездесуде Шоқай Мұстафа Кемалды кеңестік Ресеймен жақындастырған себептерді түсіндіріп, жас Түркия Республикасын қолдайтығын білдіреді [112, s. 54]. Түркия осыдан кейін түркі мұғажырлығы орталықтарының біріне айналды [113, Б.112].

Бұл пікірді Ю.Ақшораның «Түркістанның да, басқа түрік өлкелерінің де тәуелсіздігі Түркияның тәуелсіздігіне байланысты, егер Түркия мемлекет ретінде сақталып қалса, Мұстафа Кемал амалын тауып Түркияны, Анадолыны құтқарып қалса, бұл біздің және сіздің Түркістанды құтқаруымыздың да басы болар еді» дегені сөзімізді дәлелдей түседі» [16, Б.127] деген сөзі де айғақтайды.

Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің жаңа белеске көтерілуіне Мұстафа Кемал бастаған түркішіл қайраткерлермен кездесулері, пікір алмасулары үлкен серпін берді. Осындай кездесулерде ол өзінің саяси көзқарастарын шыңдап, идеялас қайраткерлермен тығыз байланыстар орнатты.

Түркі халықтарының саяси бірлігінің болашағына үміт артқан Мұстафа Кемал Ататүрік Түркия Республикасының 10 жылдығында сөйлеген сөзінде Австрия-Венгрия және Осман империясы сияқты Кеңестер Одағының да уақыты келгенде ыдырайтындығын айта келіп, сол кезде Орталық Азиядағы қандастарымыз тәуелсіздіктеріне қол жеткізетінді жөнінде саяси болжам айтқан еді. Сол күнді күтіп отырмай «арадағы көпірлерді құруымыз керек. Ол көпір - тарихымыз, тіліміз, мәдениетіміз. Осыларды бүгіннен қалыптастырайық. Ортақ тарихымызды жазайық. Ертең бұл біздің арамызды жалғастыратын берік дәнекерге айналады» [114] деген сөзі М.Шоқайды өз идеяларының іске асатындығына деген сенім ұялатқан деп білеміз. Мұстафа Шоқай сияқты ұлт-азаттық қозғалысы ойшылының идеясы осылайша мемлекет қайраткерінің аузынан алысты болжаған саяси тұжырым болып айтылды.

Қазақстандағы алаштық зиялылар кеңестік билікті қабылдай алмағанымен, мойындауға мәжбүр болғандығын М.Қойгелдиев Ә.Бөкейхановтың ОГПУ тергеушілеріне берген мына жауабы арқылы көрсетеді: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын», - деп кеңестік биліктің бұл міндетті толық атқара алатынына күмән келтіреді. Бұл бағыттағылар алдымен қуғын-сүргінге түсіп, артынан түгел атылады [15, Б.224]. Ата жұртында қалған Алаш зиялыларының талайлы тағдырын жете түсінгендіктен де Мұстафа Шоқай саналы түрде мұғажыр тағдырын таңдап алған болатын.

Мұстафа Шоқайдың Стамбулдағы жақтастарымен бірге жарыққа шығарған «Иени Түркістан» журналы 1931 жылы қыркүйек айында түрік

үкіметінің шешімі бойынша жабылып, ал «Яш Түркістан» журналы ТҰБ баспасөз органы ретінде шыға бастады. Шоқай бұл журналды тікелей басқармағанымен оған ықпалы болды. Тахир Шағатай «Иени Түркістан» журналының Түркістан мәселелерін жеткілікті дәрежеде қамти алмағаны үшін «Яш Түркістан» журналының шыға бастағанын айтады [15, Б.262]. «Иени Түркістан» жабылған соң «Яш Түркістан» журналы Түркістан қозғалысының іштегі және сырттағы жалғыз басылымы болып қалғандығы, кеңестік қысым күшейген тұста жалғыз «Яш Түркістан» журналы ғана Түркістанның тәуелсіздігі жайында жарияға жар сала алды.

М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған басты мақалалары негізінен тәуелсіздік идеяларын көздегендігін аңғарамыз. Осы журналдың 1929 ж. № 1 санында «Біздің жол» атты басылымның саяси-идеологиялық бағыт-бағдарын айқындаған мақаласы жарық көрді.

М.Шоқай орыстың «ақ мұғажырлық» баспасөзімен тығыз байланыста болып, 1923 ж. кейін «Дни», «Последние новости» басылымдарына мақала жазып тұрған. А.Керенский сияқты оппоненттерімен араздасқаннан соң да бұл басылымдарда түркістандық мүддені көтерген және орыстың «көкезу», «мылжың», «демократтарына» қарсы полемикалық мақалалар жазып тұрды.

Мұғажырлықтағы М.Шоқайдың тәуелсіздік туралы идеясы эволюциясының динамикасын оның мынадай еске алуынан аңғарамыз: «...біздің мұғажырлық топтар Түркістаннан келген әрбір поштадан орыс халқы туралы, оның демократиялық және төңкерістік топтары туралы ескі таным-түсінігімізге өзгерістер енгізетін жаңалықтармен танысудамыз. Біздің бұрынғы жетекшілеріміз Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б. орыс халқына тән ерекшелік – ұлттық эгоизм мен ұлттық үстемдіктің жоқтығына қатты сенген болатын. Олар осы өз сенімдерімен басқаларды да сендірді және соңдарынан көпшілікті ерте білді. Ақпан төңкерісі кезінде орыс демократиясына, әсіресе оның төңкерісшіл бөлігіне деген соқыр сенім жетегінде жүрдік. Украиндар бірінші болып ұлттық айқындалу бағдарламасымен шыққан кезде, бұл біздерге, түркістандықтарға жасалған бірінші сақтандыру және орыс халқына деген біздің сенімімізге қағылған бірінші сына болды» [17, Б.214]. Әрине, Шоқайдың нағыз түркішіл болып қалыптасуының сырын аңғару үшін оның қаншалықты осындай саяси сынақтардан өткенін көруге болады.

Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықта тығыз бірлікте жұмыс жасаған басылымы 1926 жылдың қарашасында аңыздық кейіпкердіңң атымен жарыққа шыққан «Прометей» журналы. Журналдың 1926-1938 жж. бас редакторы және басшысы Георгий Гвазаба болды.

«Прометей» журналына қатысты әңгіменің Мұстафа Шоқайға қаншалықты қатысты маңыздылығы - азербайжандық мұғажырлық өкілдері Х.Султанов, Мустафа Векилли және Джейхун Гаджибейли ұсынысымен редакцияға Түркістанның большевизмге қарсы ұйымның өкілдерінің енгізілуі болды. Осылайша 1927 ж. бастап «Прометей» журналы «Кавказ,

Украина және Түркістан халықтары ұлттық қорғау органы» [110, С.59] деген атпен жарық көре бастады.

Мұстафа Шоқай 1937 ж. 15 ақпанда жазылған хатында Варшавадағы «Прометей» ұйымында ТҰБ өкілінің болмауы оның жұмысына тұрақты түрде біздің қатысуымызға мүмкіндік бермейді. Сол үшін де «Прометей» басқармасының халықаралық сипаттағы мәлімдемелері мен меморандумдарының мазмұнымен таныстырып отырғаны жөн, - дей келіп, төрағаға ТҰБ өкілі бола отырып, Ұлттар Лигасына немесе жекелеген мемлекеттерге қатысты мәліметтерге тікелей талқылау нәтижесінде ғана қол қоятындығын ескертеді [115].

Осылайша «Прометей» журналының редакциялық алқасына түркістандықтардан Шоқай енді. Журналмен бірге онымен аттас қозғалыс пайда болды. Прометей қозғалысының алдына мынадай міндеттер жүктелді: КСРО аймағынан тыс орыс емес мұғажырлардың түрлі ұйымдарының басшылары арасында пікір алмасу мен олардың ықпалдастығын үйлестіру. Ал уақыт өте келе оның қызметі ауқымды идеялық–саяси кеңістікті қамтиды. Бұл қозғалыстың дамуында 1928 ж. Варшавада М.Ә.Расулзаденің тікелей қатысуымен «Ресейдің Кавказдағы халықтарының Лигасы» («Прометей» қоғамы) журналы үлкен рөл атқарды. Оның басшылығының құрамына Азербайжаннан М.Э.Расулзаде, М.Мехтиев, ал Түркістаннан Мұстафа Шоқай енді [110, Б.60]

«Прометей» журналының редакциясы мен түркістандықтардың арасында бұрынғы Бұхар әміріне қатысты «Бұхар мәселесі туындағандығын, оның себебі мәселеден тым алыс, хабарсыз адамдардың дайындауымен ұсынылған мақала Ахмед-Наимның араласуымен жарық көрмегендігін, осыған байланысты Бұхар әмірінің орыс монархизмінің агенті екендігі жөнінде түркістандықтардың ортақ пікірін редактор Гвоздов мырзаға ескерткендігін» жазады [116].

Мұстафаның әріптестері оған жер-жерден хат жазып, атқарған тірліктерінен хабардар етіп отырған. Сондай Мұстафаға жолданған хаттардың бірінде Стамбул қаласында болған конференцияда қандай мәселелер қарастырылғандығын қысқаша баяндай келіп, «Алла қаласа, Парижде жолыққанымызда сізге мәселені кеңінен түсіндіремін» [117] деп жазады.

Бұл кезең М.Шоқайдың мұғажырлықтағы қызметінің барынша белсенді сипат алған уақыты болды. «Прометейші» қозғалыстың шеңберінде оны тек азербайжан мұғажырларымен ғана емес, олардан өзге мұғажырлық топтардың ошақтарымен де тығыз араласа бастады.

Расулзаденің туркизм идеясына қатысты ойының даму эволюциясын да айқындаудың танымдық маңызы үлкен. Ол пантуркизм концепциясында мәдени мағынада туркизм идеясы маңызды, сондықтан түрлі түркі халықтарының арасында мәдени байланыстарды реттеп, терендету қажет дей келіп, М.Э.Расулзаде «халықтың ұлттық топтасуында нәсілдік негіз бастысы емес, өйткені бір нәсілдік негізден әртүрлі дербес ұлттар шығуы

мүмкін» дей келіп, өз қарсыластарына «біртұтас түрік ұлты деген жоқ, түрік нәсілінің бірнеше ұлты бар» [111, С.99] деп нақты жауап қайтарады.

Осы кезде Расулзаде мен Шоқайдың арасындағы идеялық қарама-қайшылық жөнінде де айта кетуге тура келеді. Расулзаденің бұндай мәлімдемесін Х.Сұлтанов бастаған азербайжан мұғажырлары қажетті түсіністікпен насихатай алмады. Олар Расулзадені христиан халықтары өкілдерімен ынтымақтасуға ұмтылуы «түркі мүддесіне сатқындыққа» ұласады деп айыптады. Бұндай айыптаулар саяси алып-сатарлық сипат алды. Өйткені, Х.Сұлтанов бастаған мұғажырлардың өздері Кавказ конфедерациясын құруға қарсы емес еді, оның үстіне олар да христиан халықтары мұғажырлары өкілдерімен белсенді түрде ынтымақтасып жүретін. Соған қарамастан олар «Прометей» қозғалысын азербайжандар бөлімін басқарғанын айыптауды жалғастыра берді.

М.Шоқай Расулзаденің ұстанымдарына саяси-идеялық көзқарас тұрғысында ғана қарсы болды. Расулзаденің қарсы пікірталас туғызған «О пантуркизме» кітабындағы басты тезис – ол Азербайжанның тағдырын Кавказбен байланыстырады да «пантуркизмді» саяси мағынада емес, тек мәдени тұрғыда қарастырғандығын мәлімдеген болатын [108, Б.64].

М.Шоқай Расулзаденің бұл мәлімдемесін «Прометей» қозғалысындағы түркі халықтарының біртұтас майданындағы позициясын әлсіретеді деп қабылдады. Шоқайдың күдігі негізсіз емес еді. Өйткені, Украина мен Кавказға қарағанда Еуропадан тым алыс жатқан Түркістан мәселесі «Прометей» қозғалысына отан болған Польшаның және басқа да батыстық державаларды біртұтас түркі халықтарының бірлігі құрамында ғана көре алатындығын қажет деп білетін еді.

Шоқайдың Расулзадемен саяси-идеялық тартыстары одан әрі өршіп кетуіне 1934 ж 14 шілдеде Тәуелсіздік комитетінің құрамындағы Кавказ ұлттық орталықтарындағы Азербайжан, Грузия, Солтүстік Кавказдан Кремль езгісінен құтылған соң Кавказ Конфедерациясын құру жөніндегі Пактіге қол қоюы себеп болды.

Бұл саяси-идеялық пікірталас 1937 ж соңында «Мусават» партиясы мүшелерімен ашық теке-тіреске ұласып кеткені аңғарылады.

Енді бұндай идеялық-саяси алауыздықпен Азербайжан мен Түркістан халықтарының болашағын сондай күрделі де қиын кезеңде болжап көрудің қажеттілігінен туындағаны да белгілі.

М.Шоқай мен М.Э.Расулзаде – саяси мұғажырлықтағы түркі халықтары өкілдері арасында аса көрнекті тұлғалар екендігіне дау жоқ. Олар ұлт–азаттық қозғалыстың стратегиясын айқындап, тәуелсіздік идеяларын негіздеуші қайраткерлер бола алды. Дегенмен, аса ірі екі тұлғаның арасындағы пікір алшақтығына, саяси көзқарастарына қарамастан Кавказстан мен Азербайжанның мемлекеттік тәуелсіздік алуымен өздігінен шешімін тапты. Олай дейтініміз, екі тұрғыдан саяси көзқарастарында орын алған Азербайжан оның Кавказ Конфедерациясына бірігуі деген сияқты мәселелер қазіргі уақытта мүлдем жаңа сапада, жаңа сипатта шешімін

тапты. Оған дәлел, түркітілді мемлекеттердің терең саяси-экономикалық, мәдени-рухани интеграциясының ортақтығымен қатар әр мемлекеттің сыртқы саясатта көпвекторлы базаны орнату түрінде көрініс тапты.

Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы саяси күресі стихиялы емес, жоспарлы түрде ұйымдасқандық сипатта өрбіген. Ол ресейлік мұғажырлар ортасында саяси ағымдар мен ұйымдардың ықпалында қалып қоймай «түркілік ортамен» тығыз байланыс орната алды және саяси күреске ұйымдық сипат берді.

Батыс Европада түркі халықтарының азаттығы күресіне ұйымдық негіз қалау, шетелдік билік институттарының өкілдерімен кездесіп, келіссөздер жүргізу, Ұлттар Лигасы мен басқа да халықаралық ұйымдарда Ресейдегі түркі халықтарының азаттық күресі, олардың тәуелсіздік мұраттары туралы хабардар ету, тіпті әлемдік қауымдастықты большевиктер саясатының адам құндылықтарын аяққа таптайтын аса бір қатерлі бағытта дамып келе жатқандығына иландыру сияқты міндеттерді стихиялы түрде іске асыру мүмкін емес болатын.

Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы саяси күресі туралы мәселені қозғағанда алғашқы кезекте оның тікелей басшылығында болған «Түркістан Ұлттық Бірлігі» саяси ұйымын еске аламыз. Осы саяси ұйым қалай, қашан, қайда құрылды деген сауалға жауап берер болсақ, тағы да оның дерегін Шоқайдың өз шығармашылығынан іздейміз.

Шоқайдың деректеріне қарағанда ұйымның құрылуына 1918 ж. қараша айында Екатеринбургте өткен жасырын жиын негіз болған. Ол жасырын жиында құпия ұйым құрылады да оның төрағлығына М.Шоқай тағайындалып, «Түркістан Ұлттық Бірлігінің ұйымдастырылуы» деген мақаласында ұйым мүшелері қатарында А.-З.Валидидің есімін атап, қалған мүшелері қазақ, өзбек, татар халықтарының өкілдері екендігін жазады. Осы үшеудің кім екендігі жөнінде Мария Шоқай олардың Ильяс Алкин, Мүнауар Қари болғандығын атаса, К.Есмағамбетов қазақтардың өкілі Халел Досмұхамедов немесе Әлихан Бөкейхановтың бірі болуы мүмкін деген болжам жасайды [11, Б.258].

Шоқайдың деректерінде Түркістанда жұмыс жасаған саяси ұйымдардың негізі осы ұйым арқылы қаланды деген тұжырым қалыптасқан. Ол ұйым 1919 жылдан «Түркістан комитеті» деген атпен танылған. Азамат соғысы жылдарында «Түркістан ұлттық комитеті» құрылды деген дәйек мұрағаттық деректерде кездеспейді [48, Б.259]. Дегенде, М. Шоқайдың мұғажырлыққа кетуімен осындай саяси ұйым құру идеясы тоқтап қалмайды, қайта одан әрі жалғасады.

1920 ж. желтоқсанда Бұхараға келген Ахмет Заки Валиди Бұхара, Хорезм, Түркменстандағы тәуелсіздік жолындағы күреске саяси басшылық жасайтын орталық құруға әрекет жасаған. Ол Бұхарадағы үкімет мүшелері Файзулла Қожаев, Осман Қожаев, Абдуллқадір Мұхитдинов және басқаларымен кеңесіп, 1921 ж. 23 қазанда Әнуар Пашамен жолығады. Ахмет Заки Валидың «Естеліктерінде» 1921 ж 2-5 тамызда Бұқарада болған

«Ұлттық бірлік конгресі» (*бұл Мәскеудегі когрестен соңғы 5-конгрес еді – В.Т.*) Орта Азия мұсылмандары ұлттық федерациясы кейіннен «Түркістан ұлттық бірлігіне» айналғандығын жазған болса, осы саяси ұйымның бағдарламасын Валиди 1921 жылдың бас кезінде–ақ дайындап қойған екен [118, Б.74]. Демек, ТҰБ саяси ұйым ретінде мұғажырлықта емес, Түркістан жерінде және түркістандық ұлттық элитаның тікелей қатысуымен іске асқандығы аңғарылады.

Белгілі зерттеуші Б.Садықова М.Шоқай Парижде жұмыс істеген Түркістан Ұлттық Бірлігіне (Union Nationals du Turkestan) басшылық жасады деген пікірін М.Шоқайдың «Түркістан Ұлттық Бірлігі» атты мақаласында Түркістан Ұлттық Бірлігі» эмигранттық ұйым емес, ол Түркістанда азамат соғысының ауыр жылдарында 1922 ж. Ташкентте, Самарқанда, Бұхарада және басқа қалаларда дүниеге келді [48, Б.262] деп жазғаны шындыққа саяды.

Аталған ұйымның алғашқы конгресі 1924 ж 29 қарашада Берлин қаласында өтіп, оған М.Шоқай, А.-З. Валиди, Абдулақап Муради, Тахир Шакирзаде (Шағатай), Ғазымбек Бірімжанов, Фаткелькадер (Абдулкадер), Сулеймен (Инан) қатысып, ұйымның аты «Түркістан азаттық қоғамы» болып өзгереді. Осы жиында Шоқай ұйымның басқарушы органы – Орталық Комитеттің мүшелігіне, төрағаның орынбасарлығына және ұйымның Европадағы өкілі деген жауапкершіліктерді мойнына алады.

Ал 1927 ж 15 наурызында өткен конгресте «Түркістан азаттық қоғамы» «Түркістан Ұлттық бірлігі» (ТҰБ) болып өзгертіледі. Осылайша, Түркістанда негізі қаланған саяси ұйымның құрылымы мен атауы орнықты. Ұйымның Орталық комитетінің құрамы А.-З. Валиди, Осман Қожа (төраға) және М.Шоқай сайланады.

Осы ұйымның басшылығындағы М.Шоқайдың атқарған қызметтерінің бір саласы – Түркістан мен Бұхарадан, Қазақстаннан Германияға оқуға жіберілген жастарға комиссарлық жасау болған. Түркістан үкіметінің Т.Рысқұлов, А.Рахымбаев бастаған басшылары Германияның жоғары және орта арнаулы оқу орындарына 70-тен астам жастарды оқуға жіберуге қол жеткізеді. Осы жастардың қатарында қазақтардан Ғазымбек Бірімжанов, Әбдірахман Мұңайтпасов, Дамолла Битілеуов, Темірбек Қазыбековтердің аттары аталады. Олардың барлығы да ТҰБ жұмысына араласады.

Кеңестік билікке оппозициялық бағыт ұстаған мұғажырлықтағы және билік басындағы саяси элитаның бастамашылығымен түрік халықтарын бостандыққа жеткізуге қолдау көрсетін ұйымдар қалыптаса бастады, дей келіп, Түркістандағы большевиктік биліктің өміршеңдігін сезген ұлт зиялылары азаттық жолындағы күрестің ауқымын кеңейту мақсатында шет елдерге жастарды жіберуді қолға алған [113, Б.111] деген тұжырым жасайды. Тимур Қожаоғлының дерегіне қарағанда «Түркістан Ұлттық бірлігі» қоғамы бастама көтеріп, Бұхара Халық Республикасы үкіметінің төрағасы Ф.Хожаев, Түркістан АКСР Халком кеңес төрағасы Т.Рысқұловтар ресми қолдау көрсетіп, 70-ке жуық жастарды Түркия мен Германияға оқуға жіберген [119,

S.30]. РГАСПИ қорларында Т.Рысқұловтың Германияға сапарына қатысты құжаттардың дерегінде түркістандық 11 студенттің әрқайсына 200 доллардан, 1923 жылдың соңғы төрт айына және 1924 жылдың қаңтар айларына стипендия берілгендігі айтылады [120]. 1923 жылдың 17-қыркүйегі мен 10-қазаны аралығында Т.Рысқұловқа жолбасшы және аудармашы болып Ғ.Бірімжанов қызмет көрсеткен. Осы оқудағы түркістандық жастар Ғ.Бірімжанов, А.Наим, А.Ибрахим, Абуллахап Оқтай, Тахир Шағатайлар ТҰБ мүшелігіне өтіп, саяси қызметтер атқарған.

Дегенде, М.Шоқай түркістандық жастарды саяси жұмыстарға тартуға аса сақтықпен қараған. ТҰБ мүшелерінің барлығымен олардың болашағына үлкен жауапкершілікпен қарауға, оларға қолдың келгенінше моральдік және материалдық көмек беруге шақырады [48, Б.269]. Шоқай осы тақырыпқа бірнеше мақала жариялап, жастардың ізіне түсіп жүрген ГПУ-ға қуғындау үшін дәйек бермеу керектігін айтады.

Шоқай ТҰБ бірлігін сақтау мақсатында саяси әдеп сақтап 1927 ж. ол ұйымның басшылық құрамынан шығып кеткен. Бұл шешімге А.-З.Валидимен арадағы қозғалыстың тактикалық мәселелері бойынша пікір алшақтығы негіз болған. Ал екі жылда соң 1929 ж. 11 наурызында М.Шоқайдың ТҰБ мүшелігіне, оның Орталық Комитеті құрамына өкілдігі де толық қалпына келтіріліп, бұрынғы шешімдердің күші жойылады. Ал А-З.Валиди мен оның идеялас серігі Абдулкадыр Инан ТҰБ құрамынан шығып, өз алдына «Башқұрт комитетін» құрады. Олардың бұл шешімі мұғажырлар тарапынан қолдау таппайды.

1929 ж. 13 қыркүйегі – 2 қазан аралығында Стамбулда өткен ТҰБ Конгресінде Шоқайдың ұсынысымен Осман Қожа ТҰБ Орталық Комитетінің төрағалығына сайланады, бірақ осы кезеңнен бастап іс жүзінде ұйымды Шоқай басқарады [48, Б. 275-276].

Еуропадағы саяси мұғажырлықтың «түркілік ортасына» іріткі салуға бағытталған бұндай саяси алауыздықтың сыры Шоқай мен Валидидің жеке басараздығы немесе бақталастығы емес еді. К.Есмағамбетовтың айналымға ұсынған деректеріне сүйенсек, Валидидің Шоқайға жазықсыз жала жауып, оның үстінен дау-дамай көтеруі саяси ойынның сценарийі екендігіне көз жеткіземіз. Олай дейтініміз, ОГПУ органдары Валидиді өз жағына тарту туралы 1924 жылдың өзінде әрекет жасаған екен. Оның Берлинде өткен «революциялық–социалистік» партияларының халықаралық конференцияларына қатысып, 1924 ж. сәуірінде Кеңес Одағының Берлиндегі елшісіне, 1926 ж. 13 наурызда И.В. Сталинге хат жазуы арқылы большевиктермен тіл табысуға ұмтылуы ұлттық қозғалыс мүдделеріне зиянын тигізген [43, Б.277].

Осындай саяси пікірталасқа сүйеніп, орыс ғалымдары А.-З. Валидиді «кеңес тыңшысы» деп тұжырым жасайды [121, С.399]. Шоқайдың Валидиге ондай айып таққан сыңайда айтқан сөздері кездеспейді. Соған қарағанда түркілік қозғалыстың екі алып тұлғасының ара-қатынасы арнайы қарастыруды қажет етеді.

Бұл мәселе біздің зерттеу мақсатымызда қарастырылмағандықтан да осы шолулармен шектелеміз. Осыған байланысты айтпағымыз, ТҰБ ұйымында бірін-бірі алмастырып басшылық жасағанымен Валидиге қарағанда Шоқайдың түркі халықтарының бірлігі мен азаттығы идеясына барынша адал болғандығын атап көрсету. ТҰБ саяси тұғырнамасы Шоқайдың басшылығымен қалыптасты және осы бағытта қызмет істеді деп айта аламыз. Шоқай ТҰБ-тың ең соңғы төрағасы болғандығы да ескерілуі керек. 1939 ж. 24 наурыз - 19 сәуір аралығында Берлинде осы саяси ұйымның соңғы конгресі өтеді де, онда М.Шоқай төраға болып сайланып, ұйымның орталығын Стамбулдан Еуропа қалаларының біріне көшіру туралы шешім қабылданған.

Ендігі бір назар аударылатын мәселе, ТҰБ-ның қай кезде өз қызметін доғарғандығы. Бұл жөнінде әзірге нақты құжаттық деректер қолға түспегендіктен де К.Есмағамбетов ІІ дүниежүзілік соғыс басталып, фашистік Германия басшылары Шоқайды өз мақсат-мүдделеріне жұмыс істеуге тарту себептерінен оның ұйымға қатысты істерден қол үзуіне байланысты ТҰБ өз жұмысын бірте-бірте тоқтатуға мәжбүр болған [48, Б.279] деген болжам жасайды. Біз де ғалымның бұл болжамын қуаттаймыз.

Түркістан Ұлттық Бірлігі саяси ұйымның қызметіндегі Шоқайдың атқарған рөлін айқындау үшін осы ұйымның баспасөз органдарына да арнайы тоқталу қажет. Ұйымның алғашқы баспасөз органы «Иени Түркістан» журналы 1927-1931 жылдары, екінші «Яш Түркістан» журналы 1929-1939 жж., «Түркістан» журналы 1934-1935 жж. жарық көрген болатын. Осы үш басылымның да ұйымдастырушысы, басшысы, белсенді авторы М.Шоқайдың болуы көп мәселені аңғартады. Ол еуропалық тілдегі көптеген басылымдармен тығыз байланыс орнатып, белсенді автор болып қатынасқандығы оны саяси және халықаралық тақырыпта сараптамалық мәселелерді жазатын өткіртілді публицист, сарапшы ретінде танытқаны даусыз. Ал, жоғарыда аталған журналдарды басып шығаруды тікелей өзі ұйымдастырып, қаржыландыруы, журналдардың бағыт-бағдарын айқындау, оның обьективті көзқарасқа негізделген ғылыми, деректік стилін қалыптастыра алуы Шоқайдың шығармашылығымен бірге қоғамдық-саяси қызметінің жаңа қырын танытады.

Түркістан ұлттық Бірлігі ұйымының баспасөз органын құру туралы мәселе бойынша 1925 ж. 12 мамырда өткен жиында шешім қабылданып, оған қаржы табуды Валидиге жүктейді. Дегенмен, араға екі жыл салып «Иени Түркістан» журналдағы Шоқайдың рөліне қатысты А.-З. Валиди былай деп мойындайды: «Әрине, Шоқаев бірінші болып қаржы тапты, журнал шығару жөнінде пікір де бәрімізден бұрын басына келді» [48, Б.282].

Демек, аталған журналдың редакторы болып қызмет істемесе де Шоқайдың бұл басылымдағы рөлі жоғары болды. Бұл журнал кең таралып, сұранысқа ие болуына қарамастан, Кеңес Одағы мен Түркияның ара-қатынасына байланысты себептермен Түркия үкіметінің шешімімен жабылып қалды.

Ал екінші басылым «Яш Түркістан» журналын шығару идеясы Германияда оқып жүрген түркістандық жастармен 1929 ж. қазан айында Шоқайдың кездесуінде дүниеге келді. Осы жылдың желтоқсанында журналдың алғашқы саны Польшадағы «Прометей» қорының қаржыландыруымен жарыққа шықты. Мұстафаның өзі айтқандай журнал «күрес пен насихат органы ретінде» құрылғандықтан да «Яш Түркістан» «Салиқалы Европа газеттері мен журналдарының сеніміне ие болды». Осындай танымалдығына қарамастан «Яш Түркістан» журналына Түркияның алғашқы президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің шешімімен «Кеңес үкіметімен қарым-қатынастардың жақсаруына қарсы бағытталған жазбалардың орын алуына байланысты Түркия аумағына кіргізуге тиым салынады [48, С. 294]. Бұл жағдай 1934 жылдың қазан айында орын алады. Мәселенің, яғни журналдың Түркияда таралу мүмкіндігін сақтап қалу үшін Шоқай осы айда журналдың мазмұнын, тілі мен стилін сақтап, атын «Түркістан» деп өзгертіп шығара бастайды. Бұл журналдың бағыт-бағдары «Яш Түркістанмен» сабақтас болғанымен, оның небәрі бес саны ғана жарық көріп үлгерді. Нендей себептермен жабылғаны белгісіз.

Зерттеу барысында Мұстафа Шоқайды Түркістан қозғалысының көшбасшысы ретінде тұлғаландыруда оның қызметінің бағыттарын мынадай арнайы кесте түрінде жинақтап ұсынғанды дұрыс көрдік.

Кесте 1 - Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы қоғамдық-саяси қызметінің бағыттары

| | |
|---|---|
| Түркістан ұлттық бірлігі ұйымының басшысы | ТҰБ басшысы ретінде эмиграциядағы түрік халықтары өкілдерінің саяси және шығармашылық жұмыстарын үйлестірді |
| Кеңестік биліктің ұлт саясатын әшкерелуші | Кеңестік баспасөз құралдарының деректерін талдап, Орта Азия мен Қазақстанда жүргізілген реформалардың жергілікті халықтарыдың құқын аяққа таптаған саясатын әшкереледі |
| Түркістан халықтары тәуелсіздігі идеясын ғылыми негіздеуші | Түркістандағы кеңестік биліктің легитимсіздігін дәлелдеп, тәуелсіздік үшін күрестің саяси дәлелдерін тұжырымдады |
| Түркістан халықтарының тәуелсіздігі мен түркілік бірлік идеясын насихаттаушы | «Иені Түркістан», «Яш Түркістан», «Түркістан» басылымдарын ұйымдастырды және европа тілдеріндегі басылымдарға автор ретінде қатысты |
| Халықаралық жағдайға тәуелсіз сарапшы болды | Кеңес Одағы, Европа, араб елдері, Қиыр Шығыс, Шығыс Түркістан бойынша сараптамалық мақалалар жариялап, халықаралық жиындарда баяндама жасады |
| Неміс лагерьлеріндегі кеңестік әскери тұтқындарды озбырлықтан арашалады | түркістандық әскери тұтқындарды лагерьлерден босатып, шаруашылық жұмыстарына ауыстыруға ықпал жасады |

Жалпы, Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын, өмірбаяндық деректерін талдай келе мынадай тұжырымға тоқталамыз. Қазақстандағы Алаш қозғалысы ұлт-азаттық күрестің тұтастай тарихи кезеңнің құбылысына айналған болса, соңғы жылдардағы ғалымдардың іргелі зерттеулерінде осы құбылыстың басында тұрған ұлттық идея қалыптастырушы, ойшыл, күрескер ретінде Әлихан Бөкейханды Алаш қозғасының көшбасшысы деген тұжырым орнықты. Тарихи салыстырмалы тәсілді қолдана отырып, Әлихан мен Мұстафаның қызмет мен шығармашылығынан көптеген ұқсастықтар, ортақ белгілер табамыз. Әрине, Шоқайдың саяси тұлға болып қалыптасуында Әлихан Бөкейханның ықпал, өнегесі мол болғандығын ескерер болсақ, олардың өмірлік жолдары екіге бөлініп кеткенімен, саяси жолдары үзілмей, алаштық идея Шоқай қызметінде кең ауқым алып, халықаралық деңгейге шыққандығы айқын. Міне, осы мәселе Шоқайды Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының айдынына шығарды. Демек алаштық рухта қалыптасқан Шоқайдың қайраткерлігіне мұғажырлықтағы қым-қуыт тірліктер мен өзі тікелей араласқан түркішіл элита өкілдерінің интеллектуалдық деңгейінің жоғары болуы да олардың ұлт-азаттыққа ұмтылған өршіл рухы қайраткерді шыңдады. Ол осы саяси ортада өзінің ойшылдығымен, саяси көрегендігімен

және кең ауқымда ойлайтың көсемдігімен ұлт-азаттық қозғалысы мен түркілік бірліктің ту ұстаушысына айналды. Осындай тұжырымдар Мұстафа Шоқайды Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы деп тұлғаландыруымызға негіз болады.

### 2.2 Мұстафа Шоқай шығармалары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөзі және тағлымдық өнегесі

Көрнекті қоғам қайраткері, күрескер Мұстафа Шоқайдың бүкіл шығармашылық қызметін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының дереккөздері ретінде қарастыруымызға әдіснамалық та, деректік тұрғыда да толық негіз бар. Осы кезге дейін мұстафатанудың деректік негізін қалыптастыруға жасалған зерттеулер мен ізденістердің ең жоғары нәтижесі ретінде К.Есмағамбетовтың құрастыруымен М.Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағының жарыққа шығып, айналымға ұсынылуы болды. Осы көптомдықты талдаған мақаламызда [122] мәселеге айқындық беруге тырыстық.

Аталған жинақ қайраткердің өмірі мен қызметінің тарихын ғылыми тұрғыда қалпына келтірген іргелі еңбекке айналды. Ғылыми қалпына келтіру – ғылыми дәлелденген деректер негізінде өткен тарихтың шынайы бейнесін жасау дегенді танытады. Шоқай шығармалары оның жеке өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің ғана емес, сонымен бірге Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының да дәйегі һәм дерегі, сонымен бірге дәлелі де болады.

Қазақстан Республикасының 10 жылдығы атап өтілетін кезде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның Ұлттық Архив қорына «Новая Сарбонна – Париж III» (Франция) Шығыс тілдері университетінің Университет орталық кітапханасында сақталған Мұстафа Шоқайдың құжаттарының микрофильмдерін тапсыруы елдің рухани өмірінде үлкен оқиға болды.

Шын мәнінде М.Шоқай архиві көшірмелерінің Қазақстанға оралуы XV–XX ғғ. Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар архив құжаттарын іздестіру және елге қайтару бойынша үлкен жұмыстың бастауына айналды [123].

К.Есмағамбетов монографиялық еңбегінде Мұстафа Шоқайдың өміріне және қызметіне құжаттық-деректік негізде тарихи талдау жасап, ғылыми баға берді. Бұл осы кезге дейінгі мұстафатану бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің ең объктивтісі әрі толымдысы болған іргелі зерттеу. Деректанудың қағидаларына сай ғылыми этика нормаларын сақтай отырып, шым-шытырық саяси күрес барысында жолдары тоғысқан қайраткерлердің өзара қарым-қатынасы, олардың ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясы мен тактикасына қатысты пікір алшақтығынан, көзқарас айырмашылығынан туындаған саяси пікірталастарды шынайылықпен қарастырылған.

Осы кезге дейін Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов және т.б. жарық көрген шығармалары мен құжаттары жинақтарынан М.Шоқай шығармаларының толық жинағының біршама ерекшеліктері бар, енді соларды талдап көрейік.

М.Шоқай шығармашылығының жинағына ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде жазылған 488 материал енгізілген және жалпы көлемі 430 баспа табақты құрайды. Мәселе жинақтың көлемі мен ондағы мақалалардың басым бөлігінің түпнұсқа мәтінімен және түсіндірмесімен алғаш рет ғылыми айналымға ұсынылғандығында. Осы кезге дейін деректердің ғылыми қауымға қолжетімсіз болып келгендігі олардың жақын және алыс шетелдік архив қорлары мен кітапханаларында жинақталуында еді. Жинаққа енген материалдар отандық архивтер мен кітапханалардан, Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған. Жиырмадан астам архивтер мен кітапханаларды сүзіп шығудың өзі аз шаруа емес. Алдағы уақытта «АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Румыния мемлекеттеріндегі архивтер мен кітапханалардан да қолға түспеген туындылары мен құжаттары табылуы мүмкін» [124, Б.207].

Мұстафа Шоқайдың көп тіл білген, полиглот. Ол қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған, жазбаларында араб, кириллица және латын әліпбилерін қолданған. Оның мақалалары хинд, урду, араб, грузин және т.б. тілді басылымдарда аударылып жарияланған.

Жарияланған еңбектердің түпнұсқасымен бірге кейбірінің факсимилиесін енгізу ұсынылған жинақтың деректік құндылығын арттырған. М.Шоқай 1919 ж. бастап Грузияға қоныс аударып, «Борьба», «На рубеже», «Шефак», «Вольный горец» - «Независимый горец», «Янги Дунья» сияқты басылымдарда халыққа қазан төңкерісіні әкелген қасіреті жөнінде мақалалар жариялаған [48, Б.6]. Өз басымыз Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты ізденістерімізде Ресей мемлекеттік кітапханасынан М.Шоқай редакторы болған «Бірлік туы» және жоғарыда аталған «На рубеже» газеттерін кездестіре алмадық. Қазіргі кезде зерттеушілердің қолында «Бірлік туының» алғашқы санынан өзгесі бар. Ал Мұстафаның бірнеше мақаласы жарияланған «На рубеже» газеті әзірге табылған жоқ. Осы дерек М.Шоқай мұрасын іздестіруді алдағы уақытта одан әрі жалғастыру қажеттігіне көз жеткізеді.

Шоқайдың шығармаларын талдау барысында оны тақырыптар бойынша былайша жүйеледік (*Кесте 2).*




Кесте 2 - Мұстафа Шоқай шығармашылығының басты тақырыптары

Шоқай шығармаларының тақырыптық жүйелегенде тарихилық қағидасы басшылыққа алынды. Кеңестік кезеңде қазақ тарихының мұғажырлық тарихнамасы мүлдем зерттелмеді. Партиялық-мемлекеттік идеология бұндай тақырыпта зерттеу жүргізуге қатаң тиым салды. Отандық тарих ғылымының ХХ ғасыр басындағы кезеңі тың теориялық және әдіснамалық талдауларға негіз болатын оқиғаларға бай болғандықтан да оған қатысты ойлар мен көзқарастарға жасалған зерттеулер кеңестік тарихи ойдың мәні мен мазмұны қандай болғандығын аңғартады. Қайраткердің тарих әдіснамасына қатысты айтқан пікірлеріне 1.1 бөлімде арнайы тоқталғанымыздай Ресей отаршылығының идеологиясын әшкерелеген М.Шоқайдың осы тұжырымы ағылшын езгісінің идеологиясына қатысты Д.Нерудің «История почти пишется победительями и завоевательями и отражает их точку зрения, и она берет верх» [125, С.3] деген тұжырымымен астасып жатыр. Демек, отарлық биліктің бодан халыққа жасаған идеологиялық озбырлығының жыртқыштық бейнесі ұлт таңдамайды екен.

Шоқайдың шығармаларынан оның тарихқа тікелей қатыстылығы аңғарылады. Ал, тарихи шығарма қашанда субьективтілігімен ерекшеленетіндігі белгілі. Мұстафа Шоқай шығармашылығының субьективизмі – оның ұлтжанды дүниетанымы мен саяси көзқарасынан туғандығын көреміз. Орта Азия мен Қазақстанда орын алған кез келген тарихи оқиға мен құбылыстың мазмұны түркілік бірлік және азаттық жолындағы күреспен өлшеген Шоқай этносаяси элита өкілдерінің қызметіне олардың ұлттық мүддеге қаншалықты қызмет жасай алуына қарай баға беретіндігі байқалады.

Шоқай кабинеттік ғалым немесе қатардағы журналист емес, керісінше ол саяси күреске белсене араласқан қайраткер, жалынды публицист болғандықтан тақырыпты біліп, біліктілікпен жазады және өз көзқарасына сендіріп жазады.

Мұстафа Шоқай ең алдымен күрескер, сосын барып шығармашыл тұлға болып қалыптасқан. Күрескерлігі шығармашылықпен, ал шығармашылығы саяси күреспен астасқан тұлға ұлттық саяси элитаның арасында санаулы ғана. Әлемдік деңгейде танылғаны Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзі. Шоқай шығармалары оның түркілік бірлік пен тәуелсіздік идеясын бағдарға алған саяси күрескерлігін танытады және күрес түрі ретінде саяси көсемсөзінің мәні мен мазмұнын толық паш етеді. Оның шығармалары мен құжаттары шетелдегі тәуелсіз баспасөздің үлкен ұйымдастырушысы екендігін де айғақтайды. Оның энциклопедиялық білімі мен саясаткерлігі түркі халықтарының тәуелсіздігіне қызмет жасауға үлкен мүмкіндік берген.

Мұстафа Шоқайдың ұлт-азаттық мәселесін көтерген еңбектері шетелдерде бірнеше тілде бірінен кейін бірі толассыз жарық көріп жатты. «Chez les Soviets en Asie Centrale» атты кітабы басылған жылы (Париж, 1928 ж.) «The Asiatic Review» журналында «Түркістандағы басмашылық қозғалысы» [126] атты 15 беттік ауқымды мақаласы жарық көрген Мұстафа Шоқай 1929 ж. тағы да сол журналда «Большевиктер және Ауғанстан» [127], ал 1930 ж. «Ауғанстандағы жағдай» [128] атты мақалаларын жариялады. Женевада Біріккен Ұлттар Ұйымында жасаған «Түркістанда ұлттық мәселе» атты баяндамасы қалың жұртшылықтың сұранысы бойынша баспасөз бетінде жарық көрді [129]. Сонымен бірге «Түркістан  және Кеңестік жүйе» [130] және «Түркістандағы большевиктік билікке 15 жыл» [131] атты мақалалары «Journal of the Royal Central Asian Society» журналында жарияланды. Мұстафа Шоқайдың «Иені Түркістан» және «Яш Түркістан» журналдарында жарияланған «Кеңестік Орта Азия Федерациясынан Ұлттық Федеративті Түркістан мемлекетіне» деген тақырыптағы мақаласы Еуропа жұртшылығының назарын аударып, «Прометей» және Берлиндегі «Ost Europa» басылымдарында жарияланған болатын. Мұстафа Шоқайдың ең ауқымды еңбегі - «Кеңестер қол астындағы Түркістан» [132] кітабы 1935 жылы, ал «1917 жылдан естеліктер» еңбегі 1937 ж. осы қалада жарияланғандығы оны Европаның саяси қозғалыстары өкілдеріне Түркістан қозғалысының ойшылы, ұлт мәселесіне және халықаралық жағдайларға байланысты сарапшы ретінде барынша танымал етті.

Мұғажырлық жағдайында өмір сүріп, қызмет істеген Мұстафа Шоқай мұның бәріне қай уақытта, қалай үлгерді? – деген сауалға Д.Қыдырәлі «Біздің ойымызша, мұның бір ғана жауабы болу керек. Ол – Түркістанның тұтастығы мен тәуелсіздігі идеясы! Расында, бұл идея Мұстафаның ойынан бір сәт те шыққан емес. Бұғаулық қамытын киген елінің тағдыры еске түскенде ол тыным тауып, тыныш ұйықтай алмады. Жаны жай тауып тұра алмайтын. Сондықтан, Мұстафа Шоқай шаршап шалдыққанын жанындағы серіктері мен шәкірттеріне сездірмей, үнемі жұмыс істейтін, өте аз ұйықтайтын. Достары кейде біраз демалу керектігін ескерте қалса: «Демалу үшін алдымызда әлі шексіз өмір бар» - деп, жұмысын әрі қарай жалғастыра беретін» [84, Б.208] деп жауап береді.

Осы кезге дейін Айтан Несіпхан, М.Қойгелдиевтің, [133], Ә.Бәкірдің құрастыруымен екі, үш томдық шығармалар жинағы, Б.С.Қошым-Ноғайдың [134] және т.б. жекелеген еңбектері жарық көрген. Аталған жинақтарда М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған 224 мақаласы, басқа да шығармалары араб графикасынан кириллицаға транскрипцияланып берілген мақалаларды қайталамай олардың мәтінін түпнұсқа графикамен беруінің деректік маңызы зор. Бұл жағдай М.Шоқай мұраларына салыстырмалы мәтіндік талдаулар жасауға мүмкіндік береді.

М.Шоқайдың шығармалары арқылы қазақ мұғажырлық көсемсөзі жоғары деңгейде танылды. Оған К.Есмағамбетов «Мұстафа Шоқай батыс советологиясының негізін қалаушылардың бірі» деген баға береді. Шоқайдың кеңестік билікті әшкерелеген әрекеттері ізсіз кеткен жоқ, жазған материалдары стол тартпасында жатып қалмады. Еуропалық тілдердегі газет, журналдарда жарияланған өткір саяси мақалаларында көтерілген мәселелер Батыс елдерінің мемлекет басшылары мен саясаткерлерінің Кеңес Одағының жүргізіп отырған озбырлық саясатына назарын аударып, оған қарсы ақпараттық күрес науқанына жол салып берді. Солардың бірі Қазақстандағы 1932-1933 жж ашаршылыққа байланысты Еуропа жұртшылығының назарын аудартқан Мұстафаның түрлі жиындарда оқыған лекциялары, жасаған баяндамалары мен мақалалары еді.

Әнуар Әлімжановтың өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында Мұстафа Шоқайдың ақтауға мұқтаж емес, оны тарих пен уақыт ақтайды деген тұжырымы интуициямен жасалған болса, М.Шоқай шығармаларының толық жинағы оның ғылыми негізде ақталуының деректік айғағына айналды.

Большевиктер көсемінің «Ақ жол» газеті туралы хатын партиялық-мемлекеттік номенклатура Шоқайды қаралау науқанына жол ашқан нұсқау ретінде қабылдады. Әрі қарай саясат пен биліктің шотын шапқан саясаткерлер, ғалымдар мен әдебиетшілер бүгінгі күні әлем таныған күні Мұстафа Шоқайды «пантүркист», «ұлтшыл-фашист», «алашордашыл», «ұлтшыл», «отанын сатқан», «фашистермен ауыз жаласқан», «Түркістан легионын» құруға қатысқан» және т.б. деген саяси айыптаулармен туған халқына құқай етіп көрсету науқаны басталып, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасып келді. Үлкен террор кезінде кеңестік құқық құрылымдары танымал саяси қайраткерлермен бірге қатардағы шаруаға дейін Мұстафа Шоқаймен байланысы бар деген айыптар тақты. Ол айыптаулар қаншама жазықсыз жандардың ату жазасына кесіліп, бас бостандығынан айырылып, жер аударылуына ұласты. Қазіргі зерттеулерде осындай аңыздар бірінен соң бірі әшкереленуде. Мысалы, 1948 ж. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М.Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұмат жоқ» [48, Б.484] деп жауап береді. К.Есмағамбетов РМӘА қорларында кездейсоқ сақталған осы құжатты кеңестік билік ұзақ уақыт бойы жасырып келгендігін айтады.

Осындай айыптаулардың бірі М.Шоқайдың Жапон өкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізуіне байланысты тағылған. Шоқайдың осындай әрекеттерін айғақтайтын құжаттардың мазмұнына қарап, шын мәнінде 1937-1938 жж. С.Сейфулин, Т.Рысқұлов сияқты т.б. қайраткерлерге тағылған «жапон тыңшысы» деген айыптаулардың қаншалықты негізділігі жайлы арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы ой туады.

Шоқай тұлғасына қатысты кеңестік тоталитарлық жүйе қалыптастырған стереотип бұзылды. Ендігі жерде С.Шәкібаевтар Шоқайды қаралайтын сандырақ деректерге сүйенген көркем туындылар жазбайды. Шоқайдың толық шығармаларының айналымға ұсынылуы империялық билікті аңсайтын Сергей Михеев пен Денис Данилевский сияқты тарихшылардың бұра тартуына қарсы ғылыми дәлелді қолға ұстатты. Осындай байыпты ғылыми баға өкімет тарапынан берілер саяси бағамен, құқықтық құжаттармен бекемделеді деп ойлаймыз. Тәуелсіздік жолына өмірі мен шығармашылығын арнаған қайраткерді ұлықтау ұлттық рухани жаңғыру идеясын тұғырлаудың маңызды дәлелдерінің бірі болып отырғандықтан да бұл мәселеге алдағы уақытта мән берілуі керек.

«Түркістанда мекендеген халықтардың егемендігін еркін білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету» дегенді М.Шоқай Түркістан аумағына Англия мемлекеттерінің бірлескен әскери күштері енгізіледі. Бұл күштер Түркістанда Түркістан Құрылтай жиналысына сүйенген және тиісті құқықтық тәртіпті құптап, өз территориясының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті мықты автономиялық үкімет қалыптасқанша болады [135, Б.71] деген мазмұнда тұжырымдаған.

Осы кезде М.Шоқайдың саяси көзқарастарында Ресейде революция орын алған жағдайда Түркістан ұлттық-егемендік құқын барлық құралдармен қорғайтын болады, тіпті ұлттық тәуелсіздігін жариялауға дейін барады деген саяси ой пісіп жетілді. Бұл саяси ұстаным Шоқайдың Түркістандағы мемлекеттік құрылым мәселесіндегі көзқарасы мен ұстанымдарының түбірімен өзгергенін аңғартады. Егер 1917 ж. революцияның бастауы кезінде ұлт көсемдері, соның ішінде М.Шоқай да Қазан төңкерісінің бас кезінде ұлттық-территорияларық автономия жариялау жолына түскен болса, Қоқан автономиясының қуып таратуынан және Алаш Орда үкіметін таратқан соң олар ұлтты өз-өзі билеу түріндегі батыл да белсенді қадамға бару туралы шешімге келді [135, Б.72].

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы бұндай түбірлі саяси-идеялық өзгерістердің теориялық тұрғыда негізделуін М.Шоқайдың есімімен байланыстырамыз. Ұлттық қозғалыстың бұл кезеңінің мақсаты мен міндеттерін М.Шоқай негіздей алды да ол осы кезеңнің бас идеологиясына айналды. К.Есмағамбетов Шоқайдың осы қызметі тарихи әдебиетте тиісті орын алмай келе жатқандығын айтады [136, Б.72].

М.Шоқайдың саяси концепциядағы осы эволюциялық дамуды сол кезде қалыптасқан нақты тәжірибеге сүйенген тұжырым деп айта аламыз. Кеңес Одағының практикалық қызметінің барысына, тәжирибиелеріне талдау

жасаған Шоқай ұлттық қозғалыстың автономиялық идеядан таптық тәуелсіздікке қол жеткізу идеясына келуін «Orient et Occident» журналына 1923 ж. 15 мамырдағы санында жариялаған мақаласында тұжырымдаған болатын. Онда «Империялық өкіметтің жүргізген отарлау және орыстандыру саясаты, уақытша өкіметтің ерікті, еріксіз жол берген қателіктері, ақыр соңында кеңес өкіметтің елді адам айтқысыз кек алуға итермелеуі жинақталып келгенде Түркістан мекендерін автономия идеясы бағдарламасын ұлттық Тәуелсіздікпен алмастыру қажеттілігіне иландырды» деп жазған болса, кейінен «Орта Азиядағы ұлттық қозғалыс мақаласында» жан-жаққа алаңдау жайы артта қалды. Біздің саяси бағдарламадағы «орыс демократиясына деген сенімді» біздің ұлттық қозғалысымыздың қозғаушы күшіне айналған өз ұлтын қорғаудан туған санамен алмастырды [136, Б.251] деп жазды.

Міне, осы кезден Тәуелсіздік үшін күрес және ұлттық мемлекеттің тәуелсіздігі М.Шоқайдың бүкіл өмірінің мәніне, оның барлық саяси, практикалық және ғылыми қызметінің альфасы мен омегасына айналды. Шоқайдың тұжырымдаған тәуелсіз егемен мемлекет үшін күрес идеясын тұжырымдаған мақалалары орыс, түрік, шағатай, француз, ағылшын, грузин және поляк тілдеріндегі батыстың да шығыстың да басылымдарында қайталанып жарияланып жатты. Бұл жағдайды К.Есмағамбетов халықтарда «тарихи» және «тарихтан тыс» деп бөлген авторлар қалыптастырған халықтары қауымдастықтың ақыл-ойындағы жарысқа теңейді [136, Б.72-73].

Шындығында Шоқайдың жарияланымдары Түркістан халықтарының «саяси кемелденуіне жеткенін», ешқандайда «үлкен ағанын» (старший брат) қамқорлығына мұқтаж емес екендігін мәлімдеген еді.

Шоқайдың танымында ұлттық тәуелсіздік ешқандай баламасы жоқ ең жоғары адами құндылық болып айқындалды. Содан да ол ұлттық мүддені толығымен қамтамасыз етуді барлық мемлекеттік билікті олардың өздері іске асырғанда ғана мүмкін болады дей келіп «Өз елінде билік жүргізуге қол жеткізе алу жағдайында ғана ұлттық мемлекеттік мұраттарын іске асыра алатын болады. Тек шынайы ұлттық мемлекетке ғана өз дамуын сенімді және қатесіз жолын таңдау бұйырған» [136, Б.256]

Мұстафа Шоқай Кеңес өкіметінің 1924 жылы жүргізген Орта Азия мен Қазақстанды ұлттық-территориялық тұрғыда межелеу саясатын мүлдем қабылдамаған. Бұл саясаттың астарында Тұтас Түркістанды жекелеген республикаларға бөлу арқылы тәуелсіздік жолындағы түркілік бірлікке нұқсан келеді деп ойлаған еді. Осы жерде Шоқай тұжырымының сол кездегі саяси ахуалға қатысты айтылғандығын ескеруіміз керек. Тарихи даму осы ұлттық-территориялық межелеудің Орта Азия мен Қазақстандағы түркі халықтарының ұлт болып қалыптасуына негіз қалағандығы тұрғысында өзін ақтағандығын дәлелдеп отыр. Демек, Шоқайдың бұл саяси болжамдарын елеулі қателік деп емес, уақыт пен тарихи дамудың барысында жасалған түзетулер деп қабылдаған дұрыс болар.

Орта Азия мен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және мәдени-әлеуметтік реформалардың жергілікті ұлттардың мүддесінеескермей жүргізіліп жатқандығының сырын былай деп әшкерелейді: «Түркістандағы саяси ахуалды жасап отырғандар Орта Азия бюросы емес, Түркістандағы саяси ахуалды Мәскеу жасап отыр. Сондықтан Түркістан ахуалы Түркістан Мәскеудің шеңгелінен құтылғанда ғана түзелетін болады» [39, Б.161].

Мұғажырлықта жүрген М.Шоқай елдегі саяси биліктің жоғары эшелонына тартылған өз отандастарының қоғамдық-саяси қызметтеріне сипаттама беріп, ащы ой-пікірлерін де жасырып қалмайды. Айталық, «Қазақстанның он жылдығына» атты мақаласында *(Яш Түркістан, 1930. №11. 1-т. 99-102 бб)* Қазақстандағы билік басына тағайындалған өкілдер туралы мынадай пікір білдіреді: ұлт істері халкомының қазақ бөлімшесінің басшылығына тағайындалған тілмәш, Орынбор күзетінің қызметшісі Мұқамадияр Түнғашин» туралы «Қазақ халқының билігі оның іштен шыққан жауының арандатушылық қолына осылайша ұстатқызылды». Қазақ облыстарының төтенше Комиссарлығына «Кеңес үкіметі бұрынғы миссионер, бұзақы элемент, шоқынған қазақ Степновты отырғызды. Степнов өз басындағы осындай жәйіттерін жасырып, қазақ арасында Әліби Жангелдин деген атпен жүретін болып келіседі».

Бүкіл Түркістанға мәлім мүттәйім Көлбай Тоғысовты да Кеңес үкіметі Степновқа орынбасар етіп тағайдады. 1916 жылы бүкіл Түркістан халқы көтеріліс жасағанда, патша үкіметінің саясатын жақтап шыққан жалғыз түркістандық осы Көлбай Тоғысов еді. Тоғысов патша үкіметінің мұғажыр саясатын да жақтайтын.

Арандатқыш Түнғачин, миссионер Степнов, мүттәйім Тоғысовтардың соңынан Кеңес Одағы бұрыннан шарлатандығымен танылған Бақытжан Қаратаевты сайлады [39, Б.99-100].

Мұстафа Шоқай Кеңес өкіметінің 1924 жылы жүргізген Орта Азия мен Қазақстанды ұлттық-территориялық тұрғыда межелеу саясатын мүлдем қабылдамаған. Бұл саясаттың астарында Тұтас Түркістанды жекелеген республикаларға бөлу арқылы тәуелсіздік жолындағы түркілік бірлікке нұқсан келеді деп ойлаған еді. Осыған байланысты «Большевиктердің «сырты жылтырақ, іші қалтырақ» «қағаздан жасалған» республикалары төңірегінде өрбіген өзара айтыстарынан бірдеңе дәметудің қажеті жоқ. Мұндай республикалар тіпті сын көтермейді. Егер біз олар жөнінде сөз шығындасақ, біздің бағдарламамыз тұрғысынан соның өзі оларға мән бергендік болар еді» дей келіп «Біздің күресіміз ең алдымен атамекендігіміздегі орыс пролетариаты үстемдігіне бағытталады» [39, Б.84] деп ойын түйіндейді. Осы жерде Шоқайдың осы тұжырымының сол кездегі саяси ахуалға қатысты айтылғандығын ескеруіміз керек. Тарихи даму осы ұлттық-территориялық межелеудің Орта Азия мен Қазақстандағы түркі халықтарының ұлт болып қалыптасуына негіз қалағандығы тұрғысында өзін ақтағандығын дәлелдеп отыр. Демек, Шоқайдың бұл саяси болжамдарын

елеулі қателік деп емес, уақыт пен тарихи дамудың барысында жасалған түзетулер деп қабылдаған дұрыс болар.

Осы кезде Ресейде революция орын алған жағдайда Түркістан ұлттық – егемендік құқын барлық құралдармен қорғайтын болады, тіпті ұлттық тәуелсіздігін жариялауға дейін барады деген саяси ой пісіп жетілді М.Шоқайдың саяси көзқарастарында. Бұл саяси ұстаным Шоқайдың Түркістандағы мемлекеттік құрылым мәселесіндегі көзқарасы мен ұстанымдарының түбірімен өзгергенін аңғартады. Егер 1917 ж. революцияның бастауы кезінде ұлттық көлемдері, соның ішінде М.Шоқай да қарапайым ғана «Түркістанда мекендеген халықтардың егемендігін еркін білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету» дегенді мына мазмұнда түсіндіреді. Түркістан аумағына Антанта мемлекеттерінің бірлескен әскери күштері енгізілуі автономия туы астында күреске, қазан төңкерісінің бас кезінде ұлттық-территориялық автономия жариялау жолына түскен болса, Қоқан автономиясының қуып таратуынан және Алаш Орда үкіметін таратқан соң олар ұлтты өз-өзі билеу түріндегі батыл да белсенді қадамға бару туралы шешімге келген [97, Б.72].

Өзінің ұлттық құқығын аз да болса қорғағысы келетін кез келген түркістандықты большевик узурпаторлары «шовинист», «төңкеріс пен пролетариаттың сатқыны» қатарына жатқыза салады» [29, Б.49-50].

Осындай саяси мәнге ие болған шовинизмге Мұстафа Шоқай мынадай анықтама береді: «...Шовинизм деп басқа ұлттардың мүдделері есебінен тар ұлтшылдыққа бой ұруды, басқа ұлттардың өмірлік мүдделерін тек өз ұлтының мүддесі үшін құрбан етуді айтады. Шовинизмнің бой көрсетуі үшін шовинизммен айыпталып отырған ұлт өзі өмір сүрген елде үстем орынды иемденуі, мемлекеттік билікті қолында ұстауы шарт» дей келіп, «Түркістандықтарды шовинизм дертіне шалдықтыратын алғышарттар мүлде жоқ екендігін» бірден кесіп айтады. Өйткені «Түркістанда билеуші ұлт - орыстар. Сондықтан әкімшілік те солардың қолында. Бұрындары бұл әкімдер жәй ғана орыс, ұлы орыс деп аталатын еді. Қазір олар орыс пролетариаты, орыс төңкерісшіл жұмысшы-шаруалары деп аталады» [29, Б.50] деген қисынды дәлел келтіреді.

Түркістан қозғалысына азды-көпті үлес қоса алған түрік қайраткерлерінің тарихи еңбегіне баға беріп, олардың кеңестік билікпен байланысының баянсыздығына да тоқталады. Атап айтқанда «Әнуар да (*Энвер Паша – В.Т.*), Жамал да большевиктер үшін тек насихат құралдары ғана еді. Большевиктер оларға аз да болса сенім көрсете алмайтын еді. Ерте ме, кеш пе, екеуінің де Мәскеу большевиктері тарапынан әйтеуір бір өлтірілетіні сөзсіз болатын. Солай болды да.

Әнуар ата-бабасының бесігі, өзінің тарихи мекені Түркістанды қорғап жүріп, ерлікпен шейіт болды» [39, Б.150] деп жазады. Кейін Энвер Пашаны еске алуға арнаған мақаласында оның Түркістан қозғалысындағы алатын орны мен атқарған рөліне барынша шынайы баға берген.

Басмашылық қозғалыс туралы Шоқай көптеген мақалалар жариялады, оның саяси мақсаттары, ұстанған идеясы, қолданған әдіс-тәсілдерінің тәуелсіздікті ту етіп көтерген Түркістан қозғалысымен үйлесеті немесе оған мүлде қарама-қарсы келетін тұстарын ашық айтты. Нәтижесінде, басмашылық қозғалысы туралы алғашқылардың бірі болып, оны кеңестік саяси айыптаулардан арашалаған барынша шынайы тарихнама қалыптастырушылардың біріне айналды. Түркістан Мұхтарияты таратылған соң іле-шала кеңестік биліктің озбырлығына жауап ретінде кең өріс алған басмашылық қозғалыс жайлы 1923 ж. ақпан айында шетелге имиграцияға кетер алдында А-З.Валиди «басмашылардың көпшілігі фанатик молдалардың қолында болды. Біз бұл қозғалысты ұлттық идея арнасына бағыттадық» [21, С.81] деп жазады. Тарихи деректер А.-З.Валидидің басмашылар қозғалысына белсене араласқандығын айғақтайды. Керісінше М.Шоқай басмашыларды ұлттық күресті жүргізе алатын әулетті күш деп мойындамайды.

Осыған байланысты М.Шоқай басмашылар қозғалысының кең етек алуы Қоқан автономиясының күшпен таратылуына байланысты орын алғанымен өз күресі мен басмашылар арасында байланысты болмағандығын жазған [40, Б.187] еді.

Содан да Шоқай басмашылық қозғалысының саяси туралығына нық сенімі болмағандықтан оны қуаттап, қолдаған жоқ. Солай дегенмен де 1918-1919 ж. Түркістан мен қазақ облыстарын шарлап жүргенінде басмашылық қозғалыстың әрекеттерін қадағалап, оның әлсіз жақтарына қарамастан ұлт-азаттық қозғалыс сипатында [40, Б.188] екендігін алғаш рет бағалаған тұлғалардың бірі болды.

Шоқай басмашылық қозғалысының тарихына ерте назар аударған тарихшылардың бірі. Қозғалыстың тарихи шындыққа негізделген табиғатының ұлттық қозғалыстың құрамды бөлімін құралғандығы туралы тұжырымдары, қозғалыстың пайда болуының себебі кеңес өкіметінің жергілікті халыққа қатысты жасаған зорлық-зомбылығы негіз болғандығын шетелдік ғалымдар [137], [138], сонымен бірге өзбекстандық ғалымдар С.С.Агзамходжаев [36], К.К.Раджапов [118], [139] назар аударып, дереккөз ретінде кеңінен қолданған. Кейінгі жылдары басмашылық қозғалысының (*истиқлолчилик*) тарихын жаңа әдіснамалық таныммен шетелдік деректер негізінде қарастырған зерттеулер арасында Р.А.Хакимовтың [140], Г.Хидоятованың [141] зерттеулерін атап айтуға болады. Олар басмашылық қозғалысының шынайы тарихын қалыптастыруға негіз қалаған М.Шоқайдың іргелі еңбектеріне талдау жасап, оның әдіснамалық тұрғыда маңызды рөл атқарғандығына тоқталады.

«Ел тарихының жазба деректер тобына жататын мерзімді басылымдардың, оның ішінде ғасыр басында дүниеге келіп, бірі қысқа бірі ұзақ өмір кешкен бейресми, ұлттық бағыттағы демократиялық басылымдардың ұлт тарихына байланысты берер мәліметтері, жеткізер деректері мол» [142, Б.124] болатындығын ескерер болсақ, ұлт-азаттық күрестің саяси сипат алған тұсында, әсіресе мұғажырлық жағдайда М.Шоқай

жарияланымдарының тәуелсіздік тарихы үшін деректік маңызы зор екендігіне көз жеткіземіз.

Мұғажырлық жағдайында Еуропада қызмет істеген түркі қайраткерлері арасындағы ең басты мәселе олардың идеялық бірлігі екендігіне назар аударған Мұстафа Шоқай оның «саяси мәселе» екендігіне ден қояды. Осы мәселеде Шоқай араб және түркі халықтарының саяси тұтастығы мәселесін «геополитика» ұғымына қатысты талдап, Ресейдегі түрік дүниесінде тек Түркістанның геополитикалық жағдайы ғана оның түріктік талаптарына сәйкес келетіндігін айтады. Ал Азербайжанның жағдайы «Кавказ географиялық бірлігінің» бір бөлігі екендігіне назар аударып, Азербайжан түркілік бірлікке бейім болғанымен, географиялық орналасуы бойынша Кавказ жұртымен бірлікте болуға тәуелді екендігін жазады. Осы ақиқатты мойындай отырып, «Азербайжан түріктеріне кез келген уақытта және кез келген жерде рухани-моральдық көмегімізді көрсетіп, ұлтты құтқару жолындағы күресінде түрік дүниесінен, түрік бауырларынан рухани-моральдық қуат алатын мүмкіндік туғызуға тиіспіз» деген тұжырым жасайды.

Шоқай осы «Түрік бірлігі» атты теориялық мақаласында ұлт-азаттық қозғалыстағы бір тың мәселені көтереді. Ол Ресей империализміне қарсы күресіп жатқан халықтар ұйымдастырған «Прометей» майданына қатысты. Ол майдан ұлтына, дініне қарамастан азаттық мүддесі біртұтас халықтардың бірлігі болғандықтан да құлдық бұғаудан осы халықтар арасындағы дін мен нәсіліне қарамай ұйымдасқан бірыңғай майдан ғана үзе алатынды деп тұжырымдаған Шоқай түрік халықтарының азаттық жолындағы күресте оқшауланып қалмауына баса мән берген.

Шоқай «Яш Түркістан» журналында 1933 ж. жариялаған осы «Түрік бірлігі» мақаласында ұлт мәселесі, соның ішінде түркі халықтарына қатысты әлемдік деңгейде ойлайтын сарапшылық қырынан танылады. Оның пайымында, халықаралық мәселелермен бетпе-бет келгенде ұлттық және аймақтық мүдделер міндетті түрде ескерілуі керек. Шоқайдың осы позициядағы Азербайжанға, Қырымға және т.б. қазіргі заманғы халықаралық дипломатиялық талаптарымен үндесіп жатқандығы оның саяси көрегендігін тағы да бір танытады.

Түркістан АКСР–і ұлттық территориялық межелеу барысында бірнеше мемлекеттік бөлікке бөлінді. Бұл мәселенің мақсаты жөнінде БК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының төрағасы Ян Рудзутак ресми түрде «әртүрлі халықтардың арасындағы ұлттық араздықты жою керек және сонымен бірге әрбір ұлттың арасындағы таптық қарама-қайшылықты анықтауға мүмкіндік туғызу керек» [47, С.98-99] деп ашық айтты. Бұл жерде түркі халықтарының бірлігіне қарсы оларды дербес ұлттарға жіктеудегі мақсат олардың өз ішіндегі таптық қайшылықтарды өрбіту арқылы «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» ұлттар қалыптастыру болғандығын М.Шоқай дөп басып, тани алды. Мәселе бір, тарихи дәйек те сол. Ал оған қатысты кеңестік идеология М.Шоқайдың түркі халықтарын біріктіру идеясын таптық-партиялық

ұстаным әдіснамасымен тізеге салып, «Түркістан» атауын саяси сахнадан ысырып жіберді. Нәтижесінде бір-бірінен саяси құқықтық, экономикалық және тілдік белгілерінен бойынша оқшауланған Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркменстан түріндегі кеңестік ұлттық мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Осы тарихи үдерісті жіті қадағалап отырған М.Шоқай бұл тарихи дәйекті құптамады және қабылдай алмады.

«Яш Түркістан» журналының жарыққа шығуы 1929 ж. Мұстафаның Берлинге келіп, сонда оқып жатқан түркістандық жастармен кездесуінде пысықталған екен. Сол кездесуде журналдың бағыт-бағдарын түсіндірген Шоқай жастардың қолдауына ие болып, осы жылдың желтоқсанында басылымның алғашқы санын жарыққа шығарды. Оның студенттермен кездесудегі баяндаған тұжырымдары осы басылымның алғашқы санында көрініс табады. Онда журналдың бағыты «Түркістан ұлттық қозғалысының басылымы» екендігіне баса назар аударылады. Журналдың мақсаты мен мүддесін айқындап берген «Біздің жол» атты мақалада Шоқай басылым миссиясын «Жаңадан шыққан кез-келген журнал немесе газет оқырмандарына өзінің саяси мұратын, жолын мақсатын таныстырып өтетін әдеті бар. Дәстүрге айналған бұл әдетке біз де жүгенеміз. Ұстанған жолымызды ұзақ түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Тоқ етерін айтқанда, жолымыз бен мақсатымыз: Біз, Түркістан тәуелсіздігін жоқтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды. Егер біз халқымыздың ұлттың тәулсіздігі жолындағы талаптарының мән–мағнасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Яш Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» [39, Б.190] деп атап көрсетті

Шоқайдың журналда көтерілетін мәселелердің бағыт-бағдарын айқындаған бұл тұжырымдары қатаң басшылыққа алынғандығы басылымның Түркістанның азаттығын көксеген бірден–бір басылымға айналуынан аңғарылады. Кеңес Одағында тоталитарлық билік күшейген сайын ондағы ұлттық басылымдардың  кеңестік идеологияны насихаттап, партиялық цензураның Қасан қалпынан шыға алмай қалған жағдайында «Яш Түркістан» журналы ғана Түркістандағы түркі халықтардың азаттығы жайында мәселе көтеретін бірден бір басылымға айналған болатын. Осыған орай басылымның байланыстары жөнінде Д.Қыдырәлі «Алмания мен Түркияда оқып жатқан түркістандық шәкірттермен мұғажырлықдағы зиялылар, сондай-ақ шет елдерде өмір сүретін түркістандықтар журнал ісіне белсене араласты. Басылымға Европа мен Түркияда ғана емес, сонымен қатар Ауғанстаннан Ираннан, Үндістаннан Шарқи Түркістаннан, Жапониядан, тіпті Кеңестік Түркістаннан оқырман хаттары ағылып келіп жататын еді» [39, Б.190] деп жазады.

Мұстафа Шоқай Түркістан халықтарының тәуелсіздігі жолындағы күресте журналистикадағы көсемсөздік жанрларды ғана емес, әдеби

шығармаларды да шебер пайдаланады. Осыған байланысты Шоқайдың басшылығымен жарық көрген журналдарда мұғажырлық Түркістан әдебиеті қалыптасқандығын атап айтуға болады. Саясат майданы идеологиалық күрестің құралы ретінде әдеби туындыларды дүниеге әкелді. Бұл салада түркі халықтары арасынан әзірбайжандар мен татар эмигранттары оқ бойы озық тұрды. Олардың интеллектуалды ортасы мұғажырлық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік берген болса, түркістандық қазақ, өзбек, түркімен мұғажырлары қатарының аз болуы қолайлы жағдай туғыза алмағанымен түркістандық мұғажырлық әдебиеті деп атауға болатындай дүниелер жарық көрді.

1927 ж. жарық көрген «Иені Түркістан» журналында түркістандық әдебиет нұсқалары аздап жарияланып тұрған болса, 1929 ж. жарық көрген «Яш Түркістан» журналының алғашқы санынан бастап әдебиет айдары ашылды, басылымда өлең-жырлар жариялана бастады. Осы журналдың 3-4 сандарында М.Жұмабаевтың «Алыстағы бауырларыма» атты өлеңі жарияланды. 1920-1921 жж. Анадолы түріктері мемлекетті өз ықпалынан шығармауға ұмтылған Антанта елдерінің отарлық басқыншылығына қарсы азамат соғысын жүргізген. Екі ел арасында тұрақты сыртқы ресми байланыс жоқ болғанымен, мәдени-әдеби байланыстар жалғасын тауып жатқан тұста қазақтың ұлы ақыны М. Жұмабаев осы өлеңді жазып, 1923 ж. Сұлтанбек Қожановтың алғысөзімен Ташкент қаласында кітап етіп бастырған еді. Осы өлеңдегі:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында,
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым [143, Б.82] - деген сөздер алыстағы қандас бауырлардың ауыр халін жете түсінген, қайғысына ортақтасып, қиналғанда қол ұшын созған шын жүректен айтқан сәлемдеме еді. Ата-жұртта –Түркістан өлкесі мен қазақ жерінде де осындай қиын халге тап болғандығын айта келіп:

Бауырым! Сен ол жақта, мен бұ жақта,
Қайғырып қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайықпа құл боп тұру? Кел кетелік,
Алтайға, ата-мирас алтын таққа [143, Б.83] - деп тығырықтан шығатын жолды меңзейді. Бұл жердегі ақынның «Алтайы», «Ата-мирас алтын тағы» - түбі бір түркінің тұтастығы, ауызбіршілігі деп түсінгеніміз дұрыс сияқты.

Мұстафа Шоқай «Түркістан шайырларынан» деген айдармен ақ жол тілеп, «Біз құл болып тұра алмаймыз, біз ұлт азаттығымызды аламыз» деп, «Мағжанның «Алыстағы бауырымының» Анадолы түркілері болғаны әркімге белгілі жайт» дей келіп, «Біздің Москва «азабынан» құтылып, ұлттық азаттығымызға тезірек жетуіміз үшін ең дұрыс және үмітті жол - түрікшілдік. Міне, Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңі бұл түрікшілдік идеясы үшін ең қымбатты және пайдалы бір өлең» [144, Б.54] деп баға берген.

Шоқайдың Мағжан поэзиясына берген бағасын ақынның шет елде үздік қазақ ақыны ретінде танылуының бастауы деп қабылдаймыз.

Журналда Түркістан бірлігі идеясын жырға қосқан өзбек ақындары Абдурауф Фитртат, Шолпан және Елбектердің өлеңдері жарық көрген. Сол сияқты Түркістандағы басмашылық қозғалысқа дем берген Әнуар Пашаның қазасына байланысты Мұстафа Шоқай бірнеше мақала жариялаған. Дегенмен, осындай мақаламен шектеліп қалмай Әнуар Пашаға халықтың көңіл-күйін таныту мақсатында «Әдеби көркемдігіне қарамастан», «Қырым шаһарында жазылған» «Азанама» деп аталатын өлеңді Мағжан өлеңімен бірге жариялаған.

Шоқай журналдың әдебиет арналған бетін кеңестік Орта Азия мен Қазақстанда жүріп жатқан әдеби үрдістерге талдау жасап, баға беруге пайдаланған. Айталық, журнал ұлы Абайды «Түркістанның ең ұлы ақыны» деп айдай әлемге жар салып жатқанда Қазақстанда ол «байшыл, ескішіл ақын» деген таптық бұғаудың шырмауынан шыға алмай жатқан еді.

Тотаритарлық қоғамның ұлт әдебиеттеріне деген таптық-партиялық ұстанымын әшкерлеуде де М.Шоқай түркілік бірлік идеясын алдыңғы орынға қояды. Айталық ол 1931 ж. жазған мақаласында «А.Байтұрсынұлы мен Шолпан - ұлттық әдебиетіміздің ең үздік тұлғалары, олардың шығармаларынан біз орыс тепкісінде қысым көрген тіліміз бен мәдениетіміздің өлмес, өшпес өміршең қуатын көреміз. Қәзір Ахмет пен Шолпандар қайда жүр? Олар неге қуғын-сүргінге ұшырайды? Орыс әдебиеті мен рухани мәдениетіне қатысты дүниелердің бәрі Пушкин, Тургенов, Толтойсыз шығарылмайды. Ал біздің халқымыз өзінің Байтұрсыны мен Шолпанын неге оқи алмай отыр?» (*Мұстафа Шоқай. Ақ-қызыл //«Яш Түркістан» 1931 №15 3-8б*) деген сауалды алға тартады. Әрине, ол сауалдың жауабы – халықты ұлттық тарихи танымнан айыру, сол арқылы отарлық билігін күшейту еді.

Әдебиет айдарында танымал ақындармен қатар танымал емес жас ақындардың жырлары да жарияланған. Мысалы, 1932 ж. «Яш Түркістанда» танымал емес жарияланған жас ақынның «Домбырама құлақ сал» өлеңіне назар аударсақ, ақын «Бай мен кедей тең» деген тентек орыс, Тең болғанды дүниеде көре алмаймын», «жұрттың биі өзінен болмақ керек, қызыл орыс қырғызға бас болмайды» деген сөздері арқылы елдегі ауыр ахуалдың себептері –өзге елдің боданында болып, өз билігінен айрылып қалуда екендігін паш етеді.

Қазақ халқының біртуар перзенттерінің қай қайсысы болмасын елінің болашағы мен дамуы жолында тер төгіп, өздерінің шығармашылығында болашақ жастар тәрбиесіне алаңдаушылығын жазып кеткендігі бәрімізге белгілі. Солардың қатарында Мұстафа Шоқай да қазақ елінің жастары қандай болмақ керектігін оның тұлғалық сапаларына сипаттама беруі арқылы көзқарасын білдірген. Бүгінде қазақ зиялылары көзқарасындағы педагогикалық ойлары өзектілігін дәлелдеп, сұранысын көрсетіп келеді. Әсіресе, еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге қажеттілік туғызып отырған

ұлтымыздың тұлғаларын тану мен олардың артында қалдырған мұраларын зерделей отырып жастарды тәрбиелеу қоғам сұранысына айналды.

М.Шоқайдың мұғажырлық қызметіндегі аса бір шамшыл мәселе – оның фашистік Германияның Кеңес Одағына қарсы саясатымен тарих сахнасына шыққан Түркістан легионына қатыстылығы. Осы мәселеге байланысты кеңестік тарихнама Шоқайды сатқындыққа айыптады. «Комунизмді жақтайтын ғалымдардың бірінші тобы Түркістан легионының құрылуына беделі әсер еткен Мұстафа Шоқайды сатқындықтың символы генерал Власовпен теңесе, екінші біреулер оның Германиядағы саяси қызметі кеңес тарихына емес, 1931-1933 жылдардағы аштық, 1937-1938 жж. репрессия нәубетті қазақ халқына әкелген Сталиннің диктаторлық реформасына қарсы бағытталған деп бағалайды. Десек те, өзінің құпиялығын әлі күнге дейін сақтап келген Түркістан легионын ақтауға негіз бар» [99, Б.103] деген тұжырым деректік тұрғыда талдауды қажет етеді. А.Какеннің дерегіне сүйенсек, екінші дүниежүзілік соғыс (кезінде 5,7 млн кеңес әскері тұтқынға алынса оның 1,7 миллионын түркістандықтар құраған екен [135, Б.74]. Бұл әрине, аз контингент емес. Олардың көпшілігі соғыстың алғашқы айларында тұтқынға түскендігін ескерер болсақ, неміс-фашист концлагерлерінде азап шегіп жатқан қандастарының тағдырына М.Шоқай бей-жай қарай алмас еді.

Тақырыпты аша түсу үшін осы жерде М.Шоқайдың неміс тұтқынына түсуінің тарихын тарқатып көрейік. Германия Кеңес Одағына шабуыл жасаған, 22 маусым 1941 ж. Парижде Ресейлік үш жүзге жуық мұғажырлар тұтқындалып, «құрметті кепілдер» ретінде Компьен қамалына қамауға алынған болатын [145, С. 184]. Олармен бірге М. Шоқай да үш апта осы қамалда болады. Мария Яковлевна Шоқай күйеуінің қалай тұтқынға алынғандығын еске алып, тұтқындаушылар «бізді неге тұтқындайды, біз большевик емеспіз ғой?» деген сауалға «бізге осындай бұйрық болды, тұтқындау себебін өзіміз де білмейміз» [107, С.104–105] деген жауап алғанын жазады.

Компьен қамалында болған үш апта (22 маусым–13 шілде) ішінде тұтқындағы мұғажырлар еркін тәртіпте болған сияқты. Шоқайдың жазуынша, қамалдағы мұғажырлардың өзара лекция тыңдап, саяси пікірталастар өткізуіне мүмкіндіктері болған. Шоқайдың өзі Түркістан мәселесі бойынша лекция оқыған [18, С.61]. Қамақтан босатар алдында Шоқайға радиодан тұтқындағы отандастарын үгіттеп сөз сөйлеуді ұсынады. Дегенмен, әскери тұтқындармен бетпе-бет жүздеспейінше үгіттеу жүргізбейтіндігін алға салып, М. Шоқай ол ұсыныстан бас тартады. Осындай себептермен Мұстафаның соғыс тұтқындары қамалған концлагерьлерді аралауы басталады. Бұл жөнінде Қарыс Қанатбай Мария Яковлеваға жазған хатында «...1941 ж. қыркүйегінде біздің Сувалки әскери лагеріне біздің Президент Мұстафа Шоқайоғлы келді» [107, С.140], ¬- деп жазады.

Әскери лагерьлерде болып соғыс тұтқындарымен үгіт жүргізуге тұтастай комиссиялар жұмыс жасаған. Әр комиссия мүшелерінің саны 25–30-ға дейін жеткен және оларда 500–600 адам жұмыс істегендігін [146, С.75]

ескерсек, М. Шоқай осы ауқымды жұмыстағы көп адамның бірі болғанымен, оның түркістандықтар алдындағы беделі өте жоғары еді.

Мұстафа Шоқайдың әскери лагерьлерді аралап, жүргізген жұмыстары туралы құжаттық деректердің қалай сақталып қалғандығы жөнінде Мария Яковлевнаның естеліктерінен дәйектер кездестіреміз. Шоқайдың дайындаған түркістандық әскери тұтқындардың тізімі оның заттарының арасынан табылған. Оған қосымша Шоқай өлерінің алдында Каюмханға тапсырған «құпия» белгісі бар құжаттар да Марияның қолына тапсырылған [107, С.110.].

М.Шоқай өмірінің соңғы кезеңі ІІ дүниежүзілік соғыста неміс әскерінің қолына түскен әскери тұтқындардың тағдарына араша түсуге байланысты өрбігені белгілі. Осы кезеңнің тарихы Мұстафаның атына «неміс басқыншыларымен ауыз жаласқан», «Түркістан легионын құрған» деген айыптауларға негіз болды. Шоқайдың Ұлттық архив қорына тапсырылған құжаттары негізінде К.Есмағамбетовтың дайындаған кітабы [147] «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығына сай атқарылатын жұмыстардың міндеттерін іске асырады.

К.Есмағамбетов осы еңбегінде Шоқайдың тұтқындардың лагерьлік номері мен мамандығы көрсетілген неміс тіліндегі тізімдер бойынша Гейбель комиссиясына Лембергтен, Ярослау, Дебица-Кочановка, Деба-Майдан, Офлаг-325-тен жұмысқа орналастыруға 1592 адамды ұсынғаны анықталыған [147, Б.31]. Бұл деректерді қайраткердің өмірінің соңына дейін түркі халықтарының тәуелсіздігі, олардың өркениетке қол жеткізуі жолында күрескендігінің айғағы ретінде тоқталып отырмыз.

Кеңестік идеологияның Мұстафа Шоқайға таққан басты айыбы оның отанын «сатқандығы». Осы айыптың негізсіздігіне байланысты К.Есмағамбетов былай дейді «Оның Кеңес Одағын сатуы мүмкін емес, өйткені ол оның азаматы болмаған. Кеңес өкіметінің 1921 ж. 15 желтоқсандағы мәлімдемесіне сай 1922 ж. 1-мамырына дейін КСРО төлқұжатын алмағандар азаматтықтан айырылатын болған. Демек, Шоқай да басқа түркі халыдтарынан шыққан эмигранттар сияқты екінші дүние жүзілік соғыс кезінде КСРО азаматы емес еді. Содан да олар ешқандай да сатқын емес» [99, С.72]

Ұлт-азаттық қозғалыс тарихымен өрілген Мұстафа өмірінің әскери тұтқындарды ажал мен азаптан құтқаруға арналған қарбалас тірлікпен аяқталуының да үлкен рәміздің мәні бар деп білеміз. Олай дейтініміз, ол әскери тұтқындардың тағдырынан Кеңес Одағының езгісіндегі түркі халықтарының тағдырын көрді. Түркі халықтары тәуелсіз ел болғанда осыншама қандастарының жазықсыз жазалы болып концлагерьлердің азабын тартпайтындығын жақсы білді. Оның естеліктерінде І дүниежүзілік соғыс кезінде Ресей империясында болған әскери тұтқындарға қатысты бір естелік

бар. Соған талдау жасап көрейік. Мұстафа Шоқай ол естелігінде досы Садық Өтегеновтың Петебургке келмек екенін айтып жолдаған жеделхаты бойынша оны күтіп алғанда «Аздаған алтын ақша әкелдім. Түрік елшісіне өз қолыммен табыс етуім керек еді» дегендігін айта келіп, сол кездегі Түркияның Петербургтегі елшісі Тұрхан пашаның (*Турхан Хюсню паша – Turhan Husnu Paha – В.Т.)* қабылдауында болғандығын, «Садық оған түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы Түркістанда тұратын түрік қандастары жинаған азын-аулақ ақша әкелгенін айтқанда, елшінің көңілі босап, көздерінен жас парлады. Оған қосылып Садық екеуіміз де жылап алдық...» [109, Б.150] деп жазады. Осында аты аталған Тұрхан паша түрік-ресей дипломатиясында елеулі із қалдырған тұлға болатын. Ол кейіннен Албанияның премьер-министрі болып қызмет істеген [148, С.184]. М.Шоқай мен С.Өтегенов екеуінің Тұрхан пашаға жолығуы І дүниежүзілік соғыста тұтқынға түсіп, Ресей қалаларының госпитальдарында емделіп жатқан түрік жауынгерлеріне түркі халықтары тарапынан көрсетілген гуманитарлық көмектің жарқын бір мысалы. 1916 ж. Ресейде 30 мыңға жуық түрік албайлары (*офицерлері – В.Т.*) мен жауынгерлері герман, аустрия-венгрия жауынгерлерімен бірге тұтқында болған [149, С.409-418]. Осы мәселеге қатысты зерттеуімізде тақырыпқа қатысты біршама талдау жасап, әскери тұтқындардың құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік жағдайына арнайы тоқталған болатынбыз [150 С.141-145]. Демек, 1941 ж. М.Шоқайдың неміс тұтқынындағы түркі халықтары өкілдерінің құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік жағдайын алдыңғы орынға қоюының осындай тарихи алғышарттары болғандығын айта кеткеніміз орынды болар.

Мұғажырлық жағдайындағы Шоқайдың қазақ зиялыларымен байланысы да зерттеушілер назарынан тыс қалмаған**.** Қазақ зиялыларын саяси қуғын-сүргінге салған нәубет жылдары оларға тағылған басты айыптардың бірі – олардың Германия мен Жапония барлау қызметімен байланысып, кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекеттер жасағандығы. Осы айыптауға негізгі дәлелдердің қатарында олардың осы жұмысты үйлестіруші ретінде М.Шоқаймен байланыста болуы. Осы байланысты негіздеуде алғаш рет 1925 ж мамыр айының 27-інде Париж қаласында өткен дүниежүзілік көрмеде орыс әншілері Доливо-Саботницний, Королева, өзбек әншісі Карим Якубов, бишісі Тамара Ханум, азербайжан әншісі Шевкет Мемедов және басқалармен бірге этнографиялық концертте өнер көрсеткен Әміре Қашаубаев болды. Осы концерттен соң М.Шоқайдың Әміремен кездесуі ОГПУ назарына ілігіп, ол елге келген соң бірнеше рет тергеуге алынып, сол құзырлы органның үнемі қадағалауында болады [135, Б.18-21].

Тергеушілер Шоқаймен тікелей байланысты болды деп күдіктенген Германияға оқуға барған Ғазымбек Бірімжановтан (26 мамыр 1929 ж), Иса Қашқынбаевтан (9 қараша 1930 ж), Мұхаметжан Тынышпаевтан (1 қазан 1930 ж), С.Аспендияровтан (20 қараша 1937 ж) және т.б. жауап алынған. Олардың арасында Ғ.Бірімжановтан өзгесі шетелде Шоқаймен кездеспеген. Сонда да олардың байланысы бар деген күдікке тергеушілер дәйек іздеген,

бұл байланыстарда қазақ зиялылары Шоқайға қаржылай көмек бергендігі және оған ақпарат беріп тұрғандығы жөнінде конструкциялар жасалған. Ал Шоқай «Дни» газетінде жариялаған мақаласында өзінің барлық хабарламаларындағы деректердің кеңестік ресми дереккөздер – газеттер, онда жарияланған сьездердің хаттамалары мен қаулы, қарарларынан алынғандығын алға салып, елдегі жазықсыз жазаға тартылып жатқан әріптестерін саяси қуғын-сүргіннен арашалауға тырысады [138, Б.23-24]. «Қазақстан жерінде Қожанов, Рысқұлов, Жандосов және басқа да ұлтшыл-фашист жетекшілерінің құрған ұлтшыл-контрреволюциялық ұйымы тіршілік еткен. Бұл ұйым өзінің іс-әрекеттерін Мұстафа Шоқаев басқарған шетелдегі ұлтшыл-контрреволюциялық орталығының нұсқауымен жүзеге асырып отырған. Олардың түпкі мақсаты Кеңес өкіметін құлатып, Қазақстанда ұлтшыл-буржуазиялық мемлекетті құру болған [139, Б.45]

Саяси және құқықтық айыптауларын осылайша тұжырымдаған тергеушілердің дәлеліне алынған деректері барынша күмәнді. Көшім Есмағамбетовтың жинақтаған Шоқайға қатысты құжаттары мен материалдардың арасында, оның шығармашылық еңбектерінің арасында да Шоқайдың осындай орталық құрғандығы, оны басқарғандығы туралы деректің жоқтығы өз алдына, тіпті титтей де емеурінның кездеспеуі бұл аңыздың негізсіздігіне көз жеткізе түседі.

М.Шоқайдың шығармашылығында педагогикалық ой-тұжырымдар сол қоғамның құбылыстарына сай қалыптасқан тұлға болмысымен байланысты болды.  Әрине, ұлт-азаттық қозғалысы идеясына шынайы берілен күрескер тұлғаның тәрбие туралы көзқарастарын ел болашағына қызмет ету тұрғысында сипаттайды. Әрбір қазақ азаматының қалыптасуы оның ұлттық болмысын айқындайтын, сол арқылы іс әрекеті де еліне арналуы тиіс екендігін басты назарда ұстанады. Ол үшін білімділік маңызды сапа болмақ. Жастардың білімді болуы мен ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп өсуі еліне қызмет ететін азамат үшін маңызды деп біледі. Себебі, азамат ол қасиеттерді өз елінде жүріп бойына сіңіретіндіктен, халықпен етен араласын қызмет етуді жөн деп біледі. Ол «Ұлттық зиялы» атты мақаласында «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз?» деген сауалға «...белгілі бір мұрат-мақсаттарының соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» [39, Б.154], деп білімді болғанымен еліне пайдасыз болғандарды зиялы деуге келмейтіндігін айтады.

Бұл анықтаманы сол кезең үшін барынша дәл берілген деп бағалауға болады. Зиялылар «тек жүктелген міндеттерді атқарумен ғана шұғылдануы жеткіліксіз. Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білуі тиіс» [39, Б.155-156] деп ойын тұжырымдайды.

Сонымен бірге, М.Шоқай орыс (Батыс) мектептерінде тәрбиеленген зиялылардың қасіретке толы тағдыры жөнінде де жазып, өз көзқарасын

білдірген. Ол мұндай зиялылар халыққа ұлттық тәрбие беріп жарытпайды, халық та олардан ұлттық тәрбие алып жарымайтынды деп, батыс тәрбиесін алған зиялылар - өз халқына рухани өгей болып қалады деген тұжырым жасайды. Осыған қатысты  Шоқай Уәлихановтың «батысшылдығы» оның халқы үшін жат адамға айналып қалуына негіз болды деген ой түйеді. Бұл пікір, әрине, Шоқан сынды қайраткер, шығармашыл тұлғаның бәсін кеміту емес еді. Содан да «Біздің ғасырымыз Шоқан дәуіріне қарағанда мүлде басқа. Шоқан ол кезде жалғыз еді. Және оның алдында халқын ұлт деңгейіне көтеру міндеті де тұрған жоқ болатын...», «Тарих пен өмір қажеті, оянған халықтың мағыналы түйсінулері осы бір маңызды міндетті біздің алдымыздан шығарып отыр» [39, Б.155-156] деп, өз замандастарының алдында тұрған міндеттерге айқын сипаттама береді.

Сонымен бірге, М.Шоқай кеңес қоғамындағы тәрбиенің таптық сипатын да жақсы аңғара білді. Осыған байланысты Түркістанның жас күштері мәскеулік диктатураның зұлымдығы астында өсіп, таптық тәрбиемен өсіп келе жатқандығына тоқталады. Шоқай мақаласын өзіне тән оптимизммен және өскелең ұрпақтың рухты көтеретін мынадай сөздерімен аяқтайды: «Кез келген чекист каруларының қарсы алдында тұрсаңыз да ұлттық рухты өшіріп алмай, жас ұрпақтарымызды сол рухта тәрбиелей білген, ей менің қаһарман отандастарым! Сендерге мыңда бір рахмет!» [39, Б.156-157]. М.Шоқайдың педагогикалық ойларының арасынан арнайы тоқталған осы пікірлердің өзі оның ел тәуелсіздігінің болашағын жас ұрпақтың отаншылдық, елжандылық тәрбиесімен байланыстырғандығы аңғарылады.

М.Шоқайдың педагогикалық көқарастарына талдау жасай отырып, оны тәлімгер ретінде қабылдаймыз. Әйтсе де, мұғажырлықлық жағдайда Шоқайдың жастар тәрбиесімен тікелей айналысуына мүмкіндік болған жоқ. Соған қарамастан кеңестік биілік оны жастарды кеңес өкіметіне қарсы тәрбиеледі деп айыптады. М.Шоқайдың Германиядан оқыған жастар арқылы Түркістандағы керітөңкерісшілерге нұсқау беріп отырғандығы туралы арандатушылық сипаттағы материалдардың бірі «Жаңа Ферғана» газетінің 1930 ж. 25 қыркүйек күнгі санында жарияланған еді. Осы арандатушылық мақсатты көздеген мақалаға орай Берлинде кеңес қаржысымен оқыған қандай да бір түркістандықтың өзінен келіп нұсқау алмағандығын айта отырып М.Шоқай Түркістанда болып жатқан оқиғаларды күнбе-күн біліп отыру мүмкіндігін жоқ болғандықтан, «Түркістандағы ұйымдарға жол-жорық беретін ондай аңқау адам емеспін. Егер мен осылай еткен болсам, онда екі түрлі ауыр қателік жіберген болар едім. Біріншіден, саяси және әлеуметтік мәселелерде қателік жіберген болар едім. Екіншіден, саяси күрес және ұйымдастыру тәжірбиесі кемшін бір жас түркістандықты турадан-тура жендеттердің тұзағына түсірген болар едім» [39, Б.114], - деп өз мүддесі үшін өзгенің тағдырын қауіпке тігу қателік болатынын түсіндіріп жазды.

Шоқай ұлт-азаттық күресте ұлттың рухын көтеру мәселесіне баса көңіл бөлген. Ұлттық рухтың тәрбие арқылы жас ұрпақтың бойына сіңірілетініне мән бере отырып, тәуелсіз Түркістан үшін керекті барлық қасиетті жас

ұрпақтан күту керектігін алға тартады. «Алайда, сондай большевиктік дәуірде өскен жастарымыздың оннан тоғызы немесе төрттен үшінде ұлттық рух басым екенінде шүбә жоқдеп болашақ қазақ жастарына үлкен сенім артады. Сөйтіп, тәуелсіздік жолындағы «көтеріліс - езілген халықтың езушілерге қарсы өшпенділік сезімінің бір бұлқынысы, ұлттық және тәуелсіз Түркістанның рухы мен факторы жас түркістандықтар» [39, Б.87-88] болатындығына назар аударады.

М.Шоқай еңбектерінде орын алған педагогикалық ой-пікірлерде отаншылдық ұғымына баса мән беріледі. Отанды сүюге байланысты «Ұлт азаттығы - халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың залымдығынан, өз мүддесін ойлайтындардың таласынан жұртты және халықты сақтайтын қорған» [39, Б.187] деген тұжырым жасап, елдің азаттығын басты саяси құндылық ретінде дәріптейді. Бұл құндылықтың қазіргі мәні қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік идеологиясынан берік орын алып отыр.

Оның тұжырымында отанды сүю ұлтшылдықтан туады. «Ұлтшылдық қозғалысы - халқымыздың да жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» [39, Б.62]. Содан да «біздің саяси және ұлттық азаттығымыз ең алдымен біздің өз ісіміз. Біз осы ұлы мақсатқа өз ішіміздегі ынтымақты күшейте отырып, біздер сияқты ұлтының азаттығы жолында күресіп жатқан болса да басқа ұлттар тізе қоса қимылдағанда ғана тезірек жете аламыз» [39, Б.315]. Демек, қайраткердің тұжырымында отанын сүю тек өз ұлтын ғана сүю емес, сонымен бірге өзге ұлттарды да құрметтеп, ынтымақта өмір сүру, ортақ мақсатқа жұмылу болмақ. Бұл ойлар қазіргі көпұлтты Қазақстан жағдайында Н.Назарбаевтың тұжырымында негізделген «қазақстандық патриотизм» ұғымымен астасып жатыр. Қазақстанның көпұлтты болып қалыптасқан тарихи ахуалы – мемлекетқұрушы қазақ ұлтының өз төңірегіне өзге ұлттырдың өкілдерін топтастырып, біртұтас «Қазақстан халқы» деген ұлттық бірлікке жұмылдырылуда. Сол миссияны іске асыруы тиіс мемлекеттік институттардың біріне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі осы құндылықты басшылыққа алуға бағытталған. Демек, Мұстафа Шоқай мұғажырлық жағдайда бұл идеяның өміршеңдігін және іргелі де мызғымас мемлекет болып қалыптасудың басты шарты ретінде негіздеуі де бүгінгі күнгі мемлекеттік саясаттың өзегіне айналғандығын көреміз. Сол сияқты, «патриот» отанға қызмет ету, Отанның мерейін үстем ету жолында өз халқына қолда барын беретін, өмірін аямайтын тұлға дейтін болсақ мұғажырлықта жүріп «Отан» деген ұғымға баса мән берген М.Шоқайдың барлық қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметін Отанға арнаған сүйіспеншіліктен туындағанын көреміз.

М.Шоқай елжандылықты ұлттық рухпен тығыз байланыста қарастырады. Ол «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болады ма?» деген сауал қояды да «Тарих ондайды көрген жоқ, білмейді де» деп үзілді-кесілді жауап береді. Демек, ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп, дамиды, жемісін береді» [39, Б.187].

Ұлттық рухтың өзі тәуелсіздік аясында дамып, өз жемісін беретіндігіне бүгінгі күні ақиқатқа айналып, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мемлекеттік бағдарламаның өзегін құрайды. Қазақстанның тәуелсіз қоғамдық-саясы дамуының болашағы осы рухани жаңғыру міндеттерін іске асырудың нәтижесіне тікелей байланысты болып отыр.

Жалпы, Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тағлымдық өнегесін Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы пәндерің мазмұнында оқыту мақсатында қолдану бағытында жүргізген талдауларымыздың барысында жіктедік *(Кесте 3).*

Кесте 3 - Мұстафа Шоқайдың тұлғалық өнегесі




М.Шоқайдың педагогикалық көзқарастарына қорытынды жасай отырып, халық арасында еліне пайдасы тиетін зиялы қауымның көп болуы және олардың тек білімді де зерелі болуы ғана емес, сонымен қатар, ел ішінде етене еңбек етуі арқылы халқына қызмет етуін тәрбие нәтижесі ретінде көретін болғандығын аңғарамыз. Бұл бүгінгі күні де сұраныстағы көзқарас. Еліміз тәуелсіздігін баянды ету үшін халқына қалтқысыз қызмет ететін зиялылардың болуы бүгін де заман талабы [151, Б.87].

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың шығармалары Түркістан қозғалысы тарихының құнды дереккөзі ретінде қарастыра отырып, осы қозғалыс туралы мазмұндық жағынан жаңа тұжырымдар жасай алдық. Ең бастысы, еліміздің ғылыми, мәдени өмірінде үлкен жаңалық болған он екі

томдық толық шығармалар жинағына топтастырылған деректерге жасалған талдау Мұстафа Шоқай деректерінсіз тарихи құбылыстың тарихын ғылыми қалпына келтіру мүмкін еместіне көз жеткізді. Осы еңбек арқылы еліміздің бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген күресі тарихының жаңа желісі - халықаралық деңгейде жүргізілген ұлт-азаттық күресінің мазмұнды да өнегелі тарихы қалпына келтірілді. Екінші мәселе, жас ұрпақтың бойында тарихи сана қалыптастыруға қызмет ететін Мұстафа Шоқайдың саяси, азаматтық және шығармашылық қызметінің рухани жаңғырудың тарихи сана қалыптастыру міндеттерін іске асыруда қолданылатын тағлымдық өнегесін жіктей алдық.

Алдағы бөлімде осы өнегені тарих пәндерінің мазмұнында оқыту арқылы тарихи сана қалыптастырудың әдіс-тәсілдері арнайы қарастырылады.

## 3 МҰСТАФА ШОҚАЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

### 3.1 Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің тарихы мен шығармашылық мұрасын оқытудың бағдарламалық кезеңдері

Мемлекеттік даму халық үшін тартымды және түсінікті ұлттық-мемлекеттік идеологияны қалыптастырмай мүмкін емес, ол қоғамдық және мемлекеттік өмірдің мағынасын, бағыты мен перспективаларын анықтайтын көзқарастар мен идеялар жүйесін білдіреді. Ұлттық-мемлекеттік идеологияның жоғарыдан берілмейтіні түсінікті, ол халықтың тарихи болмысымен анықталады. Әрбір халық өзінің өмір сүруі, сақталуы және дамуы үшін өзінің өмір сүру ережелерін, өзінің дүниетанымдық құндылықтар жүйесін дамытады [152].

Білім беру - тар мағынада - жеке адамның оқу орнында немесе өзін-өзі тәрбиелеу арқылы алған жүйелі білімі, дағдылары мен дағдыларының жиынтығы. Кең әлеуметтік контексте білім беру дегеніміз адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделері үшін білім беру мен оқытудың мақсатты процесі деп түсініледі, оның басты мақсаты-қоршаған материалдық және рухани әлем, шығармашылық және моральдық тұлға туралы тұтас идеясы бар еркін, білімді қалыптастыру [153].

Тарих ғылымы - бұл өткен және қазіргі кездегі нақты қоғамдар мен олардың дамуы туралы нақты білім алудың басты мақсаты бар ғылыми әлеуметтік институттардың, кәсіби зерттеушілердің, ғылыми және танымдық қызмет түрлерінің жүйесі. Табиғатта да, қоғамда да кез-келген құбылыстың ғылыми түсіндірмесін осы құбылысты дамуда, яғни тарихи тұрғыдан қарастырған жағдайда ғана табуға болады [154].

Тарих - бұл ең маңызды әлеуметтік ғылым, оны зерттеу мамандардың жалпы білім беру және дүниетанымдық дайындығының ажырамас бөлігі болып табылады және тұлғаның зияткерлік дамуына ықпал етеді. Тарих пәні мемлекет пен қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтары болып табылады. Басқа әлеуметтік ғылымдардан (философия, саясаттану, әлеуметтану) айырмашылығы, тарих тарихи оқиғалар мен фактілерде көрінетін тарихи заңдылықтардың көрінуінің нақты формаларын зерттейді. Тарихты зерделеу нәтижесінде студент алғышарттарды қалыптастыру процесі, адамзаттың дүниежүзілік тарихының бөлігі ретінде қоғамның пайда болуы мен әлеуметтік-саяси дамуы туралы жан-жақты білім алуы керек, бірақ өзіндік ерекшеліктерімен. Ортақ тарихи білім беруді дамыту мәселелеріне баса назар аудару үрдісі жалпы әлемдік сипатқа ие және, ең алдымен, жастардың ұлттық-азаматтық бірегейлігін қалыптастырумен, тарихи білім берудің тарихи жадыны қалыптастырудағы рөлімен байланысты тарихи білім беру

функцияларымен байланысты. Саясаттың, ұжымдық тарихи жадтың және тарихи білімнің мазмұнын түсіну өзекті мәселе болып табылады [155].

Бакалавриат, магистратура және жоғары білікті кадрларды даярлауды көздейтін жоғары білімнің жаңа құрылымына көшуге байланысты қазіргі кезде оны реформалау, жаңа буынның жалпы және жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттарын, тарихи-мәдени стандарттарды әзірлеу және енгізу жағдайында жұмыс істей алатын,сондай-ақ оқу процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдана білетін болашақ тарих мұғалімдерін даярлау қажеттілігі туындады [156].

Оқытудың негізгі факторлары - бұл 1) мемлекет пен қоғам айқындайтын мақсаттар; 2) стандарттар мен бағдарламаларда бекітілген және олардың негізінде мектеп оқулықтарында баяндалған тарихи білім берудің мазмұны мен құрылымы; 3) оқу процесін ғылыми-әдістемелік ұйымдастыру (оқыту мен оқудың нысандары, әдістері, әдістемелік тәсілдері); 4) білім алушылардың танымдық мүмкіндіктері; 5) оқыту нәтижелері [157] болып тұжырымдалған.

Білім беру стандарттары мен бағдарламаларының міндеті - мазмұнды таңдау және онымен жұмыс істеу үшін қажетті құзіреттіліктерді дамыту. Біз білім берудің мақсаттарын, стандарттары мен бағдарламаларын жаңа біліміміз бен әлемде болып жатқан серпінді өзгерістерді көрсететін етіп қайта байланыстыруымыз керек.

Бұл жағдайда міндет білім беру мақсаттарын жүйелеу және білім беру мазмұны туралы ойланудың нақты және пайдалы әдісін жасау болып табылады. білім беру өлшемдерін анықтай отырып, біз одан әрі талқылау үшін нақты құрылым құрдық. оны бағыттаушы модель ретінде қолдана отырып және осы мәселені өзімізге дейін ойластырғандардың жолдарын белгілей отырып, біз білім мазмұнын терең қайта қарауды бастай аламыз [158].

Тарихи білім алушыларда жүйелі ойлауды ғана емес, сонымен қатар әлемдік тарихи процесс туралы, жалпы мемлекетті өркениеттің бір бөлігі ретінде дамыту туралы тұтас түсінік қалыптастыру мақсатын қояды. Болашақ тарих мұғалімдеріне оқытылатын базалық және кәсіби пәндер жүйесі тарихи процестің даму заңдылықтары мен факторлары туралы жүйелі білім беруге, таңдалған кәсіби салаға енуді жеңілдететін ақпараттық ойлауды дамытуға көмектесуге арналған [159].

Болашақ тарих мұғалімі - жас ұрпақтың рухани әлемінің жасампазы, оның негізгі міндеті – оқу процесін ізгілендіру, ондағы ұлттық және жалпыадамзаттық қағидаттардың үйлесімі, жастардың берік тарихи білімін қалыптастыру, адалдық, адамгершілік, мейірімділік қағидаттарына дайындау. Оқыту мен тәрбиелеу мазмұнының ұлттық құрамдасын әдіснамалық тұрғыдан дұрыс айқындай отырып, білім алушыларды өз халқының мәдениеті мен тарихына баулу, оның

этникалық бірегейлігін және бүкіл әлем халықтарының бауырлас отбасына бір мезгілде қатыстылығын ұғыну жолдарын табуға қазіргі заманғы тарих мұғалімі дайын болуы маңызды.

Осы орайда, жоғары білім беру жүйесінде тарихты оқытудың жаңа мазмұны мен әдіснамасын іздеу тарихтың логикасы оқу пәні ретінде тарих ғылымының логикасына, жалпы ғылыми білімнің даму логикасына сәйкес келетін оқытудың заманауи технологияларына көшуді көздейді. Бұл студенттің білім, білік және дағдыларды игеруіне ғана емес, сонымен қатар оның айналасындағы әлемге еркін бағдарлану қабілетіне бағытталған университеттік білімнің мақсаттарына толық сәйкес келуі керек. Бүгінгі таңда тарихты зерттеуде ұлттық құндылықтармен үйлесімді, ойлау дербестігін қалыптастыруға, оқушылардың көкжиегін кеңейтуге, заманауи ақпараттық қоғам жағдайында толеранттылық пен өзара түсіністікті көрсетуге ықпал ететін әлемдік тарихтың мыңжылдықтарында құрылған жалпы адамзаттық рухани құндылықтардың басымдығын анықтау маңызды. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы мақсатты бағыттарға, білім беру жүйесінің құрылымына, оқу жұмысының ұйымдастырушылық нысандары мен әдістеріне, оқу құралдарына әсер еткен білім беру ортасындағы елеулі өзгерістер байқалады, бұл әсіресе тарихи білім беру жүйесінде айқын көрінді [156].

Педагогикалық қызмет - бұл бірқатар іс-әрекеттердің күрделі ұйымдастырылған жүйесі: олардың біріншісі-тікелей оқытушының қызметі. Келесі қызмет - бұл әдістемелік, бірақ оқу құралдарын, оқу пәндерін жүйелеуге және таңдауға бағытталған. Үшінші - іс-әрекет оқу пәндерін бір тұтасқа біріктіруден тұрады - бағдарламалау, оқу бағдарламаларын құру қызметі [160].

Тарихты оқыту – күрделі процесс, мұғалімнің пән бойынша сабақ берудегі мақсатын анықтап, білім мазмұнын іріктеу, білім- ді оқытып үйрету және оны меңгеруге басшылық ету, ал оқушы- лардың оқу қызметі оқытудың нәтижесі сияқты құрамдас бөлім- дерден тұрады. Оқыту процесі үнемі қозғалыста болып, дамып отырады.

Әдістеме сөзінің орысша баламасы – методика сөзі көне гректің «методос», яғни зерттеу жолы, «таным тәсілі» деген сөздерінен келіп шыққан. Тарихты оқытуға тікелей қатысты мәселелерді шешудің өзіндік жолдары бар, оларды зерттейтін де, белгілейтін де – педагогика ғылымы. Аталған мәселелерді шешумен тарих ғылымы ғана емес, педагогика ғылымы да айналысады, тарихты оқыту педагогикалық теорияларға сүйенгенде ғана дұрыс шешіледі. Олардың ішіндегі кейбір аса маңызды мәселелер: білім мазмұнын анықтау, оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіру, оқулықтарды жақсарту, оқытуды оңтайландыру, т.б. тек ғылыми педагогикалық пән деп есептелінеді [161]. Демек, әдістеме - техника, немесе тарихи зерттеудің тәсілдері [162] болып шығады.

«Әдістеме» сөзі әдістің синонимі ретінде де, зерттеу техникасының мағынасында да қолданылды (бұл жалпы қабылданған) [163].

Тарихты оқыту әдістемесінің басты міндеті – оқу процесін оның барлық ішкі және сыртқы сипатын мазмұндық жетілдіру. Әдістеме тарихты оқыту процесін, тарихты оқыту процесінің компоненттері арасындағы көпжақты байланыстарды зерттейді: оқыту мақсаттары (белгіленген нәтижелер) – оқыту мазмұны (материалды таңдау) – оқыту (мұғалімнің қызметі және оқу құралдарын әдістемелік құру) – оқушылардың оқу іс – әрекеті (қабылдау, ойлау, есте сақтау және т.б.) - оқытудың нақты нәтижелері (оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту). Әдістемедегі зерттеу объективті бар байланыстарды анықтауды, теориялық түсіндіруді және тарихты оқыту процесін жақсарту үшін олардың практикалық қолданылуын анықтауды қамтиды [164].

Қазіргі кезеңдегі білім беру жағдайы оқу пәндерінің интеграциясын, тарихи білім беру мазмұнын мақсатты іріктеуді, оқытудың жаңа технологиялары мен жаңа диагностикалық әдістерді эксперименттік тексеруді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық түрлендірулерді қоса алғанда түбегейлі өзгерді, бұл педагогикалық процестің әртүрлі аспектілері туралы объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Тарих - бұл адамгершілік-эстетикалық сипаттағы пән, оны өткен білім негізінде тұлғаны дамыту құралы деп айтуға болады, бұл білім алушыға қоршаған ақпарат ағынына ілесуге көмектеседі. Тарихи білім беру жүйесіндегі дәстүрлі міндеттердің бірі тарихи процесті жандандыру болып табылады [165].

Тарихты оқытудың мақсаттары, әдетте, қоғамда болып жатқан өзгерістерді көрсетеді. Оқу мақсаттарын нақты анықтау оның тиімділігінің шарттарының бірі болып табылады. Мақсаттарды анықтау оқытудың, тарихтың, оқушылардың дамуының жалпы міндеттерін, олардың білімі мен іскерлігін, оқу процесін қамтамасыз етуді және т. б. ескеруі тиіс.

Тарихи білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, тарихты оқыту әдістемесі тарихи білім беру мазмұнын (оның ішінде мектеп оқулықтарын) таңдауға, осы мазмұнды білім алушылардың ерекшеліктеріне бейімдеуге, әр нақты сабақтың әдістері мен тәсілдерін оның мақсаттарына сәйкес анықтауға, танымдық қызығушылық міндетін жүзеге асыруға, оқыту нәтижелерін анықтау процесінде тарихи білім беру сапасын анықтауға көмектеседі. Отандық тарих ғылымында тарихты оқыту әдістемесі бойынша іргелі зерттеулер жүргізген Т.Тұрлығұловтың еңбектерінде [166] тарихи білім берудің мазмұны мен ерекшеліктері алғаш рет жіктелгендігін атап айтуымызға болады. Мектепте тарихты оқытудың әдістемесін жүйелеген Б.Әбдіғұлованың [167], Х.Тұрсұнның [168], Б.Т.Берлібаевтың [169] Қ.Қ.Құнапинаның [170], Г.Б.Қозғамбаеваның [171] және басқа да әдістемелік еңбектерде

Қазақстан тарихын жалпы білім беретін мектептерде оқытудың әдістемесі негізделді. Ал еліміздегі білім саясаты жөнінде А.К. Мыңбаеваның [172] оқу құралы тарихи білім беруде инновациялық технологияларды қолдану сияқты мәселелерге баса назар аударады. Жалпы, тарихты оқытуға қатысты тың идеялар мен ұсыныстар бірқатар отандық ғалым-әдіскерлердің зерттеулері мен оқулық, оқу-әдістемелік құралдарында көрініс тапқан болатын. Осы аталған ғылыми-әдістемелік еңбектерге шолу жасай отырып, М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын оқу бағдарламаларының мазмұнына енгізуге бағытталған зерттеуіміздің барысында басшылыққа алдық.

Қазақстанның білім саясатының басты бағыттарының бірі - әлемдік педагогиканың озық технологияларын оқу үдерісіне енгізу екендігі белгілі. Осы бағытта біз шетелдігі және Қазақстандағы озық білім технологияларының тақырыбымызға қатысты бөлігіне ішінара шолу жасап көрейік. Жеке тұлғаның қоғамдық-саяси қызметінің тарихын оқу үдерісіне дайындағанда психологиялық-педагогикалық зерттеулердің ұстанымдары мен қағидалары басшылыққа алыну шарт. Осыған байланысты ресейлік Н.М.Борытконың [173] Т.Н. Глазыринаның [174], В.И.Загвязинскийдің [175], А.Ю. Сусловтың [176], Х. Шунк Дейлдің [177] және т.б. зерттеулерге назар аударамыз. Оқу үдерісіне қатысты осы сияқты педагогикалық зерттеулерде қалыптасқан ұстанымдар басшылыққа алынды.

Отандық педагогикалық зерттеулерде пәнаралық байланыстарды қолданудың әдіснамалық мүмкіндіктерін қарастырған еңбектердің қатары да мол. Солардың арасынан Ш.Т.Таубаеваның [178] зерттеу еңбегі М.Шоқайдың қызмет тарихы мен шығармашылығына қатысты талдау жұмыстарын жүргізуге қолданылды.

Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуге қатысты оқу-әдістемелік эксперимент барысында және таңдау курсының мазмұнын қалыптастыруда осы бағыттағы педагогикалық зерттеулерге шолу жасап, олардың әдістемелік ұстанымдары мен тұжырымдары басшылыққа алынды. Сол сияқты педагогикалық зерттеулер жүргізуге қатысты дайындалған оқу құралдарында [179], [180] негізделген әдістемелік тәсілдер жүйесін де зерттеуіміздің барысында негізге алдық.

Тарихты оқытудың мазмұны - білім, білік және дағды жүйесі, шығармашылық қызмет тәжірибесі, тарихи фактілерге эмоционалды-құндылық қатынасы.

Оқыту құралдары - процесінде қолданылатын рухани мәдениет объектілері мен мектеп жабдықтарының пәндері, оны пәндік қолдау.

Оқытуды ұйымдастыру нысаны-мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің белгілі бір тәртібі бар оқу сабағының түрі. Демек, мақсат - іс-әрекеттің нәтижесін оймен тұжырымдау [181] болып айқындалады. Мазмұн - оқу үдерісінің міндетті компоненті.

Мақсаттарды тарихи түрде қайта құру оқытудың мазмұнын да өзгертеді.

Мазмұндық желі - бұл оқу пәнінің ерекшеліктеріне және оны құрайтын курстарға сәйкес мазмұнды іріктеу, құрастыру және зерттеу принциптерінің жиынтығы. Бөлімдер, тақырыптар, блоктар оқу мазмұнын құрылымдық және пәндік аспектілерде көрсетсе де, сызықтар барлық мазмұнды қамтиды, жеке тақырыптарды біріктіреді және бүкіл білім беру жобасының (оқу пәні, оқу курсы, вариативті ОӘК және т.б.) өзіндік «құндылық шеңберін» құра алады.

Екіншіден, мазмұндық желілер оқу пәнін анықтап қана қоймай, білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын, … оқу - әдістемелік құралдарды, бұдан әрі-оқу сабақтарының сценарийлерін және т. б. дайындау кезеңдерінде оқу мазмұнын іріктеу мен құрастырудың маңызды функциясын орындайды.

Үшіншіден, мазмұнды сызықтар сұрақтар мен тапсырмалардың әртүрлі пәндік және құндылық бұрыштарын, оқу сабақтарының нысандары мен оқушылардың өзіндік жұмыстарының түрлерін, шығармашылық жобалар мен әлеуметтік тақырыптарын қою арқылы білім беру процесіне әсер етуі мүмкін.

Өз кезегінде (төртінші позиция) мазмұнды бағыттарға бағдарланған білім беру нәтижелері білім алушылардың таза оқу жетістіктерінде анықталмайды, бірақ сапалы жаңа деңгейге шығуы мүмкін: Мета — пәндік және жеке-жалпы білім беру деңгейлері, танымдық іс-әрекеттің әлеуметтік және мәдени әсеріне әкелуі мүмкін [182].

Тарихты, әдістемені дамыту оқытудың мазмұнына, оның көлемі мен тереңдігіне де әсер етеді. Педагог балаларды өткенді тану процесін және адамдардың іс-әрекеттерін адамгершілік бағалау процесін ажырата білуге үйретеді.

М.Шоқайдың Қазақстанның тәуелсіздігі мен ұлттық санасын қалыптастырудың бастау идеяларында тұлғалық болмысы мен шығармашылық қызметінің орны ерекше екендігін тарихи деректерге сүйене отырып айқындадық. Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстанның жастары мен мамандарын даярлауда М.Шоқай сынды тұлғалар өнегесі мен жүріп өткен жолын оқыту мен насихаттау қажет.

Сондықтан, біз ең алдымен жоғарыдағы параграфтарда қарастырғанымыздай Мұстафа Шоқайдың қызметі мен шығармашылығын бүгінгі тарих мамандығындағы болашақ мамандарды даярлауда және олардың тарихи санасы мен ұлттық патриотизмін қалыптастыруда пайдалану жағдайын бақылау үшін өзіміздің зерттеу жұмысымыз жүргізіліп отырған оқу орындарының оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендері мазмұнына талдау жасадық.

Тарих пәнінде Мұстафа Шоқай шығармашылығын оқытудың әдістемесін жасауда жоғарыда біз қарастырған әдіс-тәсілдерді ретімен қолдану жүйесін анықтадық (кесте 4)

Қазіргі кездегі ЖОО оқитын жастар арасында жүргізілген

сауалнамалар олардың болашақ қызметіндегі кәсіби тұлғасының қандай болмағы туралы көзқарастары мен ұсыныстары маман дайындығының теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жеткіліксіздігін көрсетеді. Сауалнама қорытындысы жоғары оқу орындарындағы тарих пәндері мазмұнында қарастырылатын Мұстафа Шоқай туралы ақпараттар мен оның өмір сүрген кезеңіндегі тарихи-саяси құбылыстардың біз қарастырып отырған құбылыстармен байланысын түсіндіруде біршама толықтырулар мен жетілдірулер керек екенін көрсетті.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы болашақ тарих пәні мұғалімдері ұлтымыздың біртуар перзенттері мен олардың тарихтағы атқарған рөлі мен алатын орны жайлы деректерді меңгеруге үлкен қызығушылық танытатындығы да аңғарылады. Олардың тарихи тұлғалардың қызметтеріндегі тарихи деректерде айналымға түсе қоймаған деректердің жаңа қырларын білуге ұмтылысы мен қызығушылықтарының жоғары екендіктері де байқалды.

Кеесте 4 - Мұстафа Шоқай шығармашылығын оқытудың әдістемелік жүйесі



Соның ішінде халқымыздың тарихи тәжірибесіндегі қайраткерлердің өмірі мен тұлғалық сапалары туралы білу жастар тарапынан аса үлкен қызығушылық туғызуда.

Әсіресе, бүгінгі ашық ақпараттық қарым-қатынас жүйесінде тарихи деректердің шындығын ашу мен оны тарихи сана қалыптастыруда пайдаланудың тиімділігі айқын. Соған байланысты кеңестік білім жүйесінде мамандар даярлау барысында оқытылып келген Мұстафа Шоқай туралы қалыптасқан ғылыми деректер мен зерттеулердің бүгінгі тәуелсіздігіміздің жағдайында оқытудағы айырмашылығын салыстыру, тіпті Қазақстан, Түркия, Ресей Федерациясы ЖОО оқулықтарындағы тарих мазмұнында осы мәселеге қалай баға беріп жатқандығын айқындау мәселесі де бізді қызықтырды.

Ең алдымен 5В011400 – «Тарих» мамандығындағы болашақ мамандардың оқу жоспарлары мен типтік оқу бағдарламаларының мазмұнында Мұстафа Шоқай қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына қаншалықты мән берілгендігін талдап көрелік.

5В011400 – «Тарих» мамандығы бойынша білім бакалаврларына арналған типтік оқу бағдарламаларында барлығы 22 пән тарихи бағытта оқытылады. Соның ішінде кәсіби модульдер циклы бойынша міндетті пәндер құрамында «Тарихнамалық зерттеу және деректану» модулі бойынша «Тарихнамалық зерттеу» пәні 2 кредитпен оқытылу жоспарланған. Бұл пәндердің мазмұнында қаралатын тақырыптарға келетін болсақ, тарихтағы белгілі тұлғалар өмірі мен мемлекетінің болашағы мен тәуелсіздігі жолындағы қызметтері баяндалатын бұл пән мазмұнында да Мұстафа Шоқай туралы ақпарат берілмейді. Сонымен қатар, аталмыш мамандықтың оқу жоспарында жеке білім траекториясының модульдері (ЖБТ) циклы бойынша пәндер тізімінде «Халықаралық қатынастар» модулі бойынша өтілетін пәндер қатарында «Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі» пәні 3 кредитке лайықталып жоспарланған.

Болашақ тарих пәні мұғалімдері мектеп қабырғасында Мұстафа Шоқай шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметтері туралы ақпаратты осы жоғары оқу орнында алған білімдері негізінде береді. Мектеп оқулықтарына талдау жасау Мұстафа Шоқай туралы жеткіліксіз дәрежеде ақпараттандырылып жатқандығын көрсетті. Нақтылап айтар болсақ, мектептің 11-сыныпқа арналған оқулығының [183] мазмұнында «Қазақстандағы саяси партиялар», «Алашорда және Түркістан автономиялары» тақырыптарында Мұстафа Шоқаймен бірге күрескер болған тұлғалар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және тағы басқалар қызметі туралы кеңінен баяндалады, бірақ Мұстафа Шоқайдың қызметі толық ашылмайды.

Бұндай ақпарат тапшылығын оқулықтың жаратылыстану-математика бағытына арналып жазылғандығымен түсіндіруге болады. Әйтсе де осы аталған тақырыптарда Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-

саяси қызметі мен шығармашылығына тоқтала кетуге болар еді. Әсіресе, «Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру», «1920-1930 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өмірі», «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясы» тақырыптарына Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің айтулы кезеңдерін және Қазақстандағы тарихи оқиғалар туралы оның шығармаларының деректерін енгізуге болар еді.

Дегенмен, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныптың «Қазақстан тарихы» [184] оқулығының мазмұнында «XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар» IV тарауда [184, Б.92-109] Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің тарихынан біршама мағлұматтар берілген. Бұл әрине, құптарлық енгізілімдер екендігінде дау жоқ. Мектеп бағдарламасына сай тарихи оқиғалар мен құбылыстар туралы мағлұматтардың осылай жинақы берілетіндігіне жүгінсек, Мұстафа Шоқайға қатысты берілген осы ақпараттардың өзі жеткілікті. Бұл жердегі мәселе, Шоқайдың шығармашылығын дереккөз ретінде «1918-1930 жылдардағы кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты» (V тарау) деген жекелеген тақырыптарға да Мұстафа Шоқайдың түркілік бірлік идеясы тұжырымын, Түркістан легионына қатысты деректерді және т.б. қосуға болар еді.

Жоғарыдағы мектеп және жоғары оқу орындарындағы пәндер мен оқулықтар мазмұнына талдау жасай отырып, біз Мұстафа Шоқай өмірі мен қызметі жайлы мәліметтерді кірістіруге болатын және оның көріну мүмкіндігі бар ақпараттарды топтадық (Кесте 5 ).

Жоғарыдағы оқу бағдарламаларының мазмұнында берілген тақырыптарда Мұстафа Шоқай өмір сүрген кезең мен онымен бірге қызметтес болып, бірге идеялас, көзқарастары жақын болған тұлғалар туралы қарастырылғанымен М.Шоқай қызметінің маңыздылығы туралы қарастыру айтылмайды. Бұдан шығатын тұжырым, М.Шоқай қызметі мен оның Қазақстан тәуелсіздігін алу жолындағы алғышарт болатын саяси идеялары мен тарихи мұралары болашақ мамандар даярлау үдерісінде жеткілікті дәрежеде оқытылмай келетіндігін көрсетеді.

Біз болашақ тарих пәні мұғалімдерінен Мұстафа Шоқай өмірі мен саяси қызметі туралы білімдері мен оған деген көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар алдық. Сауалнамаға жалпы саны 102 студент қатысты.

Студенттер арасында жалпы саны 10 сұрақты қамтитын сауалнама таратылып, оларға мына төмендегідей жауаптар алынды:

1. «Мұстафа Шоқайдың Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жолында жүргізген қандай саяси қызметін айта аласыз?» деген сұраққа сұралғандардың небәрі 10 пайызы «Мұстафа Шоқай кезінде қазақ халқының болашағы үшін легионерлік топта жұмыс істеп, жазықсыз жапа шеккен қазақ жастарын ажалдан арашалап қалған. Түркістан

мемлекетін құру жолында аянбай еңбек еткен азамат. Бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істей жүріп, қазақ халқын білімге, азаттық үшін күреске шақырған және ұйымдастырушылардың қатарында жүрген азамат» деп жауап берсе, 52 пайызы «М.Шоқай қазақ халқынан шыққан зиялылардың бірі, миссионер. Шетелде жүріп қазақ халқының болашағы үшін еңбек еткен азамат» деп жауап берген. Ал, 38 пайызы студенттер Мұстафа Шоқай қызметі мен Қазақстан Республикасының болашағы жолындағы қызметінен шашыраңқы ақпарат берген. Бұдан біз, Мұстафа Шоқай қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы

**Кесте 5. Мамандықтың оқу бағдарламаларындағы Мұстафа Шоқай шығармашылығын оқыту мүмкіндіктері**

| р/н | Пән атаулары | М.Шоқай шығармашылығын оқыту мүмкіндігі бар тақырыптар | Тақырып мазмұны |
|---|---|---|---|
| 1 | Тарихнамалық зерттеу және деректану | XIX ғасырдағы тарихи ойлардың дамуы | Қазақ халқының қалыптасуы туралы орыс зерттеушілерінің еңбектері. Жер аударылған декабристердің Қазақстанды зерттеулері. Ресейдің Орталық Азияны жаулап алуы тарихының ағымдары. Қазақ ұлт зиялыларының көрнекті өкілдерінің тарихи көзқарастары. |
| 2 | Қазақстанның қазіргі заман тарихы (тарих мамандықтары үшін) | 3.Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмір, мәдениет, білім және ғылым. | Қазақ АКСР-ның Одақтас республикаға айналуы. Алаш қозғалысы басшыларын қуғындаау саясаты. Қиыр Шығыс корейлерінің Қазақстанға еріксіз қоныс аударылуы. М.Шоқайдың мұғажырлықтағы саяси қызметі. |
| | | 5.Қазақстан Екінші Дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдары (1939-1945 ж.ж.) | Фашистердің «Түркістан легионын» құру әрекеті және соғыс тұтқындарының қайғылы тағдыры. М.Шоқай және басқалар туралы шындық пен аңыз. |
| 3 | Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі | Дүниежүзілік мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен қызметі пәні ұлы тұлғалардың іс-әрекетін, өмірі мен | Пән дүние жүзіндегі мемлекет қайраткерлерінің өмірін, шығармашылық жолын, саясаттағы ролін оқытады. Адамзат баласының тарихында есімдері алтын әріппен жазылған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін бүгінгі күн тұрғысынан талдайды. |
| 4 | Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» (Республикадағы | 1.Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай – | Ішкі Ресейден орыс және басқа еуропалық тұрғындарды қазақ жеріне қоныстандыру ісінің қарқын алуы, экспедициялық зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, қоныстандыру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ЖОО-ның тарих емес факультеттері үшін) | тәуелсіздік үшін күрестің алғышарттары | мекемелері жүйесінің құрылуы, қоныс аудара келгендерге жасалған қолдау. Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы. Қазақ жұмысшыларын кемсіту және қанау ұстанымы. |
| | | 2.Ұлттық мемлекет құру жолындағы қозғалыстар | Қазақ халқының ұлттық қозғалысының бастаулары. Ұлттық қозғалыс түрлерін сипаттау. Қазақ зиялыларының қалыптасуы: әлеуметтік құрамы, білімі, қызметі. Жәдидтік ағартушылық ойларының Ұлы Дала еліне ықпалы. Ресей империясының түрік-мұсылман халықтарының интеллектуалды элиталарының өзара ықпалдасуы. Мұсылмандардың қайырымдылық қоғамдары және олардың қызметі. |

тарихында танымалы тұлға болғанымен, оның қызметі мен саяси көзқарастары туралы ақпараттың кеңінен танымалы еместігін байқадық.

2.«Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен өмірі туралы не білесіз?» деген сұраққа сұралғандардың 28 пайызы оның отбасылық жағдайы мен тұлғалық сапалары туралы ақпараттардан Әкім Таразидің сценарийімен қойылған Сатыбалды Нарымбетовтың екі сериялы «Мұстафа Шоқай» көркем фильмі арқылы хабардар екендіктерін білдірген. Ал, қалған 72 пайызы оның отбасылық жағдайын ғана атап, әйтсе де тұлғалық сапаларынан хабарсыз екендігін білдірген. Бұл деректер, халқымыздың біртуар перзенттерін жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде олардың халқының болашағы үшін еткен қызметтерімен қоса, тұлғалық сапаларын қалыптастыруда өнеге ету де қажет екендігін көрсетеді.

3. «Мұстафа Шоқайдың саяси-қоғамдық қызметінің Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жолындағы маңыздылығы туралы қандай ой қосасыз?» деген сұраққа сұралғандардың 32 пайызы «Мұстафа Шоқай Қазақ халқының тәуелсіздік алуы үшін алғышарт болатын іс әрекеттерді ұйымдастырудың басы-қасында жүріп, оның іске асуына қадамдар жасады. Жоғары жаққа хаттар жазу мен халыққа өз көзқарасын білдіру арқылы насихат жұмысын жүргізіп отырды. Түркістан мемлекетін құру идеясы жолында басын қатерге тікті. Сол үшін айдауда да болды» деп жауап берген, ал 18 пайызы «Қазақ халқына тәуелсіздік жолында күрескер болудың алғашқы идеяларын таратқан және стратегиялық жоспарларын құруы арқылы үлес қосқан» деп жауап берсе, қалған 50 пайызы ешқандай көзқарастарын білдіре алмағандар.

4. «Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы ақпараттарды қандай пәндер мазмұнында қарастырдыңдар?» деген сұраққа өкінішке орай пәндер мазмұнының тым аз мөлшерде қарастыратынын айтады. Себебі, арнайы тақырыптар арналмаса да жалпы қазақстанның тәуелсіздігі мен азаттығы жолында болған

күрестер туралы тарихи деректер бойынша тұлғалар ерлігі мен қызметі жайлы ақпараттар легінде шолу жасалатынын айтады. Бұл жауаптардан көретініміз, Мұстафа Шоқай туралы ақпараттар кеңінен қарастырылмай, жалпылама шолулардың барысында ғана таныстырылатыны айқын болды.

5. «Мұстафа Шоқай өмірі мен тұлғасын тану және оның Қазақстанның болашағы үшін еткен еңбегін оқып үйрену болашақ тарих пәні мұғалімдеріне не береді?» деген сұраққа сұралғандардың дені «Халқымыздың елжанды ұрпақтарын танып білуі болашақ тарих пәні мұғілімдерінің ұлттық рухта қалыптасуына ықпал етеді және оларда тарихи сананың қалыптасуына алып келетінін» айтқан. Бұл жауаптардан көретініміз, студент жастардың дені тарихи құбылыстардың болуын түсіндіру мен саяси мәнін аша түсуде оны жасаушылардың тұлғалық болмысымен байланыстырып, зерделеуді мақұл көретінін білдіреді.

6. «Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен оның маңыздылығына деген көзқарастың өзге мемлекеттерде қалай оқытылып жатқандығына салыстырмалы сипаттама бере аласыз ба?» деген сұраққа сұралғандардың ешқайсысы нақты жауап бере алмады. Бұдан шығатын тұжырым, Мұстафа Шоқай қызметі мен оның маңыздылығы туралы ақпараттар көпшілікке жеткілікті дәрежеде насихатталмайтынынан дерек береді.

7. «Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен қазақ халқының болашағы үшін сіңірген еңбегін болашақ тарих пәні мұғалімдеріне насихаттау үшін қандай ұсыныс білдересіз?» деген сұраққа сұралғандардың басым бөлігі яғни 61 пайызы «Болашақ тарих пәні мұғалімдері мен жалпы педагогикалық бағыттағы мамандықтар үшін таңдау компонентіне тұлғалар мұраларын оқытуға арнайы пәндер енгізу қажет деп білемін» деп жауап берген. Ал, 34 пайызы «Тарихи пәндер» мазмұнында тарихи ақпараттарды М.Шоқай қызметі мен саяси көзқарастарының өміршеңдігі туралы ақпараттармен толықтырып жетілдіру тиімді болар еді» деген жауаптар берген. Ал, студенттердің 5 пайызы жауап беруге қиналған.

8. «Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен саяси көзқарасының қалыптасуына әсер еткен факторлар қандай деп ойлайсыз?» деген сұраққа студенттердің 29 пайызы «М.Шоқайдың халқына деген сүйіспеншілігі мен достарының көзқарастары» деп жауап берген, ал 18 пайызы «Ел ішіндегі қоғамдық-саяси ахуалдардың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен болашағына деген зиянды салдары мен М.Шоқайдың рухани жақын достарының ықпалы» деп жауап берген. Сұралғандардың 46 пайызы «Қоғамдық жағдайлар мен Мұстафа Шоқайдың Түркістан мемлекетін құру арманы» деп жауап берген, ал 7 пайызы ойларын шашыраңғы баяндағандар болды.

9. «Мұстафа Шоқайдың тұлғасынан педагог маманның тұлғасына қажетті қандай сапаларды көруге болады деп ойлайсыз?» деген сұраққа

студенттердің 58 пайызы «Отансүйгіштік, адалдық, жоғары жауапкершілік, тұрақтылық, саяси сауаттылық, ізденімпаздылық, батылдық» және т.б. сапаларды атаған. Ал 33 пайызы «Еңбекқорлық пен жоғары жауапкершілік, зиялылық, ұлылық» деп көрсеткен. Сұралғандардың 9 пайызы «Азаматтық, әділдік, тектілік» сапаларды атап көрсеткен.

10. «Мұстафа Шоқай қызметі мен саяси көзқарастары туралы ақпараттарды қандай пәндер мазмұнында қарастыру тиімді деп ойлайсыз?» деген сұраққа студенттер тарихи пәндерді атаған. Солардың ішінде ең көп аталғаны «Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі» пәні болды. Осындай сауалнамаларға алған жауаптардан студенттердің Мұстафа Шоқайдың қызметі мен қоғамдық-саяси көзқарастары туралы ойларының әркелкілігін байқауға болады.

Қазақстан Республикасының жаңа педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «Жаңа формация мұғалімі кәсіби дағдылы, педагогикалық дарынды, тұлғалық сапасы қалыптасқан жаңалыққа құмар, рухани дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін маман» деп көрсетілген, яғни ол ізгілігі мол, әр іске жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын, ақпараттық технологияны толық меңгерген, коммуникативті, толыққанда құзырлы адам. Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық - психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заман талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымдық ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Бұдан шығатын қорытынды, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің дайындығында оқыған пәндері мазмұнында Мұстафа Шоқайдың шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметін оқытудың жеткіліксіздігі байқалатындығын көрдік.

Біз студенттердің жоғарыдағы жауаптарын іріктей отырып, олардың кәсіби дайындығындағы тарихи тұлғалардың жеткілікті дәрежеде оқытыла бермейтіндігін ескере отырып, Мұстафа Шоқайдың қызметі мен қоғамдық-саяси көзқарасын тарих пәндері мазмұнында немесе арнайы элективті курс бағдарламасы негізінде оқытылуы тиіс деп таптық.

Аталған мәселенің оңды шешімін табу біздің ойымызша төмендегідей жолдар арқылы жүзеге асырылады:

1. Жоғары оқу орындарының кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттеріне Мұстафа Шоқай қызметі мен оның қоғамдық-саяси көзқарастарын ашуды мақсат ететін элективті курс енгізу.

2. Тарих пәндері бойынша жасалатын нормативтік құжаттар мазмұнына (оқу бағдарламалары, оқу құралдары, оқулықтар т.б) Мұстафа Шоқайдың қызметі мен шығармашылығын ашатын

материалдарды енгізу.

3. Тарих пәндерінен дәріс беретін пән оқытушыларының Мұстафа Шоқайдың шығармашылығы мен қоғамдық-саяси көзқарастарынан толық хабардар болуына жағдай жасау: бұл үшін арнайы семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер және т.б ұйымдастыру.

4. Пән оқытушыларына әдістемелік көмек көрсету мақсатында Мұстафа Шоқайдың шығармашылығы мен қоғамдық-саяси көзқарастарынан дерек беретін ақпараттарды педагогикалық процесте үйлесімді пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар, әдістемелік құралдар жасау.

5. Мұстафа Шоқайдың қызметі мен шығармашылығын және оның бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолында насихаттайтын идеяларын ақпарат құралдары арқылы ғылыми және ғылыми-танымдық формаларда жариялау.

6. Тарих пәндерінің оқытылу барысын талдау білім беру мекемелерінде Мұстафа Шоқай шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметін жеткілікті дәрежеде оқытылмайтындығын көрсетті, сондықтан, біз элективті курс бағдарламасын жасау қажет деп таптық.

Зерттеу міндетіне сәйкес, біз «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты таңдау пәнінің оқу бағдарламасын ұсындық. Бұл бағдарлама 5В011400 – «Тарих» мамандығы бойынша білім бакалаврларына арналып жасалды. Тақырыпты осы мазмұнда таңдауымыздың себебі – Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығында теориялық тұрғыда барынша жеткілікті қалыпқа түскен тұжырымдардың бірі ретінде оның түркілік бірлік идеясы қазіргі заманғы түркі тілді мемлекеттердің саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастығын одан әрі дамытуға, жастардың тарихи санасын қалыптастырудағы маңызы ерекше деп бағаланатындығы.

Элективті курстың мақсатын болашақ тарих пәні мұғалімдерін Мұстафа Шоқайдың шығармашылығы мен қоғамдық-саяси көзқарастарын және Қазақстан Республикасының болашағы үшін қосқан үлесі туралы ақпараттарды зерделей отырып, оны бүгінгі күннің маман даярлау тәжірибесінде пайдалануды қамтамасыз ету деп анықтадық.Бұл элективті курс болашақ тарих пәні мамандарының жаһандық білім кеңістігіндегі тарихи ақпараттарды меңгерудегі білімдерін ұлттық болмысымызға тән қасиеттермен толықтыра қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама мазмұны – Мұстафа Шоқайдың шығармашылығы мен қоғамдық-саяси көзқарастарын болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуы мен тарихи санасын қалыптастыруда кәсіптік пәндер мазмұнымен теориялық сабақтастықта қарастырып оқытуды көздейді. Бұл элективті курс бағдарламасы жоғары оқу орнындағы оқу үрдісі кредиттік жүйеде ұйымдастырылатын болғандықтан 15 аптаға

лайықталып жасалған. Нақтырақ сағат сандарымен көрсетер болсақ, ол 2 кредитке арналып: 15 сағат – дәріс, 15 сағат семинар сабағы, 30 сағат - студенттің өздік жұмысына (СӨЖ) және 30 сағат - студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын өздік жұмысын (СОӨЖ) қамтиды (кесте 6).

Кесте 6. «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты элективті курстың жоспары

| р/н | **Тақырып атаулары** | **Сағат сандары** | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дәріс | семинар | СӨЖ | СОӨЖ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты курс пәні, міндеттері | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 2 | Мұстафа Шоқайдың және түркілік бірлік идеясының теориясы мен тарихнамасы | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 3 | Мұстафа Шоқай туралы деректердің зерттелуі | | | | |
| 4 | Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен қоғамдық-саяси көзқарастарына ықпал еткен факторлар | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 5 | М.Шоқай шығармашылығының Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғышарты ретіндегі мәні | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 6 | Мұстафа Шоқайдың Түркістан Мұхтариятын құру идеясының ұлттық және саяси мәні | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 7 | М.Шоқайдың шығармашылығындағы ұлттық мәселелер | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 8 | М.Шоқай шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметінің түркі әлемі үшін маңыздылығы | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 9 | М.Шоқай қызметіндегі ағартушылық идеялардың бағыты | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 10 | Мұстафа Шоқай шығарма-шылығындағы түркілік бірлік идеясының мәні | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 11 | Мұстафа Шоқай – Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 12 | Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықдағы қоғамдық- | 1 | 1 | 2 | 2 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саяси қызметінің сипаты | | | | |
| 13 | Түркістан ұлттық элитасы ынтымақтастығы негізін қалаудағы Мұстафа Шоқай қызметінің рөлі | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 14 | М.Шоқай өмірі мен қызметі туралы ақпараттарды болашақ тарих пәні мамандарын даярлауда пайдалану мүмкіндіктері | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 15 | М.Шоқай қызметіне бүгінгі күннің тұрғысында баға беру және Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы саяси мәні | 1 | 1 | 2 | 2 |
| | Барлығы: | 15 | 15 | 30 | 30 |

«Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты элективті курс бағдарламасының мазмұнын мынадай құрылымда қарастырдық:

*1-дәріс. «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты элективті курс пәні, міндеттері*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы ғылыми білімдер жүйесін қалыптастыру.

Дәрістің мазмұны

Элективті курстың мақсат, міндеттері мен мамандар даярлаудағы қоғамдық сұранысы. Кәсіби білім беру жағдайында болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуында Мұстафа Шоқай мұраларының қажеттілігі мен тұлғалық болмысын пайдалану мүмкіндіктері. Мұстафа Шоқайдың тарихтағы рөлі. Элективті курстың тарих пәні мұғалімдерін даярлаудағы маңыздылығы мен мәні.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен шығармашылығын бүгінгі мамандар даярлау жүйесінде оқытудың қажеттілігімен байланыстыра отырып сипаттаңыз.

2. Мұстафа Шоқайдың тұлғалық сапаларын элективті курс мазмұнында оқыту мүмкіндіктерін айқындаңыз.

*2-дәріс. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық саяси қызметінің сипаты*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық саяси қызметінің тарихи мәнін ашу.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен оның болмысына ықпал еткен алғышарттар. М.Шоқайдың қызметінің сипаттары мен қоғамдық саяси бағыттары. Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысының сипаты мен қызметтік әрекетіне үйлесімділігі. М.Шоқай туралы көзқарастар мен

оның қоғамдық-саяси қызметіне деген бағасы. Отандық және шетел ғалымдар мен саясаткерлердің М.Шоқай туралы пікірлері.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқайдың өмірлік ұстанымын тарихи қалыптасу кезеңдерімен сипаттай отырып болмысының моделін құрыңыз.

2. Мұстафа Шоқайдың өмірілік жолы мен атқарған қоғамдық саяси қызметінің бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстанның дамуы жағдайында да өміршеңдігін ғылыми теориялар негізінде салыстырыңыз.

*3-дәріс. Мұстафа Шоқай туралы деректердің зерттелуі*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқай туралы деректердің зерттелуін зерделей отырып, идеяларының бүгінгі тарихтағы және бүгінгі қоғамдағы рөлін айқындау.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық –саяси қызметінің зерттелуіне шолу. Тарихи зерттеулер педагогикалық мәнін жастар тәрбиесінде пайдалану мүмкіндіктерінің зерттелуі. Отандық ғалымдар зерттеулері мен пікірлері. Шетел ғалымдары тарапынан жүргізілген зерттеулер. Отандық және шетел деректерін салыстыру және ортақ тұжырым жасау. Шоқай Кеңес Одағындағы Түркістанға қатысты оқиғаларды жіті қадағалап, ауылшаруашылық реформалары салдарынан қазақтардың жаппай қырғынға ұшыраған ахуалын Лондондағы А.Байкаловқа хат арқылы хабарлаған, басқа да пікірлес орыс мұғажырларына, өзі танитын батыстық қайраткерлерге хабарлап, еуропалық басылымдарға бірнеше мақала жариялайды осы кезде. 1934 ж. 15 шілдесінде А.Байкалов М.Шоқайға қайтарған жауабында оның хатын алғаны және көтерілген мәселелер бойынша жасаған әрекеттері жайлы: «Ашаршылық туралы мәліметіңіз үшін үлкен рахмет, мен оларды тиісті орындарға тапсырдым. Бұл мағлұматтар «Социальная лестница» журналының соңғы санында басылған хат-хабарларда, сондай-ақ «Обсервер» газетінің бүгінгі санындағы жанама тілшілерінің хатында толығымен расталды» [185] деп жазады. Демек, қайраткер шығармаларын Отан тарихының дереккөзі ретінде қолдану арқылы өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы алапат зұлмат туралы да нақты мәліметтер алуға болатындығына студенттердің көзі жете түседі.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқай туралы зерттеулерді салыстыра отырып, көзқарастар алшақтығын түсіндіріңіз.

2. Мұстафа Шоқай қызметіндегі мұғажырлық әрекетінің астары мен функционалдық ерекшелігін түсіндіріңіз.

*4-дәріс. Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен қоғамдық-саяси көзқарастарына ықпал еткен факторлар*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен қоғамдық-саяси көзқарастарына ықпал еткен факторларды айқындап, талдау.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысына ықпал еткен сол қоғамдағы қайтаркерлер мен олардың көзқарастары туралы шолу. Елдегі қоғамдық-саяси ахуал. Қазақ жастарының жағдайы мен езгінің салдары. Қазақ халқының болашағы мен ұл аралық қарым-қатынастың жағдайы. Қоғамдағы әділетсіздіктер мен ұлтаралық теңсіздіктің салдарына сипаттама.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысына ықпал еткен жақын жолдастары мен қызметтестері туралы баяндаңыз, олардағы көзқарас жақындығын салыстырмалы талдаңыз.

1. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің сипатына ықпал еткен факторларды айқындаңыз.

*5-дәріс. М.Шоқай шығармашылығының Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің алғышарты ретіндегі мәні*

Дәрістің мақсаты – М.Шоқай шығармашылығының Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің алғышарты ретіндегі мәнін айқындап, дәлелдеу.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқайдың көздеген мүддесі мен Қазақстан Республикасының азаттығы идеяларының арасындағы байланыс. Қазақ жастарының азаттығының басты шарте ретіндегі М.Шоқайдың көзқарасы мен сенімі. Қазақ елін азат еге айналдыру идеяларының негізі және сол мақсаттағы қызметінің бағыттары, байланыстары, ізденістері мен күресі.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқайдың арманы мен Қазақстан Республикасының азаттығы идеяларының бүгінгі күнгі маңыздылығын сипаттаңыз.

2. Мұстафа Шоқайдың Қазақ елін азат ету жолындағы ізденістері мен күресін нақтылы құжаттармен дәлелдеп түсіндіріңіз.

3. Желтоқсан оқиғасының азаттық жолындағы күреспен идеялас тұстарын байланыстырыңыз.

*6-дәріс. Мұстафа Шоқайдың Түркістан Мұхтариятын құру идеясының ұлттық және саяси мәні*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқайдың Түркістан мемлекетін құру идеясының ұлттық және саяси мәнін айқындау

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқайдың Түркістан Мұхтариятын құру идеясының мәні. М.Шоқайдың қазақ елінің болашағы мен азаттығы жолындағы күрескерлігі. Түркістан Мұхтариятын құру идеясының ұлттық және саяси мәніне сипаттама. Түркістан Мұхтариятының жеңілу себептері мен салдары.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқайдың Түркістан мемлекетін құру идеясының астарын түсіндіріңіз.

2. Түркістан мемлекетін құру идеясы қандай мемлекеттер арасында ынтымақтастық істердің жүргізілуімен ұйымдастырылғандығын сипаттап түсіндіріңіз.

*7-дәріс. М.Шоқайдың шығармашылығындағы ұлттық мәселелер*

Дәрістің мақсаты – М.Шоқайдың шығармашылығындағы ұлттық мәселелертуралы ғылыми ақпарат беру.

Дәрістің мазмұны

М.Шоқайдың шығармашылығындағы қазақ халқының мүддесі. Қазақ жастарының сол тарихи кезеңдегі жағдайына шолу және олардың болашағына Мұстафа Шоқайдың алаңдауы. М.Шоқай мұраларындағы ұлттық мүдде жәнеұлттық мәселелердің көтерілуі. Ұлт мүддесі үшін қызмет еткен басылым түрлерінің жұмысы мен тағдыры.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1.Мұстафа Шоқай шығармаларындағы ұлттық идеялардың астарына талдау жасай отырып, оның өміршеңдігін дәлелдеңіз.

2. М.Шоқай ұлтжанды тұлға екендігін оның қызметіне талдау жэасай отырып сипаттаңыз.

*8-дәріс. М.Шоқай шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметінің түркі әлемі үшін маңыздылығы*

Дәрістің мақсаты – М.Шоқай шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметінің түркі әлемі үшін маңыздылығын дәлелдеу.

Дәрістің мазмұны

М.Шоқай шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметінің түркі әлемі үшін маңыздылығы. Мұстафа Шоқай шығармашылығының бүкіл түркі әлемі мүддесімен байланыстылығы және оның бүгінгі күнгі идея сабақтастығы. Мұстафа Шоқай көзқарасындағы түркі әлемінің тұтастығы идеясының Қазақстанның болашағы мен ұлттық мүддесінің сақталуына ықпалы. М.Шоқай көзқарасындағы ұлттық патриотизм.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Түркі халықтарының бірлігі мен тұтастығын сақтау идеясының бастау көздерінің Мұстафа Шоқайдан басталатындығын түсіндіріңіз.

2. М.Шоқайдың мұғажырлықтағы түркі жастарына тигізген көмегі мен ықпалының сипатын және бағытын айқындаңыз.

*9-дәріс. М.Шоқай қызметіндегі ағартушылық идеялардың бағыты*

Дәрістің мақсаты – М.Шоқай қызметіндегі ағартушылық идеялардың бағыты туралы білімдер жүйесін зерделеу.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы ағартушылық идеялар. Қазақ жастарының көзін ашу және тұлғалық дамыту бағытындағы қызметтерінің түрлері. Ағарту ісіндегі насихат жұмыстарының бағыттары. Бұқаралық апарат құралдарындағы М.Шоқайдың орны мен

беделі.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы қазақ жастарының сауаттануы мен халықты ақпараттандыру ісіндегі қызметін сипаттаңыз.

2. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен шығармашылығын бүгінгі жастар тәрбиесінде пайдалану мүмкіндіктерін қарастырыңыз.

*10-дәріс. Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы түркілік бірлік идеясының мәні*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы түркілік бірлік идеясының мәні туралы ғылыми білімдер жүйесін қалыптастыру.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы түркілік бірлік идеясының тарихи мәні. М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметіндегі түркі әлемінің ынтымақтастығы мен ортақ мәдениет, саясат жүргізу жолындағы күрестері. Мұстафа Шоқай армандаған түркілік бірлік идеясының бүгінгі күнгі жағдайына сипаттама.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы түркілік бірлік идеясының бүгінгі күнгі мәніне тарихи баға беріңіз.

2. Мұстафа Шоқай армандаған идеяның бүгінгі күнгі орындалу жағдайын түсіндіріңіз.

*11-дәріс. Мұстафа Шоқай – Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқайдың Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы көшбасшысылық қызметі туралы ғылыми білімдер жүйесін қалыптастыру.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқайдың Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы көшбасшысылық әрекеті. Мұстафа Шоқай ұлттық патриот. М.Шоқайдың Түркістан мемлекетін құру идеясы аясында атқарған саяси қызметінің ұлттық және мемлекеттік мәні. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ зиялыларының қызметі және өзара идея ортақтығы мен көзқарастар тоғысы.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Мұстафа Шоқайдың рөлін сипаттап түсіндіріңіз.

2. Мұстафа Шоқайдың көшбасшылық қасиетін оның қоғамдық-саяси қызметінің барлық салаларында байқауға болатынын дәлелдеп сипаттаңыз.

*12-дәріс. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы қоғамдық-саяси қызметінің сипаты*

Дәрістің мақсаты – Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы қоғамдық-саяси қызметін зерделеу арқылы ғылыми білімдер жүйесін

қалыптастыру.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы тәуелсіздік үшін жүргізген идеологиялық күресі. М.Шоқайдың тәуелсіздік үшін күресте көзқарасындағы кемшіліктер. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық миссиясының бағыты мен мүддесі. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы тәуелсіздік үшін жүргізген идеологиялық күресінің нәтижесі.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлыққа кетуі арқылы қазақ халқының мүддесіне қызмет етуін өзге де зиялылардың қызметімен салыстырып байланыстырыңыз.

2. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы қоғамдық-саяси қызметінің нәтижесіне баға беріңіз.

*13-дәріс. Түркістан ұлттық элитасы ынтымақтастығы негізін қалаудағы Мұстафа Шоқай қызметінің рөлі*

Дәрістің мақсаты – Түркістан ұлттық элитасы ынтымақтастығы негізін қалаудағы Мұстафа Шоқай қызметінің рөлін айқындау.

Дәрістің мазмұны

Түркістан ұлттық элитасы ынтымақтастығы негізін қалаудағы Мұстафа Шоқай қызметінің рөлі. Мұстафа Шоқаймен бірге қызметтес болған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтегі ықпалы мен орны. Рухани жақын азаматтардың идея бірлігі. Мемлекетаралық ынтымақтастық. Идея тұтастығы. Түркі халықтарының зиялылары мен элитасының бас қосқан орталықтары мен қызметтерінің сипатына шолу.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Түркістан ұлттық элитасы ынтымақтастығы негізін қалаудағы Мұстафа Шоқай қызметінің рөлін сипаттаңыз.

2.Түркі халықтарының зиялылары мен элитасының бас қосқан орталықтары мен қызметтерінің сипатын түсіндіріңіз.

3. Мұстафа Шоқайдың саяси-қоғамдық ортасына сипаттама беріңіз.

*14-дәріс. М.Шоқай өмірі мен қызметі туралы ақпараттарды болашақ тарих пәні мамандарын даярлауда пайдалану*

Дәрістің мақсаты – М.Шоқай өмірі мен қызметі туралы ақпараттарды болашақ тарих пәні мамандарын даярлауда пайдалану мүмкіндіктерімен таныстыру.

Дәрістің мазмұны

М.Шоқай өмірі мен қызметінің қазақ халқының мемлекет болып қалыптасуы мен болашағы үшін маңыздылығы. М.Шоқай өмірі мен тұлғалық болмысының жастар тәрбиесіне үлгі-өнеге боларлық сипаты. М.Шоқай өмірі мен қызметінің маңыздылығы туралы ақпараттарды болашақ тарих пәні мамандарын даярлауда пайдаланумүмкіндіктері. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында Мұстафа Шоқайды оқып үйрену мен оның мұралары мен қалдырған естеліктерін зерделеу.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1. Мұстаф Шоқай өмірі мен шығармашылығын қамтитын болашақ тарих мұғалімдері үшін тәрбиелік сағат жоспарын жасаңыз.

2. М.Шоқайдың шығармашылығы мен тұлғалық болмысын болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тарихи санасы мен кәсіби қызметіне қызығушылығын арттыруда пайдаланудың жолдарын ұсыныңыз.

*15-дәріс. М.Шоқай қызметіне бүгінгі күннің тұрғысында баға беру және Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы саяси мәні*

Дәрістің мақсаты – М.Шоқай қызметіне бүгінгі күннің тұрғысында баға беру және Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы саяси мәнін ашу.

Дәрістің мазмұны

Мұстафа Шоқай қызметінің Қазақстанның тәуелсіздікке ұмтылысының бастаулары ретіндегі идея сабақтастығы. М.Шоқай тұлғасын жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде пайдалану мүмкіндіктері. Қазақ зиялыларының Қазақстанның болашағын құрудағы ынтымақтастығы мен идея бірлігі. Бүгінгі жастардың аға буЫн еңбектерімен саяси идеяларын жалғастыруы.

Студенттердің өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар

1.Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік қызметі мен тұлғалық сапаларының үйлесімділігін бүгінгі елжанды азаматтарға берер сипаттамен салыстырып, түсіндіріңіз.

2. Бүгінгі тарих пәні мұғалімдерінің тарихи саналары мен кәсіби болмысын қалыптастыруда Мұстафа Шоқай болмысын пайдалану әдістерін жетілдіруге ұсыныс беріңіз.

Міне, осындай мазмұндағы элективті курс бағдарламасы дәріс, практикалық сабақтар, студенттердің өздік жұмыстары мен студенттердің оқытушы басшылығымен орындалатын өздік жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

Студенттің өзіндік жұмысының (СӨЖ) дұрыс ұйымдастырылуы оның өз бетімен білімді игеру арқылы алатын білімінің сапасына тікелей ықпал етеді. Өйткені, кредиттік оқыту жүйесінде негізгі білім өзіндік жұмыста алдын-ала игеріледі, алынған білімді түзету, тереңдету, бекіту, білімді дағдыға айналдыру жұмыстары оқытушы қатысуымен жүретін дәрісханалық сабақтарда жүргізіледі. Кредиттік оқыту жүйесіндегі СӨЖ – студенттердің танымдық және кәсіби әрекеттеріне қызығушылығының дамуына, білімдерін тереңдетіп, сапасын арттыруға, кәсіби біліктіліктері мен дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік беретін ең басты құрал.

Сондықтан да студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен білім алу мүмкіндіктерін дамытуға баса көңіл бөлінеді. Осы тұста халқымыздың біртуар перзенттерінің әлемдік деңгейдегі халқы үшін сіңірген еңбектерін оның тұлғалық болмысымен байланыстыра беру болашақ мамандарда тек ғылыми ақпараттарды игеріп қана қоймай, патриоттық сезім мен шындықты іздестіруге деген құлшынысын арттыра түспек.

Кредиттік оқыту жүйесінде оқытуды ұйымдастыру оқу-әдістемелік кешен арқылы жүзеге асырылады. Оқу-әдістемелік кешен нақты курстың тұжырымдамасын анықтайтын құжат болып табылады. Оқу-әдістемелік кешен пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру және университетте алған білім мазмұнының озық тәжірибесін енгізу мақсатында жасалады.

Біз Мұстафа Шоқай шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметінің түркі әлеміндегі маңыздылығын болашақ тарих пәні тұғалімдерін даярлауда пайдалану жоғары тиімділік береді деп білеміз және оны пайдалану үшін оқу –әдістемелік кешендерін даярладық. Ал, М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын оқыту әдістемесінің тәжірибелік жұмыстар арқылы тиімділігін дәлелдеу келесі параграфта қарастырылады.

## 3.2 М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын оқыту формалары мен әдіс-тәсілдері

Жоғары оқу орындары мен мектептердегі оқу үрдісі белгілі бір дидактикалық ұстанымдарды жетекшілікке алуды қажет етеді.

Тарихи білімдерді саналы түрде тиянақты игеру үшін, жеке тұлғалық қабілетті қалыптастыру ұстанымдарын да басты ұстанымдар ретінде басшылыққа алу маңызды. Тарих пәндері өткен қоғамдағы тарихи құбылыстарды жан-жақты дереккөздермен тексере отырып, елестетуін, мәтін мен тұжырым арасындағы қатынастарды дұрыс қорыту мен дәлелдеу қабілетін жетілдіруін, ойды дәл және анық жеткізе алуын қажет етеді.

Сондықтан болашақ тарих пәні мұғалімдерінің даярлығы барысында шығармашылық, танымдық ойлау қабілеттерін жетілдіре білу ұстанымдарының да маңызы зор. Сондай-ақ тарихи құбылыстардың күрделі тұстарын түсініп, дәйекті түрде тұжырымдауды көздейтін, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тарихи санасы мен кәсіби қабілетін дамытатын және оларға тәрбиелік ықпалын тигізетін ұстанымдарсыз оқу үрдісінің толыққанды болмасы анық.

Біз ұсынған «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты элективті курсының өзіне тән ерекшеліктеріне сүйене отырып, тарих пәндерін оқыту үрдісінде мынадай дидактикалық ұстанымдар жүйесін басшылыққа аламыз:

1. Оқытудың ғылымилығы ұстанымы;
2. Теориялық ойлау мен практикалық іс-әрекеттің бірлігі ұстанымы;
3. Оқудағы ойлаудың үздіксіздігі ұстанымы;
4. Оқытудың түсініктілігі мен жеңілділігі ұстанымы;
5. Қиындықтың шамаға лайықтылығы ұстанымы;
6. Оқытудың көрнектілігі ұстанымы;
7. Оқытудағы іс-әрекет пен ішкі мотивтің бірлігі ұстанымы.

1. Оқытудың ғылымилылығы ұстанымы тарихғылымындағы маңызды орынды иеленеді. Себебі, өткен тарихты зерттей отырып, ғылыми деректерге сүйену, тұжырым жасау, болжау секілді ғылыми әдістер қолдануды керек етеді.Тарих ғылыми пән ретінде шындықты іздестіруге бағытталған, оның мазмұны қатаң дәлелдеулерге негізделген. Курстың оқу бағдарламасын жасау, оны жетілдіру, оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету осы ұстанымдарды басшылыққа алады.

Мұстафа Шоқай туралы ғылыми деректерді жинақтау мен оларға тарихи талдау жасау үшін білім алушының білім қорында осы кезеңнің құбылыстық ерекшелігі туралы ақпарат: әр тақырыбы, әр бөлімі, сол сияқты М.Шоқай туралы алғашқы мағлұмат болуы тиіс. Болашақ тарих пәнінің мұғалімі маман ретінде М.Шоқайды танып қана қоймай оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін дәлелдей алатын, ол үшін тарихтың кешегісі мен бүгіні арасындағы байланыстарын көре білуі, оқудың мақсаты мен тапсырмаларын түсіне білуі қажет. Нені, не үшін оқып жатқанын терең сезінуі қажет.

2. Теориялық ойлау мен практикалық іс-әрекеттің бірлігі ұстанымы білімді игерудегі сананың рөлі адамның жасы мен мәдениетінің артуымен бірге өседі. Адамның ішкі әлемі байыған сайын «ескі» білім мен алынған «жаңа» білімді санасына бірдей деңгейде орнықтыру үшін олардың арасында байланыс орнату қажеттілігі туындайды. Өткен тарихи кезеңдегі тарихи тұлғалар өмірі мен елі үшін сіңірген еңбегі туралы ақпараттар мен оның тарихтағы маңыздылығы бүгінгі қоғамда да өзіндік ізін байқатады.

Қазақ халқының болашағы мен өркендеуі жолындағы тарихтағы идеялар бастаулары бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан жағдайында жалғасын тауып жатқандығын әрбір болашақ тарих пәні мұғалімі байқауға және сезінуге қаблетті болуы тиіс. Ендеше Мұстафа Шоқайдың да елі үшін атқарған ісінің жалғасын осы заманғы әрекеттерімізде ескеруіміз қажеттілік туғызуда. Сондықтан болашақ тарих пәнінің мұғалімдері тарихи құбылыстардың салдарын тұжырымда, тарих ғылымының болжамдық қызметінің дағдыларын меңгеруі, соған сай құзіреттілігі болуға тиіс.

3. Оқудағы ойлаудың үздіксіздігі ұстанымы тарих пәнінің таңдау курсын игеруде теориялық түсініктер мен тиімді ойлау тәсілдерін меңгеруді, тарихи оқиғалардың себептері мен салдарлары және болашақ оқиғаларға алғышарт болатын үзіліс, үздіксіз сабақтас дамуын болжауды қадағалайды. Бұл ұстаным тарих пәні курсын оқыту мақсатына тән жігерлілікті, ынталылық пен еңбек сүйгіштікке баулуға көмектеседі. Кредиттік технологияға көшкеннен бері оқу сағатының азайып, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің өз беттерінше жұмыс істеу қажеттілігінің артуына орай, олардың пәнді оқыту барысында жауапкершілікті сезіне білу, ерік-жігерді жұмылдырып, табандылық, шыдамдылық таныта білу қасиеттерін арттыру мәселесі де оқытушылар үшін үлкен міндет.

4. Оқытудың түсініктілігі мен жеңілділігі ұстанымы тарихи тәндерді оқытқанда ғылымға тән ұғымдар мен оның заман ағымымен қолданысқа енген түсініктерді ұтымды пайдалана отырып, әрбір білім алушының оқу барысын тиімді басқаруды және оның мүмкіндігін молайтып, жандандыра түсуді көздейді. Берілетін тапсырмалардың түсініктілігі мен күрделілігі білім алушының игеру қабілетіне, білім деңгейіне, ұқыптылығына сай келуі оның ойлау үрдісінің үзіліссіз жұмыс істеуіне көмектеседі.

5. Қиындықтың шамаға лайықтылығы ұстанымы белгілі материалдан белгісіз материалға дәйекті түрде көшуді, тарихи құбылыстардың орын алуын сипаттауда бұрын соңды ғылыми айналымға түсе қоймаған мұрағаттық материалдарды, басқа да жаңа білімді олардың игерілген жүйесіне біртіндеп енгізуді, шындық ақпараттарды пайдалана отырып, пәндік білім қорын жүйелі түрде бірте-бірте кеңейтуді қадағалайтын бесінші ұстанымның да өзіндік рөлі бар.

6. Оқытудың көрнектілігі ұстанымы түсініктілік пен көрнекіліктің ғылыми негізін байланыстыра қолдануды көздейтін алтыншы ұстаным тарихипайымдаулардың дербес жағдайдан жалпы жағдайға, кешегі құбылыстан юолашаққае көшу үрдісін қадағалайды. Негізгі деректерді қарапайым тілмен түсінікті, еске тез түсінетін түрде баяндауды, қоғамдық құбылыстарды есте қалатындай етіп жүйелі де бірізді баяндауды ұстанады.

7. Оқытудағы іс-әрекет пен ішкі мотивтің бірлігі ұстанымы оқу үрдісінде жетістікке жетудің маңызды бір факторы болып табылатын болашақ тарих пәні мұғалімінің өз мамандығы мен тарихи ақпараттарды меңгеруге деген қызығушылығының сәйкес келуімен айқындалады. Қызығушылықты ояту үшін оқулықтар мазмұнында қарастырылатын оқу материалдары мен тарихи құбылыстардың өрбуі қызығушылық тудыратындай болуы тиіс. Қызықты материалдың қиындықсыз меңгеріліп, тез әрі ұзақ есте қалатыны белгілі. Сондықтан курстың бағдарламасын құру, дәріс жүргізу сәтінде оқытушылар материалды таңдау, оларды ретпен білімгерге жеткізу, мәселені қою кезеңдерін жан-жақты ойластырып жүзеге асырулары тиіс.

«Оқыту әдісі - бұл белгілі бір қабылдау, түсіну және есте сақтау заңдылықтарымен сипатталатын білім, ақыл-ой мен дағдыларды оқыту мен игерудің ерекше тәсілі, бұл мұғалімдер мен оқушылардың оқу іс-әрекетінің сапалы ерекше әдісімен байланысты құбылыстарды мұғалімнің басшылығымен үйренетін студенттерді танудың сапалы, ерекше тәсілі» [187].

Тарихи ғылым әрқашанда қызықты. Сондықтан білімгерді маңызды ақпараттармен қызықтыра оқытып, өз бетінше тарихи білімдерді жинақтау мен зерделеуге құштар етуге баулу – оқыту үрдісінің сапасын арттыра түседі. Сондықтан, Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық –

саяси қызметінің қазақ халқы мен еліміздің бүгінгі тәуелсіздігі үшін қаншалықты маңызды орын алғандығын нақты ақпараттармен баяндау қащанда болашақ мамандарды таңдаған мамандығын игеруге қызығушылығын арттыра түседі.

Біз жоғарыда ұсынып отырған элективті курс бағдарламасын оқыту арқылы болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруде бағдарламаның тиімділігін бақылаудан бұрын студенттер мен оқытушылар позициясын, өзара диалогтық қарым-қатынас орнатуға қолайлы оқу ортасын туғызу жағдайларын да қарастырдық (кесте 7).

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру тәжірибелерінде студенттерді құзіреттілікке бағдарлап оқыту әдістері сирек қолданылады. Сонымен қатар, жобалау әдістері мен тарихи талдау жасау, тұжырымдау, сараптау әдістерінің оқыту үдерісіне қосылуы болашақ тарих пәні мұғалімдерінің сарихи санасы мен кәсіби қалыптасуына оң ықпал жасайды. Қазіргі кезде болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлауда жоғары оқу орындарында тарихты оқытудың ұйымдастырылған формалары лекция, практика, аудиториядан тыс сабақтар, ғылыми–зерттеу жұмыстары және т.б. кеңінен қолданылады. Аталған оқыту формаларының әрқайсысы болашақ тарих пәні мұғалімінің тарихи шығармашылығын қалыптастыруда орны ерекше. Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тарихи шығармашылық қабілеттерін, сабақ барысындағы белсенділігін, ой ұшқырлығын, өз бетінше жұмыс жасай алу қабілеттіліктерін қалыптастырудың екі жақтылық әрекеттестігінің сипаты

**Кесте 7. М.Шоқайдың шығармашылығын оқытуда студенттер мен оқытушының өзара әрекеттестік қызметінің сипаты**

| № | Білім алушының әрекеті | Оқытушының қызметі |
|---|---|---|
| Зерттеу | -өздерінде бар идея мен дағдыларды, жаңа идеялар мен дағдыларға байланыстыра отырып, білім алуға бастама жасайды;<br>-белсенді түрде жаңа идеяларды, материалдарды, мәселелерді, феномендерді зерттейді. | -білім алушыда бар білімдер мен ғылыми ақпараттарды анықтайды;<br>-білім алушылардың сабаққа зейінін аударуға көмектеседі;<br>-М.Шоқай туралы жаңа материалмен өткен материал арасында байланыс құрады, ортаға проблемалық сұрақтар қою арқылы зерттеуді жетелейді. |

| | | |
|---|---|---|
| Қабылдау | -оқытушының басшылығымен М.Шоқай туралы жаңа идеялар мен ақпараттардың мәнін ашуға талпыныс жасайды. | -болашақ тарих пәні мұғалімінің Мұстафа Шоқай туралы жинақталған ғылыми ақпараттарды түсінуіне көмектеседі;<br>- М.Шоқайдың тұлғалық және қызметтік болмысын байланыстыра отырып оңай түсінуге ықпал жасайды. |
| Тұжырымдау | -Мұстафа Шоқайдың бұрын-соңды жарияланбаған және танымалы болмаған қырларын оқу материалын жетілдіру мақсатында іздестіреді;<br>- М.Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің мәнін кешегісі мен бүгінгі күннің сұранысымен және болашағымен байланыстырып тұжырымдайды. | -Мұстафа Шоқай туралы тың деректерді іздестіруге студенттерді бағдарлайды;<br>-М.Шоқай туралы ғылыми ақпараттар бойынша болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тұжырым жасау құзіреттіліктеріне баға береді. |

алдымен ғылыми ақпаратты зерттеп, зерделеуден, кейіннен оны түсініп, қабылдаудан және жан-жақты ақпараттармен жетілдіре отырып тұтас бейнелеу арқылы бір тұжырымға келуді көздейді.

«Әдіс» ұғымын анықтауда көптеген өзгерістер бар. Егер біз барлық пікірлерді жинақтайтын болсақ, онда осы санатқа тән негізгі белгілерді бөліп көрсетуге болады:

1) әдіс белгілі бір зерттеу мәселесін шешуге бағытталған;

2) логикалық және техникалық операциялардың жиынтығын білдіреді;

3) ғылыми нәтиже алуға мүмкіндік береді.

Әдіс шешу қабілетіне ие болуы керек және зерттеу тапсырмасының ерекшелігі мен күрделілігіне сәйкес келуі керек. Әрбір нақты жағдайда әдістерді таңдау мәселесі оларды қолданудың минималды шығындарымен қайсысы тиімді болатындығын шешу болып табылады [188].

Ол үшін оқытушы болашақ тарих пәні мұғалімдерін өз бетінше ізденуге және тарих пәні мұғалімдеріне тән әрекеттерге бағдарлап, жетелеп отыруы тиіс. Бүгінгі күні «Жаман мұғалім – дайынды береді, ал жақсы мұғалім студенттердің өздерін оқу материалын жинақтап, зерделеуге бағыт бере отырып, баулиды» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, оқу жұмысын ұйымдастырамыз. Оның құрылымын төмендегі кестеден көре аламыз: Мұндай оқытушы мен студенттер арасындағы өзара әрекет етудегі мақсаттарға жету үшін көптеген әдістер

қолданылды. Олар төмендегідей етіп іріктелді. Болашақ тарих пәні мұғалімдерінпәнге деген қызығушылықтарын ояту әдісі – жалпы мағынада бұл кезеңде студенттердің тарих пәніне деген қызығушылығын тарихи мәліметтердің маңыздылығы мен мәнділігі арттырады. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – студенттердің зейінін орталыққа шоғырландыруды көздейді. Тақырыпқа байланысты қызықты тарихи деректерді келтіру, сұрақтарды, проблемалық сұрақтарды ортаға тастау арқылы студенттердің зейінін аудиторияға карату қажет.

Тарихи деректерді зерттеу әдісі – бұл сатыда студенттер жаңа білімді өздерінің іс-әрекеттері арқылы үйреніп меңгереді. Оқытушының бағыт-бағдары арқылы стцдеенттер тарихи жаңа материалды зерделейді және жаңа ойларды зерттейді. Зерттеу сатысы білім алушылардың дамыған немесе жеткіліксіз жағдайда өз ойларының айтуына мүмкіндік береді. Бұл жағдай студенттерді дискуссияға, өздерінің ойларының себептерін талдау жасауға үйретеді. Талдау жасағаннан кейін студенттер болжамдар жасау арқылы зерттеудің нәтижесін айтуға тырысады. Бұл әдіс өз когнитивтік әдістерді қамтиды. Ол– тарих ғылымдағы зерттеу әдістері болып табылады. Оларға: жаттығу, анализ жасау, болжам жасау, салыстыру, бақылау әдістері жатады. Сонымен қатар, зерттеу барысында шығармашылық ой мен логика да қажет болады. Креативтік әдістер – оқытуда студенттердің өзіндік оқу ресурстарын жасауына мүмкіндік туғызатын әдістер. Бұл әдістер тарих пәнін оқытуда болашақ тарих рәні мұғалімдерінің алған білімдерін өздігінен тәжірибеде қолдана алуына, тарихи құбылыстардың орын алу себептері мен оның салдарының мәселелерін өз бетінше шешуіне мүмкіндік береді.

Түсіндіру әдісі – бұл кезде студенттер өздерінің жинақтаған тың тарихи

деректері мен ғылыми ақпараттарын тұжырымдай отырып, тарихи құбылысқа баға береді. Оқытушы студент көзқарастары мен логикалық тұжырымдауынан қорытынды шағара отырып, жалпы тарихи құбылыстың бүгінгі тәуелсіз қазақстанның тариыхындағы алатын орны мен маңыздылығына сипаттама береді. Студенттерді тарих пәнін оқыту барысында практикалық сабақтарда талқылаған тарихи мәліметтерді дамыта тусуге, ең маңызды құдылысты бірінші өздері түсіндіруге дағдыландыру қажет. Бұл студенттердің ойлау қабілеттіліктерінің дамуына алып келеді. Оқытушы бұл мәселені тереңірек ауызша баяндау, көрнекіліктер, видео көрсетілім немесе анимациялар арқылы нақтылап анықтамасын беруіне болады.

Жетілдіру әдісі – студенттердің қабылдауындағы белгілі тарихи ақпараттар мен білімдерді өздік жұмыстар мен оқытушының басшылығымен орындайтын сабақтарда одан әрі жетілдіруге мүмкіндік беруге мүмкіндік жасайды. Тарихи құбылыстарды өзара байланыстыру арқылы олардың арасындағы айырмашылықтарды сипаттау арқылы студент өз білімін одан әрі жетілдіре түседі. Осы кезеңде студенттер бір-

бірлерімен талқылау арқылы ақпаратты ортақ қызметіне енгізеді. Біріккен топтың мақсаты тапсырманы орындау немесе түсіну тәсілдерін әзірлеу болып табылады.

Бағалау әдісі – бұл соңғы кезең болып табылады. Бұл сатыда студенттер тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, олардың бүгінгі қоғамдағы мәнін теориялық тұрғыдан меңгерді деп есептелінеді. Бұл сатыда мұғалім тест тапсырмаларын бере алады, әр студенттің өзара түсіністік туралы өнімділігін бағалау үшін іс-шаралармен қамтамасыз ете алады. Біз ұсынып отырған элективті курс бағдарламасы бойынша дәріс сабақтарының жан-жақты және сапалы болуы көбінесе дәріс сабағында мазмұндалатын материалдың жақсы жасалған логикалық құрылысына және оларды зерттеуге, оқытушының Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамлық-саяси қызметін тарих пәнін өту үрдісінде студенттердің шызығушылығын арттыра түсуге қабілеттілігі мен олар тарапынан туындаған сұрақтарына көңіл бөлу білігіне, тарихи мәнге құбылыстардың Қазақстан тәуелсіздігі жолындағы маңыздылығына қорытындыларды жасау білігіне байланысты.

Тарих пәндерінің мазмұнында Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы күрескерлер мен оның идеялық тұрғыда пісіп жетілуіне алғышарт туғызған қазақ зиялыларының еңбектерін ақпараттарды шолу жасағанда байланыстыра отырып сипаттау маңызды әрі қызықты болар еді. Сондықтан, көптеген тарихи пәндердің оқу бағдарламаларын жасағанда нақтылы бір тұлғаның өмірі мен қызметін, өз елі мен халқы үшін сіңірген еңбегінің тарихи мәнін сипаттағанда оның айналасында болған тұлғалар еңбектерін де назардан тыс қалдырмай сабақтастықта баяндау тарих пәнінің анағұрлым мазмұнды да қызықты өтуіне негіз болады.

Осындай мысалдардың бірі біздің қарастырып отырған Мұстафа Шоқай өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі иядеясының бастауларын көрсететіні анық. Сондықтан, оқу пәнінің типтік бағдарламаларын жасағанда тақырыпты кеңінен алып, мазмұнда қаралатын тақырыпшаларға шолу берген анағұрлым тиімді болмақ.

Болашақ тарих пәнінің мұғалімдерін даярлау сапасын жақсарту мәселесі оқытудың барлық жүйесін дамытумен шешіледі. Оқыту жүйесі деп. Өзара байланысқан элементтердің: мақсаттың, пән мазмұнының, оқыту әдісі мен құралдарының және оқытуды ұйымдастыру формаларының, өтілген материалды меңгеруін бақылау әдісінің, сонымен қатар оқытуда қойылған мақсатқа жетуді сараптау тәсілдерінің мақсатты дидактикалық білімі түсіндіріледі. Арнайы курсты оқытудың жүйелік талдау нәтижелері дәстүрліден өзгеше, алайда оған ұқсас оқытудың жаңа жүйесін құруға мүмкіндік береді. Бұл жүйе жаңа байланыстар мен жаңа құрылымдарға ие. Олар: оқыту мақсаты, оқыту әдісі, оқыту құралы, оқу формасын ұйымдастыру мен оқыту мазмұны,

меңгеруін бақылау және жоспарланған білім сапасын саралау және оқытудың соңғы нәтижелерін болжау деп. аталатын сатылы құрылымды қамиды.

Оқытудың ұйымдастырушылық формасы - оқу-танымдық функциялардың вариативті бөлінуімен, режиммен (уақытша және кеңістіктік), сондай-ақ оқу жұмысының әр түрлі реттілігі мен үйлесімімен сипатталатын оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттесу процесіндегі мақсатты байланыс [187].

«Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты элективті курсын өткізудің формалары: лекция, практика, кеңес беру, ғылыми семинарлар, аудиториядан тыс студенттердің өзіндік жұмыстары, СӨЖ, СОӨЖ және т.б. Элективті курсты оқыту барысында бағдарламаға сәйкес материалдарды сапалы түрде жеткізуге көп көңіл бөлінді, оқытудың барлық формасында мотивация және т.б. дидактикалық мәселелер жүзеге асырылды. Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлықтарын арттырудың негізгі жолы ретінде лекция, практикалық сабақтарды, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, бақылауларды өткізу барысында жоғарыда баяндалған оқыту әдістерін қолдандық, олардың әрқайсысының өзіндік қызметін айқындадық.

Элективті курсты оқытуда лекция сабақтарының негізгі мақсаты Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық–саяси қызметі туралы жан-жақты ақпарат беру мен оның қазақстан тәуелсізді жолындағы маңыздылығын ашуды көздеді. Тақырып бойынша мәліметтерді жеткізудің тиімділігін арттыру үшін барлық деректер пәнаралық байланыста әртүрлі ғылым салаларымен сабақтастықта түсіндірілді.

Лекция сабақтарын әртүрлі формада ұйымдастырдық. Солардың қатарында конференция сабағы тиімді өтті. Оқытудың бұл ұйымдастырушылық формасы – студенттің оқытушы бақылауымен өзіндік жұмыс істеу қабілеттіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. Конференцияға дайындалу бойынша студенттер М.Шоқай туралы барлық деректерді жинақтап, саралайды және оларды іріктеп зерделейді. Конференция тақырыбына байланысты Мұстафа Шоқай өмірі мен қызметін баяндауда ортақ байланыстарды сұрыптап, тұлғаның тақырып аясындағы қырын аша түседі. Ол үшін көп ізденіс жасайды, ұжымда ортақ тапсырмалар орындалып зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл болашақ тарих пәні мұғалімдерін қызықтыра түседі және тарихи деректердегі шындықты іздеуге деген құмарлық арта түседі. Тақырып аясында берілген сұрақтар талқыланады, сол арқылы таңдап алынған тақырыпты толығымен ашады.

Сонымен қатар, «М.Шоқай шығармашылығының Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің алғышарты ретіндегі мәні» тақырыбындағы семинар сабағының өтілуі де студенттер үшін өте қызықты болды. Сабақты бірнеше сатылы идеялар негізінде өткізу

қарастырылып, онда ең алдымен Мұстафа Шоқайдың арманынан бастау алған идеялармен жалғасқан әрекеттер бүгінгі тәуелсіз қазақстанның жағдайымен аяқталуын қамтыды. Семинар сабағының өтілу құрылымы төменде кесте түрінде берілді (Кесте 8).

**Кесте 8. «М.Шоқай шығармашылығының Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің алғышарты ретіндегі мәні».**

| Сабақтың құрылымдары | Идеялары | Мазмұны |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | М.Шоқай туралы ақпаратқа зейінді шоғырландыру | Аудиторияны сабаққа даярлау |
| М.Шоқайды тану | Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысын зерделеу | Мұстафа Шоқай (Шоқаев, Шоқай) 1890 жылы 25 желтоқсанда Перовск қаласына (бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорда) жақын Сырдария өзені маңындағы қазақ ауылында (Кеңес кезінде ауыл 1-Май совхозы деп аталды) дүниеге келді. Оның ата-бабалары Қыпшақ-Бошай тегінен шыққан дала аристократтары еді. Мұстафаның атасы Сырдария аймағының Хиуа хандығын билеуші болған, ал әкесі – халыққа беделді билердің бірі болған. Отбасында ескі қолжазбалар қоры сақталған. Мұстафа әкесінің қалауымен Перовскідегі орыс мектебіне оқуға барды, себебі орыс тілін білу өмірлік қажеттілік еді. |
| М.Шоқайдың арманы | Түркістан Мұхтариятын құру | Қоқанда өткен IV төтенше Бүкілмұсылмандар съезінде Түркістан автономиясын құру туралы жарияланды, оны Түркістан Уақытша кеңесі басқарады, кеңесті Мұхамеджан Тынышпаев басқаратын болды. Сыртқы істер министрлігін Мұстафа Шоқай басқарды, бірақ ішкі пікір қайшылықтар бойынша Тынышпаевтың кетуіне байланысты үкімет төрағасы болды. |
| М.Шоқай арманына жету | М.Шоқайдың достары және | Түркістан (Қоқан) автономиясын құлатуына байланысты Мұстафа Шоқай шетелге мұғажырлыққа кетуге мәжбүр |

| | | |
|---|---|---|
| жолдары | легионерлік миссия | болды. Мұстафа Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-мағынасын сол күйінде әлсіретпей «Яш Туркестан» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» деп сипаттады. |
| М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі | М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің мазмұны мен мәні | XIX ғ. аяғы — XX ғ. басында саяси, әскери, экономикалық, мәдени отарлауды жан-жақты жүргізген патша үкіметі қазақ халқын мәңгүрттендірудің аз-ақ алдында тұр еді, бұл басқа да отарлық езгіде отырған түркі халықтарына қатысты. Осының бәрін көріп отырған Мұстафа Шоқай мұндай азуы кең алып күшке бүкіл түркі халқы бір азаттық туының астына бірігіп қана қарсылық көрсете алатындығын түсінді. Осыдан туындаған «Тұтас Түркістан» идеясы оның қоғамдық-саяси қызметінің арқауы болды. |
| М.Шоқай арманының орындалуы | Тәуелсіздікке қол жеткізудегі М.Шоқайдың рөлі | XX ғ. 20–30 жж. күрделі тарихи оқиғаларға белсенді түрде тікелей араласып, терең із қалдырған Мұстафа Шоқай сияқты ірі саяси қайраткерлердің қызметі мен туған халқының тәуелсіздігі үшін күресін жан-жақты талдау арқылы отандық тарихымызға одан әрі түсінуге терең жол ашпақшы. |

Жоғарыда көрсетілген сабақ құрылымы бойынша өтілген семинар сабағы болашақ тарих пәні мұғалімдерін тарихи құбылыстарға бүгінгі күнні дамуы тұрғысында талдау жасап баға беруге мүмкіндік туғызды. Студенттер арасында өзара пікір тартысы пен көзқарастарын дәлелдеу, сол үшін әртүрлі деректерді келтіре отырып ізденімпаздығын көрсету әрекеттері орын алды.

Элективті курсты оқытуда практикалық сабақтарды өткізудің негізгі мақсаты лекция материалдарын өңдеуге білімі мен ептілігін қалыптастыру, оқу дағдыларын қалыптастыру, студенттердің өзіндік жұмысы мен белсенділігін, шығармашылығық қабілетін арттыру, креативтілігін қалыптастыруды көздеді.

Практикалық сабақтарда оқытушы үшін студенттермен тікелей және қарым-қатынас жасауға, олардың тарихи деректерді зерделеу қабілетін дамытудағы белсенділігін арттыруға, студенттермен жекелеп

және топпен жұмыс істеуге, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануға мүмкіндік және қолайлы жағдайлар туады. Практикалық сабақтардың міндеті – алдын ала орындалған тапсырмалардың нәтижесінде болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тарихи деректерді зерттеу мен түсіну дағдыларын қалыптастыру болып табылды.

Студенттердің өзіндік жұмысының (СӨЖ) мақсатын айқындауда аудиториялық сабақтарда алған болашақ тарих пәні мұғалімдерінің М.Шоқай туралы білімдерін қорытындылау, тереңдету, кеңейту, жаңа оқу материалдарымен өз бетінше жұмыс істеуді меңгеру, кәсіби қабілеттіліктерін қалыптастыру, өзіндік ойлау қабілетін арттыру, шығармашылығын қалыптастыру қажет етілді.

Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысының (СОӨЖ) мақсаты: Аудиториялық сабақтарда алған болашақ тарих пәні мұғалімдерінің элективті курс бойынша білімдерін қорытындылау, тереңдету, кеңейту, жаңа оқу материалдарымен өз бетінше жұмыс істеуді меңгеру, кәсіби қабілеттіліктерін қалыптастыру, өзіндік ойлау қабілетін арттыру, шығармашылығын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар оқытушының бақылауымен жүргізілді.

Оқыту құралдарына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, авторлық оқу құралдары мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, проблемалық сипаттағы сұрақтар және т.б қолданылды. Ал, сабақ соңында оқытылған тарихи ақпараттар бойынша игерілген білімдер бақылауға алынып, мынадай тәсілдер арқылы бағаланды:ағымдық, блок, емтихан, өзіндік жұмыстарды қорғау, өзіндік бақылау, шығармашылық тапсырмалар, білім нәтижелерін арнайы тесттермен талқылау ұйымдастырылды.

Осылайша біз ұсынған элективті курс бағдарламасындағы тақырыптарды өту болашақ тарих пәні мұғалімдерін кәсіби қызметін игеруде анағұрлым тиімділік беретініне көзісіз жетті.

Сөйтіп, біз болашақ тарих пәні мұғалімдерінен Мұстафа Шоқай өмірі мен саяси қызметі туралы білімдері мен оған деген көзқарастарын білу мақсатында бастапқыда жүргізілген сауалнамаларды қайта алдық. Сауалнамаға студенттердің берген жауаптары өзгеше болды.

1. «Мұстафа Шоқайдың Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жолында жүргізген қандай саяси қызметін айта аласыз?» деген сұраққа сұралғандардың 30 пайызы «М.Шоқай Түркістан халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының түпкі мақсатын айқындап қана қойған жоқ, сонымен бірге жаңа жағдайда оған жету жолдарын, қимыл бағыттары мен сипатын белгілеп берді. Сонымен қатар, Түркістан халықтарының күш-жігерін бір мақсат жолында біріктіру, ұлттық сананы ояту арқылы жетудің мүмкін екендігі туралы саяси жоспарын ұсынған азамат» деп жауап берген. Ал, 62 пайызы «М.Шоқай Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрескен. М.Шоқай мемлекеттік тәуелсіздік үшін күрес формалары мен тәсілдерін теориялық тұрғыдан белгілеп, оның ұйымдастырушылық

негіздерін қалыптастырған. Мұғажырлықның аса қиын да күрделі жағдайында «Түркістан ұлттық бірлігі» саяси ұйымына басшылық еткен азамат» деген ой білдірген. Ал, 8 пайыз студенттер Мұстафа Шоқай қызметі мен Қазақстан Республикасының болашағы жолындағы қызметінен жалпы бағыты дұрыс болғанымен көзқарастары әртүрлі сипатты білдіргендер болды. Бұдан шығатын тұжырым, арнайы ұйымдастырылған ақпараттық сабақтар болашақ тарих пәні мұғалімдерінің М.Шоқай өмірі мен қызметін қызыға оқуға және жақсы қабылдауына негіз болғандығын көреміз.

2. «Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен өмірі туралы не білесіз?» деген сұраққа сұралғандардың 78 пайызы оның отбасылық жағдайы мен тұлғалық сапалары туралы ақпараттарды жақсы білетіндігін айтқан. Ал, қалған 22 пайызы оның отбасылық жағдайы мен өмір жолын, тұлғалық сапалары мен қызметтік әрекеттерінен әлі де болса жақсы хабардар болмағанын көрсетті.

3. «Мұстафа Шоқайдың саяси-қоғамдық қызметінің Қазақстан Республиксының тәуелсіздігі жолындағы маңыздылығы туралы қандай ой қосасыз?» деген сұраққа сұралғандардың 52 пайызы «М.Шоқай «Түркістан түріктері» деген еңбегінде былайша баяндайды: «Түркістанның болашағы «Тәуелсіз Түркістан» ұраны астында Ресейден бөлініп шығып, Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында… Біз бүгін ұлтты құтқару күресімізде, ұлттық құрылысымызда түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп, іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейіз.

Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен… – бәрі бір кісідей жұмылып, Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» деген. Бұл бүгінгі күні бүкіл түркі әдемінің бірігуіне алып келді. Демек, осы идеяның бастауы сонау Мұстафа Шоқайдан келе жатқандығы айқын» деп жауап берген, ал 38 пайызы «М.Шоқайдың мемлекеттік тәуелсіздік туралы ой-пікірлері уақыт пен заман талаптарына сай нақтыланып, толықтырылып отырды. Бұл жағдай, әсіресе, ұлттық қозғалыстың негізгі күштеріне, одақтастар мәселесіне, қозғалыстағы жастардың, ұлттық кадрлардың, оның ішінде интеллигенцияның рөліне қатысты» деп жауап берген. Бұл жауаптардан көретініміз, студенттердің барлығы дерлік Мұстафа Шоқай еңбегінің еш кетпегенін, Қазақстан тәуелсіздігі жолындағы күресінің нәтижесі бүгінде іске асқандығының көрінісін біліп отыр.

4. «Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы ақпараттарды қандай пәндер мазмұнында қарастырдыңдар?» деген сұраққа «Қазақстан тарихнамасы және деректану» пәніндегі «XIX ғасырдағы тарихи ойдың дамуы» және «Қазақ ұлт зиялыларының көрнекті өкілдерінің көзқарастары» деген тақырыптарда Мұстафа Шоқай көзқарастары мен ұлт-азаттық күрестері туралы байланыстырып

баяндау тарихи құбылыстардың шындығын аша түсуге оңтайлы септігін тигізетінін айтады. Сонымен қатар, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ тарих мамандығы студенттеріне өтілетін «Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі» пәнінің мазмұнында да Мұстафа Шоқай өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің ұлт болашағы мен мемлекетті құру жолындағы еңбектерінің маңыздылығы туралы сабақтастықта қарастыру оқу материалын терең әрі мазмұнды ететінін айтады.

5. «Мұстафа Шоқай өмірі мен тұлғасын тану және оның қазақстанның болашағы үшін еткен еңбегін оқып үйрену болашақ тарих пәні мұғалімдеріне не береді?» деген сұраққа сұралғандардың 68 пайызы «Қазақ халқының патриот ұрпақтарының ұлт үшін жасаған ерлігін танып білу болашақ тарих пәні мұғілімдерін ұлттық рухта тәрбиелеуде басты құрал болып табылады. Ол болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тарихи санасы мен ұлттық рухын қалыптастыруға оң ықпал етеді» деп жауап берген. 32 пайызы «Мұстафа Шоқай болмысын оқып білу онымен байланысты болған тарихи құбылыстардың шынайы себептерін түсінуге жол ашады деп білемін» деп жауап берген. Бұл жауаптардан көретініміз, Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысынан хабардар болу оның қызметінің тарихи және саяси мәнін аша түсуге оң септігін тигідетіндігін көруге болады.

6. «Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен оның маңыздылығына деген көзқарастың өзге мемлекеттерде қалай оқытылып жатқандығына салыстырмалы сипаттама бере аласыз ба?» деген сұраққа сұралғандардың 12 пайызы ғана «Шетел ғалымдары зерттеулеріне сүйенетін болсақ, олардың көзқарастары да қазақстандық ғалымдар көзқарастарымен сәйкес келіп жатады» деген ойды айтса, қалғандары жауап беруге қиналған.

7. «Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен қазақ халқының болашағы үшін сіңірген еңбегін болашақ тарих пәні мұғалімдеріне насихаттау үшін қандай ұсыныс білдересіз?» деген сұраққа сұралғандардың басым бөлігі яғни 84 пайызы «Барлық студенттер аудиториясында ұлтымыздың осындай перзенттерін тану, олардың ұлт және мемлекеттің болашағы үшін сіңірген еңбектерін оқып білу үшін «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнында міндетті түрде оқыту қажет. Себебі, әр ұлттың жастары өз батырларын біліп өсуі тиіс. Сондықтан, мектепте, жоғары оқу орындарында мамандыққа қатыссыз тарихты оқытқанда ұлы тұлғалар туралы ақпарат беру тәрбиеде тиімді болады деп білеміз» деген ой білдірген. Ал, 16 пайызы «Арнайы курс» бағдарламасы негізінде оқытуды ұсынған.

8. «Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен саяси көзқарасының қалыптасуына әсер еткен факторлар қандай деп ойлайсыз?» деген сұраққа студенттердің 59 пайызы «М.Шоқайдың халқына деген сүйіспеншілігі мен мол қоғамдағы зиялы қауымның ортасы және ортақ идеялардың болуы «деп жауап бергендер болса, 41 пайызы «Ел ішіндегі

қоғамдық-саяси ахуалдардың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен болашақ дамуына төндірген қаупі» деп жауап берген..

9. «Мұстафа Шоқайдың тұлғасынан педагог маманның тұлғасына қажетті қандай сапаларды көруге болады деп ойлайсыз?» деген сұраққа студенттердің 67 пайызы «Отансүйгіштік, адалдық, еңбекқорлық, шыдамдылық, сабырлылық, жоғары интеллектілік, жоғары жауапкершілік, тұрақтылық, саяси сауаттылық, ізденімпаздылық, батылдық» және т.б. сапаларды атаған. Ал 23 пайызы «Тектілік, зиялылық, ұлылық, көрегендік, әділдік» деген сапаларды атап көрсеткен.

10. «Мұстафа Шоқай қызметі мен саяси көзқарастары туралы ақпараттарды қандай пәндер мазмұнында қарастыру тиімді деп ойлайсыз?» деген сұраққа студенттер тарихи пәндерді атаған. Солардың ішінде ең көп аталғаны «Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі» пәні болды.

Осылайша жоғарыдағы сауалнама сұрақтарына студенттердің берген жауаптарынан біз олардың Мұстафа Шоқайдың қызметі мен қоғамдық - саяси көзқарастары туралы ойларының анағұрлым өзгергенін, ақпараттардың молайып, көзқарастарының тұрақталғанын байқадық.

Бұдан шығатын қорытынды, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің дайындығында оқыған пәндері мазмұнында Мұстафа Шоқайдың шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметін оқытудың қажеттілігінің бар екендігін көрдік. Мұстафа Шоқай өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеуде және болашақ тарих пәні мұғалімдерін кәсіби даярлауда тарихи сана мен кәсіби дағдыларын қалыптастыруда пайдаланудың тиімді екендігіне көзіміз жетті.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындысы бойынша алынған нәтижелер болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қалыптастыруда Мұстафа Шоқайдың шығармашылығын оқытудың оң нәтиже беретінін, студенттер бойында ұлттық рух пен тарихи сана қалыптастыруда жоғары тиімділік беретініне көзіміз жетті. Қорыта айтқанда, ғылыми-зерттеу жұмысының басында жасалған ғылыми болжам өзінің дұрыстығын дәлелдеді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамалық негізі дегеніміз дербес өз алдына жинақталған ғылыми ойдың ғана жүйесі емес. Олай болуы мүмкін де емес. Мәселенің түйіні – осы ғылыми бағыт тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық саяси, мәдени-рухани сұранысына сай қалай, қандай мақсатта зерттеу және оқыту керек? деген сауалдардың жауабынан туындайды. Отандық тарих ғылымында мұстафатану ғылыми бағыты қалыптасты дегенімізбен осы мәселеге қатысты жүргізген зерттеу жұмыстарының барысында біздің көзіміз жеткен ақиқат – ол мұстафатанудың ғылыми бағыт ретінде теориялық және әдіснамалық тұрғыда әлі де болса негіздеуге мұқтаж екендігіне көз жеткіздік. Олай дейтініміз, тарихи тұлғатану бағытында көптеген зерттеу жұмыстарының болғандығына қарамастан, олардың барлығына тән ортақ олқылық – осы теориялық-әдіснамалық негіздің кемшіндігі екендігіне көз жеткіздік. Демек, зерттеу нәтижелерінде мұстафатану ғылыми бағыты бойынша жасалған тұжырымдар тәуелсіздік жолындағы күрескерлікпен өрілген М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына арналған болашақ зерттеулерге бағыт береді деп ойлаймыз.

Осы кезге дейін М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы жайлы жүргізілген зерттеулердің тұтастай кешені қалыптасып, оның тұлғасына қатысты ғылыми деректер талданып, саяси құндылықтары мен азаматтық ұстанымын, шығармашылық кредосын айқындаған тұжырымдар жасалды. Осы тұжырымдар оның тұлғасын ұлт-азаттық идеяларын аймақтық, ұлттық деңгейден шығарып, халықаралық дәрежеге көтерген түркі халықтары арасынан шыққан XX ғасырдың алғашқы жартысындағы аса ірі саяси қайраткер, ойшыл ретінде бағалауға негіз болады. Тарихнамалық шолуымызда мұстафатану ғылыми бағыты тарихнамасының негізгі бөлігін ғана қамтығанымызбен Шоқай тұлғасын толық тану үшін алдағы уақытта осы тақырыптағы зерттеулер одан әрі жалғасын табуы тиіс екендігіне көз жеткіздік. Ал деректанулық тұрғыда да болашақ зерттеушілердің алдында игерілуі тиіс жан-жақты міндеттердің күтіп тұрғандығы айқындала түсті.

Қазақстандағы Алаш қозғалысы ұлт-азаттық күрестің тұтастай тарихи кезеңнің құбылысына айналған болса, соңғы жылдардағы ғалымдардың іргелі зерттеулерінде осы құбылыстың басында тұрған ұлттық идея қалыптастырушы, ойшыл, күрескер ретінде Әлихан Бөкейханды Алаш қозғасының көшбасшысы деген тұжырым орнықты. Тарихи салыстырмалы тәсілді қолдана отырып, Әлихан мен Мұстафаның қызмет мен шығармашылығынан көптеген ұқсастықтар, ортақ белгілер табамыз. Әрине, Шоқайдың саяси тұлға болып қалыптасуында Әлихан Бөкейханның ықпал, өнегесі мол болғандығын ескерер болсақ, олардың өмірлік жолдары екіге бөлініп кеткенімен, саяси жолдары үзілмей, алаштық идея Шоқай қызметінде кең ауқым алып, халықаралық деңгейге шыққандығы айқын. Міне, осы күрескерлік әрекет Шоқайды Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының айдынына шығарды. Ол ең алдымен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері

ретінде танылды. Әлиханмен қатар жүргенде Шоқайдың ұлт-азаттық күрестегі қайраткерлігі ең алдымен Түркістан өлкесінде қалыптасып, «Шура-и Исламия» саяси қозғалысының көшбасшысы, Түркістан Мұхтарияты ұлттық мемлекетінің басшысы деңгейіне көтерілсе, мұғажырлық жағдайында бірнеше ұлттық басылымдар ұйымдастырып, редакторлық қызмет жасаудан шетелдегі кеңестік тоталитарлық билікке қарсы күрес жүргізген Түркістан ұлттық бірлігі ұйымының басшысы деңгейіне дейін көтерілді.

Демек, алаштық рухта қалыптасқан Шоқайдың қайраткерлігіне мұғажырлықтағы қым-қуыт тірліктер мен өзі тікелей араласқан түркішіл элита өкілдерінің интеллектуалдық деңгейінің жоғары болуы, олардың ұлт-азаттыққа ұмтылған өршіл рухы қайраткерді шыңдап қана қойған жоқ. Ол осы саяси ортада өзінің ойшылдығымен, саяси көрегендігімен және кең ауқымда ойлайтын көсемдігімен ұлт-азаттық қозғалысы мен түркілік бірлік идеясының ту ұстаушысына айналды. Осындай тұжырымдар Мұстафа Шоқайды Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы деп тұлғаландыруымызға негіз болды.

Мұстафа Шоқайдың шығармалары Түркістан қозғалысы тарихының құнды дереккөзі ретінде қарастыра отырып, осы қозғалыс туралы мазмұндық жағынан жаңа тұжырымдар жасай алдық. Ең бастысы, Қазақстанның ғылыми, мәдени өмірінде үлкен жаңалық болған он екі томдық толық шығармалар жинағына топтастырылған деректерге жасалған талдау Мұстафа Шоқай деректерінсіз тарихи құбылыстың тарихын ғылыми қалпына келтіру мүмкін еместіне көз жеткізді. Осы еңбек арқылы бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген күрес тарихының жаңа желісі - халықаралық деңгейде жүргізілген саяси күресінің мазмұнды да өнегелі тарихы қалпына келтірілді. Екінші мәселе, жас ұрпақтың бойында тарихи сана қалыптастыруға қызмет ететін Мұстафа Шоқайдың саяси, азаматтық және шығармашылық қызметінің рухани жаңғырудың тарихи сана мен ұлттық рух қалыптастыру міндеттерін іске асыруда қолданылатын тағлымдық өнегесін жіктей алдық.

Зерттеуімізде Мұстафа Шоқай өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің болашақ тарих пәні мұғалімін кәсіби даярлауда оқытудың үлкен мүмкіндіктерін, оның әлеуметтік сұранысының өмір талабынан туындап отырған зәрулік екендігін көрсетуге тырыстық. Өйткені, бүгінгі заман талабын ескерсек, бабалар насихаты мен Қазақстанның тәуелсіздігі жолында еңбек еткен біртуар перзенттерінің ұлттық идеялары мен ой-пікірлері рухани жаңғыру сияқты аса маңызды мәнге айналған тарихи үдерісте аса қажет нысанға айналып отыр. Осыдан келіп ұлы тұлғалар шығармашылығындағы тарихи сана мен ұлттық идеялар қалыптастыру мәселесін зерделей отырып, оны ЖОО білім бағдарламаларына енгізудің қажеттілігін негіздедік. Оқу үдерісінің мазмұнына зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізіп, оқу-әдістемелік кешен ретінде пайдалануға ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындадық.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлауда оқытудың негізінде жүргізілген диссертациялық зерттеуімізді қорытындылай келе, төмендегідей *тұжырымдар* жасадық:

1. Мұстафа Шоқайдың мәдени-рухани мұраларын болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлап, оқыту олардың бойында ұлттық рух пен тарихи сананы қалыптастыруға негіз болады.

2. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарих пәндері мазмұнында сабақтастықта оқыту болашақ тарих пәні мұғалімдерінің тұлғасын қалыптастыруға және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

3. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарих пәндері мазмұнында сабақтастықта оқыту тарихи танымның ұлттық бағытта дамуына оң ықпал етеді.

4. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық – саяси қызметін тарих пәндерінің мазмұнымен сабақтастықта оқыту қоғамның рухани жаңғыруға деген сұранысынан туындағанын дәлелдейді

Осы тұрғыда біз ұсынып отырған «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты элективті курс бағдарламасын жоғары оқу орнындағы «тарих» мамандығында оқып жатқан студенттердің таңдау пәні бойынша оқыту олардың кәсіби құзіреттері мен тұлғалық сапаларын және ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге, кәсіби сапаларын шыңдауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелерінде жасалған тұжырымдарды қорытындылай келе, Мұстафа Шоқай шығармашылығын болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлауда оқыту сапасын арттыру мақсатында төмендегідей ғылыми *ұсыныстар* жасауды жөн көрдік:

- болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлау жүйесінде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін «Қазақстан тарихы», «Әлемдік қайраткерлер: өмірі мен саяси қызметі», «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» (Республикадағы ЖОО-ның тарих емес факультеттері үшін)» және т.б. пәндер мазмұнында кеңінен пайдалану;

- университет пен педагогикалық институттардың және колледждердің оқу жоспарының мазмұнына біз жасаған «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты элективті курс бағдарламасын таңдау пәні компонентіне енгізу;

- Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуындағы орны мен мәнін анықтау бағытында ұйымдастырылатын оқу жұмыстарында және тәрбиелік іс-шараларда, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдалану;

- Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) мен оқытушының басшылығымен орындалатын өзіндік жұмыстарын (СОӨЖ) орындауда Мұстафа Шоқайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу мен зерделеуге бағытталған тапсырмаларды қамту.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: Егемен Қазақстан. 2017. – 26 сәуір (akorda.kz).
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030» - Алматы: Білім, 1997. – 7 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты сөзі. 15.09.2015ж. http://www.akorda.kz/kz
4. Назарбаев Н. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. - Алматы, 1992. (akorda.kz).
5. https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat
6. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. //Саясат. №3. 1995 ж.
7. Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. -Алматы: 1992. -152с.
8. Есмагамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 213 б.
9. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). –Алматы, 2008 -504 б.
10. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –Алматы: Ататек. 1995. -253 б.
11. Нұрпейісов К. Мұстафа Шоқай Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жылдарындағы қоғамдық-саяси өмірі туралы //Қазақ тарихы. - 1997. -№27 –Б. 23-25.
12. Омарбеков Т. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлыққа кетуінің кейбір мәселелері. //Қазақ тарихы. -1997. -№2, -Б.26-28.
13. Қойгелдиев М. Кіріспе // Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы, 1994. –Б.67-72.
14. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, “Санат”, 1995, -340б.
15. Қойгелдиев М.Ұлттық элита. Қызметі мен тағдыры (ХҮІІІ-ХХ-ғғ.). Зерттеулер. –Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 б.
16. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. Астана, 2007. -287 б.
17. Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. -Алматы: Ғылым, 2002. -214 б.
18. Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. - Алматы: Қайнар, 2002. -248 с.
19. Садыкова Б. Мустафа Чокай. –Алматы: Алаш, 2004. –240 с.
20. Валидий Туғон. Бугинги Турк эли (Туркистон) ва яқин тарихи. – Стамбул, 1947. -388 с.
21. Заки Валиди Тоган. Воспоминания: Книга I. –Уфа: Башкирское издательство «Китап». 1994. -400 с.
22. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. /Түрік тілінен ауд. Г. Шадиева. –Алматы: Арыс, 2004. –320 б.

23. Ахметова Ж.Қ. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің түркістандық кезеңі (1917-1919 жж.). Тарих ғыл. канд. дисс. авторефераты. Алматы, 2006. -24 б.

24. Тілеубергенов Қ.А. Мұстафа Шоқай көзқарастарының қалыптасуы мен дамуының тарихи негіздері. Тарих ғыл. канд. дисс. авторефераты. Семей, 2010. -26 б.

25. Сүлейменов П.М. Қазақстанның қазіргі саяси процестері және Мұстафа Шоқайұлының «біртұтас Түркістан» концепциясы. Саяси ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғау үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1999. -143 б.

26. Әбілғазиева К.Т. Мұстафа Шоқайұлының (1890-1941) қайраткерлік қызметі негізінде жастарға патриоттық тәрбие беру. Пед.ғыл.канд.дисс. авторефераты. Шымкент, 2002 -24 б.

27. Әбдіқадірова Т.Р. Алаш қайраткерлерінің педагогиалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010. -300 б.

28. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. -Алматы: Қазақстан» 1994»

29. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. -Алматы: Қазақстан, 1996

30. Трёль Э. Историзм и его проблемы. Логическая проблема философии истории. М., 1994. -719 с.

31. Ясперс К. Смысл и назначение истории. Пер. с нем. - М.: Политиздат, 1991.— 527 с.

32. Назарбаев Н. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, -1998. -261 б.

33. Историческая наука. Вопросы методологии. -Москва «Мысль»1986. -С. 261.

34. Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан. «Ел-шежіре», -Алматы: «Ел-шежіре». ҚҚ. 2013. -400 б.

35. Тұрсын Х. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты /тарихи, саяси және ұттық аспектілер. Монография. –Алматы, 2006. -128 б.

36. Агзамходжаев С.С. История Туркестанской автономии: (Туркистон Мухторияти) / С.Агзамходжаев; (Отв. ред. Д.А.Алимова); АН Республики Узбекистан, Ин-т истории. – Т.: Изд.-полигр. объединение «Тошкент ислом университети», 2006. -268 с.

37. Әбжанов Х. Ұлттық және ортақ түркі тарихын зерттеу – М.Шоқай аманатына адалдық //«Мұстафа Шоқай саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары: (Алматы қаласы, 2015 жылғы 15 қазан). –Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. –288 б.

38. Ленин В.И. Полное собрание сочинения. изд. 5-е. -М.: Политиздат, 1973.- т. 20. -532 с.

39. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. 1 т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007. – 352 б.

40. Шоқай М. Тұран мемлекеті хақында // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 8.т.

41. Гаспринский И. «Русско-восточные соглашение» и «руское мусульманство» // «Арабские» истории Танаис. М., 1994. -С.370-405.

42. Сүлейменов П.М. М.Шоқай – қазақ қоғамындағы саяси элитаның қалыптасуы» (саяси көзқарас) // Қазақстандық даму үлгісінің философиялық-мәдениеттанымдық парадигмасы (қазақ елі - жерұйық) жобасы аясында. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған //Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2011 №1, - С.43 - 47.

43. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 9 том, Сборник документов и материалов. - Алматы: Ел-шежіре, 2008. - 336 б.

44. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – Т.2. – 2007. – 384 бет.

45. Кульшарипов М.М., Юлдашбаев А.М. Заки Валиди как политик и ученый-востоковед. Уфа, 2010. –С. 14-18.

46. Сәтпай Т. «Мұстафа Шоқай - Алаштың алып тұлғасы» атты республикалық ғылыми тәжрибелік коференциясының ғылыми еңбектер жинағы. 2015ж. 12 қазан.- Қызылорда, 2015. -208 б.

47. Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР. 1923-1939 / Т.Мартин. перевод с англ. О.Р.Щелоховой. – Москва. Российская политическая энциклопедия (РОСПЭН): Фонд «Президентский центр Б.Н.Елцина», 2011. - 855с.

48. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 1.Т. -544 б.

49. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. –Алматы: Жазушы, 1988. 488 б.

50. «Ақ жол» туралы үш құжат / Алғысөзін жазып, баспаға әзірлеген филология ғылымдарының докторы С.Қасқабасов //Ақиқат. 1993. №1.-Б.89-92.

51. Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі. -Алматы; «Жазушы». - 1968. -263 б.

52. Қойшыбаев Б. Беймәлім тағдыр. Мұстафа Шоқаев туралы бірер сөз//Ана тілі, 17 мамыр, 1990. –Б.4

53. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай! Ол кім? // Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / Құраст. Б.Серікбайұлы Қошым-Ноғай. Алматы, 1992. –Б.3-48.

54. Шарафиддинов А. Мустафа Чукаев // Шарқ юлдузу. Ташкент, 1992 №4. -С.85-93.

55. Шәмшатұлы И. Отаршылдықтың озбырлығы. Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарасы. //Ақиқат. 1995. -№4 –Б.33-38.

56. Омарбеков Т. 20-30-шы жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 230 б.

57. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: «Сөздік-Словарь», -2001. –304 б.

58. Махат Д. Тіл мен діл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат (мақалалар мен зерттеулер). –Астана: «Ана тіл – Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., 2007. – 192 б.

59. Тәкенов Ә. «Түркістан легионы» және Мұстафа Шоқай туралы не білеміз? //Егемен Қазақстан. -13 шілде 1995.

60. Тәкенов Ә. Мұстафа Шоқай өмірінің кейбір қырлары // Қазақстан тарихы. Алматы, 1997. №2 –Б. 40-45.

61. Сатаев А. Два дня из жизни Мұстафы Чокаева //Заман Қазақстан. -18 апреля 1997.

62. Сарбалаұлы Б. Мұстафа Шоқайұлының туған жеріне оралуы //Қазақ елі. -1 қараша, 1996.

63. Садықова Б. Табыс етем өлгендер аманатын. (Түркияның Стамбул қаласында тұратын қазақ Ә.Алматтан көрнекті қоғам қайраткері М.Шоқай мен оның жұбайы Мария Шоқай туралы берген деректері жайлы).// Қазақ елі. 29 қараша, 1996.

64. Садықова Б. Түркістан легионы мен Мұстафа Шоқай феномені //Дипломатия жаршысы. – 1998. -1998. -№4. –Б.64-66.

65. Садықова Б. Я всегда мыслями с вами.// Казахстанская правда. -8 января, 1997.

66. Садықова Б. Мұстафа Шоқай және Франциядағы қазақ зиялылары (Қазақ зиялылары М. Шоқай, Ә.Алмат, Қ. Қанатбайлар туралы). // Қазақ елі. 10 қаңтар 1997.

67. Б.Атабаев, Ө.Жаппархан. Төрелетіңіз Алаштың аяулысы! //Егемен Қазақстан. 8 сәуір 1998.

68. Қозыбаев М. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері: [М.Шоқайдың ғұмырнамалық еңбектерін зерттеу мәселелері туралы] //Қазақ Елі.-1996.- 27 желтоқсан (№52). – 3 б.

69. Мұстафа мен Мағжан - Тұран елінің даналары (Құрастырып, баспаға әзірлегендер: Хамза Абдуллин мен Қайыржан Қасенов) -Алматы, 1993. -112 б.

70. Есмагамбетов К.Л. Мустафа Шокай:о методологии и методах исторического исследования /К.Л. Есмагамбетов // Отан тарихы. - 2015. - №4. - С. 60-67.

71. Галузо П.Г. Туркестан - колония [Текст]: (Очерк истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии) / П. Г. Галузо. - 2-е изд., испр. и доп. - Ташкент : Гос. изд-во УзССР, 1935. - 222 с.

72. Мекебаев Т.К., Құмғанбаев Ж.Ж. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлықтағы тәуелсіздік үшін жүргізген идеологиялық күресінің кейбір мәселелері //Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. №3 (78) 2015ж. –Б.125-129.

73. Искаков С. Мустафа Чокаев о революции в Центральной Азии //Acta Slavica Japonica. 2001. №18

74. Искаков С.М. Мустафа Чукаев. Революция в Туркестане. Февральская эпоха // Вопросы истории. 2001. №2. –С. 2-4.

75. Искаков С.М. Российские мусульмане и революция (весна 1917 – лето 1918 гг.). 2-е изд. М., 2004. –С. 14-19.

76. Искаков С.М. Из истории российской эмиграции: письма А.-З.Валидова и М.Чокаева (1924-1932 гг.). М., 1999. –С. 14-21.

77. Чагатай Т. К шестидесятилетию со дня рождения покойного Мустафы Чокая //Яш Түркістан, Париж, 1949-1950. –С.18-20.

78. Чхенкели А. Памяти моего друга Мустафы Чокаева //Яш Түркістан, Париж, 1949-1950. -С.29-30.

79. Карыс-Бей. Моя встреча с Мустафы-Бей //Яш Түркістан, Париж, 1949-1950. -С. 27-28.

80. Оқтай А. О молодых годах и политической дейтяльности Мустафи Бея Чокай Оглу // Түркістан, 1951, -С.11-16.

81. Шульгин А. Мустафа Бей Чокай-оглу как человек //Яш Туркестан, Париж, 1949-1950. -С.28-29.

82. Артықбаев Ж. Мұстафа Шоқай және оның қазақ руларының құрылымы туралы пікірлері // Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған «Кітап тағдыры – қоғам тағдыры» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдар жинағы. ЕҰУ баспасы, 2017.- 277 б.

83. Жүгенбаева Г. Мұстафа Шоқай естеліктері тарихи дереккөз ретінде. //«Мұстафа Шоқай: Саясаткер... –Б.208-221.

84. Қыдырәлі Д. Мұстафа. –Астана: Деловой Мир. Астана, 2012. – 276 б.

85. Oktay, Abdülvahap, «Mustafa Bey Çokayoğlunun Yaşlık ve Siyasi Hayatından Bir Parça», Türkeli, 1952, S:12, s.9–12.

86. Oktay, Abdülvahap, «Mustafa Çokay’ın Arşiv ve Kitapları», Türkistan, 1953, №6, s.22–24.

87. Toğan, Zeki Velidi, Buğünkü Türkili Türkistan ve Yakın Tarihi, İstanbul 1981.

88. Oraltay, Hasan, Alaş Türkistan Türklerinin Milli Parolası, İstanbul 1973. Özcan, Ömer, «Mustafa Çokay Hakkında Bir Mektub», Toplumsal Tarih, S.32, 1996, s.42–44.

89. Oraltay H. Kazak Türkleri Çadirlari, Türk Kültürü, 1978. –S. 6-12.

90. Оралтай Х. Мұстафа Шоқай және оның шетелдегі ізбасарлары //Қазақ елі, 27.12.1996.

91. Hait B. Turkistan'da Oldürülen Türk Şairleri, Ankara, 1971. –S. 14-16.

92. Erer Tekin. Enver Pasanini Turkestan kurtulus savesi. Mayatas Yayinlari. 1974

93. ҚР Ұлттық мұрағаты. Қ.83, 1-тізбе, 64-іс

94. Хаит Б. Басмаческое движение //Звезда Востока. 1992. №1. –Б.80-101.

95. Баймаханов Б.Энвер паша және Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс: - т.ғ.к. ...дис. автореф. Алматы, 2010. -26 б.

96. Смағұлова С.О. Қазақ баспасөзіндегі Энвер Паша және түрікшілдік қозғалысы барысы //Отан тарихы. №1 (61) 2013 ж. 87-93 бб.

97. Сергазинов Б.Р. Пантуркизм М.Чокая: «Туркестанский национальный комитет» и «Туркестанский легион //Вестник АН РК №2 (14) 2001. –С.18-22.

98. Сергазинов Б.Р. Идеи государства и принципов государственно-правового устройства Мустафы Чокая в казахстанской действительности // Вестник Семипалатинского гос. ун-та им. Шакарима. - 2001. - N 2. - С. 12-22

99. Жарылқапова Ж.Қ Мұстафа Шоқайдың Түркістан автономиясын құрудағы қызметі /Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы №1 (76) 2015. –Б.367-373.

100. ГАРФ. Ф.102, Оп.246, Д.74

101. Чокай-оглы, М. Туркестан под властью советов: (К характеристике диктатуры пролетариата) /Мустафа Чокай-оглы. Париж: Яш Туркестан, 1935. - 127 с.

102. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Т.1 Алматы: 2004

103. Победа Великой Октябрьской революции в Узбекистане. Сборник документов. Т-1. –Ташкент, -650 с.

104. Улуг Туркистон. 1917. 9 декабря

105. Эль Байроги. 1917. 22 декабря

106. Қыдырәлі Д. Мұстафа көтерілген шың. //Жалын. 2004. №8. – Б.78-85.

107. Есмагамбетов К. Мустафа Шокай – идеолог национально-освободительной борьбы народов Туркестана //«Мұстафа Шоқай саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары: (Алматы қаласы, 2015 жылғы 15 қазан). –Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 288 б.

108. Мария Чокай. Я пишу Вам из Ножана (воспоминания, письма, документы). – Алматы, 2001. – С. 129–130.

109. Necip Hablemitoğlu, Çarlık Rusyası'nda Türk Kongreleri, Ankara 1997, s. 40-108.

110. Рустамова-Тогиди С. Азербайджанская эмиграция и Мустафа Чокай. Истоки отношений и разногласий кавказская конфедерация или общность тюркских народов // «Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. 15 қазан 2015 ж. – Алматы, 2015. -288б.

111. Балаев Айдын. Мамед Эмин Расулзаде. На чужих берегах, 1922 - 1943. М.: Маска, 2013. — 264 с.

112. Dogu Turkistan Gogmenleri, Turkistan sehitleri, Istambul, 1969. - 84s.
113. Базарбаев Қ. К. Жастүріктер және Түркістан ұлт–азаттық қозғалысы. Оқу құралы. -Түркістан, 2017. -138 б.
114. İsmet Bozdağ, «Atatürkün Sofrası». (Cep Boy)-Truva yayinlari.s. 139-143. İstanbul 1975., s. 139-143
115. ҚРОМА, Қ.2362. тіз.1, 27 іс, 7 п.
116. ҚРОМА, Қ.2362. 1 тіз., 30-іс, 1-п.
117. ҚРОМА, Қ. 2362, тіз. 1, 48-іс, 4 п.
118. Ражапов К.К. Фарғона водийсидаги истиқлолчилик харакати: мохияти ва асосий рижволаниш босқичлари (1918-1924 йиллар) /Қ.Ражабов. –Тошкент: «Yangi nahr», 2015. -240 б.
119. Kocaoglu, T. Turkistan da Yenilik Hareketleri ve Ihtilaller: 1900-1924 [Текст] /T. Kocaoglu. - Haarlem : SOTA, 2002. - 500 s.
120. РГАСПИ. Ф.17, оп.84, д.527, Л.78-80
121. Былинов В, Зданович А., Каротаев В. Организация «Прометей и «прометейское» движение в планах польской разведки по развалу России/СССР. //Труды общества изучения истории отчественных спец. служб. -Москва, 2007. Т. 3. –С.24-36.
122. Тұрсұн Х.М., Таракчы Вахдет. Мұстафа Шоқайдың толық шығармалар жинағы – аса құнды тарихи дереккөз //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2 (53) 2017 206-210
123. Баймағамбетова В. Центральный государственный архив Республики Казахстан. История создания //Қазақстан мұрағаттары. 2007. №2. Б. 88–91
124. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 4 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. -640 б.
125. Неру Д. Открытие Индии. Т.2. М., 1989. –С. 12-18
126. M.Chokaev, The Basmaji Movement in Turkestan, The Asiatic Review, London, 1928. P. 273-288
127. M.Chokaev, The Bolshevoks and Afganistan, The Asiatic Review, London, 1929. P. 497-516
128. M.Chokaev, The Situation Afganistan, The Asiatic Review, London, 1930. Vol. 26
129. M.Chokaev, La question nationale du Turkestan, La Tribune de Ceneve, 5-pp. 1931
130. M.Chokaev, Turkestan and the Soviet Regime, JRCAS, 1931, p.403-420
131. M.Chokaev, Fifteen Years of Bolshevik Rule in Turkestan. JRCAS, vol. XIX, p.403-420
132. М.Чокай-оглу. Туркестан под властью Советов (к характеристике диктатуры пролетариата). Париж, 1935

133. Шоқай М. Таңдамалы 2-ші том / М. Шоқай; Шағатай тіл-жазуынан қазіргі қазақ тіл-жазуына ауд. және құраст. А.Нүсіпхан.- Алматы: Қайнар, 1999.- 520 б.

134. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. -Алматы: Жалын, 1992.- 64б.

135. Какен А. Түркістан легионы. – Астана: Республикалық баспа полиграфиялық орталығы, 2000. – 96 б.

136. Есмағамбетов, К. Мустафа Шоқай: выбор третьего пути /К. Есмағамбетов // Отан тарихы. - 2015. - № 3. - С. 70-79.

137. Franzes G.Basmachi// Central Asian Review. 1987. Vol. 1. №6, pp. 1-35

138. Olcott M.B. The Basmachi of Freemens revolt in Turkestan.1918-1924 //Soviet Studies. 1981. Vol. XXXIII. №3. P.352-369.

139. Раджапов К.К. Вооруженное движение в Туркестанском края против советского режима. (1918-1924 гг). Автореф. дисс д.и.н. Ташкент, 2005. –С. 14-18.

140. Хакимов Р.А. Зарубежная историография истории басмачество в Средней Азии 1917-1932 г.г. Автореф.кандит. ист.наук. -Тошкент,1992. –С. 14-19.

141. Хидоятова Г. Басмаческое движение в современной советологии. Автореф.канд.ист.наук. -Ташкент, 1993. –С. 10-17.

142. Атабаев Қ. «Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі» (1870–1918). Ғылыми монография. Алматы: Қазақ университеті, 2000. 218-б.

143. Жұмабаев М. Шығармалары. 1-том. Өлеңдер, дастандар. – Алматы: Жазушы, 2013. -376.

144. Алаш көсемсөзі: дін мәселесі. Многотомник. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 2014 ж. Т.3. – 400 б.

145. Шкаренков Л. К. Агония белой эмиграции. М., 1987.

146. Гилязов К. Восточные легионы: Тюрки в составе Германского вермахта // Родина, 1999. № 7.

147. Есмағамбетов К.Л. Түркістандық әскери тұтқындар: құжаттар мен материалдар жинағы.Туркестанские военнопленные: Сборник документов и материалов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 296 б.

148. Шерих Д.Ю. Турецкий Петербург. Из истории российско-турецких отношений. –М.: ЗАО Издательство Центрполиграф, 2012. -255 с.

149. Суржиков Н.В. Военный плен в российсой провинции (1914-1922 гг.). М.: Политическая энциклопедия, 2014. -423 с.

150. Омарбаев Ы.К., В.Т.Таракчы, Базарбаев К.К., Кумганбаев Ж.Ж. «Подданные Австро-Венгрии в Западной Сибири и Туркестане в начале XX века (1900–1917 гг.)» //Международный исторический журнал «Русин». 2021. № 64 С.135-153

151. Таракчы В., Тұрсын Х., Атемова Қ. Мұстафа Шоқайдың шығармашылығындағы педагогикалық көзқарастары //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №5 (49) 2017. –Б.85-87.

152. Рычков А. В. Какую историю следует изучать в вузе //Омский научный вестник. Сер. Общество. История. Современ- ность. 2018. No 1. С. 82–85. DOI: 10.25206/2542-0488-2018-1-82-85.

153. Белых А.С. Педагогика высшей школы: учебное пособие. – Луганск: Изд-во ЛНУ им. В. Даля, 2018 – 248 с.

154. Мартюшов Л.Н.Основы теории и методологии истории. [Текст]: учебное пособие / Л.Н.Мартюшов; Урал. гос. пед. ун –т. – Екатеринбург, 2016 - 182 с.

155. Зубрилина А. Ю. Преподавание исторических дисциплин в высшей школе // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – № S8. – С. 6–10. – URL: http://e-koncept.ru/2017/470099.htm.

156. Методика обучения истории: практикум / авторы-сост.: А.А. Сорокин (отв. ред.), И.А. Нидерман, А.В. Половникова и др. – М.: МГПУ, 2017. – 176 с.

157. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях: практическое пособие для учителей / М.В. Короткова, М.Т. Студеникин. - М. : Владос, 1999. - 191 с.

158. Фадель Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха / Чарльз Фадель, майя бялик, берни триллинг : пер. с англ. -М.: Издательская группа «Точка», 2018. -240 с.

159. Суслов А. Ю., Салимгареев М. В., Хамматов Ш. С. Инновационные методы преподавания истории в современном вузе // Образование и наука. 2017. Т. 19. No 9. С. 70–85. DOI: 10.17853/1994-5639-2017- 9-70-85

160. Зуева Л.И. Методика преподавания истории в высшей школе (Курс лекций для специальности 6М011400- «История»): Учеб. пособие. – Караганда: Арко, 2016. - 328 с.

161. Қозғамбаева Г.Б. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы / құраст.: Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева. – Өңд., толықт. екінші бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

162. Биск И. Я. Методология истории: курс лекций / И. Я. Биск. Иваново: Иван. гос. ун-т, 2007. 236 с.

163. Методы исследований в истории: учебное пособие для аспирантов/ Составитель Н.В. Шалаева. – Саратов, 2014. – 80 с.

164. Методика преподавания истории: учеб.-метод. комплекс для студентов специальности 1-21 03 01 «История» / Т. Н. Глазырина. – Новополоцк: ПГУ, 2011. – 356 с.

165. Вдовина В.М. Методика обучения истории: учебно-методическое пособие /В.М.Вдовина, Л. Ю. Головеева. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – Барнаул: АлтГПУ, 2019. –212 с.

166. Тұрлығұл Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. –256 б.

167. Абдугулова Б.К. Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық негіздері: Пед. ғыл. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.– Алматы, 2004. – 299 б.

168. Тұрсұн Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2006. –156 б.

169. Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.): Тар. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. –354 б.

170. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 58 б.

171. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы. 2 бас. / Құраст.: Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

172. Мынбаева А.К. Білім беру саясаты: әлемдік тәжірибе: оқу құралы / Мынбаева А.К., Булатбаева А.А., Ельбаева З. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 278 б. 110-112 бб.

173. Борытко Н.М. Методология и методы психолого-педагогических исследований / Н.М. Борытко, А.В. Моложавенко, И. А Соловцова. - М.: Академия, 2010. - 320 с.

174. Глазырина Т.Н. Методика преподавания истории: учеб.-метод. комплекс /Т. Н. Глазырина. – Новополоцк : ПГУ, 2011. – 356 с.

175. Загвязинский В.И. Методология и методы психолого-педагогического исследования /В.И. Загвязинский, Р. Атаханов. - М.: Академия, 2012. - 208 с.

176. Суслов А.Ю., Салимгареев М.В., Хамматов Ш.С. Инновационные методы преподавания истории в современном вузе //Образование и наука. 2017. Т. 19. № 9. С. 70–85.

177. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі.–Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық коры, 2019 ж. 608 б.

178. Таубаева Ш.Т. Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық сипаттамасы /Ш.Т.Таубаева, Л.В. Мардахаев, А.К. Жексембинова //ҚПҒА хабаршысы=Вестник АПНК. - 2018. - № 2. – Б.5-17

179. Креативті педагогика: болашақ мұғалімдер үшін оқу құралы \Құраст.: К.М.Беркимбаев, Ж.И.Исаева, Д.Ю.Мутанова, А.Б.Тасова. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2018.- 300 б.

180. Беркимбаев К.М., Султанмұрат М.С., Бураева Ж.Б Педагогика. Көшбасшылық теориясы «Тұран» баспаханасы, Оқу-құрал, 2019ж. -204 б.

181. Вдовина, В. М. Методика обучения истории [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / В. М. Вдовина, Л. Ю. Головеева. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – Барнаул : АлтГПУ, 2019. – Ч. 1. -212 с.

182. Актуальные проблемы преподавания истории в образовательных организациях различных типов: Коллективная монография. Ч. 1 /Под общ. ред. Л.В.Алексеевой. Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. ун-та, 2014. — 107 с.

183. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2011. -304б.

184. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2015. -360 б.

185. Мұстафа Шоқай. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. –Алматы: «СаГа» баспасы, 2006. 1-том. 270 бет

186. Жакупова Г.Т. Методика преподавания истории: курс лекций. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 234 с.

187. Кокебаева Г.К. Методика преподавания истории: учебно-методическое пособие /Г.К.Кокебаева, Г.Т. Жакупова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 160 с.

188. Мазур Л. Н. Методы исторического исследования: учеб. Пособие. / Л.Н.Мазур. - 2-е изд. -Екатеринбург : Изд-во Урал, ун-та, 2010. -608 с.

# ҚОСЫМШАЛАР

## ҚОСЫМША А

«БЕКІТЕМІН»
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Гуманитарлық ғылымдар факультетінің
деканы, филос.ғ.к., доцент
_________ Абжалов С.Ө.
«____» _________ 2018 ж.

«Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу және оқыту мәселелері» тақырыбындағы зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру

АКТІ

Осы акті 2016-2018 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Гуманитарлық ғылымдар факультетінің «Тарих» кафедрасында орындалған ізденуші Вахдет Таракчының «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу және оқыту мәселелері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы бойынша университеттің Гуманитарлық ғылымдар факультетінің «5В011400-Тарих» және тарих емес мамандықтардың студенттерімен 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдарында педагогикалық эксперимент жүргізіп, ғылыми-зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізгендігін растайды.

PhD докторант Вахдет Таракчының ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша әзірлеген «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты таңдау пәні аталған мамандықтардың «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсының оқу-әдістемелік кешені мазмұнына енгізіліп, жекелеген тақырыптарда қолданылды және білім алушыларда тарихи сана қалыптастырудың міндеттерін іске асыруға ықпал етті.

Болашақ мұғалім мамандар Мұстафа Шоқайдың түркілік бірлік идеясы тұжырымдарын меңгеріп, оның күрескерлік қызметінің тарихы және шығармашылық өнегесімен кеңінен танысуға мүмкіндік алды.

«Тарих» кафедрасының
меңгерушісі, PhD                Қ.Қ. Базарбаев

КАДР БӨЛІМІ
_________ қолын
РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы_______

# ҚОСЫМША Ә

«Бекітемін»
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры т.ғ.к., доцент
_______________ С.Т.Тайман
«  » __________ 20  ж.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізу бойынша

**ЕНДІРУ АКТІ**

Осы ендіру актісі арқылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты Вахдет Таракчының «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу және оқыту мәселелері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «5В011400, 5В020300 – Тарих» мамандығы студенттерімен 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдарында педагогикалық эксперимент жүргізіліп, зерттеу жұмысының нәтижелері оқу-тәрбие үдерісіне енгізгендігі расталады.

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша дайындаған «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты таңдау пәні тарих емес мамандықтардың «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің құрамына енгізілді және жекелеген тақырыптарда қолданылды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және студенттерде тарихи таным қалыптастыру жолдары» атты ғылыми семинарда көмекші материалдар ретінде пайдаланылды.

Вахдет Таракчының «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу және оқыту мәселелері» тақырыбындағы зерттеу

жұмысының нәтижелері университет жанындағы «Мұстафатану» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми семинарында талқыланды.

Болашақ мұғалім мамандар Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, жерлесіміз Мұстафа Шоқайдың ұлт-азаттық қозғалыста қалыптастырған түркілік бірлік идеясының теориялық және тәжірибелік қырларымен танысып, Түркістан қозғалысының тарихынан мол мағлұмат алды. Оқу құралы ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдаланып жасалғандықтан да ондағы материалдарды студенттердің қабылдауы жеңіл болғандығы байқалды:

1. Таңдау пәні студенттердің М.Шоқай шығармашылығы мен қайраткерлігінің тарихын тұтастай тануға мүмкіндік берді;
2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында студенттердің тарихи таным негіздерін игеруге ықпал жасады.

«Тарих» кафедрасының
меңгерушісі, т.ғ.к. , доцент А.Ж.Оразбақов